

Кенен ӘЗІРБАЕВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ



Бестомдық

4-том

АҢЫЗДАР СЫРЫ

Аңыздар, әңгімелер

КЕЛЕШЕК

Алматы

2017

ӘОЖ 821.512.122
ББК 84 Қаз-5
Ә36

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.

Құрастырғандар: Нысанбек Төрекұлов, филология ғылымдарының докторы
(әдеби өңдеуші);
Төрткен Кененқызы, ҚР-ның мәдениет қайраткері.

Ә36 ӘЗІРБАЕВ К.
Шығармалары. Бестомдық. 4-том: Аңыздар, әңгімелер: –
/ К. Әзірбаев – Алматы: «Келешек», 2017 – 404 бет.

Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған дара тұлға, қазақтың ауыз әдебиетінің озық үлгілерін жырлап, жинақтап кеңінен насихаттаған ақын Кенен Әзірбаевтың шығармалар жинағының бұл томына өзінің қиын да қызықты өмірі, би-шешендер, сал-серілер жайлы аңыз әңгімелері еніп отыр.

Құймақұлақ, зерек, зерделі жанның бұл туындылары өз халқымен бірге жасай бермек.

ӘОЖ 821.512.122
ББК 84 Қаз-5

ISBN 978-601-03-0487-1
ISBN 978-601-03-0492-5

© Әзірбаев. К, 2017
© «Келешек», 2017

АЛҒЫ СӨЗ

КЕНЕКЕҢ ӘҢГІМЕШІЛ ЕДІ

Кенен Әзірбаев — әйгілі әнші, ақын болуымен бірге, әңгімешіл жырау болатын. Ол домбырасын шертіп, сан кұбылтып ән шырқай отырып, кейде тындаушысын еліктіріп әңгіме, аңыз, ертегі, әпсаналарды көп айтатын.

Алпысыншы жылдардан бастап ол кісінің қасына еріп жүріп, талай әңгіме, аңыздарын тындап жазып жүрдім. “Жалғыз қаз”, “Көкетайдың асы” дейсіз бе, “Қордай батыр”, “Қажымұқан”, Кебекбай, Ноғайбай, Бөлтірік тәрізді шешен билер, батырлар дейсіз бе, Балуан Шолақ, Шашубай, Нартай, Тоқтағұл, Қалмырза, Өлмен, тағы сондай ақын-жырауларды айтасыз ба, әйтеуір ақынның білмейтіні болмайтын. Қазақ, қырғыздың батырлар жырын бойына көп сіңірген, ойына тоқыған ақынның “Манасты”, “Семетейді”, “Көкетайды” тындағаны бар. Ұстазы Жамбылдың аузынан “Өтеген”, “Сұраншы”, “Саурықты” әлденеше мәрте есіткен-ді. Көкейде “мені жырла, мені жырла” деп жүрген қызықты оқиғалар, естелік әңгіме, аңыздар қаншама? Енді ол осыларды жырламақ болды. Әуелі “Жалғыз қазды” жазды.

“Жалғыз қаз” дастаны ертегі аңыз ізімен жырланған. Онда ақыл, ойлылық, парасаттылық, тапқырлық, халыққа деген сүйіспеншілік, халық даналығы әңгіме етіледі. “Жақсы еркекті жаман қылатын да, жаман еркекті жақсы қылатын да — әйел” деген әйел қауымының абзал-асыл қасиеттері паш етілген.

Ал енді, аңыз-дастандарының ішінде ақынның “Бұрынғы өткен батырлары” (“Көкетайдың асы”)



деп аталған алты мың жолдық эпикалық жырының орны бөлек. Бұл “Алпамыс”, “Қобыланды” үлгісінде жырланған ұзақ хикая. Оны ақын 15 – 16 жасынан бастап айтып келген. Бұл әуел баста, ертедегі өткен “Көрі құлақ” қариялар хикая етіп, бірінен-біріне қалдырып келген ел аңызы. Кененнің арғы аталары Манабайдан – Әзірбай, Әзірбайдан — Кенен үйреніп айтып, атадан-балаға қалдырған. Ол аңызды Кенен бір ғана өз әкесінен үйреніп қоймаған. Сол елдегі Сарбас, Қуандық және бірқатар ақындардан тыңдап үйренген. Кенен жас кезінде бұл ертегі аңыздың тартымды жерлерін жырға айналдырып, оны қойшылар мен ауылдастары арасында жырлап жүрген. Жыл сайын жаңа тарау-тармақтар қосыла келе, 1940—1947 жылдары ақын сол айтып жүрген үзік-үзік жырларының басын біріктіріп қағазға түсірткен. Домбыраға қосып әлденеше рет қайталап толықтырған. Бұл дастан жөнінде ақынның өзі: “Оның жырлануына осындағы ақын-жазушылардың “Кенен кең тынысты ақын емес, әнші ғой. Одан дастан шығушы ма еді?” — деген сөз қамшы болды, — дейді. Ақын жырдың бас-аяғын түгендеп, ойға тоқып алған соң, оны арналы, төкпелі, сазды жыр әуенімен бірнеше түндер таң бозарып атқанша жырлаған кездері болған екен.

Бұл эпикалық аңыз-дастанда ертеде өткен Ерқосай, Ертөстік, Манас, Көкетай сияқты бір топ батырлардың ел қорғау, халық тыныштығын сақтау, семья құру жолындағы ерлік қимылдары, жортуыл-жорықтары жырланған. Дастанда Көкетай төңірегінде сөз көбірек болғанымен Қосай батырдың бітімпаз, ақылгөйлігі, Ертөстік пен Бокмұрынның ұрда-жық батырлыққа тән мінездері, Манастың талай жорықты басынан кешірген көшелілігі көрініс береді. Әсіресе, Ерқосайдың қандай шиеленіскен жаугершілік, дау-жанжалды қантөгіссіз, бейбітшілік жолымен шешуінде үлкен тәрбиелік мән



бар. Қосай барған жер бітімсіз болмайды. Ол қандай дауға барса да ұрыс-соғыссыз, жанжал-қауғасыз тындырып келе береді. Сондықтан да ел арасында “Жолды Қосай жолын бер, жұлдызының оңын бер” деген нақыл сөз қалған.

Жырдағы басты идея — осы. Негізгі мақсат — ел қорғау, өз халқын сыртқы шапқыншылықтан сақтау болғанымен, оның бітімгершілік, бейбітшілікті жырлау жағы басым екені бірден ойға ұялайды.

— Бұл кішкентайымнан құлағыма сіңіп қалған ел сөзі, — деп бастады Кенен келесі бір әңгімесін. Ол — Кебекбай мен Ноғайбай жайында еді. Оларды көрдім, талай соңына ілесіп те жүрдім, менің ақын болып өсуіме әсер, ықпалы аз болған жоқ. Кебекбай бізбен аталас. Жасы менің әкемнен үлкен. Ол Қасқарау еліне болыс болып сайланғанда менің әкем оның қызметшісі болды. Қызметшінің атқарар ісі белгілі: қасында ілесіп жүру, атын жемдеп, суғарып күту, оны ерттеп беру, үй шаруасына жәрдемдесу, тағы тағылар. Әкем байғұс солардың қалған-құтқанын әкеп, бізді асырайтын. Ескісін киетінбіз. Менің шешем өлгенде Кебекбай атамның бір топ ауыл адамдарын бастап келіп көңіл айтқаны есімде. Сонда ол көсіліп біраз сөйлеген. Ол кезде мен жеті жасар қамкөңіл баламын, не дегенін ұқпаппын, — деуші еді Кенекем.

Кенекең сол Кебекбай шешен сөздерін көбірек айтатын, әсіресе, Талқанбай, Сабан, Бердібек сияқты күлдіргі, көңілді кісілерді аузынан тастамайтын.

Ноғайбай құс ұйқылы, күміс күлкілі, құлан қарауыл сақ кісі екен. Дауға да, жауға да алдырмайтын, шалдырмайтын әбжіл шешен бопты. Оның мекені Ырғайты өзені, қыстауы — Қара шоқы. Онда Ноғайбайдың күмбезі бар. Тұқымдары сол Сүлутөрді мекендейді. Сүлутөр десе, сұлу төр. Қарақия, қасқа жол, арпа бұлақ, қызылқұр, қалқа болар, шоқпар



тас, шұрайлы жер, сұлу жайлаулары көп, Кенекеннің өзі айтқандай “Сұлу қыздай керілген Сүлүтөрім...” дегеніндей екен.

Қысқасы, Кенекеннің өткен-кеткен ақын-жырау, сал-сері, билер, батырлар жөнінде айтары мол болған. 1966 жылы мен ақыннан жазып алған біршама туындыларын құрастырып, өңдеп, “Аңыздар сыры” деген атпен “Қазақстан” баспасынан жеке кітап етіп жариялатқанмын. Алайда, бұл кітап өте аз тиражбен, көп қысқартылып, пышақтың қырындай ғана көлеммен шыққан еді. Көптеген аңыз-әңгімелері сол кездегі саясатқа байланысты кітапқа енбей қалған-ды. Енді, ақынның қызы Төрткен қарындасым екеуіміз сол кітапты толықтырып, біраз еңбек етіп ұсынып отырмыз. Оны оқушы қауым осы жинақтан оқып, таныса жатар деп ойлаймыз. Кітап тарих, әдебиет зерттеушілерге және жалпы оқырман қауымға арналған.

Нысанбек ТӨРЕҚҰЛ,
*филология ғылымдарының докторы,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері*



ӨЗІМ ТУРАЛЫ

МЕНІҢ АТАЛАРЫМ «БЕС ЖАЛАҢАЯҚ»

Ертеде Шомай деген дуалы ауыз қарияның тоғыз түйесі ұшты-күйлі жоғалып кетеді. Жаздай іздеп таба алмайды. Бір күні ол Қопаның құдығына мал суарып тұрған бес ағайынды, бесеуі де жалаңаяқ жігіттерден түйесін сұрайды.

— Ау, қарақтарым, құдайдан тілеген жігіт екенсіңдер. Көктем шыға күзеп жіберген тоғыз түйем жоғалды. Қаншама іздесем де таппадым, тапсам да танымадым. Домалақ анадан тараған, Жарықшақтан жаралған төрт Дулаттың баласымыз ғой. Әділ төре Кебекбайдың інілері екенсіңдер, түйемді тауып алған болсаңдар беріңдер? — депті. Момын жігіттер өз түйелерімен қоса жайып жүрген тоғыз түйені өздері “мынау” деп ұстап беріпті. Шомай ата батасын беріп, түйесін айдап кетеді.

Жол жөнекей:

— Түйелеріңді қайдан тауып алдың? — деп сұрағандарға ол:

— Қопа деген жердегі “Бес жалаңаяқ” аулынан тауып алдым, — депті. Осыдан былай қарай сол аталарымыз “Бес жалаңаяқ” атанып кетіпті.

Міне, сол жалаңаяқтардың бірі — Мандабай деген кісі екен. Одан Әзірбай, Ниязбай, Абданбай деген үш ұл туады. Олардың бәрі шетінен өнерпаз, домбырашы, өлеңші, әнші, көкпаршы, ит жүгірткіш, сауыққой болады. Қайда той, жиын болса, сонда жүреді. Кейбіреуі азын-аулақ қойын бағып, Мәтібұлаққа жоңышқа егіп, ағаш тігеді. Кішкене бұлаққа тоспа жасап, егін салып, тұрақтай бастайды.

Менің әкемді қырсық айналдырып, қыры кетеді. Азамат болып қалған екі баласы мен әйелі Алуа да



бірінен кейін бірі өледі. Малы жұтап, алты қанат ақ үйі қаңырап иесіз қалады. Екі қызын ұзатып жіберген. Өзінің алпысқа таяп қалған кезі. Кебекбай мен Қарабай деген тәуір кісілерге атқосшы болып жүреді, үлгі-өнеге алады.

Кебекбай мен Қарабай бір жолы Ақыш деген батыр досына келіп: “Мынау, Әзірбайдың үйі иесіз қалды, үш қызыңның басы босы бар ма? — деп қолқа салады. Ақыштың әйелі ол ауылға келін екен. Қарабайды — “Баранжан”, Кебекбайды — “Қауызбай” дейді. Сол:

— Қауызбай, Баранжан-ау, бұл қыздардың қайыны бар, малын жеп отырмыз ғой. Ал мынау кенже қызым Ұлдарды бай-мырзалар күнде келіп айттырып мазалап жүр. Шалға барам десе өзі білсін, — дейді. Сонда шай құйып отырған Ұлдар үйден тұра қашып, тауға қарай жөнеледі. Артынан әкесі атпен қуып, ұстап әкеледі. Қарабай мен Кебекбай: “Қарағым, жылама, бізді сыйласаң, кәрісінбей мынау Әзірбайға бар. Алты қанат ақ үйіне ие бол. Тілімізді алмай басқаға барсаң, теріс бата береміз. Ал, сыйлап тілімізді алсаң, оң бата береміз, — дейді. Ата-анасы да: “Қарағым, Ұлдар, бұларды ренжітпе!” — деп зарлайды.

Ақыры басына шәлісін салып, әкем Әзірбайдың үйіне келеді. Мен сол Ұлдардан туыппын. Анам бойшаң, көрікті, өзі әнші, дауысы өте келісті, өлеңді суырыпсалып айта беретін кісі екен. Қысқасы, сол ауылдың той жиынының гүлі болатын. Мен туған соң Әзірбай шал ұлды болды деп ел қуаныпты.

Жас кезімде мен өте тентек болыппын. Айтқанымды істемесе, шешемнің өңірін жыртып, мазасын алады екенмін. Өзім көтере алатын үй заттарын қамыс арасына тығып қойып, көңілденсем тауып береді екенмін. Абысындары: “Мұны кішкене тәртіпке шақырып, ұрып алмайсың ба?” — десе, анам:

— Балалары өле-өле көрген жалғыз ұлын ұрып, шалды ренжітіп қайтейін, есі кірген соң қояды ғой, — деп мені мәпелеп өсіріпті. Менен кейін Бибісара деген



қыз туыпты. Ол да анам сияқты сұлу болыпты. Бірақ, көп кешікпей Бибісара да, шешем де қайтыс болады. “Байдың әйелі өлсе, төсегі жаңғырады, кедейдің әйелі өлсе, басы қаңғырады” дегендей, әкем байғұс мені құшақтап тағы да жалғыз қала береді.

Шешем өлген Шөладырда алты жыл тұрып, Мәтібұлақтағы елге көшіп келдік. Әкемнің інісі Абданбайдың әйелі Әлиманның қолына қарап қалдық. Абданбайдың екі ұлы, бір қызы бар. Әлиман мені өз балаларымен бірге жатқызбай, бөлек жатқызды, маған оң қарамады. Абданбайдың өзі бақал сауда жасайды. Өзі ақсақ, жазда айна, тарақ, күзде алма, өрік сатады. Жалғыз жауыр атаны, екі бұзаулы сиыры, он-жиырма қой ешкісі бар.

Әкем көбіне ұзатқан қыздарына кетеді. Бір-екі айдай жатып, кір қоңын жудырып, маған киім-кешек, тары-талқан, құрт-ірімшік әкеледі, ең ақыры бір түйір қант болса да қалтасына сала келеді. Әлиман «сары аяқтан су ішкізіп, өз балаларына қаймақ, қатық берсе, маған қатықсыз қара көже береді. Оны көрген әкем бұл қорлықтан құтылу амалын іздейді. Ағайындардан уақытша сауын алады. Үш ешкі, бір қойды сауып, жұлым-жұлым болса да бір үй тігіп, бөлек шықтық. Ешкі, қойды әкем сауады, мен ұстап беремін. Көршілердің қашаған қойларын ұстап беріп, елгезек, тіл алғыш бала атандым. Анамның абысын-ажындары, құрбылары менің қас-қабағымға қарап, есіркеп маңдайымнан сипайды.

Жасым тоғыз-онға келген соң Құлжабай, Әймен деген ағайындардың қозысын баға бастадым. Бақпасқа шара жоқ, түгіміз жоқ, жетім баламын. Бір қозы, тіпті лақ та болса, бергендерін ала беремін. Атам да — (әкемді ата деуші едім) “бергендерін ала бер, қарағым, жігіт болып қалдың” дейтін. Сонымен бірде қозы, бірде лақ бағып, күнім өтіп жатты. Ақ күшігім, ала мысығым болды. Екеуін еркелетіп ертіп жүремін. Ақ күшігім тұмағымды, таяғымды тістеп алып келеді.



Өзі түрлі ойын біледі. Қоянды қоймайды. Мен қайда барсам, итім де, ала мысығым да сонда барады.

ТӨЛ БАСЫ БОЛДЫ АҚ ЛАҚ

Мысығым мияулап, күшігім шәуілдеп жүргенде, оларға тағы бір дос қосылды. Найзабай дегеннің бір ешкісі үш лақ тапты. Әдетте, үшінші лақты жұрт балаларды жарыстырып қай озып келгеніне береді. Ауылдың қырық елу баласы жиналып, “Кебекбай басқорығы” деген жерден жалаңаяқ жарыстық.

Өңкей бала жүгіріп келеміз, айқайлап екі санды сабалап “Кебекбай”, “Ноғайбай”, “Қасқарау” деп, әр бала өз елінің ескі ұрандарын айтып келеміз. Ерке болып өскен балалар біртіндеп, еңтігіп қала берді. Елу баладан тоғыз бала озып келеміз. Бұлар кедейлердің күнде жарысып, ойнап жүрген тас өкпелері. Тоғыздан бәрібір мен оздым.

“Қара борбай, ұзын сирақ Әзірбайдың баласы бірінші келді” деп бағалап, ақ лақты маған берді. Ақ лақты мәз болып үйге көтеріп келдім, сүт, нан беріп бақтым. Біртіндеп ол ақ күшік, ала мысықпен үйір болып, бір жатып, бірге жүретін болды. Құлағына қызыл шашақ, мойнына тұмар байлап қойдым. Ақ лақтың қылығы қызық, артымнан қалмайды, бырт-бырт күйзеп қасымда жүреді, қойнымда ала мысық, аяқ жағымда ақ күшігім жатады. Кейіндері ойласам, біздің үйге біткен малдың төл басы — сол ақ лақ екен.

МОЛДАНЫ АЛҒАШ КӨРУІМ

Балалармен бірге мен де Бейімбет молдаға бардым. Жаман тон, көк ала көйлек, аяғымда лыпа жоқ. Мойныма асынып алған киіз қалтам бар. Оның ішінде әзірше ештеңе жоқ. Әкем алып келді.

Молда арабша жазылған бір жапырақ қағазды дуалға



іліп қойып, соны оқытады екен. Қи қорада қырық-елу бала қозыдай шулап, қатар дауыстап оқимыз. Балалар қолын қусырып, “ләббай тақсыр” дейді. Атамның зорлығымен барған едім, амалсыз жүрдім.

Сейіт дейтін бала екі жылдан бері “Әліп биден” әрі өтпепті. Ол: “Әліпте жоқ, би астында бір ноқат” дегенге тілі келмей, “Әл ите жоқ, би астында бір тоңқайт” деп шатасып, күнде таяқ жейді. Байғұс, күнде бақырып жылап шығады. Соны көріп молдаға бармай қойдым.

Бір жұмадан кейін әкем қайтадан ертіп келді. Бір күні молда менен сабақ сұрай бастады. Бірқатар дәрісті өткізіп алған мен жауап бере алмадым. Молда шыбығын алып маған жақындай бергенде мен терезеден ата қаштым. Сол кеткеннен, мол кеттім.

ӘБДІХАЛЫҚТЫ АЛДАУ

Әбдіхалық деген қойшы жігіт егделігіне қарамай жас балалармен ойнай беретін. Ол бізді қыз-келіншектерге жұмсайды. Тіл алғыш хабаршысы көбіне мен болушы едім. Өзі тіптен аңқау еді. Бір күні қу балалардың бірі әйелше киініп алып ауылдан аулақ жырада қалды да мен Әбдіхалыққа келіп:

— Анау бір жырада шақыртқан келіншегіңіз күтіп тұр, — дедім.

— Қойшы ей, қайда, көне? — деп арсалаңдап, жүрегі лүпілдеп, жыраға қарай жүгіре жөнеледі. Қараса бүрме көйлек киген, басында ақ жаулығы бар, қынама бел “келіншек” жарға сүйеніп тұр екен.

— Әбдіхалық-ау, сені күтіп тұрмын, тез жүр, — дейді. Бұл әйел дауысын салып, майысып тұрған Сәлімбай дейтін қу құрдасы еді. Аңқау Әбдіхалық жақындай бергенде, әлгі “келіншек” оны құшақтай алады. Әбдіхалық алданғанын сонда бір-ақ біледі.



КҮМІС САПТЫ КЕЗДІК ПЕН ҚАРА БҮЙРА ҚОЗЫ

Бір күні Сүйкім деген кемпірдің үйіне келсем, далада жіп иіріп отыр екен.

— Қарағым, қарның ашса үйге кіріп айран құйып іше ғой. Анаң қандай кісі еді, құдай ол сорлыға сенің қызығыңды көруді де жазбапты, тым ерте кетті. Тәртіпті жақсы жігіт болып өс, — деп күрсініп қойды.

Қасық тік тұратын қою айранды тойғанымша сіміріп ішіп жатып, жоғарыда ілулі тұрған бір затқа көзім түсті. Ашып қарасам, күміс сапты кездік екен. Қызығып кеттім де, дереу кездікті қойныма тығып жібердім. Өзім айранға тойып: — Әже, рақмет, — деп жөнелдім.

Екі күндей әлгі кездікпен қамыстан сырнай, қурайдан таяқ жасап мәз болып жүрдім. Үшінші күні Сүйкім апам қасында Ыбрайым деген баласы бар екеуі іздеп келіп: “Кездігімді неге ұрладың, ақымақ? Есіркеме жетімді... деген осы екен ғой”, — деп қайдағы-жайдағыны айтып қарғап, сабап қонышымдағы кездікті тауып алып кетті. Бетім от болып жанып, істеген ісіме қатты өкініп қала бердім. “Қайта келер есікті қатты серіппе” дегендей, анда-санда болса да тойып келетін мейірімді үйден осылай айрылдым.

* * *

Тағы бірде Әшіржан деген құрбым Сәт деген байдың қойын жаятын еді. Қойлары ылғи қара бұйра қозы табады. Қатты қызығамын. Бір күні онымен әңгімелескен болып, қозыларымды қатарластыра жайып, аңқау Әшіржанның бір қара қозысын қосып айдап кеттім. Оңашаға апарып жас қозыны сойып, елтірісін алып, Күлдаяқ деген жеңешеке жалынып, терісін илеп бөрік істеп берші деп апарып бердім.

Сөйтіп жүргенде он бес лақ, үш қозым ел аман, жұрт тынышта өзінен-өзі өліп қалмасы бар ма? Таң қалдық. Әкем: “Бұл қалай болды, шырағым? Осы



сен бір сүмдық істесең керек, шыныңды айтшы қане, ұрыспаймын, ұрмаймын”, — деп қинады. Болған оқиғаның бәрін, кездік ұрлағанымды, қозы ұрлағанымды да айтып бердім. Бұдан былай ұрлыққа жоламасқа ант бердім.

Әкем: “Балам, біздің тұқымға ұрлық, саудагерлік деген жақпайды. Аштан өлсең де адал жүріп, адал түр. “Ұрлық түбі — қорлық” дегенді халқымыз бекер айтқан жоқ. Антың соңғы болсын”, — деп қасына шақырып алып бетімнен, маңдайымнан сүйді. Мен жылап жібердім.

РӘЗИЯҒА БАЛА ТАСТАТУ

Шіркін, балалық шақты қойсаңшы. Ойнағым келіп тұрады. Көрші Абданбайдың үйіне айна, тарақ, иіс май сатып алуға қыз-келіншектер көп келеді. Бір күні Рәзия үйге кіре бергенде ит болып “арр” деп аяғынан ала түстім. Жас келіншек аяғы ауыр екен, шошып түсті. Сол күні қатты ауырып, төрт айлық баласы түсіп қалды. Абдраман деген байдың келіні еді, балалары мені ботадай боздатып ұрды. Әкемнің бар малын құны деп сыпырып алды.

Бірақ, атам қарап жатпады. Зорлықшыл алты ағайынды Абдраманның балаларын көпшіліктің талқысына салды.

Елден, Абдраманнан кешірім сұрады. Баланың балалығы шығар, әдейі істеген жоқ қой, айналайындар! Баламды ұра көрмендер, малымды қайтарындар деп жылады. Ақыры Рәзияға қалжалық бір қойымызды беріп, қалған малымызды қайтарды-ау, әйтеуір.

“Көп қорқытады, терең батырады”, — деген осы екен.

АҚ ТӨБЕТТІҢ АЖАЛЫ

Әкем қыздарының аулына кеткен еді. Үйде жалғызбын, түс мезгілі. Көзім ілініп кетіпті, шошып



оянып, далаға тұра жүгірдім. Шықсам итімнің қаны судай ағып, қаңқылдап жатыр екен. Шешем өлгенде де мұндай жылаған жоқ шығармын, ойбай салып, тау-тасты жаңғыртып жылай беріппін, жылай беріппін. Жан-жақтағы естіген ел жиналып, не болды саған деп, қан-жоса өліп жатқан итті көріп, еңіреп отырған мені көріп таңғалысты.

Мұны көрген Абданбай қарт ақырды, Аязбекті шақырды. Баланың жан жолдасын неге өлтіресің? Құдайдан қорықпаған бұзық деп, таяғымен бір ұрды. Аязбек қатынымен екеуі зарлап: “Өлтірмегенде қайтеміз, жаздай жинаған бір қарын майды көтеріп кетіпті”, — десті.

Үш күндей жыладым. Аузына май тығып, жардың астына көмдім. Қүдірет күшті ғой, Аязбектің жылы “ит” екен, ұрған қолына қара сүйел (жараның түрі) шығып, не істесе де ем қонбай, келесі жазда ол да дүние салды. “Шоқ-шоқ”, — дедім.

ҚҰСТҮТІНМЕН ҚҰДА БОЛУ

Қойшы күнімізде түрлі пәлені жасап, елдің әдет-ғұрпын үлкендер сияқты біз де істеп ойнаушы едік. Құстүтін дейтін қойшы бала екеуміз, бала тұрмақ, әйелге қолымыз жете алмай жүріп, әр нәрсені армандап, қиялдаушы едік. Бай болсақ, балалы болсақ, сұлу әйел алсақ, жақсы ат мінсек дейміз.

Содан екеуміз құда боламыз. Менің Ақтамақ деген сұлу қызым болады, ұл одан. Қалыңмалға одан бір қора жылқы аламын. Сегіз құлынды бие, жүздеп бойдақ ат бітеді. Тағы да тоғыз жылқы той малы, екі түйе саумал аламын. Ит ырылдар, ірге басар, бақан салар, отқа құяр, көрпе қимылдар, шаң басар, еңтікпе, қол ұстатар, ілу тағы да басқа ырымдары толып жатыр. Осының бәріне де құдамнан малдай ақы аламын.

Бірде құдама бір ат, үлкен бие тағы да бір сыпыра



түрлі кәделерге жарау керектігін айтып салық салдым. Құстүтін: “Бұған шашым да жетпейді, қызың менің басыма алтын құйса да, енді шамам жоқ”, — деп өкпелеп кетті. Бірақ, амалын тауып бір күні мен үйде жоқта үйімді үптеп, қызымды алып қашып кетіпті. Мен де қарап жатқан жоқпын басқа өзім қатарлы қойшыларды жинап алып барып, Құстүтінді таяққа ұрып-жығып, тастан жасаған қызым Ақтамақты алып кеттім.

Қызды-қыздымен ойын түбі шынға айналып Құстүтінді шынымен ұрып басын жарып алыппыз. Әкесі Шыбай бәрімізді қуып, көк ала қойдай, көк тырнақтай қылып сабап, оның аяғы насырға шауып, екі ауылдың үлкендері ұрсысып, сүттей ұйып отырған тату ағайын-абысындар араз-қораз болып тарқасты. Сөйтіп құдалық та аяқталды.

ҚОЙШЫЛАР САЙЛАУЫ

Ботый деген елдің қойшылары, жылқышылары, түйешілері бәрін қосқанда жүзден астам боламыз. Байлардың арасындағы жүріп жатқан сайлау сияқты, біз де сайлау ашамыз. Бір бөлігі мені, бір бөлігі Құстүтінді шығарып тартысамыз. Шұңғыл деген қойшының бізден бірер жас үлкендігі бар, сол жоғарыдан “ояз” болып келеді. Оған киімдерімізді киіз қылып, таяқтарымыздан уық жасап, басын белбеулерімізбен буып ақ үй тігеміз. Тапқан таянған тәтті дәмді тары, қаймақ, нанымызды Шұңғылдың аузына ұстаймыз. Беретінімізді істейміз. Түйе орнына майда сақа, кенейлер болады. Ақша орнына кездемеге жапсырылған сары, көк дөңгелек қағаздар сомның орнына жүреді.

Ояз бізге сегіз күнді белгілеп, жұма не бейсенбі күні келемін, қаладан сайлау тасын ала келемін. Оған дейін өздерің кімді болыс сайлайсындар, елу



басыларыңды дайындап тұрарсыңдар. Мен келгенде қойларыңды ысырып, жусатып тастаңдар, барлық саптаяққа қойды сауып қорықтық жасаңдар, жұқа тастарды теріп, қыздырыңдар, қып-қызыл шоқтай болып жатсын. Құрт, май, тары, талқан, нан тауып қойыңдар, ауылдан жеген көтен-ішек, мойындарыңды жинап, сайлау өткенше дастарқандарың жайнап тұрсын. Олай етпесеңдер кателушкаға қамап қоямын деп қорқытады. Тасты кімге көп салса, сол болыс болады деп закон соғады. Егер ынтымақты болсаңдар атаған қойшыларың болыс болады дейді.

Ақыры барлық қойшы, жылқышылар жиылып мені болыс сайлады. Алайда, қорлықты өзімнің жақындарымнан көрдім. Несіпбай, Құстүтін, Құсайын бастаған бір топ бесжалаңаяқтар қарсы болды. Оларды бес ата Ботыйдың бір топ қойшы-жылқышылары сабап, аяғында бәрібір мен болыс болып сайландым. Кейбірі күндеп, күңкілдеп жүрді.

Болыс болғанда менің қолымнан не келсін. Әйтеуір, көңіл жықпаймын. Көппен біргемін. “Бозторғай”, “Көкшолақ”, “Ри, қойым” әндерімді айтып бірде күлдірсем, бірде жылатамын. Сол жас шағымда-ақ малшылар мені басына көтеретін еді, үлкен-кіші баталарын беріп, тәуір көретін еді. Кейін де солай болды. Елге елеулі, халыққа қалаулы болдым. Бойға біткен мінез қартайғанда да қалмайтын көрінеді. Көтен-ішекке тойып, жастау қойшыларды алдап, қорқытып ауқат табатын, соған мәз болатын “ояз” Шұңғыл кейін үлкейгенде де сол әдетпен өтті.

ҰПАЙ БОРЫШЫ

Қойшы ойындары көп-ақ. Оның аттары мынадай болып келетін: “сал таяқ”, “ауыр таяқ”, “жорға таяқ”, “доп ойын”, “орамал жасырмақ”, “алты ала теке”, “тақия теппек”, “ақ сүйек”, “соқыр теке”,



“жасырынбақ”, “қақпа тас”, “асық”, “бір табан”, “үш табан”, “шекем тас” осының бәрі ұпай ұтыс болатын ойындар. Қойшылар жиналып осы ойындарды ойнап, өз арасында борышты болып, құр алақан қалады.

Бәкі, пышақ, белдіктердің талайларын қарызға алып, беріп жүретінбіз. Шіркін, талай қызықтар өтті ғой...

ТҮСІМДЕ

Түсімде тілім аузыма сыймай шөлдеп келемін. Мәтібұлақтың басында біздің атамыздың қорасы болатын. Сол қораның шетінде, қасқа жолдың жағасында бөлектеніп бір шоқы тұратын. Оны ел “Кіндіктас” дейтін. Кіндіктастың басында қасқа атын қаңтарып қойып Сарбас ақын отыр екен деймін. Домбырасы алдында жатыр.

Мен ол кісіні көрсем де көзіне түскім келмей, бір жырамен қашып кетейін деп бұрылғаным сол еді, ол: “Әй, Әзірбай таздың жалғызы, қайда қашып құтыласың? Бері кел!” — деп қолын бұлғап шақырды. Амалсыз қол қусырып сәлем бердім. Жақын келе бергенде бетіме қарай салып: “Әй, сорлы-ау, шөлдеп өлетін болыпсың ғой”, — деп алдында қарын толы айран жатыр екен, өзі аузын ашып “мынадан іш” деді. Жүгініп отыра қалып мейірім қанғанша сіміріп жатырмын, сіміріп жатырмын. Екі бүйірім суға қанған қойдың ішіндей болып қампиып кетті. Көзімді ашып алсам түсім екен.

Далада торғайлар шырылдап күн шығып қалыпты. Атам да намазын оқып болған екен. Мен көрген түсімді атама айтып бердім. Атам: “А, Құдай!”, — деп далаға шығып кеткен. Қарасам, әкем баяғы ақ ешкінің тұқымы ақ серкешті бауыздап жатыр екен. Ауыл адамдарын шақырып құдайы тамақ беріп, баталарын алып тараттық.

Сонда әкем: “Шырағым, Сарбас ақынның өткеніне биыл үш жыл болыпты. Мынау түсінде көргендеріңді



Сарбас атаңның саған берген батасы деп ұғын. Иншалла ақындыққа жолың ашылар” деген еді. Алғаш мен Сарбас ақынның жалғыз ұлы Әбдікерімге арнаған өлеңін, кер жолақ домбырасымен қоштасқанын, аға-інілеріне, Ноғайбайға айтқан өлеңдерін айтып жүрдім. Кейіннен тырнақалды өлеңдерімді ұстазым Сарбасқа арнадым. Сөйте-сөйте ел арасында әнші бала, ақын бала атанып, мерейлі өмірге бірте-бірте ене бердім.

ҚАМЫСТАН СЫРНАЙ, ҚАЛАҚТАН ДОМБЫРА

Қой-қозы жайып жүргенде, көп ойынды балаларға мен үйрететін едім. Әкемнің арманы болып кеткен ақындық маған келсін деген ойым болу керек, оның аузынан шыққан өлең болсын, ән болсын, аңыз, ертегі болсын қағып алушы едім.

Әкем де бейімділігімді қуаныш етіп, ерінбей-жалықпай білгендерінің бәрін айта беретін еді. Қамыстан сырнай, қалақтан домбыра жасаймын. Тау-тасты аралап, тасқа неше түрлі таңба саламын. Мәтібұлақтың Шөладырындағы жалтыр тастарға салған аттың суреті, аттың үстіне адам мінгізіп, қолына шоқпар ұстатып қасқыр, түлкі қуғызып қойған тас таңбаларым әлі де жатыр. Сол жерге бара қалсам, балалығым көзіме елестеп, оттай басылады.

Сондағы әкемнен үйренген Сүйінбай, Қаңтарбай, Қуандық, Сарбас, Майкөт, Шөже, Түбектердің өлеңдері, әндері өзімнің ақындық жолға түсуімнің алтын дінгегіндей болды десем, қателеспеспін деп ойлаймын. Сонымен қоса мен жалғыз да болсам әкемнің арман тілегі болған ақындықты алып кете алғанымды мақтан етем. Әке алдындағы перзенттік парызымды ақтадым деп есептеймін.



ОРАЗБАҚТЫҢ СЫРНАЙЫ

Оразбақ деген қойшы менен алты жас үлкен. Жасынан малай, Құлжабайдың қойшысы еді. Мен Әйменнің қойын жаямын. Екеуміз Қарақоңыз жайлауына бірге шығамыз. Оразбақ қурайдан сырнай (сыбызғы) жасап, неше түрлі әнге салады. Дауысы алысқа жетеді. Сырнаймен айтылған ән құлаққа өте жағымды тиетін. Әсіресе, мұңды әнді тыңдағанда төбе шашым шымырлап кететін еді. Оның әндерін қойшы, жылқышылар сүйіп тыңдайтын. Қыз-келіншектер қызығып, таңырқай тыңдайтын. Сол маңдағы қойшылар келіп Оразбаққа сырнай жасатып алатын, одан үйренетін, бірақ бір де бірі Оразбақтай сырнай тарта алмайтын. Мен сырнай тартуды сол Оразбақтан үйрендім.

ЕРКЕБАЙДАН ДОМБЫРА...

Еркебай ұзын бойлы, қапсағай денелі, ат үстінде әскерше ойнайтын өнерлі жігіт еді. Оның ойыны қызық. Ат үстінде ұршықтай ойнайды. Ерге төбесін тіреп, екі аяғын көкке көтеріп желе жортқан ат үстінде жүре беретін.

Ас тойда жұрт мергендіктерін көрсетіп, құлаш жарыстырып, “жамбы тасты” ататын. Сонда ол құлаштап атып, жамбы тасқа дәл тигізіп құлатып түсіретін еді. Басқалардың лақтырған тасы маңын да көрмейтін. Өзі етікші, қолынан келмейтіні жоқ. Атты баптап мініп, киімді жақсы киетін, таза жүретін. Қонақшыл, дастарқанды болатын.

Домбыраны шебер тартатын. Мен домбырасын кейде сұрап, кейде ұрлап әкетіп үйреніп жүрдім. Бір күні ол мені шақырып алып: “Домбыраға маза бермедің ғой, мә саған домбыра”, — деп қолдан шапқан кішкене



ақ домбыраны қолыма ұстата салды. — Сындырмай тартып жүр, — деді. Сол Еркебай берген ақ домбыра әлі бар. Үйде ілулі тұр.

НАМАЗ БҰЗҒАНЫМ ҮШІН

Ел мешітке жиналып жатыр еді, ақсақ молда арбамен келді. Намазды бастайтын сол. Құрбан айт күні кәрі-жас намазға ұйып тұр екен. Мен сол жылдары Тарақ, Жапарқұл, Әлшібай, Құдайберген сияқты бір топ сері бойдақ, сайқымазақ жігіттерді ертіп жүруші едім. Ел ішінде оларды “жындылар” атап кеткен. Олар ешқандай да жынды емес, аздаған өзгелерге ұқсамайтын мінездері бар. Өздері мені жақсы көретін.

Бір жолы сол “жындыларымды” ертіп мешітке барып, намаз оқып жатқандардың артынан тұра қалдық. Ешкім де сезген жоқ сияқты еді, әлгі “жындыларым” көп кешікпей-ақ, бүлік шығарып, намаздың берекесін кетірді. Жұрт намазды қойып, бәрі бізге жабылды. Әбдімолда шала болған намаздың кінәсін маған артты.

Ақсақалдар маған жабыла үрсып: “жындыларды” ертіп келіп кесіріңді тигіздің, — деп жеткені мені, жетпегені жерді қарғап жатыр. Қойшы, әйтеуір, аталарыңның атынан мәуліт, қатым Құран түсір деп қожа-молдалар қоймай жүріп, бір ешкі, бір қойымды алып тынды.

БЕС ЕШКІ

Ырғайты елі деп аталатын, қазіргі Ақтерек орналасқан жерде жеті күнде бір базар болып тұрушы еді. Қойныма домбырамды тығып алып, асханада, шайханада отырған саудагер, делдал, байларға өлең айтып, анадан бір теңге, мынадан екі теңге алып



жүрдім. Сөйтіп жүріп жиналған тиын-тебеніме екі ешкі сатып алып, олар лақтап бес ешкі болып, ақ ішіп есімізді жия бастаған едік.

Бір күні базар аралап үйге келсем, ешкілерім жоқ. “Дат” деп іздей бастадық. Әрі қарап, бері қарап таба алмадық. Әр елді аралап сұрау салдым, көрдім деген адам болмады. Сондағы бес ешкіні іздеп айтқаным:

Япыр-ау, бес ешкіні кім ап кетті?
Аңдыған зұлымдардың бірі ап кетті.
Енді ғана тигенде аузым аққа,
Қу ұры ішегімді бұрап кетті.
Ырғайты, Ақтеректей ел емес пе?
Көлқамыс базар болған жер емес пе?
Баласы Ораз, Бұқар, Елқонардың,
Көп болғанмен, терезем тең емес пе?
Паналап, бауырлас деп көшіп кеп ем,
Ешкімді таптырғаның жөн емес пе?
Ар-ұят аулыңызға мін емес пе?
Зарлатып бес ешкімді ұрлап алдың,
Төрт Дулаттың ақыны мен емес пе?..

Көп кешікпей Айдарбек деген жігіт келіп менің жағдайымды көрген соң жаны ашып: “Қасқарауда ән шырқап жүрген жас талап жігіт едің, бұл Көлқамыстан саған не табылады? Базардың жалаңдаған қулары сені аяр деймісің, ешкіден айрылып, киімнен жүрдай болыпсың. Ертең бір түйе жіберейін, көшіп кел”, — деді. Мен:

— Түйе жібермей-ақ қой, оған қай жүгімді артамын, — деймін.

— Ай, ақын сорлылар-ай, өлеңнен басқаға қырың жоқ-ау, “ақау-ақау” деп жүріп бес ешкіден айрылып қалғаның да, осы аңқаулығың ғой, — деп жатыр.



ОТАУБАЙ, КЕМБАЙ

Қанжығалы Бөгенбай батырдың елінен Отаубай, Кембай деген екі ағайынды жігіт қасында Зейнеп деген сұлу қызбен келіп, Ноғайбайға сәлемдесіп отырады. Ноғайбай бұл өңірдің адамына ұқсамаған оларға:

— Ал, қарақтарым, қайдан келесіңдер? — деп жөн сұрапты.

Сонда Отаубай:

Төменге қашып келдік Атсабардан,
Ер едік екі ұл, бір қыз көп қасарған.
Паналап Ноқаң сізді жан қалар деп,
Арқадан іздеп келдік, ата-ау, саған.
Арқаға атың барған Алатаудан,
Қашқанда аруағыңызды ауызға алған.
Бір байдан Дәулетқұлдай зорлық көріп,
Киікпіз туып-өскен жерден ауған, —

дегенде, Ноғайбай атамыз Өз Төле би: — Жеріміз Алатауға кім келмеген, шырақтарым қорықпаңдар, мына балалармен жолдас болып жақсылап дем алыңдар, — депті.

Отаубай мен Кембай зор денелі, өнерпаз жігіттер екен. Ноғайбайға бастан өткен әңгімелерін қалдырмай айтады:

Жасымыздан кедейлік көрдік. Дәулетқұлға малай болдық.

Жылқысын бақтық. Өзіміз ақын-әншіміз, байдың балалары болмаса, бізді ел-жұрт жақсы көреді. Мынау Зейнеп — сол Дәулетқұл байдың қызы, ата-аналары оны бір байға зорлап бергелі жүрді. Дәулетқұл бай біздің ақымызды бермеді. Бізбен көңілдес болған қызын да, бізді де сабады, көрмеген қорлығымыз қалмады. Біздің қол-аяғымызды байлатып, Сібірге айдатпақ болды. Ақыры біз байдың жүйрік ат-айғырларын ұстап алып, қызбен бір түнде қаштық. Біліп қалып қанша адамдарымен қуды. Алатауға қарай бет алып, Бетпақдаламен кете бардық. Бірлі-жарым



қуып жеткендерін ұрып-жығып, аударып тастап, атын алып құтылып кеттік.

Қуған жігіттері аттан айрылып, таяқ жеп барған соң Дәулетқұл бас құдасы екеуі, уезд әкімдеріне барып айтып, “Қашқандарды таптыр” деп, арыз береді.

Отаубай, Кембай деген жалшы-малшылар Зейнеп сұлуды алып қашты, қызымыз — бір байдың жесірі. Олар барған жерінде ұсталсын деген губернатор бұйрығы облыстарға таралды. Жандармдар қарап жүріп оларды Ноғайбай ауылынан тауып, айдап кетпек болады. Отаубай, Кембай жандарм-жасауылдарды сабап жібереді. Таяқ жеген жасауылдар Піспектегі уезге барып барлық документтерін көрсетіп, Ноғайбайға адам шаптырады. Ноғайбайдың ауылына оқалы жағалылар қаптап кетеді.

Ноғайбай:

— Ау, бұтаға қорғалаған торғайларым, қорықпаңдар, — деп өзі Шабденнен алған ала аяқ қасқа атқа мініп, таутеке тонын, түлкі бөркін киіп, солқылдаған кер тобылғысын қолына алып, дауға аттанады. Дауға жүргенде оң жақтағы үзеңгісінің астында алтайы қызыл түлкі көрінеді екен. Бұл жолы да дәл солай боп елестейді. Бірге алып жүретін жолдастары Есмағамбет молда, Сарбас ақын, Байсерке күйші, тағы да епті ығай мен сығай, шешен-шебер жігіттерден Отаубай, Кембайларды ертіп Алматыға жүріп кетеді. Отаубай мен Кембайды айдап кетпекке келген жасауыл, жандармдарды ішімдікке қандырып, Алматыға бірге ала жүреді. Губернаторға келіп, тілмаштарға сөзімді түгел айт, — деп ұлықтарға бөркін алып кіргенде, көзі мен сөзі губернатордың өкпесінен өтеді.

Тақсыр губернатор, алдыңызға арыз айта келдім. Бәріміз де Ақ патшаның қол астындағы еліміз Жетісудағы жеті уезд сізге бағынады. Жаман айғыр үйіріне келген жылқыны жолатпай, сәуірлеп қуып жібереді. Жақсы айғыр үйіріне келген ат болсын, бие болсын, қайырып қосып алады. Арқадан зорлықшы Дәулетқұл байдан малай болып ақысын ала алмай қорлық-зорлық көрген екі азамат бір әйел Алатауға өзіңізді, біздей адамдарды медет етіп келіпті. Еліне



сол жақтың өзіндей губернаторына хат жазып, мына іздеп келген жандармдарды қайтарсаңыз екен, — деп тұрып алады. Ноғайбайдан қаймығатын тілмаштары бірін қалдырмай айтып бергенде, губернатор екі бүйірін таянып, шылым тартып әрі-бері жүріп, өздері күңкілдеп сөйлесіп, Дәулетбақты басқа бөлмеге алып кіріп кетеді. Біраздан кейін Отайбай, Кембай, Зейнепті шақыртып, оңаша бөлмеде бас қосады. Бір-екі сағаттан соң “сүйінші” деп тілмаштар шыға келеді, “бітім болды, отказ” — дейді. Алтайыны алған ақ иықтай Ноғайбай шыға келгенде тұрған елдер:

— Шіркін-ай, қазақ-қырғызда Ноғайбайдай ер туа берсе ғой, — деген екен.

МОНШАДАН ҚАШҚАНЫМ

Еркебайдың Ыбырай деген шабарманы ауылға ала құйындатып шауып келді де, мені мінгестіріп алып ала жөнелді. Мұнысы несі? Үлкендер мені алдырып не етпек деп ойлаймын. Басыма әртүрлі ой келіп, қорқып та келемін. Баяғы жаман шапан, киіз етік, шоқпыт бөрік Қордайға келдім.

Еркебай ауылы құжынаған адам екен. Орта бойлы бір кісі алдымыздан шығып: “Ой, бәрекелді, апарып моншаға жуындырып әкеле ғой”, — деп кенепке ораған бір затты қолтығыма қыстыра салды. Жасауыл екеуіміз бекетке келдік.

Туғалы там үйді көргенім сол. Үлкен қара жол жағасында сым тартқан, басында ақ шәйнегі бар бағана ағаштар желмен ызындап ән салып тұр. Таң қалып қараймын. Ыбырай түсіп, атының басын сол сым ағашқа байлап, мені буы бүрқырап жатқан үйге әкеліп, шешіндіріп жатыр. Үлкен шелекте ыстық су бүрқырап тұр. Менің ойыма осыдан үш-төрт жыл бұрын тойда жеті қойды жоқтап Мүлкеман елін “ұрылар” деп өлеңге қосқаным, Қожамбердінің асында көк ала тай мініп барып, Қалмырза жыршының әуеніне салып,



Омарқасқа дегеннің қыздарымен айтысып, оларға тіл тигізгенім есіме түсе кетті.

Бұл сол жолғы ыза-кекпен мені алдап әкеліп, түншықтырып өлтіргелі жүр екен деп ойладым да зып етіп моншадан қаша жөнелдім. Байқамай қалған атшабар байлаулы құла атына міне шауып, кезең аса берген мені қуып жетті. Жалаңаш етіме қамшымен бір тартып қалды да: “Сорлы қойшы, саған жақсылық жақпай ма? “Есекті көпірден сүйресен кері тартады, итке жақсылық жасасаң, өзінді қабады” деп ұрсып-ұрсып мені қайтадан алып келді. Сөйтсем, Қордай бекетіндегі орыс, қазақ бәрі күліп, тамашалап бізге қарап тұр екен.

Амал қанша, Ыбырай қайтадан моншаға кіргізіп, есігін жауып, шомылдырып жатыр. Мен жылап отырмын. Жылы сумен сабындап неше жылғы кір басқан аяқтың тас, тікен кірген жарығын, барлық денемді жуып, әлгі кенепке ораған көйлек дамбалды кигізді. Сыртынан жеңсіз камзол, көк шапан, қара бөрік, қызыл тақия, базары етік, сары ала белбеу барлығын үстіме кигізіп, далаға шығарғанда ғана өлмейтінімді сонда білдім. Өңім бе, түсім бе? — деймін. Атына мінгізіп қалың елге алып келді. Алдымнан оңі жылы, орысша киінген орта бойлы кісі шығып:

— Міне, енді соқталдай жігіт болдың, шіркін кедейлік-ай! “Ағаш көркі — жапырақ, адам көркі — шүберек” емес пе? — деді де:

— Қарағым, әкең аман ба? Мені танимысың? — деді. Менде үн жоқ, тек басымды изедім. Еркебай боларсыз-ау дедім ішімнен.

Күздің күні. Қордайдың қоңыр желі азынап тұр. Қарағай тамда толған адамдар. Ақ шатырдай киінген әйелдер су құйып, дастарқан жайып жүр. Еркебай мені ертіп осылардың үстіне кіргізді.

— Ақсақалдарға сәлем бер, — деді ол маған. Мен “Ассалаумағалейкүм” дедім. Бәрі маған қарап: “Уа, ана жылғы жеті қойды жоқтаған бала осы емес пе? —



десіп, көздері тесіп барады. Олжекең де, Бейсекең де, бәрі де жақсы бала екен деп, көңілімді көтеріп қойды.

“Жақсы десе, жан семіреді” дегендей еңсем түсіп жүрген қойшы басым, бір көтеріліп қалдым. Үлкен кісілермен бірге тамақ ішіп, әңгімелеріне құлақ тосып отырдым. Мен Еркебайдың үйінде біраз күндей болдым. Ол менің жақында үлкен тойға баратынымды айтып тәрбиеледі. Астыма ат мінгізді, үстіме торқа кигізді, қолыма домбыра беріп ән айтқызып, өлең жұптатып, мейлінше қамқорлық жасады. Ұзын бойлы, сұлу жігіт болып шыға келдім.

ШӘБДАН ТОЙЫНДА

Шәбдан қырғыз, қазақ еліне атағы бірдей тараған, өзі сақа, өзі жомарт, киімі жоққа киім, аты жоққа ат берген, үйінен қонақ, кермесінен ат кетпеген, өзі патшаға үш барған, Меккеге екі барған, даңқы жерді жарған, ел билеген кісі екен. Бір жолы патшаға сәлем жолдап Сібірге айдалған адамдардың күнәсін кешіртіп абақтыдан босаттырыпты. Сол қалың бұқараға әділ, “қара қылды қақ жарған” кісі деп атағы жайылған Шәбданның қайтыс болғанына жыл толып ас берілгелі жатқан көрінеді.

Асқа қырғыз, қазақтың атақты ақын-жыршылары, әнші-күйшілері, батыр, палуандары, алғыр шешендері, қысқасы ел аузына іліккен жақсылары шақырылыпты. Әр болыс өз адамдарын қаттап береді. Еркебай Шәбдан асында өлең айту үшін мені қаттап беріпті.

— Ойбай, ағатай, мені неге хаттадың? — дедім.

— Даусың зор, әнің бар, көрікті, талантты жігіттің бірісің. Көптің алдына шықпай, елдің көзіне түспей өнерің өрге баспайды Кенен. Қашанғы қой соңында жүре бермексің? Өлеңінді жұптап, даярлана бер, тойға өзім алып барамын, — деді Еркебай.

Бұл сөзден соң мен енді толқи бастадым, қойдан босатып қамқор болған Еркебайдың сенімінен шықсам екен деген ой санамнан кетпей қойды.



Біз сонымен Шәбданның ауылына жүріп бердік. Бір ғана Қордай болысынан Еркебай, Мамай, Олжабай бастаған бас аяғы үш жүз кісі жолға шықтық. Олардың ішінде нелер бір мырза шоралар, палуандар, ақын, әнші, күйшілер, қарташылар, жамбы ататын, құмалақ ашатын, атқа шабатын, түс болжайтын сәуегейлер, сауықшыл сал-серілер, тамаққа тоймайтын мешкейлер, қантпен тұздап ақ майды асайтын адраңқайлар, қамшысын қатты ырғай тобылғымен саптайтын сәнқойлар, төбелес іздеп, бәсеке жанжалдан қайтпайтындар, батыр ел деп даңқына ешкім батпайтындар, қысқасы түрлі ел салтынан ұятқа қалдырмайтын сен түр, мен атайындар.

Елде қалған үлкендер жағы: “Ат көліктерің аман қайтыңдар. Ақындарың ақындардан озсын, шешендерің шешендерді жеңіп, бәйгеден аттарың озып, ақ жүзді, абыройлы болып келіндер”, — деп ақ жол тілеп, баталарын беріп аттандырды. Сән-салтанатымызбен төрт жерде: Сүлүтөр, Шарбақты, Қаракөмер, Тоқпақта қонақ болып, Шәбданның ауылына да жеттік. Белгіленген үйге барып түстік.

Мұндағы елдің түрі бөлек. Мінген ат, киген киімдері ерекше. Әйелдер аққудай жасанған. Сырнай, кернейлерін шалып, шертпегін шертіп қырғыздың жыршылары жүр. Анадай жерде көктөбе басында Тоқтағұл, Қалмырза, Ноғайбай бастаған қазақ пен қырғыздың үлкендері отыр. Қалмырза мен Тоқтағұлды алғашқы көруім. Халық қамалап олардың алдын босатпайды, қол беріп, бірі келіп, бірі кетіп жатыр.

Түс бола бергенде Қалмырза жыршы жырлап, балуан сайысы болады деп елді хабардар етті. Даусы саңқ-саңқ етеді. Палуандар ортаға шықты. Әуелі қырғыздың “Тістеуік” деген палуаны шықты “Тістеуік” атанатын себебі қандай палуан болса да қолымен жыққан емес, маңайына жолатпайды, егер жолай қалса, оны тістеп лақтырады екен. Түйені де, жылқыны да тістеп жығады



екен. Өзі жалаңаш, бұтында балағын түрген шалбар. Нақ ортаға төбедей болып отырды.

Ал, қазақтар жағынан Шаңбай балуан шықты. Бұл да сол Алматы уезінде жауырыны жерге тимеген, екі иығына екі кісі мінгендей, балтыры бураның санындай, бұлшық еті бөлек-бөлек, саусақтары балтаның сабындай, түсі қара торы, түйе жүн шекпен киіп келді. Екеуі бұқадай күржісіп келді де, алыса кетті. Жағалай тұрған адамдар ұзақша шуылдап тұр. Бір мезгілде Шаңбай палуан “Тістеуікті” екі білегінен балаша ұстап айналдырып-айналдырып кеп лақтырды. “Тістеуік” анадай жерге барып топ етіп, аунап түсті. Ел-жұрт Шаңбай жеңді деп, алғысты қардай жаудырды. Қырғыздар қоқилап жүр.

Енді найзагерлерге кезек келді. Қырғыздың Қалмақты деген найзагер батыры шықты. Қара қасқа ат астында, шашақты найза қолында. Қазақтардан атақты Әсіреп найзагер шықты. Ұзын бойлы, сом сүйекті, қара жігіт екен. Астында Мәнікер деген нар түйедей аты орғи басып, желе аяңдап келеді.

Даяшылар басталды деп белгі берді. Екі найзагер екі жақтан бір-біріне қарсы шауып келеді. Аттары бар екпінімен жұлдыздай ағады. Найзаларын қос қолдап кезене ұстаған. Аттың тізгінін қалай ұстап бара жатқандары белгісіз. Не өледі, не тірі қалады. Өлсе ешқандай да құн, дау жоқ. Неткен әдет-салт десеңізші. Қарап тұрғандар шуылдап, кемпір-шалдар көзіне жас алып тұр. Әні-міне дегенше екі батырдың найзалары шақ етті. Жұрт қарауға дәті бармай, көздерін жұмды. Мен де көзімді жұмыппын. Ақырын көзімді ашып қарасам, Қалмақты атынан құлап қалыпты. Даяшының бірі — Әсірепті жетелеп алып барады. Найзагерлер сайысы осылай болады екен. Өзім туғалы үлкен ас тойға келгенім осы. Таң-тамаша қалдым. Сол палуандар, найзагерлер көзіме әлі күнге дейін елестейді.

Сарбас ақын өз құлағын өзі бұрап-бұрап жіберіп, палуандар мен найзагерлерді мақтап жыр төкті. Сонда



Ноғайбай шешен: “Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады” деген осы, — деп Сарбасқа риза болғаны есімде. Мен де осындай бар елді аузына қарататын ақын, әнші болсам деп армандадым сонда.

Енді бір кезде аты шыққан ақындарды шақыра бастады. Сейіттің ақыны атақты Майкөттің баласы Арқабай шықты. Ол қолындағы қобызымен жұртты егілтіп жіберді. Тұрқабайдың ақыны Жәміл шықты. Ол да айтып өтті. Айтып болғандарды бір жаққа шығарып жатыр. Қырғыз Қалмырза да шертпегін шертіп-шертіп жіберіп, жырын төгіп шықты. Не керек, хатқа тіркелген ақындардың жиырмасы өткеннен кейін барып, мені “Еркебайдың ақыны Кенен” деп шақырды. Жүрегім суылдап ортаға шықтым. Елдің екі көзі менде. Мен қатты қысылдым. Шығарып, жаттап алған төрт-бес ауыз өлеңімнен де айрылдым. Күздің қара суық желінде, қара суға түсіп терледім.

Амал жоқ, Сарбасша құлағымды бұрап айқай салдым. Дауысым шырқап кетті де, сөзі ауыма түспей тұрдым да қалдым. Ел ду күліп жатыр. Бір қария: “Ау, халайық, күлмендер, бала екен. Қайта шырқасын”, — деді. Қап, деп ортаға қайта шықтым. Ауызға сөз түсер емес. Әнді әрі созып, бері созып тағы да тоқтадым. Ел менен күдер үзе бастады. Еркебай да, басқалар да ыза болып тұр.

Тыңдаған көп ел айқайлап: “Қайтадан айтқызыңдар, даусы жақсы екен”, — деп шулап жатыр. Мен оны жақтырмай тұрмын. Қалмырза жігер беріп: “Ер кезегі үшке дейін” деген, ұялма, шырқа дегенде, ер кезегі үшке дейін барып, ауыма өлеңім түсе кетті. Мен шырқап ала жөнелдім:

Ау... Би атам қайтыс болды, қайран батыр,
Қырғызға ақ қалпақты болған ақыл.
Жиналып ойдан-қырдан адамдар кеп,
Жеті ту желбіретіп тігіп жатыр.
Үй тігіп үш мың ақ боз қатар-қатар,



Бөйгеге неше жүйрік жиып жатыр.
Мен өзім Дулат деген елден келдім,
Көл Қопа, Қордай деген жерден келдім.
Жас бала жаңа талап мен бір қойшы,
Туғалы мұндай жиын көрмеп едім.
Астыма ат, үстіме тон берген соң,
Қасына Еркебайдың ерген едім.
Мен өзім жол көрмеген ақын едім,
Атақты Сарбастың жақыны едім.
Өнерім өр қияға алып ұшты,
Астында алты уық үй жатыр едім.
Мен өзім інісімін Сарбастың,
Он үште ел тойына араластым.
Өлерде мені Сарбас шақырып ап,
Тапсырған аманат деп домбырасын.
Жолбарыс, Кебекбай, Ноғайбай,
Ақын болмақ оңай ма-ай,
Сөкпе мені халқым-ай-ай!.. —

деп тоқтадым.

Көпшілік ду ете қалды. Бәсе, бала ғой, қысылып тұрған ғой. Бұрын топ алдына шықпаған едім деп өзі де айтып жатыр, айналайынның даусын-ай! десіп, риза болысты.

Осы жолы сыйға күмістен соғылған кемер белдік тағып, қырғыз-қазаққа ақын атанып қайттым. Еркебай қырсығымды кесіп, ақындыққа біржола бет бұрдым.

ТҰРЛЫМБЕТТІ ҚАЛАЙ ТҮСІРДІК?

Жаманты өзені бойындағы елді аралап ән салып жүрдім. Қасымда баяғы бала күннен бірге қой баққан досым Аянбай бар. Сол ауылдағы Тұрлымбет деген: “Ақын деген — жын-шайтанның адамы. Кененді неге үйіңе қонақ қылдың?” деп баласы Бұрқанға үрсыпты. Оны Бұрқан маған жеткізді.

— Әкемді көңілдендіре көр, қызыл тілдің пайдасын қашан көреміз, — деді ол тағы бірде. Осыдан соң



Аянбай екеуміз ортекені ойнатып, домбыраны сайратып, “Құлқатымды” айтып келдік.

Құлқатым — Қызыл бастардың кәпір-әйел патшасы. Соны Әзірет Әлі дуана болып келіп, патшаны қырық нөкерімен мұсылман дініне кіргізіпті деген ел арасында аңыз бар. Мен Тұрлымбет үйінде соны айтуды ойлап таптым.

Біз келсек, Бұрқан құрбым дайын түр екен. Үй іші толған адам, үлкен-кіші бәрі жиналыпты. Мен дуана кейпіне кіріп “Құлқатымды” жырлай жөнелдім:

Ели-лахқа тілің келмейтұғын, Құлқатым,
Оған жолдас дұғасы, танбайтұғын, Құлқатым.
Осы аяулы түріңмен кәпір болсаң, Құлқатым,
Тозақ отқа жанасың асыл затым, Құлқатым.
Құдайым бір, Құран шын, нанбаймысың, Құлқатым,
Менің айтқан тілімді алмаймысың, Құлқатым.
Осы әдемі келбетпен кәпір болсаң, Құлқатым,
Жеті тамұқ отына жанбаймысың, Құлқатым.
Пайғамбар һақ, әулие сенбеймісің, Құлқатым,
Менімен ілесіп жүрмеймісің, Құлқатым.
Қор қызындай жүзің бар, қор боп жүрген, Құлқатым,
Кәпір болсаң тозақта күймеймісің, Құлқатым... —
дегенімде теріс қарап отырған Тұрлымбет күлімдей бастады. Ол дереу баласына қарап:

— Не қылып отырсың? Қойыңды әкеліп бата сұрамайсың ба? — деп көңілденіп кетті. Ол маған қарап тағы да: “Кененім, жарайсың. Кейбір ақындар сұрап мазалайды. Міне, шарифаттан да айтып жатырсың. Кейбіреулер осылай айта алмайды. Рақмет, осындай ақындар табылмайды, тамашаландар, рұқсат”, — деп ағынан жарыла сөйледі.

Біз Аянбай, Бұрқан бәріміз қой сойғызып, палау бастырып, жиналған көптің “ананы айт, мынаны айт” деген талабын орындап, әндетіп жата бердік.



НЫСАНБАЙҒА АЙТҚАНЫМ

Нысанбай деген сараң бай болды. Есдәулет екеуміз тәуекел деп соған келдік. Ауыл адамдары ақындар келді деп қуанып, бала-шағалары жүгіріп жүр. Біз сәлем беріп кірдік. Төсекте түйе жүнді шекпенді жамылып, теріс қарап Нысанбай жатыр. Қатыны жоғары шығындар деп те айтпады. Сөйтсе де төрге барып отырдық. Не қымыз, не шай ішіндер деген жоқ.

Домбыраны алып құлағын бұрадық. Әуелі Есдәулет мақтап өлең айтып жатыр. Байдың орнынан тұратын түрі жоқ. Есдәулет қоңыр даусын баяулатып жөтеле бастады. Сен болмасаң менен қайран кетті дегендей, маған жалтақтап қарай береді. Сараңның жайы белгілі.

Үй сыртына қойып кеткен “ортекемізді” ауыл жастары көріп күліп, тамашалап жүр. Өйткені біздің “ортекеміз” қолдан жасалған еді. Кәдімгі сал-серілердің алып жүретін, ағаштан ойып жасалған, басына қызыл, жасылды шашақ тағылған теке бейнесі. Байқаймын бай шекпенін көлегейлеп, анда-санда сығалайды. Мен домбыраны қаттырақ бұрап алдым да өлеңдете жөнелдім:

Ау, Нысанбай, Нысанбай!
Түр орныңнан біз келдік,
Сараң байға ұқсамай,
Ақын келді әдейі,
Неге көрдің дұшпандай.
Аяғыңнан тартамыз,
Көкке қарай ұшсаңда-ай,
Неғып теріс қарайсың,
Құдай мұнша қысқандай.
Ақын елдің еркесі,
Мұнша зәрең үшқандай.
Бас пен малды беріпті,
Қыдыр саған еріпті.
Шықбермейтін Шығайбай,
Мінезі саған келіпті, —



деп едім, ол орнынан бір аунап, басын көтеріп: “Е... е... е! Сендер екенсіңдер ғой, ұйықтап кетіппін. Ей, қатын қазанға ас сал, дастарқан жай”, — дегені бар ғой.

МӨРТАЙ СҮЛУ

Ел ішінде ән айтып жүріп Шөрегей еліндегі Мөртай деген қызға ғашық болдым. Мөртайдың аулына жиі-жиі барып, той-жиындарда анда-санда кездесіп қалып жүрдік. Сол Мөртайды жас кезінде Амантай деген момын жігітке атастырып қойған екен. Амантайдың үш інісі бар, бәрі де мені біледі. Аулымыз да жақын, ағайындас адамдар.

Амал не? Бір күні Амантай Мөртайды алып келмек болып, жолға жиыла бастады. Мен күйеужолдас болып барып жүріп, ақыры Мөртаймен тілдесуге мүмкіндік алдым. Оның әлі де әрі емес екендігін білдім. Сол-ақ екен, жапалақша жарбандап, амалын тауып, момын Амантайдың үйінен шықпайтын болдым. Есіл дертім сұлу — Мөртай.

Желдей есіп, әйелдер мықты десіп, бізді арашалап алатын өкімет бар деп, демімізге нан пісіп, ауызбен орақ орып, сөйтіп қосылмақ болып, осыған Мөртайды әрең көндірдім-ау, әйтеуір.

Сонымен күндердің күнінде Айдарбек деген жолдасымның қара арғымағын сұрап алып, сонымен Мөртайды алып шықтым. Көлбай бұлағын өрлеп жеті қараңғыда, жалғызаяқ жолмен, қалың бұта ағаштардың арасымен қашып бердік. Содан “Ат жайлау” дейтін аттан басқа мал жүре алмайтын биік таудан асырып, енді мына белден ассаң еліңе барасың, бұдан әрі маған болмайды деп тоқтадым. Елсіз құлазыған тауда қасқыр, қабылан кездессе қайтемін деп, Мөртай солқылдап жылап тұр. Мен де қорғасындай еріп тұрмын.

— Қалқам, жаным, құдай сақтасын, мынау Ақтасты Шыңбұлақтың жолымен жүгіре бер, таң атып рауандап келеді, қорықпа. Мен қайтайын, жан аман



болса көп кешікпей артыңнан жетемін”, — деп тағы да серттесіп, құшақтасып, жылап ажырастық. Амал қанша? Мөртайжанның сыңсып жылап бара жатқан үні құлағымнан кетпей, қара арғымақтың үстінен ауып қала жаздап келемін.

Таңға жуық ауылға келсем айқай-шу, аттың дүбірі жер жарады. Бір пәленің болғаны мәлім. Қара атты босатып қоя бердім де, ер-тоқымын жыраға, жел айдап тыққан қаңбақтардың арасына жасырып, өзім Алмабайдың сайына қарай ұштым. Хафиз, Досбайларға барып паналадым. Олар менің бұл бүлігімнің боларын бұрыннан білетін тілектестер еді. Тіпті менің Мөртаймен қосылуыма Амантайдың бірге туған үш інісі де қарсы емес-ті.

Мені достарым үш күндей жертөлеге жасырып, тамақты сол жерге әкеліп беріп жүрді. Менің бұл қылығым үшін екі ел төбелесіп, бас жарысып, бет қанап үлкен ойран болды. Олар менің Ботый-Сатый ағайындарыма: “Тарт мына бұзықтарыңды, әйелімізді азғырып, айранымызды шайқады, қасымызда отырып семірді...”, — деді. Ол кезде жаңа өкіметті түсіне қоймаған ел, мені тауып алып, мойныма қыл шыбыр салып, өлтірмек болды. Мен де: “Большевик бар, өлтіре алмайсыңдар, абайлаңдар...”, — деп өзімше күш көрсеткен боламын. Ақыры ел-жұрт, ағайын-туғандар дегеніне көндірді.

— Қарағым, сенікі тентектік болып саналады. Ел арасына жік салдың, әдет-ғұрпымызды, салт-санамызды бұздың. Сенің сенген жаңа өкіметің де мұндай істі қоштай қоймас. Ойлан, шырағым...”, — деп жан-жағымнан шулады-ай дерсің. Не керек, ақыры мен бір ат айып тартып, Мөртай сұлуды төркініне қайта алып келіп бердім де даудан құтылдым. Бірақ, Мөртайға деген сүйіспеншілігім тарқамады. Қайда жүрсем де, қайда тұрсам да Мөртай деп зарладым да жүрдім. Сөйтіп мен әйгілі “Мөртай сұлу” деген әніммен қала бердім.



ҚЫРҒИ МЕН БОЗТОРҒАЙ

Ақтеректегі диірменге үн тартқалы екі түйеге бидай артып бара жатырмыз. Аянбай екеуміз түйе үстінде ырғалаңдап “Құлагер” әнін айтамыз. “Құлагер” әні бала күнімізде-ақ елге жайылған. Бірақ, кімнің әні екенін, қайдан шыққанын ол кезде білмейміз. Бір кезде бір қырғи зу етіп өте шықты. Артыма қарасам, Аянбайдың түйесінің астында бір бозторғай ұшып-қонып жанталасады. Қырғи айнала сымпылдап ұшып түйенің астындағы бозторғайды ұстай алмай жүр.

Тоқта, Аянбай, — деп түйеден домалай түсіп, жүгірдім. Торғай қашпайды, жорғалап түйенің астынан шығар емес. Түсіне қойдым, дереу торғайды ұстап қойныма тығып алдым. Жүріп келеміз, әбден ұзаған соң жануарды басымнан асырып ұшырып жібердім.

Біраздан соң әлгі қырғи тағы да зу етіп өте шықты. Қарасақ, әлгінде біз ұшырып жіберген торғай тағы да түйенің астын паналап жорғалап жүр. Ұстап алып тағы да қойныма тығып алдым. Қойнымда жып-жылы болып тығылып отыр. Байлардың малын бағудан қашып, Еркебайды паналаған мен сияқты бейшара ғой деймін Аянбайға.

Аянбай: “Сен оны айтасың, бұл бозторғай, сені “менің жыршым” деп, қалай танып келді екен?” — деп қалжындайды. Екеуміз ойын-күлкімен диірменге де жетіппіз. Ымырт жабылып, түн болғанда бозторғайды қоя бердік.

БАҒАЙ ПАЛУАННЫҢ ҚЫЗЫ

Бір топ жолдастармен Шиеннің базарына келіп түр едік, қасымызға қара мұртты, сұңғақ бойлы, аяғын сәл сылтып басатын бір жігіт келіп амандасты да: “Кенен замандас, сізді қонаққа шақырып келіп



тұрмын. Мен — Жарылғап Қашаған аулынанмын, атым Ахмет”, — деді.

Алты жолдасыммен келіп қонақ болдық. Қой сойылып, мол дастарқанның үстінде ән шырқап, әңгіме қалжың айтысып, тамаша бір отырыс болды. Төңіректегі көрші-қолаңдар, кәрі-жастары тегіс келген. Күздің сары таңына біраз қалғанда жаттық. Көзім жаңадан іліне бергенде, бір әйел қойныма кіріп келмесі бар ма? Қапелімде сасқалақтап, шошып қалдым. Бұл кім? Ешкімге көз салып, сөз айтқан жоқ едім ғой деймін ішімнен.

— Құрбым, еркекке әйел келіп оятқан, әрине, елде жоқ салт. Алайда, мен келдім, — дейді әлгі әйел. Қарасам, бізді қонаққа шақырып сыйлап отырған жігіттің әйелі. Оның атақты Бағай палуанның қызы екендігін алдында күйеуі таныстырған кезде естігенмін.

— Ойбай, шырағым-ау, мұның не? Күйеуің құрметтеп сыйлағандағы алғысым болмақ па? Татқан дәм-тұзды қайтемін? — деп зар қақтым.

— Ерім өзі жіберді — дейді.

— Тоба, өзі келісім беріп, әйелін біреуге жіберген еркекті көргенім осы. Қой, құдаша, нәпсіге бола ардан безе алмаймын, ұят болады, тез қайтыңыз деп, ырық бермедім. Өлердегі сөздерін айтып, зарлап жатыр. Әншейінде ондай тұрмақ, көлденең кездескен көк аттыны жібермейтін мені сол жолы құдай неге тырыстырғанын қайдам. Әйел әбден күдер үзген соң: “Құдай атақты Бағайдың қызы қылып жаратқан болсаң...” — деп өкпелеп, қарғап кетті.

Осы оқиға ойыма түскен сайын, әртүрлі ойға кететін едім. Сөйтсе, кейінірек білдім, балалары тұрмай жүрген бейбақтар екен, жолын берер ме екен деп ырым қылған көрінеді.



ТАРАНШЫНЫҢ СҰЛУЫ

— “Алматыда ән шырқап көп жатамын, мұжыққа пұл болсын деп мал сатамын” — деген халық өлеңі бар. Сол айтқандай-ақ, менің де Алматыда жиі болатын кездерімнің бірі еді. Келген сайын көбіне Сейдақметтің үйінде боламын. Оның үйі базардың қасында. Өзі жігіттің сұлуы, әншілігі де, күйшілігі де бар, өнерге жақын. Сусар бөрік киеді, сәнді жүреді. Арақ, шылым, түрлі ойын, карта, төрт асық, т.б. құмар ойындардың бөріне де қатысады.

Соған көрші тұратын бір тараншы сауда жасап, көбіне базарда жүреді. Әйелі сұлу-ақ, белі бір-ақ уыс. Қарақат көзді, шырын сөзді, шашы өкшесіне түседі. Сондай шырайлыға кім қызықпайды? Көзім түсіп жүргенін сезген Сейдақмет досым, ептеп сөйлескен көрінеді. Ол ананы көндірдім, енді өзің кіріс деді. Байқасам, күйеуі көбіне түнде үйінде болады екен де, күндіз саудасымен жүретін көрінеді.

Бір күні күндіз үйіне келдім. Ал енді сұлуым қаннен-қаперсіз, асықпай шай әзірлеп жүр. Бұралып келіп, үстінде шай құйылған күміс стақаны бар тарелка табақты сүйріктей қолымен ұсынып: “Ішіңіз” деп көзін сүзіп, қасын керіп қояды. Қалай ішердің есебін таба алмай біраз отырдым. Табағымен көтерейін десем, қолым қалтырап шайды төгетін болдым. Әйтеуір сыр бермей, ауыз тиіп, ішім күйіп, күшімді жиып дегендей, бол-болдың астына алдым. Жымиып күлді, іші білді, дастарқанды жиды, терезені жапты, қабағын қақты. Үрлеген резеңке жастық, атлас көрпе, бұл неткен ерке. Тал түсте асықпай-саспай керіліп, “келің енді” — деп шақырды.

Көңілім неше түрлі ойға кетеді. Тұқымың өскірдің байы келіп қалып пышақтап кетер ме екен деген де ойлар қамалап, қауіптеніп отыр едім, құдай ұрғандай түп-тура сол кезде сықыр етіп есік ашылғандай болды.



“Байтал тұрмақ, бас қайғы” дегендей, басқа есік жақтан безе қаштым. Сөйтіп, түсте келген Кенен, бесінге дейін түк бітірмей, досыма күлкі болғаным есіме түссе, осы күнге дейін өкінемін.

ЕКІ СОЛДАТ

Патша тақтан құлап, жаңа заман басталар жылы мен отыздарға келген отау иесі едім. Басыма төрт қанат отау бітті. Ат-тоным түзелді. Қыз-келіншектерге қырындай бастадым. Кешегі зарлаған қойшы Кенен, енді тойшы Кенен болды.

Сол жылдары маған бір қара жорға ат бітті. Қара атым “Жолды қара ат” атанды. Бір күні Айдарбектің үйінде қымыз ішіп отыр едім.

— Ойбай, Кенен, атыңды бір солдат мініп кетті, — деді далада жүргендер. Ер-тоқымымен жоңышқаның көрпе көгінде арқандаулы тұрған менің атымды біреуі, екіншісі Қонақбайдың қасқа байталын міне қашыпты. Ол кезде Алашорда, Колчак солдаттары кез келген атты ұстап алып мініп кете беретін. Мен дереу Айдарбектің қашаған қуатын көк төбел байталын міне сала солдаттардың соңына түстім.

Екі солдат Ырғайты сайымен кетіп барады. Мен сайды өрлеп, Бүркіт ұясының астымен шауып өтіп, солдаттардың алдынан шығып, Мысықбай қорасының түбіндегі жалғызаяқ жолдан өтпей, жай жолаушыға ұқсап тұра бердім. Қара атқа мінген солдат ауыздықпен алысып алда келе жатыр екен. Мойнында мылтығы бар. Екіншісі кейінірек қалыпты. Солдаттардың мінер жағы — тас, қамшылар жағы — жар. Сарылдаған Ырғайты өзені тастан-тасқа шапшып, ағып жатыр. Ол жерден көшкен ел де, атты адам да жалғыз-жалғыздан өтетін. Жол жайы мәлім. Сол жерде судан өтпей алдынан қарсы келе жатқан жолаушыдай тұра қалдым.

Темекінің залалы көп, бірақ пайдасы да болады дегенді Еркебайдан естігенім бар еді. Темекі ой



ойлағанда, шаттанғанда, кейігенде керек және танымаған адамдармен тіл қаттырады дейтін. Сол Еркебай айтқандай темекі орап алдым да, тар жолда “здрасти” деп амандастым. Солдат та: “здравствуй”, — деді. Қара жорға ақ көбік болып келе жатыр екен. Мені танып оқырана қарады. Бірге жүрген байтал да кісінеп қоя берді.

Үзеңгіні қағып қалдым да, жақындап: “дайте курить, спичка есть”, — дедім. Солдат сіріңкесін ұсына бергенде, мен шап беріп мылтықтың бауынан ұстап өзіме қарай тартып кеп қалдым. Астымдағы байтал да ата жөнелді. Мылтық менің қолымда кетті. Солдат тұра ұмтылып менің шаужайыма жармаса бергенде, оның беліндегі белдігіне қолым ілініп сүйрете жөнелдім. Солдат аттан ауып домалап түсті. Сол кезде екіншісі де тақап қалып еді. Мен дереу мылтықты оқтап: “Тоқта”, — деп едім, ол да есі шығып қаруын тастап, аттан түсе қалды. Қара аттан аударылып түскен шүңірек көз, қапсағай келген дәу де қолын көтерді. Екі атты жетекке алып, жандармдардың екі солдатын алдыма салып жаяу айдап, ауылға келдім.

Менің екі солдаттан аттарды қалай тартып алғанымды, қалай алысқанымды арғы бетте Төлебай деген кісі көріп тұрыпты. Ол да бірдеме деп айқайлап жатыр. Шамасы, мені танып қуанып тұрған болар. Бұл оқиғаны өзімнен бұрын елге аңыз қылып таратқан сол Төлебай болды.

КЕРЖОЛАҚ ДОМБЫРА

Менің домбыраға жарымай жүрген кезім, даусым асқақ, домбырам нашар. Шабан атқа мінгендей, өлеңді қиналып айтамын. Сағымбай деген қырғыз жігітінің үйінде бір жас жігіт күй тартты. Атын — Сарықұнан деп таныстырды.

Төгіп жырлағаны үшін ел оны “Төкпе” деп кетіпті. Үш ішекті шертпегін еңірете тартады екен. Екеуіміз айтыса кеттік. Біраз сілкілестік. Маған кезек



келгенде “дос болайық, осы домбыранды бер” — деп жатырмын. Төкпе құрбым, астымдағы қасқа атымды ал, комузымды сұрама деп жолатар емес.

Сол арада отырған қазақ, қырғыз, дүнгендер: “Әй, тәйірі, ат пен түйе емес, ағаш қой, бер ағашты” деп шуылдаса да бермей қойды. Мен де сұрауымды қоймадым. Өлеңмен айтысып біраз жерге барыстық. Болмады.

Сонан отырғандар Төкпеге он, жүз сомдық қағаздарды лақтырып, шаужайына байлап, қолқасын тағы да ала жатарсың, Кенен екеуің дос болыңдар деп, неге екенін қайдам бәрі де менің сөзімді қоштап кетті. Лажсыз жұрт жабыла айтқан соң Төкпе домбырасын маған берді.

Перне тағып әнге шырқағанда, айызымның қанғаны-ай! Денем қызып, терлеп тоқтамастан жыр тиегін ағыта беріппін. Қолға жағалата су құя бастағанда ғана тоқтаппын. Отырғандар: “Шіркін домбыраң келіспей қор болып-ақ жүрген екенсің”, — деп разы болды. Қырғыздар да: “Атынды да ақын Кенен деп жақсы қойыпты, кер жолақ домбыра иесін жаңа тапқандай”, — десті.

Төкпе — бұл домбыраның тарихын айтты. Теріскейдің қарағайы түнде сөйлеп, күндіз шықпайды, күнгейдің қарағайы күндіз шығып, түнде сөйлемейді. Ал биік шыңға шыққан қарағай күндіз-түні желдің салқын өтінде тұрады, күн шыққаннан батып кеткенше оған нұр төгіліп тұрады. Сол айтылған шың басындағы қарағайдан кесіп алып келіп, ыстық суға үш қайыра қайнатып шаптым. Күнге тастасаң қаңсымайды, су тисе ісінбейді, күндіз-түнде бірдей сарнайды дей келіп: “Кененім, болды сенің дегенің. Кер жолақ домбыра міне, ала ғой, құтты болып, күндіз-түні сайрай бер”, — деп жырлап ала жөнелді.

Бара-бара жолдас болып кеттік. Тамаша өнерпаз, жайдары жан. Содан бері жұбымыз жазылмаған достармыз. Қазақ-қырғыз жерін бірге аралап, ән шырқап, жыр жырлап өмірде сыйласып өттік.



ТҮЙЕ ЖИҒАЛЫ БАРҒАНДА

Ревком болып жүрген кезім еді. Бір күні түнде Нүрдәулет дегеннің үйінде ұйықтап жатсам бір топ әскер келіп мені оятты. Дереу көлік табасың бізге деп есімді шығарды.

Бес жүз адамға аяқастынан көлік табу қайда? Әлгілерден сөгіс естіп қала бердім. Ертеңіне Алматыға келіп, Ораз Жандосовқа кірдім.

— Мынау жұмысыңнан құтқар. Әнімді салып, сауығымды құрып қасыңда жүрейін, осындай да осындай, біреулер келіп, боқтап кетті, — деймін. Отырғандар бұған күліп жатыр. Ораз:

— Қорықпа істей бер. Қордай болысында көлік таусылса, Ысты елінен үш жүз түйе жинап келесің деп бұйрықты жазып, қасыма Иван Шпегальский деген қазақ тіліне судай бір орысты және екі милиция қосып жіберді. Келісімен біз ең алғаш Топардың болысы Бөлдекбайды алдымызға салып алып Балқаш, Талғар елдерін араладық. Алғашқы екі күнде-ақ жүз түйе жинап алдық. Қайда барсақ та: “Әй, Кенен, айналайын, түйенді жинап берерміз, ол ешқайда қашпас, одан да бізге ана әніңді, мына әніңді айтшы”, — деп жүргізбейді.

Бір күні ескі ауылдың болысы Оразымбетке түстік. Тамаша сауық-сайран құрып жатырмыз. Сол жерде біреулер: “Бұл жақта Ләтипа деген келіншек айтысқанда ақындарды бір шалымға келтірмей жеңеді. Көкірек Сәмбеттен, бүкіл ыстылардан жеңілмеген ақын қалмады. Кәрі ақындар тұрмақ, бозбалалар маңына бармайды. Өзі айтысқанда ақ сұңқардай самғайды екен, жанында өзіне қосылып айтатын бір серігі бар екен, екеуін құдай пар қосыпты...” деп ауыздарынан суы құрып, мақтап жатты.

Кімдерді жеңіпті сонда дегенде, Балқыбек, Сауытбек, Жидебай, Әлдибай, Қайрақбай, Досмырза



деген ақындардың аузын ашырмай тастапты десті.
Қалай жеңіпті, айтындаршы білетіндерің дейміз. Сонда
ақынсымақ біреуі: Ашадан келген алты ақынға:

Ашадан іздеп келген алты қақбас,
Жастарға өлеңдерің енді жақпас.
Қақпанның сылдыры бар, қауқары жоқ,
Түлкіге салмағы жоқ қақпан шаппас...
депті Ләтипа Қайрақбай ақынға:

Қайрақбай селдіреген мұртың жаман,
Емшектей салбыраған ұртың жаман.
Ешкіні иіскеген теке құсап,
Аузыңды шошайтасың шіркін, жаман...
депті.

Досмырзаға айтқаны:

Досмырза баспаймысың мұртыңызды,
Боза иісі сасытпай жұртымызды.
Екі елі аузыңа келмей өлің,
Керілік алыпты ғой құнтыңызды...
депті.

Бейсенбекке былай депті:

Бейсеке, тары түйдім кебегі жоқ,
Өлеңім ұшан-теңіз кенері жоқ.
Өзіңнің қатарыңа айтсаңызшы,
Шалдардың аузы сасық керегі жоқ.

Мен осындай әңгімелер естіген соң Ләтипамен бір
кездесіп, айтысуға құмар болып жүрдім. Тағы да бір
үйде әңгіме-дүкен құрып отырғанымызда біреу:

— Сен шын ақын болсаң біздің Ләтипамен
айтысшы. Әй, бірақ, Ләтипа сені бір шалымнан
қалдырмайды-ау! — деп намысыма тиді. Сол жолы
Ләтипаның аулына барғанымызда қызды-қыздымен
Ләтипа екеуіміз айтысып кеттік. Мен оған жаңа
заманның туғанын, әйелдерге теңдік берілгендігін
айтып, жырыммен ұғындырдым. Ұзақ айтыстан кейін



ақыры ол сөзге тоқтап маған ілесіп кететін болды. Айтыстың өзін бұл жерде қайталаудың қажеті жоқ, өйткені ол менің барлық жарияланған еңбектерімде бар. Осыны естіген Ләтипаның күйеуі ыза болып кетіп, отбасында жатқан былғауышпен (тары қуыратын басына киіз байлаған ағаш) әйелін сабады. Үсті-басы күйе болып, Ләтипаның ашуы басына шықты.

Біздің милициялар ақынның байын “аристовать” қыламыз деп ақырғанда ол қашып тығылып үлгерді. Ләтипаны Алматыға алып кетпек болып, ала жорға атқа мінгізіп, жүз түйесін айдап, жаудай тидік. Ыстылардың намысы келіп, кәрі-жасы жиналып: “Бұл не деген қорлық? Біреудің қатынын тартып алды деген не сұмдық? Жаңа өкімет сендерге солай істе дей ме? Бұрынды-соңды мұндай пәлені көргеніміз жоқ. Ләтипаны тастап кетіңдер”, — деп шулап қалмады.

— Біздің көзімізше әйелді ұрды, қорлады. Екіншіден, келіндеріңнің өзі де жылап тұр ғой. Мен сендерден қалмаймын, қалсам өлтіреді деп тұрған жоқ па.

Ақыр соңында олар Кенен мен Ләтипаны өлтіріп, үш болыс ел құнын мойнымызға аламыз деп, баталасыпты.

Мансұр балуанның аулына келгенде қорқайық дедік. Надан ел, намысқа тырысып бір сойқан жасап жүрсе қайтеміз деп, ақылдасып Ләтипаны көндіріп аулына қайтармақ болдық.

Ләтипаға қырық құмалақ санап беріп, күнде біреуін тастап тұр. Анау екі қос төбені көрдің ғой, сол жерде кездесеміз. Өзім келіп алып кетемін деп, уәделестік.

Сонымен Ләтипаны алып келіп беріп: “Біз әншейін тәртіп болсын деп жатырмыз. Осындай өнерпаз асыл ақын әйелді бағалай білу керек. Қазір заң басқа, заман басқа. Әйелдерді қорлауға болмайды...” — деп өзімізше түсіндірген болдық. Ләтипаның атасынан алған он атан түйені де тастап кеттік. Мұнымыз Ләтипаға тимесін,



сыйлы болып жүре тұрсын дегеніміз еді. Ләтипа: “Өлсем де Кененнен айрылмаймын деп солқылдап жылады. Кенен ақжолтай, абыройлы, менің теңім екен, қап, өттеген-ай, армандамын, күтемін!” — деді.

Бұл арада, Кенен Ләтипаны алып келе жатыр дейді деген лақап сөз елден-елге, ауылдан-ауылға тарап та кетіпті. Үйге келсем, Үлпілдек бәйбішемнің қабағы салыңқы, түнеріп алыпты. Ауыл ақсақалдары келгеннен мені омырауға ала бастады.

— Шырағым, Кенен, осы әулетке қандай болып жүріп жеткенінді ұмыттың ба? Бәрін естіп жатырмыз. Әйел үстіне әйел алуды мына жаңа өкіметің де қош көрмес. Өзің сол өкіметтің болысысың. Балаларыңның бірінен кейін бірі шетінеп, тұрақтамай жатқаны мынау. Тілімізді алсаң, мұныңды тоқтат. Алмасаң, сөз басқа. Ел мен елдің арасын ашасың. Үлпілдектің төркін жағы да қарап қалмайды, оны да ойла... — дейді. Қойшы, әйтеуір мен Ләтипаға бара алмадым. Қырық күн де бітті, қырық құмалақ та бітті, жігіттік сөзімде тұрмағанымды мойындамасқа амал жоқ. Сондағы Ләтипаның сәлемі:

Сөлем де төрт Дулаттың Кененіне,
Әні мен ғашық боп ем өлеңіне.
Еркек емес ез екен ақын Кенен,
Шын сеніп қалып едім, дегеніне.
Артына бір қайрылмай кетті-ау, шіркін,
Ләтипаға обал болды-ау, демеді де, —

депті.

ҚАЖЫМҰҚАНМЕН КЕЗДЕСУ

Жайлауда қалың елді аралап, ән салып жүр едім, Шүкірбек деген жігіт: “Кенен-ау, сені іздеп араламаған жайлау қалмады. Қажымұқан балуан Тоқпақ қаласында жатыр. Маған Кенен ақынды тауып әкеп беріңдер деп, қатты сұрап еді. Кәне, жүр енді, үлкен кісі, әрі алыстан келіп отыр, ұят болады”, — деді.



Өзім де Қажымұқанды көруге құмар едім. Көктен тілегенімді жерден берді. Әлгі жігітке еріп Тоқпаққа жүріп кеттім. Келсем, Көксеңгір жайлауына ақ үйлер тіктіріп, өзі сол үйлерді аралап көріп жүр екен.

— Ассалаумағалейкүм, — деп келіп қолын алдым. Саусағына қолым жетер емес, күрек ұстағандай болдым. Түрінен адам қорқатын.

— Ау, Кенен деген сен бе? Көне, шырқашы, — деді. Мен ә дегеннен Балуан Шолақтың әндерін асқақтаттым.

— Бұларды қайдан үйренгенсің? — деді. Мен: “Ана бір жылы ауылға келгенде үйреніп қалып едім”, — дедім.

— Ой, бәрекелді, енді өз әндеріңді айтшы? — деді. Мен “Көкшолаққа” салдым. Домбырамды қағып, өз тіземді өзім шапақтай отырып:

... Жылдам жүрші Көкшолақ,
Шапшаң жүрші Көкшолақ.
Олай жүрші Көкшолақ.
Былай жүрші Көкшолақ,
Жамандатқыр Көкшолақ,
Арам қатқыр Көкшолақ,
Мені құртқан Көкшолақ...

деп, шырқағанымда ол ішегі қатқанша күлді.

Ал, “Базарым-ай, Назарым-айға” салғанда басын ұстап, жылап қалды. Сөйтсем, оның да бір баласы өліп, қамкөңілді болып жүрген кезі екен. Жұрт: “Оу, палуан, сізге не болды? — деп әрең жұбатып алды. Сол жолы қасында сегіз күн болып, ән шырқадым. Ажырасарда риза болып, ақ батасын берді.

БАЛУАН ШОЛАҚПЕН КЕЗДЕСУ

Еркебайдың аулына Балуан Шолақ келіпті деген сөз жер жарады. Әркім әртүрлі айтады:

...Көкшетаудан Алатауға күресетін алыптарды іздеп келіпті.



...Сарыарқаны, Орта жүз, Кіші жүзді адақтап, енді Жетісудағы Әсіреп, Шаңбай балуандарды сұрапты.

...Күрес болғалы жатқан көрінеді. Өзі дәу дейді. Әнші әрі ақын көрінеді...

Мен не де болса ол кісіні көруім керек деп, қалай барудың есебін келтіре алмай жүргенімде, Еркебайдан “тез жетсін” деген хабар келді. Келсем, ел құжынап жиналып жатыр. Алты қанат ақ орда толы сауықшылар. Үлкендер үйде, жастар далада, бәрі ән тыңдайды. Мен де тыңдап отырдым. Әндері асқақ шығады, өзінің де даусы зор екен. Ынтыға тыңдаймын. Кіріп шығып жүрген Еркебай мені көре сала: “Келдің бе?” деп, дереу үйге кіргізді де:

— Мынау Кенен ақын, — деп таныстырды. Ол менің бас-аяғыма қарады да:

— Ә, Кенен деген әнші сен бе? Мен сенің әндеріңді жолшыбай әр елден естіп келемін. Кәне, шырағым, шырқашы? — деді.

Мен әуелі “Бозторғайды”, онан соң “Көкшолақты”, “Көпшілік, тыңда әнімді” деген әндерімді айтып бердім. Ол үнсіз тыңдап отырды да:

— Пәлі, нағыз әнші өз ауылдарыңда екен ғой, даусы да құлаққа жағымды екен... — деп мақтады. Еркебай менің жайымды түсіндіріп:

— Бұл баланың бағы ашылмай жүр. Ертелі-кеш қой соңында жүреді. Қу жоқшылық өнеріңді өсіруші ме еді?.. — деп жатыр.

— Тобыма қосып, шәкірт етіп алайын, — деді Балуан.

— Өзім жас, әкем қарт... — деп сылтау айтып едім, ол тағы да:

— Өнер жастықты талғамайды, үйреніп кетесің, ал әкең болса, ел іші ғой, бір шалды жалғызсыратпас, — деді.

Қысқасы, Нұрмағанбет сол жолы мені Олжабай, Ноғайбай, Байболат, Қасабек ауылдарына тағы да басқа жерлерге қалдырмай ертіп жүрді. Талай әнін ұғып алдым. Өзі тыныстаған кездерде оның әнін мен шырқадым.

— Кененім, жарайсың, өнерің өрлей берсін, — деп маған риза болып кетті.



ШАШУБАЙМЕН СОҢҒЫ ДИДАРЛАСУ

Шашубай менен бір мүшелдей үлкен. Қара мүртты, тік көзді, орта бойлы, ат үстінде ұршықша иіріледі. Сырнай тартқанда саусақтарын секіртеп ойнайды, басындағы қалпағы біресе желкесіне, біресе маңдайына жылжып, сырнаймен ән шырқағанда, жұрт оның артынан қалмайды. Оның бұл өнерін көргендер таң тамаша қалатын. Шіркін, осындай да өнерпаз болады екен-ау, өзі бір тамаша жігіт екен деп риза болатын.

Бара-бара жолдас болып кеттік. Қазақ-қырғызды, Жетісу елін бірге аралап, көпшілікке талай-талай өнерлерімізді көрсетіп, алғыс алып жүрдік. Әндерін үйреніп, Жамбыл мен екеуін қолтықтап, өлгенше сыйлап жүрдім.

Шашекеңді 1949 жылы Мәскеу қаласында Қазақстаннан барған әнші, күйші, ақын, жыраулар бас қосқан қонақүйде соңғы рет көрдім. Сексеннің бесеуіне келген шағы еді. Өлеңмен сәлем бердім:

Шашеке, амансың ба, күйлі-жайлы,
Өнерге ерен аға сегіз сайлы.
О, шіркін, көрілік те кеп қалыпты,
Аяғы бұл өмірдің түйетайлы.
Алабын Алатаудың әнмен жайқап,
Көрген ең қырғыз-қазақ көп жамайды.
Айтысып Сарбас, Жамбыл, Қуандықпен,
Ән-күймен құйқылжытып саз-сырнайды.
Асында Ноғайбайдың алғашқы рет,
Көріп ем мініп барып жайдақ тайды.
“Ақ қайың”, “Сырлы қайың” әндеріңді,
Үйреніп мендей інің елге жайды.
Ақында сізден үлкен енді кім бар,
Жамбыл мен үлгі етеміз ұлы Абайды.
Шашеке, сәлем бердім өлеңменен,
Көргендей жаңа туған күн мен айды...—



дегенімде, Шашекең қатты риза болып, мейірлене күліп былай деп еді:

Аман ба елі-жұртың ақын Кенен,
Жасынан ниетіміз жақын Кенен.
“Бозторғай”, “Көкшолақтай” өнге шырқап,
Жайылған Жетісуға атың Кенен.
Атыңды әкең қайдан қойған тауып,
Әншісі Алатаудың думан-сауық.
Біржан сал, Ақан, Әсет, Балуан Шолақ,
Солардың жолын қудың әнін салып.
Інісі ең аты шулы Сарбастың,
Кененжан жаны бірдей кәрі-жастың.
Көзіме ел мен жерді елестетіп,
Түсіріп көңіліме амандастың.
Жас кезде аралаған Жетісуым,
Ән шырқап, сайрандаған асқар нуым.
Аралап тағы да бір қайтар едім,
Шіркін-ай, қалтырап тұр мына буын.
Халқына қазақ, қырғыз менен сәлем,
Орнатқан өкіметтің жеңіс туын... —

деп біраз өткен өмірді еске алып, сырласқандай болдық. Бұл менің жаны жайсаң, өмірде сирек кездесетін өнерпаз Шашубайды соңғы көргенім еді.



ШЕШЕНДЕР

ҮШ БИ

Қазақ халқында атақты үш би болған. Олар Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би. Асқан әділеттіліктері үшін халық оларды би атап кеткен. Бұл билердің қасиеті бірін-бірі ардақтап, көтермелеп отырған, шешендік салыстырмаған, бақталастық, күншілдік істемеген. Төле биді жас жағынан үлкен болған соң да Әз Төле, Әз аға деп атаған.

Бұлардың үлгісі аз сөйлеп, көп тыңдайды, сондықтан да болар сол замандардағы неше алуан дау-жанжалдар осы кісілердің айтуымен шешіледі екен. Қазақтың қай ру, қай аталарына барсаң да үш биге талас жоқ, ардақты атамыз еді, ондай кісілер өмірде сирек туады деп бас иеді. Үш жүзде үш тіреу, үш мүстін деп бағалайды.

Үшеуінің әділ де адал еңбектері бүгінге дейін ел аузында айтылып келеді. Бұл кісілер жайлы аңыз-әңгімелер өте көп. Сондағы көп естіген аңыздарымның бірін өлеңмен жазып қойып едім.

Алғашқы жер бөлісу

Қазақта үш би бопты ел қалаған,
Аузына не айтады деп жұрт қараған.
Әз Төле, Қазыбек би, Әйтеке би,
Үлгілі үшеуінен сөз тараған.

Үшеуі ақылдасып жер бөледі,
Үлкен деп Ұлы жүзге жол береді.
“Әз Төле, қалау сізге берілді” деп,
Әйтеке, Қазыбек би тең келеді.

Төле би таңдап апты Алатауды,
Ол кезде мекендепті Қаратауды.



Сол заман халық қандай ынтымақты,
Қазаққа үш ақ кісі айтқан қаулы.

Қазыбек Сарыарқаға ие бопты,
Айтқаны елге сондай жүйе бопты.
Жайық пен Маңғыстауды Әйтеке алып,
Халыққа құтты қоныс майдай жақты.

Үш бидің толып жатыр өсиеті,
Үлгі боп елге істеген әділеті.
Болса да талай ғасыр өлгеніне,
Қалған жоқ ел аузынан қасиеті.

1946 ж

КЕБЕКБАЙ

Кебекбай шешен әрбір іске әділ болған. Қайдағы кедей, нашарларға болысқан. Өзі батыл, өзі алғыр, өзі тапқыр, жомарт кісі екен. Осы күнге дейін “Кебекбай айтыпты” деген сөз ел арасында көп. Кебекбай Қасқараудың Ораз руынан шыққан. Ботый Байторы деген кісінің баласы. Нағашылары Жалайыр Бөлек, Кебек батырлар болған. Кебекбай деп атаған себебі, Кебек батырға еліктеп қойғаны еді деседі халық.

* * *

Қасқарау қырық-елу ауыл болған кезде де жұбын жазбай қатар қонып отырады екен. Жаугершілік, барымта, ұрлық, зорлық, атарман-шабарман кез. Қырғыз бен қазақтың қалмақтармен шабысып жүретін уақыты. Батырлардың бел шешпей жортуылдап, жер шолып, малдарын жауға, елін дауға алдырмай, түн ұйқысын төрт бөліп, жеңін жастық, етегін төсек қылып аттан түспей жүрген кезі.

Қасқараудың атқа мінуге жарайтын жігіттері жылқы жайып, оны күзетеді. Бір топ жылқышылардың



ішінде он бестегі Кебекбай да бар екен. Таң атып, күн шыққанда олар Байсақ шалдың үйіне қымыз ішкелі түседі. Қара сабаны күпілдетіп қымызды сырлы аяққа құйып жылқышыларға береді. Басқалары қолға тиген заматта қымызды тартып жатады. Кебек бала қолындағы қымыз тола сырлы аяғын сексендегі шалға: “ата” деп ұсынады. Шал қымызды қолына алып ауыз тиіп, “балам өзің іше ғой”, — деп қайта береді.

Енді бірде жылқышылар дабырласып сөйлесе бастағанда, Кебекбай оларды тоқтатып қойып шалға сөз береді. Байсақ қарт көп жасаған, көпті көрген кісі еді. Жылқышылардың бәрін бір-бір шолып қарайды да Кебекбайға қарап:

— Балам кімнің ұлысың? — депті. Кебекбай:

— Байторының баласымын.

— Ботый Байторы ма?

— Иә.

— Шырағым, атың кім?

— Атым Кебекбай.

Шырғанақтан сөз келсе, шырқаушының өзі боларсың түбі, бүкіл Қасқараудың тізгіні бір кезде сенде болар. Бірақ мен көрмей кетемін-ау сорлап, егер менің тұқымдарыма бір жала-бөле жабыла қалса, сонда сен осы айтқан сөз-аманатымды ұмытпағайсың, — депті.

Кебекбай кейінірек:

— Байсақ менің он бестегі кезімде тәуір кісі боларымды қайдан білді екен? — деп аузынан тастамайды екен.

Кебекбай ел билеушілердің бірі болып, сақа кісі болғанда, бір күні ат сабылтып бір жігіт келеді. Кебекбайға сәлем беріп, қолын қусырып арыз айта бастайды.

— Мен Байсақ дегеннің немересі едім, сізге келдім, бір жалаға тап болдық. Ауылымыздың сыртына бір



кісіні өлтіріп тастап кетіпті. Күн сұраған дауға қалдық. Атамыздың сізге тапсырған аманаты бар екен дегенде, Кебекбайдың ол сөзді ұмытып кеткені есіне түсіп дереу аттанған дейді. Бара килігіп Байсақ балаларын даудан құтқарып алған осы Кебекбай екен.

“Алтынемел” деген жерге таласып, Найман мен Жалайыр ұрыс төбелес шығарып, екі жағынан жеті кісі өледі. Әбден өшіккен елдер татуласпақ түгілі, дау аяғы үлкен өртке айналады. Өлгендерін “аманат” деп ағаш басына іліп қояды. Наймандар — Арғындарға, Жалайырлар — Абаққа қос-қос атпен шабармандар жібереді.

Күн-түн қатып, осы Қарабұлақтағы Өлтөреге жалайырдың екі жігіті келеді. Онда хат жазатын қазақ табылмайтын. Болған оқиғаны жігіттер ауызша айтып жатыр. Өлтөре екі жігітті тынықтырып, еліне қайтарады. Олар кеткен соң төре екі-үш адамды Дулат, Ысты, Шапыраштыға шаптырады. Атақты кісілер келген соң, ордасында мал сойып, қымыз ішіп отырып ақылдасады.

Сонда Өлтөре: “Жалайыр ағайындарыңыз Наймандармен жерге таласып ер құнды, нар пұлды болып жатқан көрінеді. Бұған бәрің барасыңдар ма, бірің барасыңдар ма?” — дегенде, Желікбай деген: “Жиыла барамыз, түгел қырамыз”, — депті.

Сонда Өлтөре: “Уа, жиналған жақсылар, жайсаңдар! “Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан“, “Дауға барсаң бірің бар, жауға барсаң бәрің бар” деген, көне, екі елді жарастырып келуге кім барады?” — деп сөз тастапты жұртқа.

Сонда әр ру өздерінің батыр, шешендерін айта бастапты.

Сиқымдар: “Шомай барсын” дегенде, Өлтөре: “Шомай баратын мысқылдың жері емес қой”, — депті.

Шымырлар: “Дәуім би барсын” дегенде, “Арбаны қайдан табамыз, алыс жерге оны ат тарта алмайды ғой?” — дейді Өлтөре.



Ботбайлар: “Диханбай батыр барсын” дегенде, “Бір сөзге келмей иіп кететін көңілшек пе еді олар”, — депті.

Жаныстар: “Қомшыбай барсын” дегенде, “Оған түйенің жабуын сырытамыз ба?” — депті.

Шапыраштылар: “Сұраншы батыр қалай?” дегенде, “Ақ найзаның ұшы, ақ білектің күші емес қой”, — депті.

Сары үйсіндер: “Сары би барсын” дегенде, “Қыз-келіншектермен айтысатын қызық-думан емес қой”, — дейді.

Қасқараулар: “Байқазы барсын” дегенде, “Байды мақтайтын жер емес қой”, — деп болмапты.

Сонда жұрт шулап: “Әлтөре, ендеше, өзіңіз барыңыз”, — деседі.

Әлтөре: “Мен бармаймын. Төреге даушы болған жараспайды, ағайынға жаушы болған қыр аспайды, төре әділ төрелігін білсін, даушы жеңер сөзін білсін. Маған салсаңдар екі елді елдестіріп келуге, ысты Бөлтірік барсын. Бұған сенбесеңдер, мынау Байғазының қызылшеттігі Кебекбай барсын, сөзі мен ерлігі сай Естібай барсын”, — депті.

Мұны бүкіл ел мақұлдап, “Ал жолдарың болсын” деседі. Шіркін, төрелердің барлығы Әлтөредей болсашы десіп, олар елді-еліне қайтыпты.

Алтынемел дауын шешуге жан-жақтан адамдар келіп жатады. Бұлақ жағасы тігілген үйге толады. Таң атады. Ортадағы көк майсалы сазға текемет, көрпе төселеді. Қаптаған халық шешендердің аузына қарайды. Екі жақтың қалысқа келген адамдары ақырын басып, сәлемдесіп, құшақ жая көрісіп жатыр. Сәлемдескеннен кейін көрпеге тізерлеп, жүгініп-жүгініп отырады. Ол кездегі жүгініс дау-дамайдың отырысы ғой.

Орта жүздің біреуі: “Ау, ақтабандар, аман ба?” — депті.



— Иә, бұтын отқа қақтағандар аман ба? — депті Бөлтірік. Екі жақ күлісіп алады. Танысайық деп аттарын сұрасады. Мынау мен Құнанбаймын, анау Құсбек төре деп таныстырыпты ол. Сонда Бөлтірік:

— Ау, Құнанбай, мынау алдиярлап жүрген Қызылжардың ноғайы екен десем, Құсбек төре ме еді? Біздің Өлтөреміз екі ағайынды жарастырып келіндер деп, бізді жіберіп өзі ауылда жатыр. Сіз даушымысыз, әлде жаушымысыз? — дегенде Құсбек төре қып-қызыл болып үндемей қалады.

Тағы да күлкі. Құнанбай:

— Ау, Бөлтеке, бұл жерге өнер салысқалы келгеніміз жоқ, екі елді жарастыру шарасын табалық. Аға баласы сіз әділдігін айтыңыз, көне, сөзді саған бердік. Сізді бір құдайға тапсырдық, — депті.

Сонда Бөлтірік:

— Қарағым, Құнанбай, сөйле десең, айтайын: Дәлелсіз сөз қыр асырмайды, өтірік сөз бұра бастырмайды. Бұл жерге әуелі құдай ие ғой. Біздің қазақтан бұрын оның үстінен жеті ықылым ел өткен. Он сан ноғай да өткен, құрттай қаптаған шүршіт те өткен. Қара қалмақ та мекен еткен. Анау Тасмола тұр ғой, сол біздің Алақай дейтін тәуіп кемпірдің бейіті. Үйсіндер оны жындары серік болады деп, жалғыз тастапты. Сол Алақай тәуіп Арғын мен Найманның мұрындарына самал түскен адамдарын өзінің жалғыз биесінің сүтімен емдеп жазыпты. Сіздің адамдарыңыз оның батасын алудың орнына құлынды биесін алып кеткен екен...

Құнанбай біраз ойланып отырып:

— Бөлтірік, сөзің дәлелді. Жер — Жалайырға қалсын. Ал ана шейіт болған жеті адамның құнын не дейміз? — депті.

Сонда Бөлтірік: — Ал, Байғазының қызыл шеттігі, енді сен сөйле, — деді. Кебекбай:

— Сөзді маған берсеңіздер, мақұл, есебін тапқанға ердің құны екі-ақ ауыз сөз емес пе? — деп бір қояды.



Елдің бәрі: “Айтсын, айтсын” деп шуласады.

Кебекбай: — Сыйлас елдің бірлігі болады, бірлікті елдің тірлігі өнеді. Қараның ханға бергісіз билігі болады, онда ханның билігі далада қалады. Жардың түбін шым сақтайды, сөздің түбін шын сақтайды. Ердің атын ел сақтайды. Ерлер ел үшін шейіт кетеді. Артында шеттігі өсіп жетеді. Екі ел сыйлас болса, бірін-бірі қимас болар. Өлгенге — салауат, қалғанға — аманат. Жер дауы бітті, осымен ер дауы да бітті, — деп ол Құнанбайға қол беріпті. Екеуі айқара құшақтасып, жылап табысады.

Әділ сөзге кім қарсы болады. Адамдары өлгендері қыз беріп, сүйек жаңғыртпақ болады. Шешендер екі елді дау-дамайсыз, алым-кәдесіз жарастырады. Алтынемел Жалайырға тиеді. Екі ел жамыраған қойдай араласып кетеді.

* * *

Тағы бірде Дулат елі Жалайырға құнды болып, Жалайырдың бітімшілері Ескелді биге келгенде Кебекбай оған:

Қойныңды ашсаң, құшағым бар,
Қолыңды ашсаң, пышағым бар.
Ханның хандығы бар,
Бидің билігі бар.
Судың түбін шым бекітеді,
Даудың түбін қыз бекітеді... —

дейді. Сонда Ескелді би құшағын жайып: “Бітім болды, менің айтарым да сол”, — деп Кебекбаймен айқара құшақтасыпты. Екі ел қыз берісіп, тату-тәтті құда болған екен деседі.

Елді Қоқан ханы билеп тұрған кезде зекет, қора басы, пітір, ұшыр деген алым-салықтарға қарсы болып, байдың би-болыстарымен айтысып жүріп, Кебекбай жау қолына түсіп қалады. Оны ұстап берген Ысқақ манап болады. Кебекбай оған:



— Жалғыз балаң бар екен, сонымен дос болайын, мені босат, Қоқанға жем қылма, — десе, Ысқақ манап көнбейді. Қоқандар Кебекбайды байлап, аяғына кісен салып тастайды. Қыс қатты, ат арық болып қазақтар артынан жуырда іздеп бара қоймайды. Сонда Кебеккең:

— Ау, ағайын мен де қазақтың қадірлі адамының бірі едім, босатыңыз? — дейді. Сонда Қоқан өзбектері:

— Қадірлі болсаң, артыңнан іздеген елің көне? — депті.

Қоқандықтардың заңы бойынша адамды зынданға салып, бір-екі айда іздеуші келмесе, дарға асып өлтіреді екен. Жоқтаушылар келсе, жүз жылқыға сатып қайтарады екен. Артынан жоқтаушы келмеген соң Кебекбайды Қоқан ұлығы зынданға салғызады.

Әкесі Байторы қырғыз жаққа сұрау салса, ешкім білмейді. Япырмай, бұл қайда кетті? Қоқандықтар өлтіріп тастап, жасырған болар деп біле алмай дал болады.

Ешкім іздеп келмей үш-төрт айдан соң ала шапанды сарбаздар Кебеккеңді зынданнан шығарып дар ағаштың түбіне айдап келеді. Осы кезде бұзау бағып жүрген Ажар кемпірдің бұзау-торпақтары оқырадан қашып дар ағашқа сүйкенеді, Кемпір бұзауын айдағалы келсе, Кебекбай дар түбінде тұрады.

— Ойбай, Қауызжан-ау, сен мұндай күйге қашан душар болып едің? — деп құшақтай алады. Қоқан сарбаздары:

— Әй, кемпір, сен де өлгелі жүрсің бе? — деп қамшымен оны тартып-тартып жіберіп, ажыратпақ болады, Ажар Кебекбайдан ажырап емес.

— Ойбай-ау, бұл кісі қазақтың қадірлі адамы ғой. Байғазы, Торғауыт батырлар, бүкіл ел іздеп таба алмай жүр, — деп Кебеккеңді құшақтап тұрып алады. Сарбаздар ақылдасып біреуі ұлықтарына кетеді, басқасы Кебекбайды қарауылдап қалады.



Ажар Кебекбайға айранынан беріп:

— Қарағым, дәм-түз татшы, әлдеқандай заман болады? — деп ботадай боздайды. Қайтып ұмытайын, сен бала күнде ауылдас болып әке-шешеннен талай жақсылық көріп, дәм-түз татқан едім, — деп жылайды ол байғұс.

Ажар — Қасқарау Боқай дегеннің әйелі екен, кедейліктен бұзау бағып, шалы сиыр жайып, Пішпекте жан сақтап жүр еді. Оны Кебекбай да танып:

— Ау, жеңге, рақмет, өлсем кетермін, тірі қалсам елге жетермін, сонда сізді сыйлармын. Бұл жақсылығыңызды ұмытпаймын, ел-жұртқа дұғай сәлем айтыңыз, — депті.

Сарбаздар ұлығына барып, қайта келеді. Кебекбайды қайтадан зынданға салып, кемпірге еліңе хабарла, — деп хат береді. Ажар кемпір елге жетеді.

Дулаттар жиналып келіп, жүз бестіге Кебекбайды сатып алып, зынданнан шығарады. Бауырымдап ботадай боздап, көрісіп жыласады. Шекарадағы Жыланкөз байдың ауылына алып келіп боз бие, боз қасқа айтып құрбан шалады. Мойны ырғайдай, биті торғайдай, шашы иығына түсіп, тырнағы өсіп кеткен Кебекбайды ел шомылдырып, киіндіріп есін жиғызады. Қасқараулар еліне келіп қатты қуанып, той жасайды.

Жүз бестіні ел болып жинап, сарбазға айдатады. Ала шапан, ала тақиялы қоқандықтар жылқыны Қордайдан асырып айдап келе жатқанда, Қордайдың дүлей дауылына, ақ боранына ұрынып бірқатары үсіп, бірталайы қырылып, айдаған жылқысынан айрылып, тамтығын алып барады. Өзбек қариялары “Кебекбай киелі екен, осынша пәлеге ұшырадық” депті.

Кебекбайдың халыққа қадірі артып, атағы жайыла бастайды. Ел оған тізгін шылбыр береді. Кебеккең әділетті, шарапатты болыпты.



Төрекелді батыр Кебекбайды қонаққа шақырып, өзі Шу өзенінің арғы бетінде алдынан шығып, оны тосып тұрады. Кебекбай да Сарбас ақыны бар бірталай жолдастарымен келеді. Бәрі бұлаң құйрық жүріспен келе жатыр еді, ат-тоны сәулетті бір шал бұлардан аулақ келе жатып, жылай береді. Кебекеңнің оған көзі түсіп кетіп:

— Ау, Төрекелді батыр, анау кім, неге жылайды, сен бірдеме деп пе едің? — деп сұрапты. Сонда Төрекелді:

— Ол сізге қарабет болған адам, баяғыда сізді Қоқанға байлап беретін Ысқақ манап осы, — дейді. — “Дос болайық, мені Қоқан ханына қор қылма” — дегенде сізді тыңдамай байлап-матап апарған кісі. Сол жолы сізді апарып, үйіне қайтып келсе, жалғыз ұлы дөңбекшіп жатып қаза болады, — дейді. Сонда Кебекең оған жұбату айтып, “Кештім”, — депті.

Төрекелдінің аулынан қонақ болып аттанғалы жатыр еді, баяғы Ысқақ манап келіп, қол қусырып, оны қонаққа шақырады. Кебекең кек сақтамайды. Төрекелді бәрі барады. Үй көтеріп, тай сойып, күтіп, ат мінгізіп, шапан жауып, Ысқақ бата алады. Сол жолы Ысқақтың тоқалы жүкті болып, кейін балалы бопты. “Кебекбай әулие” деп қазақ, қырғыздар аңыз қылатын себебі осы болса керек.

Тезек — Албан, Жалайыр, Дулат, Шапырашты тағы басқа да елдердің төресі екен. Төре болып алған соң алты ауыл қазақты оңынан да, солынан да доптай дөңгелетіп ойына келгенін істепті. Қырық жігіт атарман-шабарман, ұры-қарылар ұстапты. Оларды төңірегіндегі елге итаршы қылып ұрлық істетіп қояды. Ордасына рұқсатсыз кірген кісі ат-шапан айып тартады екен. Жылқысын аралап, жоқ қараған



адамдар да айып тартқан. Ұрысының бастығы Бапан, Қарашапан, Жылкелді деген жігіттер болыпты.

Күреңбел жайлауындағы ордасына ел жиналып жатады. “Бұл төре не айтар екен” деп жүр ел. “Тағы да қандай жарлық болады” деп үрейленіп жүрген халық. Бір уақытта төре жігіттері: “Жиналыңдар”, — деп елді алқа-қотан отырғызады.

Тезек төрені алты жігіт ақ киізге салып көтеріп келіп ортадағы аю терісін төсеген кілемге отырғызады. Алатаяқты төлеңгіттері оны қоршап тұрады. Қашқын, ұры деп ұстаған үш жігітті қол-аяғын кісендеп, елдің ортасына тұрғызып қояды. Оны жендеттер қамап алады.

Сонда жағалай тұрған елге қарап қаһарлы даусымен Тезек төре сөйлейді:

— Арғы атам Абылайдан бері қазаққа құт-береке болған, жаудан жерді тазартып, елді өз қонысына қондырған, үш жүздің әрбір руы төбесіне көтеріп төре қылып еді, — дей келіп, — Абылай атамның аруағына кір келтірген, дәм-тұзымды татып жүріп, тайтұяқ жамбымды атып жүріп, маған қастық ойлағаны үшін мына алдарыңда тұрған үш жігітті дарға тартқалы отырмын. Осылай етпесем бұл елден ұры-қарылар тыйылатын емес, — дейді. Мұны естіген ел түстері қуарып, үндемей төмен қарады. Малдары ұрланған байлар әр жерден “Төре дұрыс айтты” десіп қошемет білдіріп жатыр.

Сонда Кебекбай бір тұстан:

— Ау, Тезек төре, менің бір сұрағым бар, — депті. СондаТөре:

— Бұл кім еді, айта қойсын сұрағын, — дейді. Кебекбай:

— Тақсыр, су басынан тұна ма, аяғынан тұна ма? — депті. Тезек төре аяғынан өрге қарай су тұнар ма еді, әрине, басынан тұнады, — депті.

Кебекбай:



— Олай болса, төрелігіңе құлдық, елдің төресі, басшысы бола отырып, алдымен ұрлықты өзің жасап отырсың, дарға өзіңді тарту керек. Ата-бабаның аруағына бұлар емес, өзің кір келтіріп отырсың. Елде ұры-қары тыйылсын десең, алдымен жазаны өзіңізден бастау керек. Бұл жігіттерді жазалағанмен ұры-қары тыйылар дейсіз бе, — дегенде, Тезек сүп-сүр болып, үндемей қалыпты.

Қалың жұрт дүркіреп, “Кебекбай дұрыс айтты” деп айқай-шу көтеріп, үш жігітті босатып алып кетеді. Тезек төре көпке топырақ шаша алмай отырып қалады. Қалың қазақ Кебекбайға “туысыңа болайын” деп риза болып тарасады.

* * *

Бір үлкен тойда бәйгеден алдымен келген күрең атты танып Желменде деген Тарақты:

— Менің осыдан алты жыл бұрын ұры әкеткен биемнің ішінде кеткен құлыны, — деп ұстапты. Ат иесі:

— Өзімнің қолтума атым, күрең биемнен туған төл малым, — дейді.

Осыған екеуі егесіп, ұрыс-төбелес болады. Араға қалыстар түсіп тексермек болса, ерегіскен екі ру жан-жаққа бөлініп болмайды. Сонда жұрт мұны жанжалсыз бітіретін әділетті кісі іздейді.

Жиналған ел атын таныған Желменде мен ат иесі Абақты қасына қалыс адамдар қосып, үйде жатқан Кебекбайға жібереді. Келген адамдардан Кебекең жөн сұрай келіп:

— Кәне, Желменде мырза, танығыш болсаң, ана өрістегі бір қора қозыдан, бір қойдан туған егіз қозыны танып алып келші, — депті. Желменде атымен желіп барып, қозыларды аралап, екі қозыны ұстап алып келеді. Кебекбай қозыны көгендетіп қояды.

— Енді осының енесін танып әкел? — деп оны өрістегі қойға жіберіпті. Желменде тағы барып бір



саулықты өңгеріп келеді. Қалың елдің көзінше қозы мен қойды қоя бергенде маңырап, табысып кетеді.

Кебекбай:

— Ат Жалайыр Желмендеге берілсін, — депті. Көзбен көріп тұрған халық риза болып, Кебекбайға таңғалады. Аттың иесі әділ билікке көніп, шынын айтады.

— Өзім ұры емеспін. Буаз күнінде бір күрең төбел бие сатып алып едім, күрең төбел құлын содан туған, — депті. Кебекбай жүйрік аттың бәйгесін баққан жігітке бұйырды да, атты Желмендеге бергізді. Жұрт атты таныған Желмендеге таңғалды. Әділ билік берген Кебекбайға разы болып тарасады.

* * *

Талқанбай деген тентек кісі болады. Ол Кебекбайдың тілін алмайды екен. Көп ішінде Кебекбайдың бетінен алып, ұятқа қалдырып кете береді. Сонда Кебекбай оған:

“Түріңе қарасам, Талқанбайсың, мінезіңе қарасам, сайтандайсың. Халық алдына барғанда — халық алған тілімді, ұлық алдына барғанда — ұлық таппаған мінімді, Талқанбайға барғанда итке берсін күнімді”, — депті.

* * *

Қасқарау елі қыз алыспайтын кезде Кебекбайдың баласы Нұрбек Жуасы деген қарындасын алып қашып келеді. Кебекбай мұны естіп Нұрбекті жарып өлтіремін деп, күн шықпай қолына үлкен қанжар алып, Нұрбектің отауына қарай ашумен келе жатады. Мұны көрген баласының замандастары Бейсек, Белгібай дегендер Нұрбекке келіп:

— Ойбай, әкең қолында қанжары бар, сені жарып тастағалы келеді. Тезірек қашып кет, — деп Нұрбекті жұлқылайды. Өлтірсе мейлі, — деп Нұрбек ерегісіп



жатып алады. Зәрлі Кебекең жақындап келіп қалады. Белгібай мен Бейсектер не қыларын білмей сасады. Сонда Бейсек деген жігіт Нұрбектің көк шапанын жамылып үйден ата жөнеледі. Кебекбай ұмтылып, пышақпен жіберіп ұрғанда Бейсектің жалаңаш балтырына тиіп, қан шапшып ағады. Бейсек қырдан аса қашады. Кебекең енді үйден не алсын, қайтып кетеді.

Ел мұны естіп, жиыла келіп:

— Қасқарау жеті атаға толды, — деп Кебекеңнің ашуын баспақ болады. Сонда Кебекең:

— Азғана ауыл Қасқарау туысқанға қыз беріп, қыз алған соң “бауырым-ай” деп кімге жылаймыз, — деп көнбейді.

Баласы кейін әкесін шақырып, қонақ қылып сыйлайды. Ол әкесінің өзбек аспазшысын өзінің рұқсатынсыз ертіп кетіп, оған қызыл шай, шаш палау жасаттырады. Сонда баласы әкесіне әзілдеп:

— Баласын жазалаған, Бейсекті жаралаған, ашуы қара дауылдай, сөздері боран, жауындай ата, қызыл шайдан, қызыл күрең бауырсақтан, шаш палаудан ала отырыңыз, — депті.

Үй толған кісі “не дер екен” деп Кебекеңе қарап қалады. Сонда ол:

— Иә, балам, өзім қарындасымды қатын қылсам, әкемнің өзбегін тартып алсам, менің шайым қызыл, бауырсағым баданадай болмағанда кімдікі болмақ? — деп елді бір күлдіріп қояды. Кебекеңді тыңдағысы кеп отырған көпшілік оған тағы да қарап: “Сөйлеңіз, Кебеке” дегенде ол жүгініп алып, мына нақылдарды шұбырта жөнепті:

Шаруаның жақсысы мал баққаны,
Балаң тілді алмаса қалмақтағы.
Туысқаның кім болса дұшпаның сол,
Ағайын аман болсын жан-жақтағы.
Шаруалар күтіп ал малдың астын,



Малдың астын күтпесең мандымассың,
Мінсең — көлік, ішсең — сүт, еті анау,
Мекен қылар жоқ адам жардың астын.
Еріншектің белгісі ұйқы мырза,
Ерте жатып, кеш тұрса болады ырза.
Кедейшілік кісіге нәсіп қылса,
Кесір, қырсық жолай ма, ден сау тұрса.
Қыз бойжетсе, тіл алмай мау тартады,
Өз әкесін өзіне жау тартады.
Екі көзі далада алағызып,
Үйді айналып үзік-жіп, бау тартады.

* * *

Кебекбай үйі күзгі қорада отырғанда мынадай бір оқиға болады. Түн ортасында иттер арсылдап жүрген соң Кебекең далаға шықса, екі көкжал қасқыр бос қорадан түк таппай арсалаңдап жүреді. Ертеңгі ас үстінде ол ауылдастарына:

— Жеті күн елден, жеті күн жерден күнелткен қасқырлар қорама келіп мал таппағанына бір ұялдым-ау, — депті.

Тыңдап отырған ағайындары:

— Сіз қасқырдан ұялсаңыз, біз сізден ұялдық, — деп қырық-елу қой жиып беріпті.

... Бір жолы мың қойы бар Қапшағай деген туысы:

— Кебеке-ау, қораң бос тұрмасын, менен жүз қой ал! — депті. Сонда Кебекбай:

— Ау, Қапшағайым, сені бай, мені кедей қылған бір құдайым. Жүз қой бергенің дұрыс қой. Біз өлеміз, кейін балаларымыз дауласып жүрсе, көрде тек жатқызбайды ғой, оның, — депті.

* * *

Сабан деген кісі тақпақшыл, күлдіргі адам екен. Өзі кедей, жалғыз түйесі болады. Қайда жүрсе де сол жалғыз түйесін мініп жүреді. Бір жолы Кебекбай өзінің



жолдастарымен Қарабай батырдың аулына келе жатса, алдынан түйесін бүлкілдетіп бір кісі желіп шыға келеді. Қараса, Сабан қу екен. Кебекбай оны тани кетіп:

— Ау, Сабаным, қайдан келесің? — дейді. Ол:

Кебеке-ау, Ақсай бардым,
Астық сұрап қақсай бардым.
Ағайындардан екі қап бидай алдым,
Бидайын берсе де, қимай алдым.
Біреуінен ананы алдым,
Біреуінен мынаны алдым, —

деп қолындағы қаршығасын қозғап қалғанда, құс қанатын қағып, жалп етеді. Осы кезде Кебекеңнің аты жалт беріп, өзі аттан жығылып қалады. Жолдастары да, Сабан да сасқалақтап аттан түсіп Кебекеңді тұрғызып, үстін қағып-сілкіп, қайтадан атына мінгізеді.

Сабан қу тағы да:

Кебеке-ау, сіз мені боқтай жаздадыңыз-ау,
Айдалада мен сізді жоқтай жаздадым-ау, —
дегенде, Кебекең күліп: “Құдай сақтады, Сабаным”, —
депті. Сабан тағы да:

Түйесі бар кісі желіп жүреді,
Алыстағыны көріп жүреді.
Түйелі кісі көшіп жүреді,
Әр нәрсені есіп жүреді.
Атты кісі жығылып жүреді,
Сабан өстіп құбылып жүреді, —
дегенде Кебекең қарқылдап күліп:

— Жарайсың, Сабаным, жарайсың! Әлгі тарының ұшығын базарға сатардағы айтқаныңды айтшы? — деді. Сабан термелей жөнелді:

Менің тарым қонақ тары,
Қопаға айдаған сопақ тары.
Қанша артсаң да ауыр болмайды,
Артқан түйең жауыр болмайды.



Су түбіне батпайды,
Желге шыдап жатпайды.
Мұндай тарысын ешкім де
Арзан пұлға сатпайды.

Кебекең көзінен жасы аққанша күледі.

— Ау, Сабаным, Сарбас ақынға не дедің? Енді соны
айтшы, — деді. Сабан:

Сарбас деген ақыным, қайтыс бопты қатының,
Тағы қатын әперер, Солтанкелді жақының.
Домбыранды ала бар, айқайыңды сала бар!
Анау белдің астында Матай менен Шала бар,
Олжабай мен Бектембай, аты жүйрік ала бар.

Кебекбай жол жүруді ұмытып:

— Сабаным-ау, Қожамжардың соқыр бәйбішесі
өлгенде не деп жыладың, соны айтшы? Аттан жыққан
айыбыңды кешейін, — депті.

Сабан тағы да:

Түйемен келдім елпілдеп,
Көзден жасым мөлтілдеп.
Қайда кеттің соқыр шешем?
Төңірегін қоқыр шешем.
Бай тап десе бай тапқан шешем,
Би тап десе би тапқан шешем.
Белдеу ұстап ұл тапқан шешем,
Арқанға асылып қыз тапқан шешем.
Қайда кеттің береке шешем,
Ел-жұртыңа өнеге шешем, — депті.

Сабан сөзіне әбден риза болған Кебекбай оған
“рақмет” деп жүріп кетті, — дейді.

* * *

Малы жоғалғандар келіп Кебекбайдан ақыл сұрайды
екен. Кебекбай оларға жөн сілтесе, олар жоғын тауып
ала беретін болады. Бір жолы екі түйесі жоғалған кісі
келіп:



Ұры алғанына сегіз күн болды десе, Кебеккең ойлап отырып: — Бұл түйеңді Күнту алыпты, — дейді. Әлгі кісі салып отырып Күнтуға барса:

— Алғаным рас еді, саған мұны Кебекбай айтты-ау, — деп екі түйесін қайтарып беріпті.

Кебекбайды көрген адамдар ешбір міні жоқ кісі еді. Өзі мақтанбайтын, ашуы жоқ, ақылды, сөз тапқыш, әділетті шешен, желікпе, желпуді білмейтін аузынан боқтау, лас сөз шықпайтын, дастарқанды, меймандос, кеңпейіл, берекелі адам еді дейді ел.

Ол үнемі:

Асыл менен жасықтың
Аспан, жердей арасы.
Әр алуан адамның
Өртүрлі екен бағасы,
Көргеніңнен көп екен көрмегенің,
Талай қызық көресің өлмегенің, —

деп нақыл айтып отырады екен.

* * *

Кебекбай ауылдан шығып біраз жер жүрген соң “Ал, атталай” деп біраз жер шауып алады екен. Ол шапқан соң қасындағылардың бәрі де шабады. Аттардың танауы желпілдеп, желігіп қалады.

— Кебеке-ау, бұл қалай? — деп сұрағанға ол кісі: “Көнеден мұны “атталайы” деп атайды. Бәйгеге ат қосарда, дауға аттанарда, ат құлағын көтеріп, қолтығын жіпсітіп алар болар. Бұл Ер Қосайдан қалған әдет”, — дейді екен.

Кебекбай солай десе де, Қасқарау елі “Кебекбайдың атталайы”, “Кебекбай жолы”, “Кебекбай ұраны”, “Кебекбай сөзі” — деп айтады.

* * *

Бірде Кебеккең көштің алды Ырғайты өзенінің сағасына жеткенде, “көшті тоқтатыңдар!” деп



дауыстапты. Құлаққа ұрған танадай көш тұрып қалады.

Жұрт бірінен-бірі көшті неге тоқтатты деп сұрап жатыр. Боз жорға аттың басын тартып, Кебекбай төмен қарап мүлгіп тұр екен. Алатау аңғарынан аңқылдап соққан желдей болып құлаққа бір күй сарыны кеп тұрады. Күй кейде саңқылдап, кейде қаздай қалықтап, кейде талып естіледі.

Сөйтсе, Байсерке күйші ертемен Шоқпар тастың басына шығып алып “Ұран күйді” тартқан екен. Қарсы алдындағы тау жақтан келіп тұрған күйді естіп Кебекең көшті тоқтатқан екен. Ол басын төмен салып тыңдап тұрады. Күй бітеді. Көш жүреді. Кебекең көзін сүртіп жылап келеді.

* * *

Кебекең 87 жасында Мәтібұлақ басындағы баласының қыстауына келіп, шай ішіп отырады. Келіндері ет асып жатқанда, ол қайта-қайта үйдің шаңырағына қарап: “Түндікті жабыңдар, тамақтарыңды тездетіндер” дей береді. Ет пісіп, Кебекеңнің алдына қойылады. Ол балаларына, немере, келіндеріне: “Кәне, менің қолымнан ет асаңдар!” — деп өзі, бір алыстан келгендей, не бір алыс сапарға жол жүретіндей етті бәріне асатып, қалғанын өзі құмарта жеп болып, батасын береді:

“Қош болыңдар! Ал, енді мені тез үйге апарыңдар”, — дейді. Балалары әкесін үйіне апарады. Төсегіне отыра бергенде ауырмай-сырқамай, сөйлеп отырып, жөнөп кетеді.

Кебекең өлгенде ақындар түс-тұсынан келіп, жоқтау айтқан деседі. Соның есте қалғандары мынау еді: Атақты Әмір ақын:



“Ұры түссе қораға,
Кебекенді табушы ек.
Екі кісі ұрысса,
Кебекең еді — Мекеміз.
Енді қайда кетеміз? —

депті.

С а р б а с а қ ы н:

Ардақты ағам Кебекем,
Алыс жақын демеген.
Төрт Дулатқа тірегім,
Түстің жерге жүрегім.
Қалмаушы едім қасыңнан,
Жалғыз қайтіп жүрермін?
Жан серігім, Кебеке-ау,
Ақыретте көрермін.

С ү й і н б а й а қ ы н:

Жер сұлтаны — Сүлүтөр,
Туа бермес сендей ер.
Кебекемді жалмады.
Қойны толмас қара жер.
Әділетті, әулие,
Қайран, құрбым, кемеңгер.
Кеп жатыр ел-жұрт сабылып,
Кебекенді сағынып.
Қасқараудың баласы
Ноғайбайға бағынып,
Айтқан жерден табылып,
Иманды бол Кебекбай,
Торқалы бол демек бар.

Қ ы р ғ ы з а қ ы н ы Т о қ т а ғ ұ л:

Кебекбай елге тең едің,
Ақылың дархан кең едің.
Қазақ, қырғыз бас қосса,
Айтқан сөзің ем едің.
Қайран, әділ Кебеке,
Ақыретке жөнөдің.

Е л - ж ұ р т ы н ы ң д а у ы с қ о с қ а н ы:

Ұйықтамадың ел үшін,
Бүтіндемей жең үшін.



Мал жимадың өзіңе,
Сеніп әділ сөзіңе,
Жүре бердің көп үшін.
Дәл он сегіз жасыңда,
Үш Қосайдың басында,
Аңырақайдай батырды,
Байлап алдың асуда.
Нашарлармен дос болған,
Кедейлермен қош болған.
Ер атам атқа мінген соң,
Елімнің мойны бос болған.
Ауызды ата, ер ата,
Елдің қамын жер ата.
Ертелі кеш жоқтасақ,
Келер ме едің бек ата
Әз Төленің інісі ең
Үлгі алған сөз бағып.
Талайымен таластың
Жақсыменен жанастың
Қалған жоқсың жан бағып.
Жалғыз жүріп жол таппай,
Көппен жүріп адастың.
Әркімге қолқа салмаған,
Арам олжа алмаған.
Қайдағы нашар паналап,
Қасыңыздан қалмаған.
Ел намысын сатпаған,
Жаудан, даудан қорғауға,
Белін шешіп жатпаған.
Қысылғанда сөз тапқан,
Адасқанда жол тапқан.
Жолдас болсын иманың,
Нұр құйылып оң жақтан
Қайран да асыл ер атам,
Ақылы асқан кең атам...



НОҒАЙБАЙ

Ноғайбай — Ұлы жүз Дулат еліндегі Сырымбет деген атадан шыққан. Әкесі Дәулетбек, арғы атасы Малдыбай Жетісудағы қырғыз-қазақ жұртына аты ұран болған. Ноғайбай орта бойлы, өткір көзді, алғыр сөзді, шешен кісі болыпты. Ноғайбайсыз кеңес, дау-дамай бітпеген. Адамның қара тілді шешені, ақиық қыраны деп атанған кісі екен. Айлалы, епті, салауат сесті, сегіз қырлы, бір сырлы болыпты. Егескенді илеп, қағысқанды қағып, айтысқанды алып, андысқанды шалып, сыйласқанды сыйлап өтіпті. Ешкімді өз заманында бет қаратпаған, тапқыр, қырағы, сақ адам екен.

Ұлы жүз елі орыстарға қарай бастағанда Ноғайбай 15 жастағы бала екен. Бұл кезде қырғыз-қазақтың бір шетін Қоқан ханы билеп, Пішпек, Тоқпақ, Ташкентте олардың ұлықтары тұрады. Жұрт екі тарап болып, жартысы орысқа, жартысы Қоқанға қарамақ болады. Ноғайбайдың жас кезі, ешкім оны елемейді. Әкесі Дәулетбек Қасқарауды билейді. Дәулетбек мұсылман деп өзбектерге тартады. Оны қаламаған Ноғайбай орыс ұлықтарына келіп:

— Әкемді тастап орысқа келдім, бала болсам да болыса келдім, — деп сенім арттырып, олардан шеншекпен киеді.

Осы күнгі “Красногор” атанып жүрген тауды халық ата-бабасынан бері “Сүлүтөр” деп атап келген. Тасы қызыл болғандықтан болу керек, оны бүгінде ел “Красногор” деп жүр. Бұл Ноғайбайдың арғы аталары мекендеген жер. “Сүлүтөр” десе сүлүтөр, нанбасаң өзің барып көр” деп, халық бекер айтпаған. Айналасы кең жайлау, топырағы май, шөбі шүйгін, жайқалған құрақ өседі.

Талай ғасырдан бері қазақ-қырғыз көшпелі елдері жайлап жататын сол жерге орыстар келе бастапты. Бұл кезде Ноғайбай Жетісу атырабына белгілі, елін дауға,



малын жауға бермес шешен болып, атағы жайылып тұрған кез екен. Аулына бір топ орыстарды өзі ертіп келіп, жер бөліп береді.

Орыстар соқамен Сүлүтөрдің қара майлы қыртысын қайыстай тіліп айдағанда көшпелі қазақтар: “Қайран жанға жайлы жайлауымыз Сүлүтөр-ай, бетегелі белің, сүлу айдай көркің айғыз-айғыз болды-ау!” — деп шулапты. Мұжықтарды алып келіп, оған жер беріп жүрген Ноғайбай оңбасын. Малдың өрісін тарылтып, жердің бетін бүлдірткен Ноғайбай көгермесін деушілер де көп болды.

Екі-үш жылдардан кейін шаруалар орыстарға үйір бола бастайды. Олар байлардан қашып келіп орыстармен бірігіп егін, ақ нанға қарық болып қалады. Картоп, пияз, жеміс-жидектер айдап, түрлі жеміс ағаштарын отырғызып, үй салып елдің шырайы кіре бастайды.

Ноғайбай өзінің қыстауы орналасқан Ырғайты өзенінен орыстарға диірмен салғызады. Оның қасына қора-жайымен еңселі үйлер тұрғыздыртады, бау-бақша айдапты, жеміс ағаштарын отырғыздыртады. Мұны көрген ел Ноғайбайдың соңынан ереді.

Ноғайбай Ырғайты, Қарасұлы деген екі өзеннің косылған ашасынан мектеп те салдырған, оның айналасына бау-бақша еккізген. Иван Куликов деген орысты отбасымен көшіріп әкеліп, балаларды орысша оқытқан. Сондағы отырғызған бақ-дарақтар, алма, өріктер әлі де Шарбақты колхозына өнім беріп тұр.

Иван Куликов тұқымдары әлі де осы жерде өмір сүріп жатыр. Кейінде бұлар қазақтармен құда-жегжат болып, қыз алып, қыз беріскендері өте көп. Диірменші орыстың ұлдары мен қыздары қазақтың әдет, салттарын түгел білетін еді. Келін болғандары сәлем беру, үлкеннің алдынан өтпеу, келген қонақты қалай сыйлау бәрін білетін. Ұлдары көкпар тартып, бәйгеге ат жаратып қосатын. Қазақтар құсап қыс қыстауына, жаз жайлауына көшіп, бие байлап, қымыз ішетін.



Қонақтарын қазақтардай қозы сойып, қымызбен сыйлайтын.

Мысалы, Иван Куликовтың қызы Беренканың күйеуі Степан 1914 жылғы соғыста қаза тапқан. Бұдан соң Беренка Көпір деген Ноғайбайдың баласына қосылған. Ал Беренканың бұрынғы күйеуінен туған Наташаның үш қызы болған. Үлкен қызы Нюраны Дәуітқұлдың баласы Бейсеке алды. Танька деген қызын Қунақұлы Әблез алды. Әблезден екі қыз туған. Қыздарының аттары ұмытпасам Сарахан, Зейнехан болатын. Зейнеханды Айдар, Сараханды Қанат деген қазақ жігіттері алды. Мен бұлардың қолынан дәм татып, төрінде талай-талай ән шырқағанмын.

АСЫЛ АНАДАН

Ноғайбай — Байсейіт батырдың жалғыз қызы Әселге ғашық болады. Әселдің анасы Апақай сұлу қарақалпақ Құлшабай батырдың жалғыз қызы екен. Қоқан ханы билеп тұрғанда азғана қарақалпақты басынып, билер мен бегі Апақайды бер деп Құлшабайды мазалай бастайды. Құлшабай жалғыз қызымда жұмыстарың болмасын десе, оны зынданға салып тастайды. Мұны естіп қарақалпақтар жиылып келіп Құлшабайды сұрайды. Алайда қоқандықтар айтқандарынан қайтпайды. Қарақалпақтылар қызға келіп:

— Әкенді бермеді, Бекке ти де, әкенді босат, азғана қарақалпақты жауға шапқызба? Қыз көптікі, бар, — депті. Апақай қанша айтса да бармайды.

Көнбегенде қайда барады, байласақ та береміз, әуелі әкесін шығар дейді қарақалпақтар. Сөйтіп олар Құлшабайды босатып алады. Әкесі де:

“Көпке топырақ шашамыз ба, балам бара ғой”, — дейді. Қызы көнбейді. Бүкіл қарақалпақтар жабылып айтса да көнбейді. Қатты қысылған қарақалпақтар қоқандықтарға: “Қыздың жасау жабдығын даярлап



жатырмыз, бір-екі айдан соң той істеп, ақ отаулап ұзатамыз”, — деп уәделеседі.

Мұны естіген Апақай күні-түні зарлап жылайды. Ақыры бір жігітті жалдап, жүйрік атпен қазақтың атақты Байсейіт батырына хат жазып жібереді. Жігіт күн-түн жүріп хатты Байсейіттің өзіне тапсырады.

Хатта: “Қазаққа ғана батыр болып тусаң жата бер, көп үшін тусаң, кел де, бізді жаудан арашалап ал. Мені мынау қоқан бегінен құтқар. Қазақ, Созақ бір туған еді ғой. Қарақалпақ қамауда тұр”, — депті. Байсейіт хатты оқып жігітке уәде береді. “Апақайға сәлем де. Жиырма күнде жетемін”, — дейді.

Көп кешікпей Байсейіт қырық шорасын ертіп, жорыққа шығады. Уәделі күні қарақалпақтарға бармай, шатыр тігіп, бектің келетін жолын күтіп жатады.

Бір күні үш жүз сарбазымен ала тақиялы, ала шапанды қоқандықтар келе жатады. Мұны көріп, Байсейіт ел ме, жау ма, кім екен біл деп алдынан кісі жіберіп жөн сұратады. Сарбаздарды бастап келе жатқан біреуі:

— Қарақалпақтарды шапқалы барамыз, — дейді. — Олардың не жазығы бар еді? — деп сұраса:

— Апақай сұлуды бермейді. Екі ай тостық, енді шауып аламыз дейді. Жігіт қайта шауып келіп Байсейітке жөнін айтады. Сонда Байсейіт батырдың екі көзі оттай жанып, түгі сыртына шығып кетті дейді. Қырық шорасына ол:

— Әрқайсың әр жырадан ат қойып, садақ тартыңдар, көкірек Қоқан сарбаздарының күшін көреміз, — дейді. Тулары желбіреп қоқандықтар да келе жатады. Садақ тартылады. Байсейіттің садағы дәл қызды аламын деп жүрген бектің қос өкпесінен өтіп кетеді. Ол туымен бірге құлайды. Қырық шораның оғы қырық сарбазды құлатады. Қалғаны қашып құтылады. Байсейіт шораларымен тағы да бір-екі күн күтіп жатады. Қайтып жау келмейді.



Ал қарақалпақтар болса, уағдалы мерзімі бітіп, не қыларларын білмей “қарабет болдық, енді бізді шауып кетеді, бір қыз үшін бәріміз құрбан болатын болдық” деп жатқанда, Байсейіттің жіберген екі жігіті келіп шүйінші сұрайды. Қарақалпақтар рас па, өтірік пе деп, аң-таң қалады. Бұл жақсылық көктен бе, жерден бе деп, ақ мүйізді ақ қошқар сойып, боз бие сойып, қуаныш тойын жасайды.

Байсейітті қырық шорасымен бір айдай жатқызып күтеді. Осы жерде Апақай мен Байсейіт бірінші рет дидарласып, танысып, ақыры бірін-бірі сүйісіп қосылады. Бұған қарақалпақ елі жарыла қуанып, ақ отау тігіп, той жасап, көп жылқы, түйемен Апақайды Байсейіт еліне ұзатып салады. Міне, Апақай сұлуды Байсейіт батыр осылай алып келген еді деп халық айтады.

Ноғайбайдың ғашық болған Әселі осы Апақай сұлудың жалғыз қызы екен. Байсейіт батыр бір жорықта оқ тиіп өледі. Әсел сонда төрт-бестегі бала екен. Апақай жастай жесір қалады, кейін Қожағұл төреге тиеді. Әсел Байсейіттің ағасы Жанқожа батырдың қолында өседі. Ноғайбай он сегізге толғанда Әсел сұлуды Жанқожаның қолынан айттырып алған.

Ал, енді сол Апақай сұлудың жалғыз қызы Әсел де асқан ақылды, сұлу, ақ құбаша, айнакөз қыз екен. Тандайынан тәтті сөз, бармағынан бал тамған өнерпаз, ел деген ерге лайықты, жайдары мінезді, меймандос, кішіпейіл, адамды әсем үнімен, дәмді сөзімен тартатын шешен екен. Ноғайбайға ақыл серікті, айдай көрікті болып көрінеді.

Он үшке келгенде Әселді бай-манаптың балалары айттырып, төңіректей бастайды. Малға қызыққан Жанқожа сөйлесе келгендерге: “Кім малды көп берсе, Әселді соған беремін” дейді. Оған өткір туған Әсел көнсін бе? Жанқожаға сөз салады: “Әке-шешемнің көзін көріп едіңіз. Ол екеуін қалай қосылғанын да білесіз. Әкем оны жанын құрбан қыла жүріп,



өзбектің би-бектерінен тартып алғанын да, сізден артық ешкім білмес. Солардың көзіндей болған мен жалғызды жылатпаңыз. Бәрібір мен дегеніңізге жүріп, айдауыңызға көнетін қыз емеспін. Босқа арамызды ашпалық. Мені өзімнің қалағанымға жіберіңіз”, — дейді.

Жанқожа қайтымы мол кісі екен: “Қарағым Әсел, бердім тілегінді. Әкең мен шешеннің қызығын көрмей, ерте қалып едің, өзің біл, малы құрсын, тек жылама”, — деп уәдесін беріпті. Сөйтіп, ендігі жерде келгендерге Әселімнің өзі біледі деп отыратын болыпты. Байлардың балалары, қатар жатқан қазақ-қырғыздың атты-тонды мырзалары бірінен соң бірі келеді. Әсел олармен кәдімгі бітімге шыққан билердей өзі сөйлеседі. Қандай бір салауаты асып, салмағы басып тұрған жігіттерің Әселге тең келмейді. Талай мырзаларыңды менсінбейді, оларға пысқырып та қарамайды.

Сөйтіп жүргенде Әсел он алтыға келеді. Бір күні ол кезде қырғыз-қазаққа мәлім бола бастаған Ноғайбай келеді. Екі шешен сөзбен танысып, көзбен қағысып, әзілмен жарасып, жүрекпен танысып, қолдарын қысысып, сыңғырлап күлісіп, іштері білісіп сөз байласады. Мұны сезіп олардың қасына Жанқожа келеді. Бұл істі ел көзімен көреді. Содан кейін асыл Әсел теңін тапты деп, ел риза болып, ақ отау тігіп, тойларын өткізеді. Жанқожа батыр бұларға ақ батасын беріп аттандырып салады. Екі асыл осылай қосылады.

Ноғайбай құс ұйқылы, күміс күлкілі, құлан қарауыл, сақ кісі болған дейді. Дауға да жауға да алдырмайтын әбіл шешен екен. Ол жатқанда белін шешпей, құс құсап көзін ілсе болғаны, таңертең ерте тұрады. Үш болыс ел Сырымбет, Малдыбай, Мүйізді Өтеген жұртына үлгі-өнеге шашқан. Сыпайы ат мініп, оқалы тон киіп, ас-тойларда салтанат сәулетпен жүрген.



Ноғайбайдың ұл-қыздары, келіндері әдепті, тәртіпті, бәрінің киім киісі, жүріс тұрысы, сыпайы сынықтығы, қонақ күту, кісі құрметтеулері өз алдына бір өзгеше болған. Осының бәрі сарапжал асыл Әселден алған үлгілері деседі. Келген қонақты бұрын бұл елдің әйелдері, қыз-келіндері қолтықтап аттандырған екен.

Әсел келгелі қонақтарды бозбалалар аттандыратын болыпты. Мейман күткенде шайды еркектер, жас жігіттер әкеліп береді, әйелдер құяды, дастарқанды әйелдер жасайды. Самауырды көтеріп әкелу, қолға су құю, бата сұрау — бозбалалардың ісі. Ноғайбай мен Әселден қалған сол үлгі-өнеге әлі де жалғасын тауып келеді.

Көп адамдар болып асқа, тойға атпен барғанда, қаз-қатар атқұлағын теңестіріп, бірінен-бірі озбай, қанат жайып, Ноғайбайды оқ бойы алда жүргізеді екен. Жорғалы, жүрдек, ұрыншақ аттылар да алға түспейді. Атпен бұлай жүруді ел “Сәулетті Сырымбет салтанаты” дейді екен. Киген киімдерінің етек-жеңі жинақы болады. Басқа ел-жұрттар оларды орысша киінген “Сырғақ Сырымбет” дейді екен. Майлы қолтық, салпы етек, жуан қоныш, жалбыр тұмақ кигендерді Ноғайбай әулеті жақтырмаған.

* * *

Шапырашты Андас деген ұлыққа датқа болып “ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс” болып тұрады. Зорлықшыл Андас аз аталарға, кедей кепшіктерге күн көрсетпейді. Жақсы ат, сұлу әйел, асыл заттар соныкі болады. Осылайша елге тізесін батырып, еріксіз салық салып қан қақсатады. Андастан қорлық-зорлық көріп, “басынан сырық, малынан құрық кетпеген кәрі-жас, еркек-әйел бәрі жиылып, Шаһарбай деген ақсақалын алдына салып, бір үлкен асқа келе жатқан Ноғайбайдың алдынан шығады. Шаһарбай зарлап:

— Басымызда билік, малымызда ерік, асымызда



береке болмады. Қатар жатқан тату ел едік, бізді мынау Андастан құтқар, көзімізді аш, Ноғайбай қарағым, әсіресе, сенен үмітім бар. Бетің қайтпаған бала едің, Қасқараудың аруағы қолдасын. Мені құдай Шаһарбай әулие қылып жаратқаны рас болса, Ноғайбай сен шешпеген дау, сен шықпаған тау болмас шырағым. Андастан бізді құтқара көр, — деп сақалын сипап жылапты.

Сонда Ноғайбай:

— Ақсақал, жарайды, есте болсын, — деп жүріп кетеді.

Бірде Шапырашты Кешке деген ас беріп Ноғайбай бастаған Сырымбеттің бір топ жігіттері өзінің сән-салтанатымен келіп түседі. Асты Андас басқарып жүр екен. Ол бәйгеге қосылатын кекілін сүзген, құйрығын түйген екі жүз жүйрік атты арқанға тіздіріп айдамақ болады. Олардың ішінде Пішпектегі бәйгеден бірінші болып келген Ноғайбай, Кебекбай аулының Тентек күреңі мен Кемиек күреңі де тұрады. Андас ел-жұрттың тілегін тыңдамай, өзінше ақыра береді. Қалың жұрт үндемейді, қарсы сөз айтуға қорқады.

Осындай бір кезде, қалың топты қақ жарып бір жас жігіт келе жатады. Бұл — Ноғайбай еді. Сонда көзі оттай жайнап, ақырмай-бақырмай, астындағы Қылыш құйрық күрең атпен қалынды қайыстай тіліп, дәл Андастың алдына қарсы тұра қалып:

— Ау, Андеке, ас берген ауыл сенікі. Қосатын ат елдікі. Билікке көнбейтін, қырғыз-қазақтың бір тілегін бермейтін сен қайдан шығып едің? Ел-жұрттың тілегіне де құлақ асқаның жөн болар. Ат тартусыз болсын, орта жолдан жанаса шауып, ешкім тізгінін тартпасын. Жүйрік аттар армансыз өз еркімен келсін... — дейді. Сонда Андас ақырып, жынын шақырып:

— Ау, “жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты” дегендей, сен жігіт менің бетімді қайтарма, бетің тілінер. “Ажалды қарға бүркітпен ойнайды” дегендей менімен ойнағың келіп тұр ма? — деп



Ноғайбайдың атын қамшымен тартып кетеді. Ноғайбай қамшының орнына үнемі солқылдақ шыбық ұстайды екен. Ердің қасы, аттың басы осы деп тобылғы шыбықпен аттың басынан асыра Андасты тартып-тартып жібереді. Андастың түлкі бөркі түтіліп, жерге ұшып түседі. Жалтыр басы білеу-білеу болып қаны ағып шыға келеді. Андас не істерін білмей аңырып қалады. Жиылған ел:

— Апырай, Андасқа да қол сілтейтін, бетіне келетін жан туады екен-ау, — десіп шуылдап, сендей толқып кетеді. Қарттар жағы:

— Бәрекелді, ұл болсаң Ноғайбайдай бол, нағыз еркек деп осыны айт, — деп риза болып жатыр. Біреулер Ноғайбайды Төле бидің тұқымы, біреулер Мүйізді Өтегеннің тұқымы, атасы Қасқарау, біреулері Сырымбет бабадан екен десіп жатыр. Жыға танығандар оның Кебекбай аулынан екендігін айтып, Ноғайбайды көреміз деп, оның артынан қалмады.

Содан Андас майор Алматыдағы аға сұлтан губернаторға арыз айтып барады.

“Мынау көп Дулаттан шыққан Ноғайбай деген мені ұрды, барлық ел көріп тұрды, басымды жарды. Мен патшаның қойған адамы едім, сыйламады. Мені ұрғаны сендерге қол тигізгені емес пе? Ауыл менікі, ас беріп жатқан мен, аттарды тартулы-тартусыз қылатын той иесі мен, аттары бәйгеде орынсыз қалатын болған соң істеп отырғаны”, — дейді.

Ұлықтар Ноғайбайды айдатып алдыртып, тілмаштар арқылы тепсініп сұраққа алады. Барлыбек, Тұрлыбек, Бақия деген тілмаштар аударып тұрады. Олар Ноғайбайға:

— Жандаралды боқтапсың, ауылын атпен таптапсың, қатын-қалаштарын қорқытып бала тастатыпсың. Андасты ұрғаның, патшаны, оның қойған ұлықтарын ұрғанмен бірдей дейді. Сені абақтыға тығамыз дейді, — деп ұлықтардың сөзін тілмаштар одан әрі өткірлеп, ұшындыра түседі. Ноғайбай:



— “Ау, Барлыбек, Бақия, сендер тыңдандар! Барлық Жетісудағы елдерді жерге тығып отырған зорлықшыл жуан мойын Андастың сөзін өткірлегенше, қалың елдің “жоғын жоқтап, мұңын мұңдап” отырған мына менің сөзімді оларға жөндеп жеткізіндер. Андасты мен ұрғаным жоқ, көпшілік ұрды, мен солардың сойылын соқтым. Елдің айында, жылында бас қосып, дидарласып қалатын ас-тойында Андастың не жұмысы бар? Халықты неғұрлым тату, жанжалсыз таратудың орнына, өзі зорлық, озбырлық қылған Андас тентек болмағанда елдің сөзін сөйлеген мен тентек болыппын ба?

Өттең тіл жетпейді, орысша білсем жандарал түгілі патшаң да сөзге тоқтар еді-ау! Нағыз жүйрік тұлпарлар өз еркімен озып келсін, атты жасырын жолдан қосқан әділетсіздік болады. Ондай аттар, әрине, озып келеді де бәйгені өздері алады. Ал өзге жұрттың аттары ақ тер, көк тер болып, шауып-шауып бәйгеден құралақан қалады. Оның несі жарыс? Ондай бәйге кімге керек? Соның бәрін жасап жүрген Андас. Андасты араластырмау керек. Халық тілегі осы, — деп тоқтайды.

Барлық сол жердегі тұрғандар: “Ноғайбай дұрыс айтты. Көсегең көгергір мына жігіттікінің бәрі рас. Андасты бәйгеге қатыстырмау керек. Ұлықтардың өздері келіп көрсін”, — десіп шулағанда ұлықтар тоқтап қалады.

Халықтың тілегімен, Ноғайбайдың табандылығымен ұлықтардың көзінше аттар бәйгеге жіберіледі. Сол жолы Олжабайдың Тентек күреңі мен Кемиек күреңі озып келеді. Андас аулының аттары қалып қалады. Ноғайбайдың айтқаны жөн болып, Андас тентек болып шығады. Ұлықтар Андасты ел бүлдірді, зорлық істеді деп, абақтыға жабады. Содан былай қарай Андастың бағы таяды, Ноғайбайдың атағы жайыла береді. Қырғыз ақыны Тоқтағұлдың:

Олжабайым олжа бер,
Ноғайбайдың сөзі озды.



Құдай берді Байтасқа,
Тентек күрең бұл жақтан,
Кемиек күрең ол жақтан,
Бір күнде озып шыққаны.
Ноғайбай ұрып Андасты,
Тайдырып тақтан жыққаны.
Басын жарып шыбықпен,
Түрмеге айдап тыққаны... —

деген өлеңі сол бір оқиғаға байланысты айтылған еді.

* * *

Қырғыз Байтеке батыр той істеп, қазақ-қырғыздың бетке ұстар қаймақтарының барлығын шақырады. Тойға шақырылғандардың барлығы да тойхана алып келетін салт бар ғой. Ондайда байлар тойхана сыйын бірінен-бірі асырамын деп, бір тоғыздан кем әкелмейді. Үйірлеп жылқы, қоралап қой, тоғыздатып түйе әкелетіндер де болады. Бұл — олардың істейтіні.

Ал Ноғайбай не істейді? Ол мал жимаған, сөз жиған, шешендік өнерді ұстанған. Өзі де бай Байтекеге бір қулық жасайын деп, әрі ойланып, бері ойланып ақыры бір амал табады.

Малдыбай, Қонысбай деген байлардың түйелері Ырғайты даласында жайылып жататын. Солардың ішіндегі ең семіздерін, өркештері баладай отыз түйені таңдап, жігіттеріне айдатып Ноғайбай тойханаға әкеледі.

Бәйтеке батыр тойына келе жатқандардың алдынан даяшы қойған екен. Ол даяшылардың көбісі ақындар екен. Кімнің қанша сый әкелгенін, кімнен-кімнің асқанын сол даяшы ақындар өлеңмен жариялап тұрады. Сондағы даяшының бірі:

Асып туған Ноғайбай,
Ноғайбай болмақ оңай ма-ай?!
Отыз түйе ап келді,
Кешіктірмей дөп келді.



Бай-манаптар мақтаған,
Қайтып бұған шақ келді.
Масқара болды байларың,
Ноғайбайға бақ келді.
Қазақтан асқан Ноғайбай,
Батырға міне бап келді.
Төрт түлік малдың төресін,
Келелеп бура сап келді... —

деп мақтайды. Қырғыздар отыз түйені сарайға қамап, “ата қоқы, Ноғайбайдан асып тойхана сый әкелген ешкім жоқ” деп шулап, бозаға тойып жата беріпті. Ал Ноғайбай болса жігіттеріне таңға жақын, ел түгел ұйқыда жатқанда, сарайдың аузын ашып тастандар, түйелер өрісіне кете берсін деп қойған.

Таң атқанда қырғыздар қоқиалап шауып “түйе жоқ, түйе жоқ” десіп, шулап жатыр. Құдай ұрған Ноғайбай алдады деп Байтеке:

— Ау, Ноғайбай, түйелеріңе кете бер деп үйретіп қойғансың ба? — депті. Сонда Ноғайбай:

— Менің түйе, жылқым сендерге мәлім ғой. Ағайыннан сұрап айдап келіп едім. Қолыңа беріп, қораңа кіргізіп қойған түйеден айырыл деген мен бе? Жоқ болмаса, сендердің малдарыңды бағып беретін малаймын ба? — депті. Уәжден жеңілген қырғыздар:

— Бұл Ноғайбайды адам баласы жеңіп болмас, ол біз тұрмақ талай би мен төре, шешен, ділмарларды да жеңген, — десіпті.

НОҒАЙБАЙДЫҢ ӘСЕЛДІ СЫНАУЫ

Әсел ақыл-парасатымен де, сән-салтанатымен де, алғыр білімділігімен де, қай жағынан алса да Ноғайбаймен терезесі тең түскен, аяулы жары, сенімді серігі болады. Алайда, Ноғайбай Әселді үнемі сынап, қалжындап онымен өнер жарыстырып жүреді. Әсел де одан аспаса кем түсіп көрген жоқ-ты.



Бір күні Ноғайбай Пішпекте бірнеше күндей жүріп қалып, қайтар жолда Әселді сынамақ болып, хабар жібереді.

Уездер сайлауға шықты. Ауылды бүгіннен қалдырмай жайлауға көшірсін, дейді де, өзі Малдыбай, Қонысбайдың өрісте жатқан асау түйелерін мұрындық, бұйдасыз айдатып жібереді. Әсел далаға шығып қараса, өңкей асау түйелер өріп жүр. Ана ауыл, мына ауылдан арқан, жіп жинау ол уақытта үлкен сын.

Әсел үйге келіп дереу бір үлкен теңді шығартады. Әлгі теңнен өңкей ұсталмаған ала арқандар, жібек жіптен істелген жап-жаңа мұрындық, бұйдалар шығады. Ал жігіттер үйлерді жығындар, түйелерді ұстандар дейді. Жігіттер түйелерді бақыртып ұстап, мұрындарына мұрындық өткізіп, бұйдаларын кигізіп, он қанат ақ орданы әп-сәтте жығып, жүктерді артып көшеді.

Көшті өзінің сән-салтанатымен жүргізіп, кілем жауып жайнатып, “ортекесін” ойнатып, Көкмоншақ жорғасын Әсел өзі мініп, қыз-келіндер мен бозбалаларды айтыстырып, қасқа жолмен қасқайта көшті бастап келе жатқанда, Ноқаң да жетіпті. Қараса бәрі де ойдағыдай. Арқан, мұрындық, бұйдалар бәрі де жап-жаңа. Бұғыбайдан сұраса, ол барлық көш жабдықтардың бір теңнен шыққанын айтады. Мұны көрген Ноғайбай, Әселдің тапқырлығына, ұйымдастырушылық қабілетіне, әйелінің, қандай жағдайда да өзіне сенімді серік бола алатынына көзі жетіп, дән риза болады.

Жанаса келіп, Әселдің мойнына қол салып: “Енді сенімен қалжыңдаспаймын. Мені саған қосқан тағдырға мың рақмет”, — деп көшті қайтарыпты.

Әсел Ноғайбайдың ақылына ақыл, бағына бақ қосқан, ел деген ерге лайық, маңдайына біткен жұлдызы



болыпты. Екеуі балалы-шағалы болып бақытты өмір сүріпті. Ол кезде атақты, ауқатты ерлердің бір емес, бірнеше әйел алатын кезі ғой. Алайда, Ноғайбайдың Әселден басқаға көзі түспей-ақ жүріпті.

Бір күні осы Алматыда үш жүздің байлары мен бектерінің бас қосқан жиыны болады да, Ноғайбай сонда кетеді. Сол жолы дастарқан жайып, қымыз құйып, жүгіріп жүрген бір алтын асықтай жас келіншекке Ноғайбайдың көзі түсіп, көңілі қатты кетеді. Аты — Ақмай екен. Екі көзі танадай жайнап келіншек те Ноғайбайдан көз алмапты. Сөйлесе келсе Ақмай: “Ерім дүниеден ерте кетті, ендігі арманым көңілdestік емес, өзіңіз сияқты ердің адал жары болу”, — деп ашық айтыпты.

Ноғайбай бас тарта алмайды. Жорға мінгізіп, торқа кигізіп, бар сән-салтанатымен Ақмайды елге алып келе жатады. Өзінің әйел алып келе жатқанын Әселге алдын ала хабарлайды.

Әсел бұл тосын оқиғаны алғаш Ноқаңның көп сынының бірі шығар деп қабылдағаныменен, ойланып қалады. Тез өзін-өзі тежеп, сыр бермей бөлек арнайы үй тіктіріп, той жабдығына кірісіп кетеді. Ноғайбайлар ауылға жақындағанда Ақбоз атына мініп, әдемі киініп өзі бастап қарсы алады. Келінге алтын, күмістен шашу шашады. Ақмай аттан түсіп Әселге сәлем береді. Әсел Ақмайдың маңдайынан сүйіп: “Сенде еш жазық жоқ, шырағым. Жолың құтты болсын”, — деп екеуін өздеріне арналып тігілген үйге кіргізіп, тойын жасайды, ризашылықпен ақ батасын береді.

Ақмай да Әсел сияқты ақылды, сұлу, аққұба, айнакөз келіншек екен. Ол да өзінің Ноғайбайдай ерге жар болуға лайықты жан екендігін талай-талай қылықтарымен танытып, елге жағыпты. Үш қыз, бір ұл туыпты. Ақмай — Арқаның қызы екен. Оны біздің жақтың адамдары “Арғын апа” деп кетіпті. Ақмай Әселдің келініндей болып сыйласыпты. Екеуінің татулығына, ынтымақтығына бүкіл ел таңғалыпты.



Екеуі де еліне елеулі, халқына қалаулы, үлгілі, көптің мақтанышына тұрарлықтай жар, ана, әже болып, дүниеден өтіпті. Ал, Ноғайбай болса:

Әйелің жақсы болса жолың да ашық,
Ешкімнен қор болмайсың сөзден сасып.
Адамға алыс та дос, жақын да дос,
Жүресің арасында алшаң басып... —

дегендей Әсел мен Ақмайдың ортасында шалқып жүріпті.

АБАЙ МЕН НОҒАЙБАЙ

Ноғайбайға тиген Ақмай — Абайдың жеңгесі ме, келіні ме, әйтеуір, бір жақыны болып келеді екен. Ері дүниеден ерте қайтқан Ақмай Алматыда тұратын апасының соңынан келеді. Апасының күйеуі Мерқасым Құнанбайдың туыстары, әрі Құнанбайдың жиені Әпсемет те Мерқасыммен қатарлас тұратын көрінеді.

Бірде Абай Жетісуға келіп, Мерқасым мен Әпсеметтің үйіне түскен дейді. Сөзден-сөз туып, Абай Ақмайдың хал жағдайын сұрайды. Мерқасым өздері араласып, құда-жекжат болып кеткен Ноғайбайды мақтайды:

— Жетісудағы елді жел диірмендей айналдырып тұрған, ата-бабаларынан төрт Дулаттың алдыңғы қатарлы адамдары екенін айтып, бұл Жетісудағы қала, далаға, қырғыз-қазаққа қадірі зор, тек орысша білмейді, болмаса адамның қара тілді шешені. Ақмай да аман-есен. Бір ұл, бір қызы бар. Мынау апасы барып Сүлүтөр жайлауында жылда бір екі ай жатып келеді. Олар қалаға келсе біздікіне түспей кетпейді. Шіркін, Сүлүтөр десе, дегендей, мөлдір бұлақ, көк торғын, салқын-сазды, ар жағында қырғыздар қыз



алысып, қыз берісіп араласып кеткен ел, — деп отырғанда, бір жігіт:

— Ноғайбай мен Шабден батыр осы Алматыда жүр, кеше губернатор кеңсесінің алдынан көрдім. Ысқақбай үйіне қонаққа алып бара жатқан, — деді.

Мерқасым: “Ұлыққа неге келгенін білдің бе?” — деп сұрайды.

— Сырттан ұққаным, қырғыз Шолпанқұл деген Сібірге айдалатын болыпты. Пішпек уезінің бастығын ұрған екен. Соған Шабден мен Ноғайбай екеуі “күнәсін кеш” деп, келіпті. Губернатор Шолпанқұлдың ісін кешіпті, — дейді.

— Рақмет жігітім, көп әңгіме айттың, — деп бәрі дуылдасып қалады. Абай үндемей, сабырлы тындап отырады.

Ертеңіне Шабден батыр “отказ” қағазды алып аулына қайтады. Ноғайбай қаладағы жолдас-жора, жегжаттарымен амандасып қайтқалы қалады.

Таңертең Мерқасым Ноғайбайға ере келген Әселге барып, Абайдың келіп үйінде жатқанын айтты. Әңгіме нобайын түсінген Ноғайбай ең алдымен базардан бір ту бие сатып алдырды. Бұрыннан да Құнанбайдың дабысына қанық Ноғайбай, Ақмай арқылы да Абайды, жалпы Тобықты елінің жағдайынан хабардар еді. Енді Абаймен дидарласуға бет қояды. Мерқасым мен Әпсәмет Ноғайбайды Абай отырған үйге кіргізеді. Үйдегілер жапырласып амандасып жатады. Абай да орнынан тұрып Ноғайбаймен құшақ жайып сәлемдеседі. Ноғайбай Абайдан үлкен, Құнанбаймен қатар, алпыстарға келіп қалған кезі екен деседі. Есен-амандықтан кейін Ноғайбай Абайға бұрылып:

— Иә, Абай мырза, жол болсын, мынау Мерқасымнан сіздің осы үйде жатқаныңызды естіп, сәлемдесейін деп келдім. Алатау, Алматыға келген соң бізге қонақсыз. Қаладан сіз де, біз де қайтқанша, дәм тұз тата тұрсын деп, сойысқа бір ту бие алып келдім. Онан соң, Абай



шырағым, біздің ауылды көріп, мынау отырған Әсел бәйбішеден дәм татып, Ақмайды көріп қайтарсыз, — депті. Абай:

— Рақмет Ноқа, дұрыс айттыңыз. Ақмай — аталы жерден шыққан текті ару еді. Сіздей азаматқа қолы жетіпті. Жесіріміз теңін де, жерін де тауыпты. Ноқа, Ақмай туған жерін, өскен елін аңсап, Арқаға барып қайтамын десе, шаужайынан қақпаңыз, — деп күліп қояды.

Екеуінің аузын аңдып отырған көпшілік ду күліп, қошемет көрсетіп жатыр. Түрлі-түрлі ас әзірленіп, қымыз құйылып, салтанат, ықылас пейілдерімен әңгімелесіп, ұзақ отырысады. Абай тағы да бір сөзінде:

— Ноқа, аулыңыз қашықтау екен, жесірімді Алматыға келтірсеңіз, көріп қайтайын, — деп еді, Ноғайбайдан бұрын оның қасына еріп жүрген Сарбас ақын дереу домбырасының құлағын бұрап-бұрап шырқап жібереді. Халық тыңдай қалады.

Арғы атаң Өскенбай мен Құнанбайды,
Тобықты “Ырғызбайлап” ұрандайды.
Қазақта бірінші боп Әжі барған,
Өз әкең есіне алып бір құдайды.
Меккеде тәңірге арнап үй салғызған,
Туғызған кемеңгер қып бұл Абайды.
Ноқанды көрген шақта жесіріңіз,
Айналып аққу қаздай шыға алмайды.
Шалатұғын палуандай сөзің әрлі,
Абайжан көңілің қалай бұлаңдайды?
Бармаған шақырғанға зар болады,
Құрметпен барған қонақ үялмайды.

Отырған көпшілік “пәлі, Сарекен, тура айтты” десіп қалады. Абай да күліп Сарбасқа: “Рақмет, барайын, халық шақырған жерден неге қалайын”, — деген екен.

Ноғайбай Отаубай бастаған жігіттеріне кете беріңдер дейді. Өзі қаладағы шаруалары біткен соң, Абай, Әпсамет, Мерқасым және оның әйелін ертіп, Мерқасымның үш пар арғымақ шеккен күймелі



арбасымен Сүлүтөрге жүріп кетеді. Олар осы күнгі үлкен қара жолмен күні-түні жүріп отырып таң ата Қордай бекетіне келгенде, Ноғайбайдың балалары Белқожа мен Әлімқожа бастаған топ алдынан шығып тұр екен. Бір бағлан кепені Еркебайдың үйіне сойғызыпты, қымыз ала келіпті.

Үш болыс ел Сырымбеттің Ноғайбайынан кейінгі ығай мен сығайлары Абаймен құшақтасып амандасады. Әсіресе, Ақмай Абаймен сыңсып көрісе амандасады. Абай да көрісіп, жібек орамалымен көзін сүртеді. Содан кейін Еркебайдың ақ отауын кіргізіп, сусындап, түстенеді.

Енді бұлар Қордайдың тасты таулы асуынан асуы керек. Сүлүтөрге арба жүре алмайды. Алматыдан келген ат пен күймені Еркебайдың үйіне қалдырады да өздері бір-бір сәйгүлік аттарға мініп, Қордайды өрлеп жайлауға аттанады. Ноғайбайдың балалары Қалмырза жыршы мен тағы бір сырнайшыны ерте келген екен. Сүлүтөрге бет алған қырық елу адам Абай мен Ноғайбайды алдына салып сырнайлатып, кернейлетіп, сән-салтанатымен келеді. Жайлаудағы қалың ел таңырқап қарап тұрады.

Абайды әуелі Әселдікіне түсіреді. Тай сойылып, қымыз құйылады. Әсел де Абайды зор ілтипатпен құрметтейді. Әсел ару Абай келбетіне, киім киісі, жүріс-тұрысына қарап, Жетісу адамдарымен салыстырады. Абай да Әселдің бөлекше әйел екендігін байқап, танып, Ноғайбайға құдайдың лайықтап қосқанын біліп отырады.

Келесі күні Абайды “Арғын апай” — Ақмайға түсіреді. Одан да қырғыз-қазақтың түрлі әдет-ғұрпын, тамашасын көреді. Абай Ақмай мен Ноғайбайдың баласы Илиястың бетінен сүйеді. Қыздарын алдына отырғызып, еркелетеді. Қысқасы, Абайды Ноғайбайдың балалары, аға, інілері кезек-кезек



таласып қонақ етеді. Сұлутөрдің жайлауында Абай бір-екі жеті жатып, ас-тойларды көріп, елдің сана-салтымен танысады.

— Ноқа жеріңіз де, еліңіз де тамаша. Байлық та, батырлық та, ақындық та халық арасында мол екен, бірақ, жастар оқусыз екен. Байлық көзі — оқу-білімде, олай болса балаларды оқыту керек, құнарлы жерге елді қоныстандыру керек. Оны орыс халқынан үйрену керек. Сіздерде үлгі аларлық мүмкіншілік көп көрінеді. Алматы мен Пішпек аралығында отырсыздар.

Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған... —

деген кезде Ноғайбай басын изеп мақұлдапты.

Сонымен Абай еліне қайтуға рұқсат сұрайды. Арғын апай өзі де Алматыға шейін шығарып салмақ болады. Ноғайбай да қалаға жүрмек. Топтан таңдап торы жорғаны ерттеп Абайға мінгізеді. Әсел бәйбіше бұлғын ішік жабады, екі жолдасына да шапан кигізеді. Қасқараудың жақсымын деп жүрген адамдары түгел Абайды Еркебайдың аулына дейін шығарып салады. Жұлқынып тұрған арғымақтар қара жолды бүрқыратып Ноғайбай мен Абайды, Мерқасым мен Әпсеметті, Ақмай мен Мерқасымның әйелін Алматыға қарай ала жөнеледі.

Қырғыз-қазақтың Абайды көргендері “шіркін-ай туса туғандай-ақ екен!” десіп, таңдай қағып қала береді. Осы кездесудің ішінде болған менің ұстаз ағаларым: Еркебай Базарұлы, Сарбас Майкөтұлы, Сәрсебай Билібайұлы, Шәжіке Оспанұлы, Төкен Байғұттыұлы, Сәміл Түлкібайұлы тағы бірқатары осылай әңгіме етуші еді.

Абай қалаға келген соң үш күннен кейін аттанбақ болады. Разы болғандай, Ноғайбай сыйына көңілі толғандай түрі бар. Тағы да сәлем-сауқаттар беріп Ноғайбай мен Ақмай бастаған топ жік-жапар болып жатыр. Қаладағы арғындар келіп бәрі шығарып салады.



Абай аттанарында Ноғайбайдың қолын алып тұрып:

— Алатау асқар бел екен, үйсін атты ел екен, етек-жеңі кең екен, алма, жеміс көп екен. Сүлүтөр құтты жер екен, елден-елдің кемі жоқ, Қасқараудың көңілі, Тобықтыдай кең екен. Ерден ердің кемі жоқ, Ноғайбай да ер екен. Бақытты бопсыз Ақмайым, келген жерің күт екен. Артық деп те кетер ем, ел намысы дер екен. Қош, сау болғын ер Ноқа, кіре берсін берекең, — деп тақпақтай сөйлеп кетіпті.

— Рақмет Абайжан, — дейді сонда Ноғайбай шешіле сөйлеп, — ел бағына туған ер екенсің, ақылың дәрия көл екенсің. Көпке бірдей күн болып туған үл екенсің. Бір ауылға ғана болысатын кісі көрінбейсің, бүкіл ел қамын ойлайтын қамқор дана көрінесің. Орысша да, мұсылманша да білімің зор екен. Менде Жетісудағы елге атым бар, азды-көпті хатым бар. Бірақ, оқымаған адаммын. Патшамен орыс тілінде еркін сөйлесе алмайтыным арман болды. Абайжан, сөге жамандама, әкең Құнанбайға, еліңе сәлем айт, — деді.

— Абайжан, ойыма мына бір әңгіме түсіп тұр, тыңдашы асықпай, —депті тағы да Ноғайбай. Өскенбайға ас беріп, ат шабамыз деп үш жүзге сауын айтқанда, менің ағам Мәдияр деген он жолдасымен, бұл Жетісуда жарыстың алдын бермеген Тақыргер деген атты алып барыпты. Сонда Құнанбай бір сайыпкерін жіберіп, Алатаудан келген атты сынап келші депті. Ол сыншы тор төбелді көріп Үйсіннің аты бір күн тынықса алдымен келеді депті. Сонда Қүнекең уағдалы күнге қаратпай, аттарды алысқа айдатып, бәйгені әділетсіздікпен өзі алады. Онымен тұрмай, үйсіндердің аты қалып қойды, енді Алатауға не деп барасыздар деп әжуалапты. Сонда Мәдияр:

Жарығы бірдей түсер күн мен айдың,

Әбіләз қызын алған Жамантайдың.

Көзі соқыр деуші еді Құнанбайдың,

Көңілі де соқыр екен, үялмайтын.

Үш жүзге әділ болған әз Төле би,



Өтеген тұқымы едім, Малдыбайдың,
Тор төбелдің бәйгесі ердің құны,
Ақымызды жегізбес бір құдайым... — депті.

Мәдиярдың сөзіне Құнанбай ыза болғанымен,
Алшынбай, Қаратай деген кісілер:

— Қой, Құнанбай мырза, — деп тоқтау айтып,
Мәдиярды Өскенбайдың үйіне түсіріп ат шапан
бергізіпті. Аттың бірінші бәйгесін, түйе, құндыз,
тайтұяқ, көп малды Құнанбай бермей қойыпты. Сол
Мәдияр айтқандай, Абай шырағым, “Ат құнына, нар
пұлына” деген, Ақмай келді, ақымыз төленді, — деп
әзілдепті. Сонда Абай кейпі бұзылмапты. Өз ойын
саралай айтыпты.

— Ноқа, жезделік әзілді желеулетіп көкейтесті сөзді
айттыңыз-ау! Әкемнің осындай қылықтары алдымнан
әрқашан шығады. Аға баласы Үйсін аталарыңыз екі
інісін еркелетіп “сен дауға бар, сен жауға бар, бізге
қауға бер” депті ғой, не қыл дейсің маған, — деп
күліпті. Қоштасқалы тұрғандар да қоштап, күледі.

— Жарайсың, Абайжан, — деп Ноқаң оны
құшақтап сүйеді. Қош бол, Арқадағы елге сәлем деп
барлық қаладағы жегжат-жұрағаттар тұрады. Арғын
апай сыңсып қала береді. Абай аттанып кетті. Көп
ойланып, көп толғанып кетті.

Ноғайбай жүрген жерінде Абайды мақтап, үлгі
тұтып өтіпті. Шіркіннің жаратылысы бөлек, терең,
түпсіз дария ғой деп отырады екен.

Жігіт бол, сегіз қырлы қырық бұраудай,
Жігіт бол, ауыр мінез май сылаудай.
Желдетпей, борандатпай, бұршақтатпай,
Сыздап өт дұшпандардан бозқыраудай.

НОҒАЙБАЙ МЕН ШӘБДАН

Ноғайбай мен қырғыз Шәбдан манап бірін-бірі
сырттай естігені болмаса, кездеспеген екен. Жастары
да қатар, аттары ел арасына жайылып қалған бұл



екеуі Бішкек базарында кездесіп қалып, амандасады. Қастарындағы жолдастары екеуінің үлгілі істерін көруге құмарланып тұрады.

Сонда Шәбдан көп сөйлеп кетеді. Ноғайбай оны “көп сөз — көбік, аз сөз — ақық” деп қағыта келіп, тоқтатып тастайды да, өзі судай ағып, хан базардың ортасында ат үстінде жұртты аузына қаратып тұрады. Шәбдан “пәлі” деп қояды. Бір кезде Ноқаңның көзі Шәбданның астындағы атына түседі. Мойны оқтаудай, сауры тақтайдай, тұла бойы қыздың тіккен кестесіндей теңбіл-теңбіл, қылыш құйрық, төрт аяғы да ала аяқ, құлағы тас төбесінде қамыстың қияғындай қасқа шұбар ат басын шұлғып, көздің жауын алып барады. Ноғайбай сөзді Шәбданға аударып: “Бір көрген біліс, екі көрген таныс” деген, мынау атыңа көзім түсіп, көңілім кетіп тұр, — депті.

Шәбдан сөзге келмей аттан түсіп, ала ғой дейді. Бішкектің тәуір бір асханасында бәрі тамақтанып бірін-бірі құда-доспыз демей-ақ, екі жақсы екі жаққа аттанып кетеді.

Тағы да бірде Шәбдан Алматыдағы жандаралға келіп, кешке қарай бір топ манаптармен аспазда қымыз ішіп отырғанда үстіне Ноғайбай кіріп келеді. Оның артынан Алматыда дүкен ұстайтын Ысқақбай көпес келіп Шәбданға сәлем береді де:

— Батыр Шәбдан, Алматыға бірінші келіп отырсыз, сол үшін мынау сізге сый-сияпат, үш киімдік қытайдан алып келген асыл еді, — деп сыпайгершілікпен алдына қояды. — Оның үстіне есік-төрді көрмеп едіңіз, қонаққа шақыра келдім, — депті тағы да. Шәбдан басын иіп, рақмет деп, қасындағы манаптарға бұрылады. Сол кезде Ноғайбай Шәбданның алдындағы жаңағы заттарды өзіне қарай тарта береді. Қырғыздар шу ете қалады. Сонда Ноғайбай:

— Ау, қырғыз туыстар, мұнша неге ұзақ қарғаша шуылдадыңдар? Қазаққа олжа келсе қырғызға



байланады, қырғызға олжа келсе қазаққа байланады емес пе? Бұл кездеме пайғамбардың мәуіті тоны дейсіз бе? — депті. Шәбдан де:

— Сөз-ақ екен, алсын-алсын — деп, отырып қалыпты. Сөйтіп, үш жүз сомдық асылды Ноғайбай алып кеткенде қырғыздың манаптары:

— Батыр-ау, қасыңызда еріп жүрген біз де құр қалдық-ау, — десіпті. Сонда Шәбдан күліп:

— Өздеріңізге мәлім, қыздың қалың малына татитындай атымды ер-тұрманымен бердім, бір сөзге келмей бүгінгі асыл кездемелерді де бердім. Өйткені, Ноғайбай менің қадірлі замандас досым. Ол менің бірауыз сөзімді екі қылмайды. “Ердің көңілін сақта, лебізін сатпа” деген, Ноғайбай бір ғана қазақ емес қырғызға да әйгілі, шешен кісі. Бұл Жетісудағы қазақтардың арасында Ноғайбайдан асатын адам баласы жоқтың қасы. Ол алғыс айтса атқан таңдай, қарғыс айтса қара түндей қылады. Менің шенім шоң, Ноғайбайдың шешендігі шоң, — дейді.

...Бір жолы қазақ-қырғыз бас қосқан үлкен той болады. Шәбдан қырық кісімен осы тойға келе жатып:

— Ал, манаптар, құдай қаласа, осы жолы Сүлутөрдегі Ноғайбайдың аулына барамыз. Үйін де, елін де, жерін де көреміз, — дейді. Олар Табақтан өтіп Қарақоңырға қонады. Шәбданның қасында жыршысы Қалмырза, күйшісі Мұратәлі бар, қырық адамның отызы манаптар, қалғандары атқосшысы болады. Шәбдандар елден ерекше сән-салтанат құрып, сырнайлатып келеді. Көк майса жайлауда қымыз ішіп, желігіп жатқан ел сырнай мен қобыз даусын тамашалап, батыр Шәбданның жүрісіне таңырқай қарайды.

Сүлутөрдегі Ноғайбай аулына жақындағанда Шәбдан Ноғайбайға бір жігітті шаптырып жібереді. Ол жігіт атын тебіндетіп келіп төбеде отырған Ноғайбайға анадайдан аттан түсіп, қол қусырып сәлем береді.



— Иә, бала, қайдан келесің? — дегенде, жігіт:

— Батыр келе жатыр, сізге хабар айт деп жіберді, — дейді.

— Қанша кісі?

— Қырық кісі. Шәбдан батыр бастаған Сауранбай, Құрыш, Алақұдыс, Шоқа тағы бірқатар манаптары бар.

Ноғайбай айылын жиған да жоқ, өзінің әдеті бойынша ауылдың қасындағы көк майса төбеде жұпар аңқыған Сүлүтөрдің шөбін иіскеп отыра береді.

Сәлден соң ауылдан балаларын шақыртып алады.

— Қырғыздар қыр көрсетіп келе жатыр дейді. Онша елпектемей, аттарын қалмақша байлап, баяу амандасып отырыңдар. Осы жолы қазақтарды дауға жығып, сынға салғалы кеуделерін көтеріп келе жатқан көрінеді. Шәбдан тұрғанда жан бетіне қарамайды деп келе жатқан шығар. Сесі қайтсын, екпіні басылсын. Менің ыңғайыма қарай қимылдандар, — деп қояды.

Шәбдан өзі батыр, өзі сақы, мырза, жомарт адам. Орта бойлы, бетінен қаны тамғандай қызыл шырайлы кісі екен. Екі иығында шені жарқырап қырық кісінің алдында келе жатады. Басқалары қаз-қатар ат құлағын теңестіріп келеді. Аттары ылғи жорға. Ақ қалпақ, жұқа шапан киген, сырнайшысы нақ ортада сырнайлатып келеді. Олар қырда отырған адамдарға қарай тура жүреді.

Жігіттер алдарынан шығып, қолтықтап аттан түсіреді. Ноғайбай Шәбданмен құшақ жайып сәлемдеседі де, басқаларымен жай ғана амандасады. Олар амандасып, ел жағдайы, шаруа жайын сұрастырып, төбе басында біраз отырысып қалады. Шәбданның ойына ешнәрсе келмесе де, ат қағып шөлдеп келген манаптар жалтақтап ауыл жаққа қарай береді.

Салтанатты ақ үйлерді, дүдегелі мама ағаштарды, байлаулы биелерді көріп ауыздары кеберсіп отыр.



Ноғайбайды сыртта көретін екен, батырды тақыр жерге отырғызып қойды, сыйламады, қу дегені рас-ау деймін деп, шыдай алмай күбірлесіп отырысты. Бір-екі сағаттай өткен соң Ноғайбай:

— Ал батыр, сіз Әселге түсіңіз, жыршылар мен Сауранбай Ақмайға барсын, Ақырғайға Алақұс барсын, Күршібекке Құрыш барсын, Белқожаға Шолпанқұл барсын, Әлімқожаға Шоқа манап барсын, Өзбекке Бәйек манап қонсын... — деп қырық кісіні бес-бестен өзінің әйелдері мен балаларының үйлеріне түсіреді. Қонақасыға кепе, бағландарды, қысырдың тайларын сойды.

Олар көк майсалы, мөлдір бұлақты Сүлутөрде жатып, Сарбас ақынды, жыршы, күйшілерді тыңдап, тынығып жырғады. Әйелдердің үлгі-өнегесін, тамақ берген тәртібін, көркін көріп, бал қымыз, күрең шайын ішіп, үй жиһазын, салтанат-сәулетін тамашалайды. Ноғайбайдың келін балаларының әдеп ибадатын, адамгершілігін, сынайы-сынықтығын, тәлім-тәрбиелігін көріп таңғалады.

Ноғайбайдың өзбектен де, татардан да, орыстан да, қырғыздан да келіндері бар. Соларды көріп, олардың тіршіліктеріне дән риза болды. Нұқаңның басқа үйлеріне қонған қонақтар Әсел бәйбішенің үйінен дәм татамыз деп, күндіз Әселге келеді. Қонақтар қанша күн жатса да, сый-сияпаттары күннен-күнге асып түседі. Ешкім де сыр алдырып, сыбыс білдірер емес. Қонақтар разы. Қырғыздар бұрын айтып жүрген сөздерінен қайтып, енді ауыз ашпайтындай болады.

Әсел күн-түн демей қонақтарға қырық шапан, қырық тақия дайындайды. Үш күннен кейін олар жүрмек болады. Барлығы келіп Әселдің үйінен дәм татып, қоштасып шығады. Шәбданға ер-тұрманымен келісті ат мінгізіп, бұлғын ішік жабады. Басқа он манапқа және ақын, жыршы, күйшілерге ат мінгізіп, шапан жабады. Қалғандарына орамал, тақия, әйтеуір



ешқайсысын да құры қайтармайды. Қосшының сыбағасына жолын береді. Осы сый-сияпаттың бәрін де бүкіл ауыл болып көтеріп кетті.

— Ата Ноғайбекке тіл тигізіп жүрген біздерде де ұят жоқ екен, — дейді олар. Шәбдан батырдың төбесі көкке жеткендей болды. Міне, Ноғайбай қандай адам десті бәрі.

ШӨЖЕ МЕН НОҒАЙБАЙ

Атақты Шөже ақын жолдағы елді аралай-аралай, Бетпақдаланы басып өтіп, Байқара, Жамбыл адырларын асып өтіп, Сұлтүрдегі Ноғайбайдың аулына ат басын тірейді. Әдеттегідей, Ноғайбай көп адамдармен төбенің басында отырған екен, жол жүріп, шаршаған Шөже келіпті. Жұрт кезек-кезек сәлемдесіп, қол беріп амандасады. Бірталай кісілерден кейін Ноғайбай келіп Шөженің қолын алып еді, Шөже оның қолын жібермей қысып тұрып, әндете бастапты:

Кейбіреу тілге жүйрік, бақ тимеген,
Кейбіреудің бағы зор үндемеген.
Қол бергеннен таныдым Ноғайбайды,
Тізгіннен басқа ешбір дақ тимеген.
Құдайым, бұл Шөженің көзін алған,
Көзін алып көңіліне өлең салған.
Арғы атаң арғымақтай Малдыбай би,
Басындай Алатаудың бұлт шалған.
Сен шықтың Қасқараудан Ноғайбай боп,
Аруағың қалың орман, тоғайдай боп.
Қырық жылғы қырсыққан дауға барсаң,
Бір сөзіңмен бітеді оңайдай боп.

Сонда жұрт шулап, “рас, Шөжеке, Ноқаң дәл өзіңіз қолын ұстап тұрған кісі” десті. Ноғайбай Шөжені бірекі ай жатқызып, өте ықыласпен сыйлапты.

Ноғайбай ақындардың бәрін шетінен сүйе бермеген кісі деседі. Ол кейбір ақындарға кемшілігін бетіне



айтып: “Иә, қызыл иек ақынсымақтар, бергенді мақтап, бермегенді даттап қайдан жүрсің?” — дейді екен.

Ал, Шөжеге ықыласы ауып, Әсел бәйбішеге киім тіккізіп, таза киіндіріп, жақсы күткізіп, ат, түйе беріп аттандырыпты. Шөже ақын разы болып аттанған соң ел:

— Ноқа-ау, ақындарды аса қаламаушы едіңіз, Шөжені сонша қадірледіңіз ғой, — дегенде, Ноғайбай:

— Ақын деп Шөжені айт, шешен деп Бөлтірікті айт, батыр деп Сыпатайды айт, — деген екен.

* * *

Немерелері жақында ғана дүние салған қайғылы Ноғайбай мен Әселге бір диханшы шаруа замандасы келіп, көңіл айтамын деп жаңылып:

— Иә, Ноқа, ұлыңыз “орымға”, қызыңыз қырымға кетсін, — депті. Әсел:

— Не дейді, ойбай, мынау? Аулақ, жағың қарысқыр, — дегенде әлгі кісі не қыларын білмей, қатты ұялып қалады. Сонда Ноғайбай:

— Олай деме, Әселжан, “жаңылғанға жазық жоқ” дегендей, айтқаны келсін. Ұлымыздың аты Ұрымға, қызымыздың аты Қырымға жайылады екен депті. Қуанған шаруа “құлдық” деп, ертеңіне екі қап тары әкеліпті.

* * *

Ноғайбайдың болыс кезінде де балалығы қалмапты. Бір күні оның жас балалармен асық ойнап жатқанын көрген Кебекбай, Керім, Қарабай деген үлкен кісілер келіп:

— Ау, Ноғайбай, мұның қалай? Болыс атың бар емес пе, балалармен асық ойнап... — дейді. Сонда Ноғайбай:



“Жастық дәуірді көрілікке зая қылма,
Көрілік дәуірді жастыққа зая қылма”, —
деп жауап береді.

* * *

Кебекбай мен Ноғайбай Алматыда біраз уақыт жүріп, ауылға бірге қайтыпты. Ауылдары Сұлутөрте, жайлау мезгілі екен. Ноғайбай:

— Кебеке, сіз Әселді, мен Былғары жеңгейді түнде барып бір сынасақ қайтеді, — деп қуланады. Сонда Кебекең:

Қой, Ноғайбай,
Нәпсі деген пәледүр,
Жанған отқа саладүр.
Өз нәпсің қандай болса,
Кісі нәпсісі де сондай, —

деген екен.

* * *

Кебекбай болыс болған жылы ел жұтапты. Кебекеңді сөйлету үшін Ноғайбай жанына тигізе әзілдейді.

— Кебеке-ау, тізеңіз елге, “майдай жақты-ау” деймін осы, Ақыш болыс елді жұтатып тынып еді, — дегенде, Кебекбай:

— Сырымбет Сырға ауғанда, Баба қайың сауғанда да мен болыс болған ба едім?— депті. Ноғайбай күліп:

— Бәсе, Кебеке, сөз табасыз-ау, — деген екен.

НОҒАЙБАЙДЫ АЛҒАШ КӨРГЕНІМ

Көкшолаққа мініп Талдыбұлақта өтіп жатқан бір жиынға балалармен бірге мен де келдім. “Көкшолақ”, “Бозторғай” деген әндерімді айтып, ауылда жүрген он бестер шамасындағы кезім.

Ноғайбай келе жатыр деп, жұрт дүркірей жүгірді. Атағын үлкендерден естіп жүрген біздер де көрейік деп шауып келдік. Даяшылар алдынан шығып күтіп тұр.



Көп тобыр Күнгейдегі Жамбасжолмен сырнайлатып келеді. Ең алдында торы арғымаққа мінген Ноғайбай келеді. Қолына қызыл тобылғы шыбық ұстаған, үстінде таутеке ішігі бар, сексеннен асқан кезі екен. Атқа отырғаны қырық елулердегі адамдай, көзі өткір кісі екен, жалт қарағанда өңменіңнен өтіп кетердей. Даяшылар елді тоқтатып, тәртіпке шақырмаса, Нұқанды бас салып әурелейтін түрі бар. Ақатай деген болыс Нұқанның алтын қолын, алтынмен ұстап көрісемін деп келіп, он сомдық екі алтын ақшаны алақанына салып, қолын алып, құшақтасқаны, бүгінгідей көз алдымда. Батасы жалғыз ауыз сөз:

— Ісің жүзеге асын, — деп қояды екен.

Ноғайбайдың мекені — Ырғайты өзені, қыстауы — Қарашоқы. Қарасуда Ноғайбайдың күмбезі бар. Тұқымдары әлі де сол Сүлүтөрді мекендейді.

БӨЛТІРІК

Бөлтірік Ысты елінен шыққан ақын, шешен, әрі батыр. Өз қатарында ешкімнен жеңілмеген “Жеті жарғы” атанған кісі. “Жеті жарғы” деген сөз жеті тосқауылдан сүрінбей өтетін тұлпарды осылай бағалаған.

Бөлтірік орта бойлы, ашаң жүзді, селдір сақалды, жедел жүрісті, өткір көзді, сөзді табан астында тауып айтатын тапқыр болған. Оның батырлығы, ақындығы, шешендігі жайында ел арасында аңыз аз емес.

* * *

Сыпатай елінде ыстылардың бір жесір дауы болады. Әділдік сұрап барған шаруаларды олар маңайына жолатпайды. Екі-үш ретке дейін барған адамды кісі орнына көрмеген соң Бөлтірік Сыпатайға өзі келіпті:



— Ау, Сыпатай батыр, Дулат Ай болса, Ысты Үркер емес пе еді, туыс пен туыс түгіл, ай мен үркер де бір тоғысады ғой — дегенде, Сыпатай елін жиып:

— Мынау Бөлтірік дұрыс айтады. Ысты, Дулат бәрі бір атаның баласы. Дауды қойыңдар. Жесірін беріңдер, — депті.

* * *

Бәйтеке батыр мен Бөлтірік шешен бір топта бас қосып әңгімелесіп отырғанда Бәйтеке “а, құдай” дей беріпті. Сонда Бөлтірік:

— Қайта-қайта “а, құдай” дей бересің батырым, сені жау шабар дейсің бе? — дегенде, отырған жұрт ду күледі. Сөйтсе, бұл Бәйтекеңнің патшадан шен алып келіп, деміне нан пісіп тұрған шағы екен.

Осыдан кейін Бәйтеке “маған енді пәле-жала жоламайды” дегенді әр жерде айта беретін болыпты. Бір кездесіп қалғанда Бөлтірік оған:

— Пәле қайда деме, батыр? Құдай қырына алса, пәле деген аяқ астында емес пе? — дейді.

— Әй, Бөлтірік-ай, сен не білесің, — деп оны тыңдағысы келмейді. Бөлтірік далаға шығып, Бәйтекеңнің мініп жүрген қара қасқа арғымағына қарап тұрса, ол аузын ашып есіней қояды. Бөлтіріктің көзі арғымақтың таңдайындағы бармақтай қалды шалып қалады. Ол жігіттеріне бұл байқағанын айтып, Бәйтекеңнің бетін бір қайтарайық дейді. Бөлтірік сол жерде тұрып:

— Құнан күнінде жоғалтқан арғымағымды танып тұрмын, — деп көптің көзінше арғымақтың мойнынан құшақтап, ер тоқымын сыпыртып, бір жігітіне жетектетіп жібереді. Мұны көрген Бәйтеке ашуланып айқай салады. Жанжалды жерге жұрт жиналып қалады. Жасауылдар, би-болыстар араға түсіп, жанжалды тоқтатпақ болады.

— Бөлтірік, өзіңіз елден асқан шешен едіңіз, турасына көшіңіз!



— Бәйтеке, өзіңіз батырсыз, патшадан шен-шекпен алған атақты, қадірлі адамсыз, шындықты айтыңыз. Бір тай үшін араларыңыз ашылмасын, ұят болады, — десті билер.

Бәйтеке:

— “Өз басыңа дау келсе, шешендігің зая, өз аулыңа жау тисе, батырлығың зая” деген. Қара қасқа өзімнің қолдан туғызған төл малым. Сенбесеңдер енесі де, атасы да бар, — дегенде тыңдаған көпшілік дұрыс депті.

Енді Бөлтірік:

— Менің көп айтарым жоқ, қолымнан құнан шығар жылы ұры әкеткен. Айдан анық белгісі бар, таңдайында бармақ басындай қалы болатын. Нанбасаңыздар аузын ашып көріңіздер, — депті.

Төрешілер арғымақтың аузын ашса, шындығында таңдайында бармақ басындай қалды көреді.

Олар ат Бөлтіріктікі деп шешеді. Бәйтеке батыр жерге қарап отырып қалады. Бәйтеке батырды Бөлтірік дауға жықты деген лақап ел арасына жайылып кетеді. Батыр Бәйтеке аулына бара, елге араласпай ызадан жатып қалады.

Бөлтірік шешен екі ай өткен соң Қасабек пен Кебекбайды ертіп қара қасқа арғымақты ала-мала Бәйтекеге келіп былай депті.

Басқа пәле тілден,
Бетің қайтпаған менен.
Маған айтқаныңды білесің бе,
Сөзіме құлақ ілесің бе?
Қара арғымағыңды алып келдім,
Кебекбай мен Қасабекті салып келдім,
Бәйтеке батыр, тәубе қыл!
Асқынба, көпке ізет қыл! —

деп, арғымағын өзіне қайтарып беріпті.



Бөлтірік бір жазда Тезек төренің үйіне барып қонақ болады. Бөлтіріктің сыртынан даңқын естіп жүрген төре шын ықыласымен күтіп оның әр сырлы әңгімесін тыңдайды. Әр қырлы сөзге салып сынайды. Ілгеріде қалмақтың бір әйгілі адамының Бөлтірікті “құс көмей шешен екен, бұл жеті тосқауылдан сүрінбейтін “жеті жарғы” дегенін өз құлағымен естіген Тезек, көп сынайды, жіті байқап отырады.

Бір кезде Тезек:

— Бөлтірігім, Ысты қанша ел болады? — депті. Сонда Бөлтірік:

— Ысты аз болса, Дулаттан ғана аз шығар. Бірақ, алпыс үйлі Төреден аз емес қой, — депті.

Тағы бірде Тезек:

— Бөлтірігім, біздің үйдің дәмі қандай екен? — десе, Бөлтірік:

— Төрем, сіздің үйдің дәмінен елдің көз жасының соруы татып тұр ғой, — депті. Тезек төре:

— Бөлтеке, енді кермеде тұрған атымды сынап берші, — дейді. Сонда Бөлтірік:

— Бұл ат өз жылқыңның тұқымынан емес қой, қайдан келген жануар өзі? Ыстыдағы Таздар елінің жылқылары ылғи осындай құлан мойын, қара көк болушы еді, — деп қояды. Мұнысы — Тезек төренің ана бір жылы Таздардан бір үйір жылқы айдатып алғанын еске салу еді. Шыдамы кеткен Тезек:

— Оны қозғамаңыз, ол әлдеқашан сіңісіп кеткен жылқы ғой, — депті. Уәжден ұтыла берген Тезек:

— Япырай, басым ауырып тұрғаны, — дегенде, Бөлтірік:

— Құдай сақтай гөр, төре баласы мен түйе баласы басы қисайса мал болмаушы еді — дегенде, Тезек:

— Шіркін-ай, қазақтан сендей сөз тапқыш туа берер ме екен, — деп басын шайқап күліпті.



БЕРДІБЕК

Аманның кіші әйелі Мөлкеден Бердібек, Мықтыбек туады. Бердібек күйші, тапқыр шешен, сері, батыр жігіт болған. Ақындықтан да құр емес, сегіз қырлы, бір сырлы Жетісудағы елге атағы жайылған кісі екен. Бай-манаптарға өш, молдаларға қарсы, ораза намазды білмеген, жайнамазға басы тимеген, тапқанын ішіп жеп, жақсы ат, жақсы киім киіп, өмірі сауық-сайранмен өткен деседі. Мұнысын өзі де мойындап:

Бір күнде байлауға жіп таппаймын,
Бір күнде ертерге ит таппаймын... —

дейді екен.

Сол Бердібек бір байдан бес ешкі сауын алады. Бірер жылдан кейін мал иесі бес ешкісін алғалы келіп отырып: “Менің әр ешкім егіз лағымен қанша болады өзі?” — деп қалады. Сонда Бердібек:

Ау, Қоқамбай, Қоқамбай,
Ешкі бар ма қотанда-ай?
Жамбас жолдың басынан,
Аспан қораның тасынан,
Ешкіңнің біреуі құлап өлді,
Екіншісі соның аяғын құшты,
Үшіншісі суыққа қатты,
Төртіншісі балшыққа батты,
Қалғаны баққан ақыма жатты,
Сонда Қоқамбайға не қапты?—

деп жауап беріпті.

* * *

Бердібек бір топ жолдастарымен Арғын, Найман елінен шығып, Топардағы бір ауылға түстенгелі келсе, әлгі бай ауылы ешбір сый мезірет көрсетпепті. Әлгі байдың ауылында неше жылдан бері сал болып ауырып жатқан бір жігіт барын бұрыннан естіген ол:



— “Сендер аяңдап жүре беріңдер, бірің маған еріңдер, мен бір амал жасап көрейін” дейді де, Бердібек әлгі ауру жігіттің үйіне келеді. Сал жігіт:

— “Қырықтың бірі қыдыр” деуші еді, тамыр ұстап көретіндеріңіз бар ма? — дейді. Бердібек:

— Иә, шырағым, бар, мен тәуіппін, — деп жігіттің тамырын ұстайды. Ауруың асқынған екен деп, ол домбырасын қолына алып бақсылардың сарынымен неше түрлі әнге басып жындарын шақырған болады.

— Ата-бабам Дулат, Домалақ анам қолда, — деп үшкіреді. Ту сары ешкі табыңыз, ауыл тегіс жиналсын, — дейді. Дереу ешкі әкелінеді. Оны сойып өкпесін Бердібекке береді. Ол ауру жігітті өкпемен қағады. Бердібек айтқандай сары ешкінің ішек қарнына дейін асқызып, бір меске салғызып, суға ағызып жібереді. Содан кейін бақсы болып, зікір салып, ойнап жүріп, ертіп әкелген серігіне былай дейді:

— “Ешкінің еті суға кетті. Кет, пәлекет кет! Аналарға жет-жет! Ет ағып кетпей хабар ет-ет. Кет, деген соң кет, тезірек барып жет-жет!” — дейді. Мұны түсіне қойған серігі жолсоқты болып, ашығып келе жатқан жігіттеріне жетіп, етті судан тосып алып, жырғап қалған екен дейді.

* * *

Бердібек Қотан төренің аулында күй тартып, өлең айтып, сауық құрып жатады. Төренің тоқалы сұлу екен.

Ау, Ибагүл, Ибагүл,
Ер серісі мен едім,
Әйел серісі сен едің.
Әйелім өліп аңырап,
Алты қанат үйім тұр.
Базардан алған бүлделі,
Асыл таза бұйым тұр.
Желіні сыздап сауусыз,
Боз іңгенім тағы тұр.
Тоқалдықты тасташы,



Бір жақсылық басташы,
Маған жар боп қашсаңшы... —
дегенде Ибагүл:

— Бердібек, жарайды, төреде тоқал атанып жүргенше, саған барайын. Бір жұмадан кейін кел, — деп белгі береді. Бердібек еліне келіп, ағайындарын жинап:

— Мені төренің тоқалынан ұялтпаңдар, ақ отау тігіп, жабдық жасап қойыңдар, — дейді. Ағайындары мақұлдап біреуі үзік, біреуі туырлық, түскиіз, текемет, енді бірі көрпе, жастықтар әкеліп, үйді жайнатып қояды. Біреуі қозылы қой, біреуі боталы іңген береді. Бердібек ағайындарына разы болып: “Төренің тоқалы үйір болғанша заттарыңды алмаңдар, ауыздарыңа ие болыңдар. Құрастырып үй тігіп, мал бердік деп айтпаңдар. Балалы болған соң, құттықтаумен желеулеп өздеріңе бәрін де қайтарамын”, — дейді.

Бердібек Ибагүл сұлуды уағдалы күні алып қашып келеді. Той болады, жасауға Ибагүлдің көңілі толады. Төрелер қуып келіп түк шығара алмай қайтады. Екі көңіл жарасады. Ел аузында сөз тұра ма? Жүре келе Ибагүл сұлу Бердібектің айналасын біледі. Мейлі, айналасын тапқан азаматқа мін болмас деп, ағайынның заттарын қайтарып береді. Оған құр қаңқайған төренің ақ ордасынан, Бердібектің қара лашығы артық көрінеді. Күнде той, күнде жиын тату-тәтті өмір сүреді.

* * *

Қырғыз Бәйтек батырдың үйіне қазақ Бейімбет батыр келіп екеуі әңгіме-дүкен құрып отырғанда, олардың үстіне Бердібек келеді. Бәйтек сөзінің қалыс-шалыс жерлерін байқап отырған Бердібек олардың сөздерін бөліп, арадан киіп кетіп отырады. Үлкендер сөйлегенде басқалар сөйлемейтін әдет бар ғой. Бәйтек батыр Бердібекке алара қарап:

— Ата қоқи, Бейімбет-ау, мынауың кім өзі, сөзді бөле берді ғой, — депті. Сонда Бердібек:



Сөз иіні келгенде,
Сөйлетпейтін кім едің?
Дау қиыны келгенде,
Билетпейтін кім едің?
Осы үйде Бейімбет,
Бар деген соң кеп едім.
Сөзінде бір түйін жоқ,
Бәйтек батыр сен едің.
Айтар сөзім жүйелі,
Жүрер жолым киелі,
Бердібегің мен едім... —

деп термелей жөнеліпті. Батыр Бәйтек сөз таппай отырып қалыпты.

— Айналайын Бердібек, осы сөзді елге айта көрме? Мен болсам бір рулы елдің Бәйтекесі болған едім. Жылда соғым беріп тұрайын, — деп жалынып, атшапан айыбын тартыпты. Бейімбет батыр қарқ-қарқ күліп:

— Бәйтегім, пәледен құтыла алмай, ақырында жығылдың ба? — деген екен.

* * *

Бердібек “Аспанқора” деген тауда күй тартып отырса, кешке жақын сай аузынан бір топ аттылар шыға келеді. Ішінен қара арғымаққа мінген Сәтті танып, қасындағыларға:

— Ау, жігіттер, анадағы біз айдап келген тоғыз жылқы осылардыкі болды. Анау ұзын бойлы, қара мұртты, өзі мықты Сәт деген. Атын байлаңдар, сыйын сайлаңдар, аттарының семізін жайғаңдар, — депті. Сонан соң Бердібек тау етегіндегі үйіне келіп, олардың алдынан шығады. Сәлем беріп атынан түсіріп үйіне кіргізеді. Бердібек:

— Сәт шырақ, қарақұрым үйім бар, өзің сықылды биім бар, кей күні ілестірер ит таппай, байлауға жіп таппайтын ағаң — осы.



Ол Сәтке жақындай түсіп тағы да:

— Бұл қараша үй, қара да болса тамаша үй, тыңдай білсең іші толған жыр мен күй. Өнерге даңғыл Бердібек деген ағаң бұл. Соярға мал жоқ, саларға нан жоқ. Әй қатын, қам қыл, сыйлайтын адам бұл, — деп қояды.

Сәт болыста үн жоқ, отырысты бәрі, нәр татпай, кеш батты, олар құр шаймен қатты, қараңғы түн боп, домбырадан басқа үн жоқ. Әлден уақытта жігіттер есіктен бір жылқыны көлденең тартып, бата сұрады, қонақ Сәт бата берді. Батаны байқамай қате берді. Ат сойылды, шай тағы қойылды. Қонақтар жата берді, күй-жырға бата берді. Жігіттер қара атты жақсылап жайғады, еті қазанда қайнады. Бір кезде сілесі қатып шаршаған қонақтарға мол табақ ет, қазы-қарта тартылды. Бердібек ас алдында тағы да бұй деді:

— Келген соң Сәт болыс, асықпай жат болыс, бұйымтай айт болыс. Атыңды сойдым, етіне тойғын. Төлеймін, Сәт батыр, алты күн жат батыр, ағаңның түз-дәмін осылай тат батыр. Қас арланды атсаң қаңқ етпейді, мысық жүрісі тық етпейді, нар бық етпейді.

Сәт үндемеді, Бердібекті тілдемеді. Ол да мәрт екен. Қурап жатқанша турап жатайық деп тоғыз құмалақ, қарта ойнап жата берді. Бердібек алты күнде байлардың бір үйір жылқысын айдап келді. Сөйтіп Сәт жігіттеріне бір-бір ат жетектетті. Қара арғымақтың орнына күрең қасқа арғымақ берді. Сәт Бердібектің ерлігіне разы болды. Сәттің қасындағылар:

— Ұры да осындай болады екен-ау, — деп таңғалысты. Сонда Сәт:

— Бердібек ұры емес, батыр, тілінен бал тамған ақын, ондай сері өмірде өте сирек кездеседі, — депті.

* * *

Бердібек өзінің ұрлығын, жағымсыз қылығын сезіп қойып, ұрса берген әрі туысы, әрі ағасы Кебекбай



шешенді атып өлтірем деп, оны Қопаның қалың қамысында үш күндей тосады. Кебекбай ол жермен жүрмей қояды. Күте-күте шаршаған Бердібек үйіне қайтып келеді. “Ел құлағы елу” деген, мұны естіген Кебекбай оған өзі барады. Бердібек оны қарсы алып, қой сойып күтеді. Сонда Кебекең сөз бастайды:

— Ау, Бердібек, мені атып өлтіремін депсің, жалғыз депсің. Мен төрт ағайындымын ғой, оған үрім-бұтағымды қоссаң бірталай ел емеспіз бе? — дейді. Сонда Бердібек тұрып:

— Сені атып өлтірсем, менің аулыма ат ізін кім салады? Менің ұрлық қылғанымды сенен басқасы таба алмайды, ізіме түсіп менен мал сұрап ала алмайды. Сен шешенсің, ділмарсың, білмейтінің жоқ. Сені жалғыз дегенім сол, — деп күліпті. Екі шешен ұзақ әңгімелеседі. Сөздің бір ыңғайы келгенде Кебекбай:

— Бердібек, сен тапқырсың, батырсың, ақынсың, шешенсің, күйшісің. Бойыңда бір-ақ мінің бар, ол — ұрлық қылатының. Сен енді ұрлығыңды қой. Ұрыда пәтуа, береке болмайды. Мен осыны сенен сұрайын деп келдім, — дейді.

Бердібек мақұл деп Қасқараудың атақты адамдарын жинайды. Бір малын сойып, елден бата алып, ұрлығын қояды. Қасқарау елі жүз қой, сауар бие, жүк артар түйе, мінер ат жиып береді.

* * *

Бір жиында Кебекбай Бердібекті түртіп қалып: “Сенің тілің батыл ғой, анау шоғырланып отырған Қасқараудың байларын сынап бір сөз айтып жіберші”, — дейді. Бердібек сонда байларға қарап:

Бай да жейді бір етті,
Кедей де жейді бір етті.
Әттең байдың қорлығы-ай,



Қаңтарда жейді сүр етті.
Бай да мінер бір атты,
Кедей де мінер бір атты.
Әттең, байдың қорлығы-ай,
Күнде мінер құр атты.
Бай да қымыз ішеді,
Кедей де қымыз ішеді.
Әттең, байдың қорлығы-ай,
Болып-толып іседі.
Байлардың да үйі бар,
Кедейдің де үйі бар,
Әттең, байдың қорлығы-ай,
Жанға жайлы күйі бар.
Байлар тойда жүреді,
Кедей қойда жүреді.
Әттең, байдың қорлығы-ай,
Озбырлығы ойда жүреді.
Байлар киер жаққанын,
Кедей киер тапқанын.
Әттең, байдың қорлығы-ай,
Еңбегін білмес баққанның... —

деп термелей жөнеліпті.

* * *

Шудан өтіп Бердібек қырғызға бара жатқанда жолда домбыраның даусын естиді. Сөйтсе, Майбұлақты өрлеп Байсерке күйші күй тартып барады екен. Оны көрген Бердібек бір топ кісі қасында қуа келіп сәлем берсе, Байсерке сәлемді алмайды, ол екінші рет сәлем береді, алмайды. Бердібек ыза болып енді сәлем бергенді қойып, күйді тыңдап жүре беріпті. Байсерке Майбұлақтың басына барғанда ғана бұрылып “әлейкүмассалам” — депті де:

— Қарағым, қай баласың? “Ұран” күйдің басынан түскенде кез болдың да сәлемінді ала алмадым, жаңадан аяқтадым ғой, — дейді. Сонда Бердібек айтқан екен:

— Аға-ау, Жылқайдармын, Жылқайдардың ішінде түлкі айдармын, Байтүгелмін, Байтүгелдің ішінде мал



түгелмін, Мүлке атамын, Мүлке атаның ішінде теңге атамын. Амансыз ба, Серке аға, Ұлы жүзге ерке аға, домбыранды шерт, аға, — депті. Сонда Байсерке оған бұрылып:

— Ау, шырағым, Бердібек болармысың, көрмесем де сөзіңді елден естуші едім. Берші қолыңды, — депті. Байсерке оны қырғызға жібермей аулына ертіп келіп, біраз күн жатқызыпты. Күйді кезек-кезек тартып, елдің құлақ құрышын қандырып, екі күйші дос болып, көңілдері қош болыпты.

* * *

Бердібек бір жолы Басқан, Сарқан деген екі ағайынды жігітпен тамыр болып, жүйрік бесті атын алады. Оның орнына өзі бір топ ешкі береді.

— Келер жылы келіндер, есік-төрді көріңдер, мен де сендердей ермін, жасымыз құрдас екенбіз, сырлас болайық, сағымызды сындырмай, бір-бірімізді сыйлайық, — дейді Бердібек.

Жыл өткенде екі досы келді, мал сойып берді, бұйымтай сұрады, домбыраны бұрады, күйін тартады, жағдайын айтады, достары қайтады. Екінші рет келеді тағы да сол. Үшінші рет келеді, Бердібек ешнәрсе де бермеді. Аналар да енді көнбеді. Ақыры екі дос ұрысты, бастады бір істі, кім осал, кім күшті? Ақыры Бердібек айтты:

— Ау, Басқан, Сарқан бай жігіт, жайды білмес қай жігіт? Бердібек деген мен едім, Басқан, Сарқан сен едің. Маған бір тай мінгізбейтін сендер қайдан шыққан дәу едің? Мен елден жейтін бөрі едім. Менің бергенім бір топ ешкі еді, сенің бергенің жорға бесті еді. Кеше ғана тамыр болған батырмыз, енді ажырасқалы жатырмыз. Күн шуақта сен Басқан, Сарқан, қаңтарда мен бұрқан-тарқан. Сен тарту арқан, мен кендір арқан, қышып тұр ма сенің арқаң? Сен Жантүгел болсаң, мен Байтүгел. Сенің аулың Жыңғылдыңның өзенінде болса, менің аулым Қордайдың кезеңінде.



Сенгеніңе бара бер, қолың жеткен жерде ала бер. Осы уақытқа дейін Бердібектің мінезін білмейтін қандай немесің? Неге қайта-қайта келесің?

— “Бердібектен қайтпайды, одан ел аламын деп айтпайды” — дегенді есітпеп пе едің? — дейді.

Басқан мен Сарқан тұрып-тұрып, амалы құрып, еліне бос қайтқан екен дейді ел.

* * *

Бердібек құмдағы бір байдың үйінде жатып, жүзгеннен түйеме мұрындық жасап ала кетейінші, бұл жақта жүзген көп екен дейді.

— Қанша түйең бар еді? — деп сұрапты үй иесі. Бердібек:

— Жүз қаралы түйем бар, жерімізде жүзген болмайды, мұрындық шыдамайды, — дейді. Сонда бәйбіше:

— Басқа малға жарлы емеспіз, бірақ түйеміз аздау еді, Бердібек жегжат болайық, бізге жиырма шақты түйе бер, — депті. Бердібек:

— Мақұл-ақ, құда боламыз ба, дос боламыз ба, ол жағын өздерің біліңдер. Екі ұлым бар, қыз жоқ менде, — дейді. Бай:

— Бізде де қыз жоқ, екі ұлым бар, ендеше дос болайық, — дейді. Бердібек: “Менде жылқы аздау еді жылқыдан сіздер қарайласыңыздар”, — депті.

— Жарайды, қарағым, — деп бай мен бәйбіше айғыр үйір жылқы беретінін айтады. Бердібек жиырма түйе беретін болады.

— “Дос бергеннің тісіне қарама, бай бергеннің түсіне қарама”, — деген. Балаңызды жолдасымен қосыңыз, менімен бірге жүрсін. Екі бура, үш атан, басқасы інген болады. Бота тайлақ дегендер алыс жолға жарамайды, оларды қоспай-ақ қоялық, — депті. Ертеңгі шайда отауы бөлек үлкен баласын шақырып алған бай:



— Мынау Бердібек бізге жиырма түйе беретін болды. Сен барып соны алып кел, қасыңа екі жігіт ерт және ініңді ал депті. Үлкен ұлының іші тар екен, танауы қусырылып, түсі бұзылып, інісінен қызғанып:

— Ол барса түйенің маған несі қалады, бармаймын, сол-ақ барып ала қойсын, — деп өкпелепті. Бердібек:

— “Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды” деген ғой, ағайынды екеуіңді бөлмейін, саған да бес түйе бердім, — дегенде, жігіт күлімдеп “жарайды, барайын” депті. Ертеңіне бай балалары екі жолдасымен Бердібекке ілеседі. Олар Бердібекке байдың берген қысырақтың он үш байталын айғырымен айдап келеді. Шудан өтіп бір терең сайға жеткенде Бердібек бай баласын екі жолдасымен аттан аударып тастап, “түйеден садаға кет, қаңғырып аулыңа жет” деп жылқыны өзі айдап кете береді. Сонда бай баласы айғайлап:

— Аға-ау, не жазығым бар? — дегенде, Бердібек бұрылып тұрып:

— “Бай баласы аңқаусың, іштерің тар қараусың, кара шаңырақты күндейсің, өз ініңді тілдейсің, дос болуға жарамайсың, өз бауырыңды алалайсың, жан жуымас қалақайсың, қолдан бермес сараң байсың, мендей жанға талапайсың, — деп тастап кете берген екен.

* * *

Сол өңірде әртүрлі себептермен айыпты болып қашып жүрген бір көсе молда бәрібір Бердібектің қолына түсіп қалады. Бердібек оған:

— Сен айыбыңды жоямын десең менің соңыма ересің, айтқанымды істейсің, — дейді. Молда:

— Мақұл, сонда мен не істеймін? — дейді. Бердібек айтады:

— Сен әйелше киініп менімен бірге жүресің. Алыстағы елге сені төркіндетіп апарып, көп мал, дүние жинап келеміз, түскен малдың жартысын өзің аласың



депті. Молда оған көнеді. Сақал-мұрттан жүрдай көсені әйелше киіндіріп басына кимешек кигізіп жорға атқа күміс ер-тоқым ерттеп мінгізіп, жолға шығады.

Жолшыбай қонып түстенген елге Бердібек жауапты өзі береді:

— Әйелім еді, өзі мылқау. Албан-Суан елінің қызы еді, төркіндеп барады. Әкесі бай кісі, алты ұл, екі қызы бар. Соның бірі осы, “қатын алма, қайын ал” деген ғой, — деп күледі.

Бердібектің келесі ауылға келгенде де айтатыны осы болады. Молда майысып әйелше жүріп, әйелше тұрады. Намазды да әйелше оқитын болады. Бердібек бұрын осы ауылда Шәкір дегеннің жалғыз мылқау қызы болғанын, оның дерексіз жоғалып кеткенін есітетін. Ол енді:

— Бұл осыдан отыз жыл бұрын өлген Шәкір байдың жоғалып кеткен жалғыз қызы. Мен асырап әйел етіп алып едім. Өзі мылқау, ел-жұртты білмейді. Бердібектің “қайын жұрты” жиналып: “Жоғымыз табылды, алда бишара-ай, тірі екен-ау, жалғыздың көзі”, — десіп, олардан барын аямайды.

Осылайша Бердібек көп мал жинап еліне қайта оралады. Молдаға түк те бермейді. Молда одан даулап та ала алмайды. Даулайын десе Бердібекке әйел болып ергені бетіне салық болып, елге күлкі болатыны сөзсіз. Молдалық атымнан айырылып қаламын деп, қайта оған жалынып, ешкімге тісіңізден шығара көрмеңіз деп өтініпті. Сөйтіп, Бердібек молданы осылай жалдап, кегін алған екен.

* * *

Қаратай деген бай Бердібекке жалынып: “Айналайын Бердібек, дос болайық, қашан келсең де құрметті қонағым болып, қона жатып, күйінді тартып тамашалап жүр. Тек менің малыма тимеші”, — деп тілек білдіріпті. “Жарайды”, — деп Бердібек келіп-



кетіп жүріп, байдың бәйбішесімен көңілдес болып қалады. Оны Қаратайдың келіні де біліп жүреді. Алайда, ол да ешкімге айтпай жүре береді. Күндердің күнінде мұны сезіп қойған бай мен оның баласы әйелдерін сабап, тілдеп, қорлайды.

Екі әйел қашып Бердібекке келеді. Бердібек оларды біраз күн Аспанқораның адам бара алмайтын жырасына тығып қойып, тамақты өзі жеткізіп беріп тұрады. Бір күні Қаратай бай келіп:

— Қатыным мен келінім өкпелеп кетіп қалып еді, іздемеген жерім жоқ, таба алмадым. Төркіндеріне де бармапты. Көпті көргенсің ғой, құмалақ ашып берші, — дейді. Бердібек құмалақты шашып жіберіп, қарайды да:

— Ой... Һой... деген, сен мұнда құмалақтап жатырсың, оларды тауда біреу жұмалақтап жатыр ғой. Малым, малым аман болсын дей бермей, байеке, бір мезгіл әйелге де қарау керек қой. Жарайды оларды мен-ақ іздеп тауып апарамын, — депті. Ертеңіне әйелдерді үйіне ертіп аарады. Сонда Қаратай бай:

— Сенімен дос қылған құдайға разымын, — депті. Әйелі мен келініне енді қайтып ұрыспайтын, шамашарқынша сыйлайтын болыпты деседі.

* * *

Бердібек Құдар деген бір биге келіп сәлем беріп тұрса, Құдардың бір жақсы аты дөңбекшіп жатыр екен. Құдар:

— Бердеке, “от ауызды, орақ тілді” шешен едің, аузыңның ебі, қолыңның емі болушы еді, мынау атты емдеп жіберші? — депті би. Сонда Бердібек атынан секіріп түсіп, дөңбекшіп жатқан жылқыны қамшымен ұрып:

Ау, торы ат, торы ат,
Атып түр да, өрге шап.
Бойыңдағы кеселің,
Адыр-адыр, адыр көш,



Мылжың десең Кобен кеш.
Әжеке мен Кеней кош.
Пысық десең Құдар кеш,
Пұшық десең Бұқар кош... —

деп төгеді.

Манадан бері әрі аунап, бері аунап дөңбекшіп жатқан ат Бердібектен қамшы жеген соң, іші жүріп, аздан соң сілкініп тұрып кетіпті. Сөйтсе, ат улы шөп жеп іші кеуіп, қаталап қалған екен.

* * *

Шапырашты Сұраншы батыр өлгенде Қасқарау елі жиналып көңіл айта барады. Сонда Сұраншы батырдың шешесі аңырап, боздап болмайды. Қой десе де қоймай жылай береді. Сонда Бердібек мұңлы күйді тартып-тартып жіберіп мақалдап:

Ай, бәйбіше, бір күнде,
Сауыны келген биедей едің,
Бұл күнде ботасы өлген түйедей болдың.
Кедейбай Сұраншыдай болады ғой,
Орта түскен құрсағың толады ғой.
Кедейбай да ержетер,
Көп жыласаң ел кетер... —

дегенде батырдың анасы осы сөзге тоқтаған екен, — дейді.

* * *

Бердібек ауырып өлейін деп жатқанда оған бір молда келіп дем сала бастапты. Сонда Бердібек:

— Ау, молдеке, молдеке, ақыретте қолдеке, әрі оқып жатырсың ба, бері оқып жатырсың ба? — депті. Молда кеткен соң жиналған ел-жұртына:

Қош бол Мөлке, Қонайым,
Құтты орынға “қонайын”.
Балық пенен Шөрегім,
Өкпе-бауыр жүрегім.
Шала менен Матайым,



Қош аман бол, айтайын.
Риза болғын ағайын,
Қадіріңді қайтейін.
Өкпе-реніш болса егер,
Ол дүниеге айтайын... —

деп соңғы сөзін айтыпты.

Әлі күнге ел арасында Бердібек Аспанқора деген таудың басында, Жамбасжол мен Шұбарбайтал деген жердің асуында тұрады деген аңыз бар. Қазіргі Красногорка деген жердің қып-қызыл тасында бүркіт ұялайды. Сол тастың басына шығып отырып Бердібек күй тартады. Домбырасының дауысы ертеңгі мезгілде саңқылдап келіп тұрады деседі ел.

АСПАНҚОРА

Бердібек әрі шешен әрі батыр жігіт болған. Барымталап бай-манаптардың жылқысын ұрлап кедей-кепшіктерге таратып береді екен. Аспанқора — Бердібектің мекені болған. Ол жер қазір де бар. Атты адам болмаса басқалай баратын жол жоқ. Биік таулармен қоршалған.

Қалаған тау басынан тастан қора,
Атанған сол себептен Аспанқора,
Бердібек, Берді деген — ұры, сері,
Сүйегін талай малдың шаққан қора.
Сай іші бұлың-бұлың қалың қамыс,
Тығатын ұрлық малды жолдас-жора,
Малдан құрық, басынан сырық кетпей,
Көзінен талай байдың аққан сора.
Жоқ қарап, сол маңайдан жүрген адам,
Таяқ жеп малдан безіп қашқан қора,
Ойнақтап ортекедей бозбала жүр,
Атанған алыс жерге отыз шора.
Басында Аспанқора бұлт құрсап,
Жауады кейде жаңбыр, кейде бұршақ,
Бердібек — барлығының басшылары,



Тұрады шартарапқа ұры жұмсап.
Төрт түлік ұрлайтыны қой мен жылқы,
Ісі жоқ шаруамен ойын-күлкі,
Құс салып, ит жүгіртіп, көкпар тартып,
Қуғаны – қысы-жазы қасқыр-түлкі.

Бір сырлы, сегіз қырлы, құс ұйқылы,
Амалын адам таппас ұйқы-тұйқы,
Бердібек сараң байды жолатпайды,
Шорт сынған жомарттығы болаттай-ды.
Өткір көз, өркөкірек, түкті жүрек,
Бетіне ешбір жанды қаратпайды,
Атандай алты-ақ қарпып асқа тойып,
Бүркіттей құзар тасқа қонақтайды.
Бердібек өзі күйші, өзі сері,
Күнде той, күнде қызық, жүрген жері,
Тайды басып, биені жарып жейтін,
Атанған қырғыз-қазақ көкжал бөрі.
Бұларға алысқандар бап келмейді,
Айтысып дауласқандар шақ келмейді,
Сырт елден іздеп келген жігіттерді,
Үйірге қосып алып жат көрмейді.
Көрнекті көзге түсер, өзі көсем,
Алдырмас дау мен жауға өзі шешен,
Ақкөңіл ала көйлек мінездері,
Қалатын ақтарылып аға десең.
Өткізер өңменіннен тілі сүйрік,
Бұларға айта алмайды ешкім билік,
Қуса жетіп, қашқанда құтылатын,
Аттары әсіресе түнге жүйрік.
Еткенін екі етпейді отыз шора,
Аузынан шыққан сөзі бәрі бұйрық,
Боза ішіп бозбаламен қыза бөртіп,
Отырған кешке жақын күйін шертіп.
Бес кісі жолдасы бар Сәт кеп қалды,
Қасына Еркебайды бірге ертіп,



Жігіттер атын байлап сәлемдесіп,
Көрісті Бердібек, Сәт құшақтасып.
Көтеріп қолтығынан қошеметтеп,
Енгізді қараша үйге есік ашып,
Сәт айтты: Алыс жолдан шаршап келдік,
Жол білмей Еркебайды бастап кел деп.
Бердеке, атағыңды естуші едім,
Көруге алтын жүзінді аңсап келдік,
Сәт інім, саған салар көрпем де жоқ,
Қой-қозым саған сояр серкем де жоқ,
Күтінсең қонақ келмес, деген осы,
Өзінді келер деген ойымда жоқ.
Көруге мен де сені құмар едім,
Дәм айдап өзің келдің арманым жоқ,
Кей күні мал байлауға жіп таппадым,
Кей күні айдауға да ит таппадым,
«Бөрі мен ер азығы жолда» деген,
Кедейге мен сияқты сын тақпағың.
Гулетіп домбырасын тарта берді,
Күлдіріп әңгімесін айта берді,
Қараңғы қазақ үйдің есігі ашық,
Көлденең тартқан малға бата берді.
Қонақтар шайын ішіп сусынданып,
Күй менен әңгімеге мейірі қанып,
Далаға екі-үшеуі шығып кетті,
Келуге түзге шығып, демін алып.
Екі елі қазысы бар ішін жарған,
Жылқыбай тор жорғасын көрді танып,
Жүрегі дүрсіл қағып, түсі қашып,
Қайтадан үйге келді, жедел басып.
Көргенін Сәтке келіп айтып жатыр,
Құлағына ақырын сыбырласып,
Бұл іске Сәттің қаны қызған да жоқ,
Ыза боп, түрі-түсін бұзған да жоқ,
Ішінен Бердібекке ер екен деп,
Қалам алып қағазға сызған да жоқ.



Сәт бауырым, көрдің міне бұзақыңды,
Еркелеп еркін өскен тозағыңды,
Қонақтар қурамасын, турасын деп,
Отырмын сойып беріп өз атыңды,
Жылқыбай ренжімей отыра бер,
Төлеймін тор атыңа боз атымды.
Мен емес малға көзі тоймайтұғын,
Бүркітпен қарға емеспін ойнайтұғын,
Отырмын жарып тастап семіз атты,
Асыңа өзін өлсең соймайтұғын.
Таяқ жеп ана жолы кетіп едің,
Есіңнен өле-өлгенше қалмайтұғын,
Бетіңе Сәт батырды ұстап кепсің,
Жанымды енді болдың қоймайтұғын.
Кеп қалды сойған аттың қуырдағы,
Жеп жатыр осы ғой деп бұйырғаны,
Жылқыбай қуырдақтан жемей қойды,
Көргені еске түсіп жуырдағы.
Атақты, ардақты інім Сәт қарағым,
Бетіңе ұялғаннан жалт қарадым,
Келгенше аттандырған ұрыларым,
Асықпай, аунап-қунап жат қарағым.
Сәт інім бойың да ұзын, ойың да ұзын,
Ағаңның татып тұрсың дәм мен тұзын,
Адамның арғымағы таза тұқым,
Жүре бер, аман болып көген көзім.
Мақұл деп, күліп-ойнап үш күн жатты,
Дойбы ойнап, Еркебаймен шылым тартты,
Күй тыңдап, әңгімеге құрышы қанып,
Қызыққа неше күндей әбден батты.
Берді айтты бір жапырақ ет қалмады,
Тағы бір ат союға бет қалмады,
Кешке жақын қайтем деп сасып жүрмін,
Аттандырған жігіттер кеп қалмады.
Отырды домбырасын сырқыратып,
Сәт отыр темекісін бұрқыратып,



Бір жігіт сүйінші деп жетіп келді,
Жылқы айдап кеп қалды деп шұрқыратып.
Бұлқынып бурыл тайды тағы сойды,
Қонақтар күліп-ойнап етке тойды,
Сәт шырақ, қонағасың осы ғой деп,
Қазы-қарта, шекесін әкеп қойды.
Қасқырды ұрып жатсаң қаңқ етпейді,
Бүркітті бүріп жатсаң шаңқ етпейді,
Ауыр жүк нарға артсаң бық етпейді,
Қойынды сойып жатсаң тырп етпейді,
Өзің кес, өзің пішіп, ал қарағым,
Бердібек енді саған қынқ етпейді.
Орнына бес биенің он бие алды,
Боз атты тандап мініп, нар түйе алды,
Құдасы Жылқыбайдың құлқын көріп,
Ішінен Сәт батыр да қатты ұялды.
Дос болып Бердібекпен құшақтасып,
Қош айтып разы боп кетіп қалды,
Ой шіркін-ай, Аспанқора тастан қора,
Қызық жер екенсің деп мойны талды,
Олжа деп Еркебайға бір ат берді,
«Тураушыда туғаның болсын» деген,
Кеткенің сенің құры ұят, – деді.

1975 ж

ТІЛЕМІС

Тілеміс Есімұлы – атақты Өтеген батырдың шөбересі. Асанқайғы сияқты жер-дүниені кезіп кете берген соң Өтегенді ел “әулие” деп санаған. Сол кісі: “Менің кейінгі тұқымдарымнан бір бала туады, өзі сұрлау, сөзі құлау, көзі көк, сөзі көп болады” депті. Өтегеннің бұл айтқаны ел арасында аңыз болып, тарап кетеді. Кейінде дүниеге Тілеміс келеді. Ол ақын да, сал да, шешен де, алғыр, тапқыр да болып өседі. Жүйрік ат, сәнді киім, той-жиын оның сүйікті кәсібі болады.



Шаруаға қыры жоқ, алым-берімнен жеңілмеген, тілді, сыншы, қайдағы қожа-молда би-болыстарға, бай-манаптарға, сарандарға істемеген әрекеті қалмаушы еді деседі. Жетісу өңіріндегі қазақ-қырғыздың Тілемісті білмейтіні жоқ десе де болады.

* * *

Қалың малды аз бердің деп Тілемістің әкесі мен Тілемістің атастырған қалыңдығының әкесі ұрсысып қалады. Ашуланған Тілемістің анасы баласына:

— Жүгермек, ауылдағы істеп жүрген амалыңды салып, атастырған қалыңдығыңды алып қашып келмейсің бе? Сонда не қылар екен біздің құда, менсінбей қалыпты ғой, өздерінше, — деп ренжиді.

Осыдан кейін бала жігіт Тілеміс ойланып-ойланып, қалыңдығын қайтсе де алып келудің амалын табады. Ол енді сауда жасап ауыл-ауылды кезеді. Қыз-келіншектер әуес көретін айна, тарақ, иіс сабын, әтір, түйрегін, моншақ сияқтыларды көп қылып алып, қасына бір-екі ептілеу жігіттерді ертіп, біртіндеп қайын жұртының аулына да жетеді.

Қайын жұрты — Ботбай елінің бір байы екен. Тиісті саудасын істей жүріп, қызға да жақындайды. Қалыңдығының ауылдас жолдастарына айна, тарақ, моншақ, сырға дегендерді тегін беріп кетіп те жүреді. Солар арқылы астыртын қалыңдығымен тілдесіп, жолығып ақыры бір күні алып қашып келеді. Тілемістің айлакер, тапқырлығы осыдан бастап ел арасына тарай бастайды.

* * *

Тілеміс екі жолдасымен бір байдың аулына келсе, танымайтын Тұрсынбай дегеннің ауылы болып шығады. Кешке таман қозыларын бөліп, қолдарына құйрық-сырығын алып, бала-шаға, қоңсы-қойшылары әбігер болып жатса керек. Тілемістер үлкен ақ үйдің сыртына келіп тоқтайды.



Қонақ келді, аттарын байландар, үйге кіргізіндер деп ізет қылып жатқан ешкімді көрмеген соң, олар аттан түсіп, таныс адамдарша үйге кіріп отыра береді. Сыртта “ана қозы кетті, мына қойды қайтар”, — деген байдың даусы шығып жатады. Тілемістің көзі тайқазанда тұрған сүтке түседі. Ол жолдасына қарап:

— Мынау байдың пейілі жаман екен, анау керегедегі ілулі тұрған басбақты (дорба) алшы, — дейді. Жолдасы “оны не қыласыз?” десе, “жұмыстарың болмасын, әкелші басбақты” дейді. Жолдасы алып береді. Тілеміс басбақтан екі уыс тұз алып, қазанның астындағы күлге көмеді. Басбақ орнына ілінеді.

Малдарын жайғаған бай да үйге кіреді. Әйелі, ұл-қыздары бар екен. Бай кісілерге сәлем де бермепті, аты-жөндерін де сұрамапты, қабағын қарс жауып қатынына “шай қайнат” дейді. Қатыны алдымен сүтті пісіріп алайын деп, бір етек тезекті қазанның астына төгіп, отты көсеп-көсеп жібереді. От лаулап жана бастайды. Тілеміс өтірік ұйықтап қалады. Байда үн жоқ, балалары “апа көбік” десіп таласады. Шешесі “піссін де, шешектер, шыдаңдар кішкене”, — деп қояды. Қазандағы сүт көпіршіп келеді. Бір мезгілде әбден қызған тұз тарс етіп атылады. Шала жанып жатқан тезек аспанға атылып шашырап кетеді. Байдың қатын-балалары шулап далаға қашады. От жан-жаққа шашырап, көрпе-жастық жана бастайды. Көрші-қоңсылары су тасып, сараң бай да ойбайлап жүр.

Тілеміс те, оның жолдастары да өшірісіп жүр. Тілеміс байға таянып:

— Бұл қалай, байеке? — дейді. Бай:

— Апырай, құтты қонағым, бәсе бұл қалай? — дейді... Сонда Тілеміс тұрып:

— Япырай, құдай сақтай гөр. “Отбасынан ойран кетпес, қарт басынан қайран кетпес” — деген. Момын бай екенсіз, — дереу қолын жайып:

— Боз қасқа, боз қасқа. Е, құдай, мүйізді Өтегеннің шөбересі қып жаратқан болсаң, бөленді қайтар, бөленді қайтар, — дегенде, бай:



— Ойпыр-ай, мүйізді Өтегеннің тұқымы ма едің? Әпкеліндер боз қасқаны, — депті. Боз қасқаның ішек-қарнына дейін қалдырмай асқызып, Тілеміс жолдастарын бір тойғызыпты, әрі өзін елемеген, елегісі келмеген сараң байдың тобасын аузына келтіріпті деседі.

* * *

Күздің сары тамыз күнінде Тілеміс үш-төрт жолдасымен бір байдың үйіне түседі. Бай үйі мал соймай, шай қоймай анау-мынаумен айналысқансып жүріп алады. Сонда Тілеміс оң жақтағы жолдасының кеудесінен періп жібереді де:

— Тамақсау ит-ау, жүрегің үзіліп бара ма? Келгеніміз осы ғой, қолдары да тимей жатыр. Асықпасаң қозы да сойылады, шай да қойылады... — деп жатқандарын естіген бай балалары:

— Қонақтар төбелесіп жатыр, — деп шешелеріне, әйелі байға айтады. Тілемістің сырын білетін бай сезе қойып, “аш пәледен, қаш пәле” деген деп мал да сояды, май да, шай да қояды, барын беріп күтіп жібереді.

* * *

Сәт деген Жетісуда кедейлер ішінен шыққанымен өзі жомарт, дастарқанды мырза кісі екен. Ол Тілеміспен құрдас, қатты қалжыңдасып, бірде Тілеміс, бірде Сәт жеңіліп жүреді. Бір жерде Сәт:

— Мен кішіпейілмін, адамды алаламаймын, маған жұрттың бәрібір, — депті. Мұны естіген Тілеміс бір жолы, жіңішкенің үзіліп, жуанның созылатын, көктемнің жем-шөпке тапшы, мал төлдеп жатқан салқындау күнінде Сәттің аулына келеді. Ондағысы Сәттің жомарттығын, осындай қысылшаң кезде кісіні бөле-жармайтынын сынау еді.

— Кім бар-ау, қонақпыз, — депті Тілеміс. Сәттің үйі толған қонақтар екен. Сыртта топырлаған байлаулы аттар.



— Ол кім екен, шықшы біреуің, — депті Сәт жігіттеріне қарап. Жігіт шығып:

— Сәттің үйі толған Ботбайлардың би-болыстары, өзіңіз кімсіз? — деп сұрапты.

— Төменгі елдегі Ысты едік, талай ауылға бұрылмай, Сәт мырзаның аулына қонайық деп келіп едік, — дейді Тілеміс. Бұл сөзді жігіт қайта барып айтады. Сонда Сәт:

— Анау асханаға түсір, тамақ сол жерден берілсін, — дейді. Жігіт кісілерді асханаға жайғастырады. Жылы үйде, қазанда бордақының қос қазысы бұлқынып қайнап жатады. Тілеміс: “Мені Сәттің әйелдері таны-масын, айтпандар, — деп өзі ішігін жамылып, теріс қарап ұйықтаған болып жатады. Қазан басына Сәттің әйелі келмейді, басқа әйелдер келіп-кетіп жүреді. Бір уақытта әйелдер басқа үйге кеткенде Тілеміс қазының біреуін қазаннан алып қаптың арасына тығып қояды. Тілемістің жолдастары:

— “Ажалды қарға бүркітпен ойнайды” дегендей, Сәтпен ойнамаңыз, сезіп жүрмесін, — деседі. Тілеміс оларға үндемеңдер деп, тағы бір майлы қабырғасын алып тығып қояды. Бір кезде екі әйел келіп тегешке етті түсіріп алып кетеді. Тілеміс олар кеткен соң қазы мен қабырғаны аттың қанжығасындағы қоржынға салғызып қояды. Біраз уақыттан соң қазы мен қабырғаны жоқтап Сәттің әйелі бетін шымшып, ойбайлап қалады. Қарта ойнап отырған өңкей би-болыстар да елендеп қалады. Сәт бәйбішесіне:

— Мүмкін екі қазы салмаған шығарсың, — дейді. — Құрып қалсын, бұл кісілерге екі қазы салмағанда, кімге бермекпін, — дейді әйелі.

Сәт далаға шығып, бұл келгендердің Тілемістер екенін атынан таниды. Ол дереу ас үйге келсе Тілеміс әлі бүк түсіп бүркеніп жатады. Сәт қатты ұялып:

— Айналайын Тілеміс, байқамаппын. Өлсем ұмытпайын, дос-дұшпанға айта көрме, төменгі Ыстылар деген соң ескермей отыра беріппін, — деп жалынады. Сонда Тілеміс:



— Е... Е сен ел-жұртты ала-кұла көрмейтін, әрі бөлмейтін әділ емес пе едің? — дегенде, Сәт қатты қысылып құшақтай алады.

— Қойшы енді, бір жолға ашуыңды қишы. Ат-шапан айыбым даяр, үйге жүр, — деп би-болыстардың үстіне ертіп келеді. Ботбайлардың қасқа мен жайсаңдары:

— Тілеміс, сені сағындық қой, кел төрлет, — деп орталарынан орын беріпті. Сәттің бәйбішесі манағы жалғыз қазыны орта табақ қылып бәрінің алдына қояды. Бұған Сәт қысылып-қымсынып отырады. Сонда Тілеміс жолдастарының біріне:

— Қоржындағыны алып келші. Мынау кедей болыс қос қазы салуға қайдан жарасын, — деп боран қатырып тастаған қазы мен семіз майлы қабырғаны табаққа турап тастап жатып: — Жануар ала құла биемнің қазысы мен қабырғасы мына қасқаларға бұйырған екенсің, — дейді. Сәт жалтақтап Тілеміске қарай береді. Тілеміс сыр бермейді.

* * *

Тілеміс бір қырғыз манабының үйіне келсе өзі жоқ екен. Әйелі қара құмғанмен шай береді. Ақ самаурын төрде жарқырап тұрады. Тілеміс түк көрмегендей жағасын ұстап:

— Әсияш-ау, анау не зат? — депті. Әсияш күліп:

— Ол самауырын ғой, қоқи, бұрын көрмеген бе едіңіз? Тілеміс таңырқаған болып:

— Қойыңыз, самауырын деген осы ма? Суды қалай құяды, отты қалай жағады, шайды қалай қайнатады? — депті. Мақтанған Әсияш дереу самауырынға су құйып, от жағып шай қайната бастайды.

— Қазақта мұндай жоқ па? — деп сұрайды әйел, шайды қайнатып жатып.

— Біздің атақты Ноғайбайға да мұндай зат біткен емес, — деп қойды Тілеміс. Ақ самауырын шайына қанып алып Тілеміс жүріп кетеді. Келесі күні үйіне келген күйеуіне Әсияш:



— Кеше үйге бір қазақ келді, әлі самауырын көрмепті, — деп бастан-аяқ болған оқиғаны айтып береді, өзі ішек-сілесі қатып күледі. Сонда манап санын бір соғып:

— Қап, құдайдың ұрғаны-ай! Ол Тілеміс болар. Оның көрмегені жоқ, сені масқаралап кеткен ғой, — депті.

* * *

Тоқпақ базарындағы аспазға келіп Тілеміс бір топ жолдастарымен тамақ ішпек болады. Аспазшылар көңіл аударар қоймапты. Сонда Тілеміс біреуін шақырып алып сыбырлапты дейді.

— Бұлар Қалқұты елінің болыстары ғой, сендер неге елемейсіңдер? Тамақтың әрбір түрінен әкеле бер, ақшаға қарық қыламыз, — депті. Аспазшы бұған қуанып лыпылдап жүріп бәрін әкеле береді. Тілеміс екі мантиның ішіне шыбын ұстап тығып қояды. Ішкен тамаққа ақша берерге келгенде Тілеміс өтірік құсқан болып тұра жүгіреді.

— Нимә болды, болыс әкә? — деп аспаздың қожайыны келеді. Тілеміс мантиның ішіндегі шыбынды көрсетеді. Қасындағылары:

— Болысымызға сендер әдейі бердіңдер, — деп айқай шығарады. Тоқпақ аспазшылары елді алалап сыйлаймыз деп, ақыры алар ақшасынан безіп, кешірім сұрап әрең құтылыпты.

* * *

Ашаның алты салы атанған Балқыбек, Сауытбек, Атабек, Бекқұлы тағы басқалары ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген. Бұлар отырғанда ешкім сөйлемейді екен. Өздері ақын, әрі әнші, әрі күйші өңкей серілер еді деп, ел осы күнге дейін аңыз қылады.

Қасқараудан Тілеміс деген шешен шығыпты, өзі ешкімнен жеңілмейді екен деп есітеді олар. Алты



серінің ішінде Тілеміске пар келсе Жидебай келер деп, Дулаттың қариялары екеуін бір жиында кездестіруге құмар болады. Сол жылы жазда Оразәлі деген батырға ат шауып ас беріледі. Тілеміс пен Жидебай сонда кездесіпті дейді. Алдымен сөз сайысын Жидебай бастапты:

— Мүйізді атаң сен тумай тұрғанда, “біздің ұрпақтан көзі көк, сөзі көп, бір сары бала туады, кесір-қырсықты ала туады” — деген тілемсек Тілеміс сен бе едің? — депті. Сонда Тілеміс Жидебайға:

— Рас, мүйізді атам айтқан “көзі көк, сөзі көп бала туады, әділеті жоқ байлар мен билерден кегін ала туады” — деген баласы мен боламын, — дейді.

— Ал, мен екі түрлі Жидебай бар деп есітемін. Біреуі, бай Жидебай, екіншісі, төркінінен жүкті болып келген әйелден туған некесіз қу Жидебай. Сен соның қайсысы боласың? — депті. Жұрт ду күледі. Сонда Жидебай:

— Ізіме шырақ алып жақсы-ақ түскен екенсің, таптың. Мен дәл өзің айтқан соңғы Жидебаймын, — деген екен.

* * *

Тілеміс бір топ жолдастарымен келе жатып бір жесір әйелдің үйіне түседі. Әйел жесір болса да мың қой айдаған бай екен. Көп қозы үйдің қасындағы бұлақ жағасында жусап жатады. Бәйбіше бір қозыға бата сұрап, есіктен басын көрсетеді. Тілеміс байқап қалады, қозы сарып болып ауырған сияқты. Олар: “қап ауру қозының еті оңдырмайтын болды-ау”, — деп ойланып отырғанда, әлгі әйел:

— Ауылдың адамдары ат бәйгеге кетіп еді, біреуіңіз кішілік етіп соя қойсаңыздар, — депті. Тілеміс дереу:

— Бұлардың кішісі мен, мен сояйын, — деп далаға шығады.

— Бәйбіше, аяғын байлайтын жіп, пышақ әкеле қойыңыз, — дейді. Аяғын маңғаз басатын толық әйел



үйге барып жіп, пышақ алып келгенше Тілеміс бата сұраған ауру қозыны қоя беріп, қасындағы жусап жатқан қозылардың арасынан бір үлкен кепені сүйреп келіп шапанының етегімен көлегейлеп тұрып:

— Бәйбіше, жіп пен пышақты тастаңыз да, тездетіп қазанға су құйып, от жаға беріңіз, біз асығыспыз, — дейді. Бұл оның сойғаны басқа қозы екенін біліп қалмасын дегені еді. Әйел қозының басын үйткенде ғана байқайды. Ернін сылп еткізіп, бата сұраған қозыға бір, Тілеміске бір қарай береді. Сонан соң барып:

— Қарағым, атың кім? — дейді.

— Атым Тілеміс, қулықты біз де білеміз. Сарып қозыға бата алдың, берген батамды қайта алдым да, семіз қозыңды соя салдым, — депті. Әйел бетін шымшып:

— Сұмдық-ай, Тілеміс сіз бе едіңіз? Айналайын, батаңды қайтып ала көрме? — депті.

* * *

Тілеміс ұзақ жол жүріп шаршап келе жатып өзін жақсы танитын бір жолдасының үйіне келсе, ол ауыл арасындағы бір дауға кеткен екен. Жолдасының әйелі Тілемісті бұрын көрмеген екен, аса менсіңкіремей, өреде жаюлы ет тұрса да құр шаймен жатқызады.

Дала қар, үй тар, ортада от жағулы, төрде төсек салулы. Бидің бойжеткен қызы кіріп-шығып жүріп, бір кезде ол да келіп жатады. Тілеміс өшімді қалай алсам екен деп ойланып жатқанда, сырттан бір жігіт келіп қыздың қойнына кіріп кетеді. Тілеміс өтірік қорылдай қалады.

Өлгі жігіт қарап жатпай Тілемістің түйе жүнінен жасалған шекпенін қараңғыда байқамай қыздың үстіне жауып қояды. Біраздан кейін Тілеміс ұйқысыраған болып екі аяғын көсіліп жіберіп, шекпенді аяғының ұшымен ақырын іліп алып, бір шетін отқа тығып қояды да, өзі:



Еті тұрып шай берген қатыныңды ұрайын,
Пейілі қашқан, іші тар байлығыңды ұрайын,
Дүмбір салған төрінде қай қызыңды ұрайын...—
деп міңгірлеп жата береді. Таң алдында даудан оралып
әйелінің қасына жата берген үй иесі:

— Мынау кім өзі, үйде қонақ бар ма еді? — дейді.
Әйелі: Жүн шекпенді, көзі көк біреу, ұйқысырап
жатыр да, — дейді. Сонда Тілеміс:

Ұйқысырап жатырмын, бай, қызыңды ұрайын,
Қара басып жатыр ма, қатыныңды ұрайын,
Әне, үйіңнен шайтан қашты көр, қызыңды ұрайын... —
дегенде жігіт үйден тұра қашыпты. Жаңадан тұтанып
жана бастаған шекпенді жамыла қашқан жігіттің
соңынан иттер қуып, ауыл азан-қазан, у-шу болады.
Би қатынын сабап:

“Бұл Тілемістің әрекеті ғой, оны неге жөндеп
күтпедің?” — деп ұрсып, қайтадан қойын сойып,
құлдығын ұрып күтеді. Тілеміске ат-шапан айыбын
тартып, айналайын аузыңнан шығарма деп жалынады.

ЕРКЕБАЙ

Еркебай Базарұлы — Қордай бекетінде жәмшік боп
тұрған Мұсаның тұқымдары. Еркебай, Еркетай екеуі
әкеден жастай жетім қалған. Кейін шешесі Жаңыл
Бұғылыбазар деген Арғынға тиген. Жетім балалар
шешесімен оған келген соң аздап тамағы тоя бастайды,
киімі де бүтінделген.

Бір жылдары патша бұйрығы бойынша әр болыс
қол астынан орысша оқуға бір бала берсін деген. Киім-
тамақ қазынадан депті. Болыс мың жарым түтінді
Қордай елін жинап: — Қане орысша оқуға баратын
кім бар? — деп айтқанда, қараңғы қазақтар баламыз
шоқынып кетеді деп, безе қашыпты.



Сонда Бұғылыбазар:

— Мен — Еркебай деген баламды жіберемін, — депті. Қысылып тұрған жұрт мақұл деседі. Еркебайдың шешесі жібергісі келмесе де, Бұғылыбазар оны көндіреді.

Содан Еркебай жоқ болып кете барсын. Қайда кеткенін ешкім білмейді. Ел-жұрт: — “Еркебай шоқынып кәпір болып кетті” деседі. Он жаста кеткен Еркебай Ақмешітте оқып, 7—8 жылда төре болып жетіп келеді.

Орысша білетін бір адам жоқ Қасқарау еліне Еркебай ем дәрідей болады. Анасы Жаңыл да туған айдай жарқырап шыға келеді. Жала-дауға ұшыраған, біреуде ақысы кеткен жұрт енді Еркебайға шабады. Орысшаға судай ағып тұрған Еркебай болысқа “писарь”, оязға тілмаш болады. Сөйлегенде орыстарыңның өзін жаңылдырады.

Өзі жайдары, кішіпейіл қайдағы нашарларға жаны ашып болысады. Еркебай қазақ-қырғызға атағы шығып, елге асқар белдей, шалқар көлдей болады. Ол енді байларды “ортекедей” ойнататын болады. Осы Қордайдағы ел там салуды білмеген кезде екі бөлмелі қарағай үй тұрғызады. Оның айналасына тал тігіп, бау-бақша еккізеді. Монша салғызады. Қаладан көрген тазалық, мәдениетті көрсетеді. Алғашқы жемісті көрген көшпелі халық қайран қалып, Еркебайдан үлгі алуға талпынады. Ол қаладағы Сүлеймен дегеннің қызын алады. Содан Еңкебек, Асқарбек деген балалары болады.

“Большевик”, “партия”, “совет” деген сөздерді алғаш рет сол Еркебайдан естідік. Ол бұл сөздерді совет өкіметі орнамай тұрғанда айтатын. “Мұны қайдан білесің? дегенге ол:

— Кітап, газеттен оқып білемін, — дер еді.

Еркебай Базаров — домбырашы болатын. Ұзын бойлы, қапсағай денелі, ат үстінде әскерше ойнайтын



өнерлі жігіт еді. Оның ойыны қызық. Ат үстінде ұршықтай ойнайды. Ерге төбесін қойып, екі аяғын көкке көтеріп, желе-жортқан ат үстінде жүре беретін. Ас-тойда жұрт құлаш жарыстырып, жамбы тасты ататын. Сонда ол құлаштап жамбы тасты құлататын. Басқалардың лақтырған тасы маңын да көрмейтін. Өзі етікші, қолынан келмейтіні жоқ. Атты баптап мініп, киімді жақсы киетін, таза жүретін. Қонақшыл, дастарқанды болатын.

Мен домбырасын кейде сұрап, кейде ұрлап әкетіп үйреніп жүрдім. Бір күні ол мені шақырып алып:

— Домбыраға маза бермедің ғой, мә, саған домбыра, — деп қолдан шапқан кішкене ақ домбыраны қолыма ұстата салды. Сындырмай тартып жүр, — дейді. Сол Еркебай берген домбыра әлі бар. Үйде ілулі тұр.

Мен ревком болғанда Еркебай маған хатшы болды. Онда қатынас қағаздар орысша келеді. Еркебай сияқты оқыған замандас арқасында мен ревкомдық жұмысты жаман атқармадым. Барлық жаңалықтарды, жаңа заң, жаңа заманның талап, мақсаттарын сол Еркебайдан үйреніп, сауатым, санам ашылды. Мені қойдан құтқарғанын, ат, киім беріп ас-тойға ертіп барғанын, кейін өзіме хатшы болғанын, ақылшы, қамқор болғанын қалай ұмытайын!

Түркісіб жолы салынған жылдары мен үгіт вагонында көркемөнерпаздар концертін басқардым. Еркебайды теміржол бойына жауапты жұмысқа шақырды. Екеуміз тағы да қызметтес болдық. Еркебай теміржол жұмысына көп еңбек сіңірді. Осы күнгі Отар, Қордай, Қопа станцияларының аттары сол Еркебайдың айтуы бойынша қойылған болатын. Еркебай — шын өз халқының қамын ойлайтын азамат еді.



Еркебай үйіне Сарбас ақын қонып, күні-түнімен өлең айтып мақтаса да, Еркебай ештеңе демепті. Ертеңіне шай үстінде ақын тағы жырлайды. Арғы атаң Бейімбет, Мүлкеаман, Жылқыайдар деп мақтаса да Еркебай тыңдамайды. Сонда Сарбас қасындағы адамға қарап:

— Мынау шоқындық, маған неге қырын қарайды? — деп сұраса, әлгі адам сыбырлап:

— Бұл Еркебайды бүкіл Мүлкеамандар “көңілденсе ұлым дейтін, ашуы келсе құлым дейтін”, ол соны біледі. Сен бай аталарын айта бергенше, өзінің жетім қалғанын, оқып адам болғанын, оза шауып, өнер тапқанын айт, — дегенде ақын “енді түсіндім” деп құлақты бұрап-бұрап жіберіп, мынау өлеңді айтыпты.

Ау, Еркебай, Еркетаймен атың жұбай,
Жасыңда жетім қылды сені құдай.
Бір сәтке айқайласам жақтырмадың,
Аулыңнан аттанайын ішпей-ақ шай.
Ақ мешітте оқыдың,
Ақылды жастан тоқыдың,
Жетім қалып өкіндің,
Орысша тілді білген соң,
Ортекедей секірдің.
Шошқа етін жеп шоқындың,
Дұшпанның миын шоқыдың,
Қазыке сұлуды алғаның,
Қарағай бекет салғаның,
Енді бар ма арманың?
Сенен бір ат мінбесе,
Сарбасты құдай атқаны... —

дегенде, Еркебай:

— Міне, сөзің енді түзелді. Жаңаша жырлау керек, — деп ақылын айтып, оны риза етіпті.



Еркебай сауықшыл адам еді. Ақын, әнші, тамашалы адамдарсыз, жүйрік ат, қыран құс, алғыр тазысыз жүрмейтін. Қайдағы еркөңіл жігіттерді тауып алатын. Нашарларға қайырымды болатын. Соларды қорғап жүретін. Молда-қожаларды сүймейтін, ораза, намазды білмейтін. Молдалар “Еркебайдың отырған орнын шауып тастау керек” — деп оны жек көретін.

Еркебай: “Әсеттен асқан әнші жоқ. Жамбылдан асқан жыршы жоқ” — деуші еді. Маған келгенде әні Әсетке ұқсайды, жыры Сарбасқа ұқсайды дейтұғын.

Еркебайға кім келмейді дейсіз. Оған бір күні атақты Майкөт ақын келеді.

Еркебай, Жетісуға серке болдың,
Орысша етек-жеңің келте болдың.
Жасыңда жарымаған жетім едің,
Атлас жамылғаның көрпе болды.
Қара үзіп қатарыңнан түр деген соң
Іздеп кеп домбырамды шерте қондым, —
дегені әлі естен кетпейді.

Шашубай ақын Ноғайбай шешенге кездесетін жылы, ол алдымен Еркебайға келген: сонда Шашекең былай депті:

Еркебай, бай болдың сен мал жимаған,
Төкаппар төремін деп шалжимаған.
Үлкенге, кішіге де сынық мінез,
Мақтанып асып-тасып далдимаған.
Еркебай, туып-өскен жерің Қордай,
Атағың шыға келді туған айдай.
Әдейі көрейін деп келдім аңсап,
Баласы Қошқарбайдың мен — Шашубай.

Еркебайға келмеген ақын, әнші жоқ. Олар бір-екі ай, кейбіреулері жылдап жатып кетеді. Атақты Балуан Шолақпен мені алғаш рет таныстырған да — сол Еркебай.



Бір жолы Еркебай Алматыдан Қордайға қарай келе жатады. Ол Тарғаптан өтіп Қостөбе деген жерден торы жорға атпен ағызып өте бергенде жол жағасында отырған екі кісіні көреді. Аңғарып қараса, біреуі Кебекбай болып шығады. Ол аттан түсе жүгіріп сәлем береді. Кебекбай сәлемді зорға алады, өйткені ол оны орыс па деп қалады.

— Кебеке-ау, мен қазақпын ғой, күйлі-жайлымысыз? — депті Еркебай. Сонда Кебекбай:

— Е, қазақ болсаң кімнің баласы едің? — дейді. Ол:

— Базардың баласымын, — дегенде:

— Ау, баяғы орысша оқуға кеткен баламысың? — Келші, қарағым, — деп құшақ жайып, оның бетінен сүйеді.

— Шырағым төре болдың ба? Бүкіл Қасқарауда бір орысша білетін пенде жоқ еді. Жұрт сені жоғалды, шоқынды деп келеке еткен-ді. “Жорықтының жолы болады, сәт сапардың оңы болады” деген. Шешең Жаңыл баламды орысқа беріп жіберді,— деп маған талай жылап келіп еді, құдай көз жасын көрген екен, — деп Кебекең қуанды дейді.

Кебекең тағы да:

Жақсы — көпке бірдей болады,

Ай мен күндей болады.

Жаман — қара түндей болады.

Бала, қайсысы боласың?—

дейді оған.

— Кебеке ел кәдесіне жарасам болғаны да, — дейді ол.

— Бәрекелді, солай бол, шырағым, — деді де ол өз жайын айтады.

— Қарағым, анау Суықтөбедегі Қашаған деген күйеубалама барып келе жатыр едім, мына бір жалғыз қазыққа сүрініп жығылып, атымның аяғы сынды. Айдалада жаяу отырмын, — депті. Еркебай:



— Кебеке, менің атымды мініңіз.

— Өзің қайтесің?

— Мен мынау алдағы бекетке дейін жаяу жүремін. Кебекең көңгісі келмейді. Еркебай қарияны атына мінгізіп, әңгімелесе отырып алдағы бекетке келеді. Кебекеңді бір үйге түсіріп, шай бергізіп күтеді. Ол Бекеттің старшинасынан арба сұрап алып, Кебекбайдың мертліккен атын екі жігіт апарып арбаға салып әкеледі. Жәмшіктеріне сөйлесіп Кебекеңнің аяғы сынған атын он бес сомға сатып, ақшасын қолына ұстатады. Ол кезде он бес сомға бір емес, екі ат келетін. Еркебай тағы да:

— Ал, Кебеке, менің торы жорғама мініңіз, аулыңызға жеткен соң бір балаңыздан Қордайға жеткізіп берерсіз. Мен поштамен жетермін деген. Еркебайға риза болған қария: “Жолды Қосай жолын берсін, Жұлдызының оңын берсін!” — деп бата берген дейді.

* * *

Еркебай екі тазысын ертіп Кәрібайдың үйіне келсе, ол үйде Бөлеміс сопы түстеніп отыр екен. Қазы-қарта, үйткен қойдың еті қазанда қайнап, буы бүрқырап, исі аңқып тұрады. Кәрібайдан аздап үлкен болатын. Кезінде болыс болған, кейін сопылық қылған Бөлеміс Еркебайды әрдайым сөгіп: “Қартайғанда кәрі боз жорғалайды, қашқан торғай бұтаға қорғалайды” дегендей, жасыңнан орыс болдың, оязда тілмаш болдың, жын-шайтан, ақын, әнші, күйші, серіні жинап ойын-сауықтың бәрін істедің. Енді тазы жүгіртетін болғансың ба? Николай тұсында шайқап едің, бүгінде құдайдан безген адамдарға қосылғансың ба?” — дейді.

Еркебай майда мінезді, жанжалды жек көруші еді. Бөлеміспен сөз таластырмайды. Ет пісіп, қазы қартаны жасап, қолға су құйылып, дастарқанға дәу табақ етті қойғанда, Еркебайдың екі тазысы жетіп келеді.



Үй толы адамдар у-шу болып “кет-кет” деп жатыр. Еркебай тазыларына:

“Әй, найсаптар, алдымен анау сопының қолын алыңдар”, — деп Бөлемісті нұсқайды. Тазылар оған сүйкене бергенде: “Тарт табақты, мәкүрік болды”, — деп ауыз тиместен, үйден шыға жөнеледі. Үй иесі қанша жалынып, қайтадан ет асамыз десе де, ол қарамай кетіп қалады. Бөлеміс кеткен соң басқалары мәз-мейрам болып, күлісе отырып етті өздері жейді.



БАТЫРЛАР

СЫПАТАЙ

Қырғыз-қазақтың айтуына қарағанда Сыпатай батыр ақылды да, әділ ауыл ағасы болған деседі. Зор денелі, құлағы сүйемдей, омырауының түгі бір түп қамыстай, құлағына қырау тұрып қалса оны қамшы сабымен қағып түсіреді екен. Сөзге де шешен, тапқыр болыпты. Сөзінің салты “Төле бидей әділ жоқ, айтқанында кәдік жоқ” екен. Жақтырмаған адамын “өңгүдік” деп жақтырғанын “міне, жігіт” дейтін көрінеді. Құс ұйқылы, сақ кісі болған деседі.

Сыпатай батырдың қаһары түскен адам да, мал да тірі қалмайтынын талай адамдар айтады. Сонысынан өзі де қаймығып адамға тура қарамай қырын немесе төмен қарап отырып сөйлейді екен. Айтарлықтай үш-ақ батырлық істедім, өзгесін қойшы дейді екен ол. Мұнысы неғұрлым қарапайым болсам дегені болса керек. Сол үш батырлығын Сыпатайдың өзі:

— Қотыр болдым — қолымды тыйдым, ізет қылдым — үлкенге жолымды қидым, батыр болдым — елімді жаудан қорғадым, — дейді екен.

* * *

Құдайберген деген жігіт түске дейін тұрмай жатып алады екен. Оған жұмыспен келген адамдар оята алмай төбеде күтіп отырады екен. Бір күні Сыпатай Маралқұлақ деген атына мініп, әдейілеп таң намазда оның тұсына келіп:

Батыр болсаң жауың кетті,
Шешен болсаң дауың кетті,
Шаруа болсаң малың кетті...—

деп сөгіп ала жөнеліпті. Сонда жігіт орнынан атып тұрып:



Батыр ата, сөге көрме,
Қатеріңе ала көрме? —
деп жалыныпты. Осыдан соң Құдайбергеннің
оянғанын күтіп отырушылар тыйылыпты деседі.

* * *

Сыпатай мен Андас — Ұлы жүз Ботбай елінен
шыққан батырлар. Екеуі тетелес, бір әке, бір шешеден
туған. Сыпатай мен Андас тумастан бұрын Малдыбай
аулының бір қариясы:

— Түс көрдім, төрт Дулаттан екі ұл туады. Шолпандай
жарқырап, бұлардың атағы өз қатарларынан зор
болады. Бірақ, қай атадан туарын жори алмадым депті.
Малдыбайдың қартайыңқырап қалған кезі екен, қария
айтқан бұл сөзді көңілінде сақтайды.

Талай жылдар өтеді. Бір күні Малдыбайдың
жылқысына шаңқай түсте еңгезердей екі жігіт келіп
ай жоқ, шай жоқ жылқыларды аралап екі қаз мойын
айғырды ұстап алады. Қоста жатқан жылқышылар
шауып келсе, бұл өңірден көрмеген екі жігіт сауыттарын
сатырлатып, садақтарын жарқылдатып екі арғымақты
ерттеп жатыр екен. Жылқышылар сұстарынан қорқып,
бата алмай:

— Ау, жігіттер, бұл жылқы Малдыбай атамыздыкі
ғой. Қадірлі атамыздың жылқысын шұрқыратып
ұстап мініп жатқандарың қалай? Біз жылқышымыз,
Малдыбай атаға недеп барамыз? — дейді. Сонда әлгі
батырлар:

— Малдекеңе дұғай сәлем де, ренжімесін. “Аға
бордан, іні зордан” — деген, қырғыз Омарханға
қонаққа барамыз, өте асығыс едік. Қайтар жолда
міндетті түрде атамызға келеміз. Ныспымыз —
Сыпатай, Андас деп жүріп кетеді.

Жылқышылар ауылға ат қойып “аттандап” келеді.
Не болды деп ел жиналып, дүрлігіп қалады. “Екі алып
жігіт келіп, жылқыдан таңдап жүріп екі қаз мойын



айғырды ұстап алып мініп кетті. Бізді адам құрлы көрмеді. Келбеттері Рүстем – Дастандай, бұл өлкеден көрмеген батырлар” деп жылқышылар жағасын ұстайды.

— Ау, аты-жөнін айтты ма? Сұрадыңдар ма?

— Айтты. Сыпатай, Андас деді. “Аға бордан, іні зордан” деген, қырғыз Орманханға қонаққа барамыз, атымыз нашар болды, екі айғырын міндік. Қайтарда атамызға сәлем береміз, батасын аламыз, ренжімесін деді, — дейді жылқышылар.

Бұл кезде Малдыбай сексеннен асқан кезі екен.

— Е... е, баяғы Ишан айтқан екі шолпан Ботбайдан туған екен ғой, — депті.

Айтқанындай-ақ, сол жолда екі батыр Орманханға барып, аржағындағы Қашқарға аттанып, көп олжалы болып қайтады. Малдыбай аталарына сәлем беріп, аттарын өзіне қайтарып, қонақ болып, батасын алып, балаларымен дос болып кетеді. Екеуінің атағы сол сапарда шығады.

* * *

Қырғыз Бәйтеке батыр патшаға барып, шен алып келе жатып, қасындағы қырық манапқа:

— Жолдағы Сыпатай батырға сәлемдесіп кетейік, аттап кеткеніміз болмас, — дейді. Бәйтеке батырдың алды-артына түсіп, қошеметтеп келе жатқан манаптар:

— Ау, батыр, сол шалды қайтеміз, — деп шуласа да, Бәйтеке, болмай Сыпатайдың аулына бұрылады. Жолдағы қырғыз-қазақтың берген ат-түйелерін айдатып Сыпатай ауылына келсе, Сыпатай есік алдында түйенің жабуын сырып отыр екен. Бәйтеке анадай жерден аттан түсіп жатқанда қырғыздың манаптары:

— Бір шалға бола аттан түскеніңіз қалай? — деп намыстаныпты. Бәйтеке қол қусырып келіп, Сыпатайға сәлем береді. Сыпатай қолымен көзін көлегейлеп қарап:



— Уа, Бәйтеке, аман барып, сау қайттың ба? — деп салқын ғана амандасып қояды. Орнынан тұрмайды, манаптарға көңіл бөлмейді. Бәйтекеге үйге түс деп те айтпайды, тіпті кісі құрлы көрмейді.

— Ау, тоқал, ашыған көже құйып әкел, — деп айқайлағанда қырық манап: “Қап, мына жаман шал бізді әбден қорлады-ау”, — деп тұрысады. Тоқалы үлкен қарагер тегешпен ашыған көже құйып әкеледі. Сыпатай көжені өз қолымен Бәйтекеге ұсынады. Бәйтеке көжені түк қоймай ішіп алады да “шіркін боза мен көжені сағындым ау”, — депті.

Бәйтеке қасындағы манаптарын шақырады. Бәйтеке шақырған соң олар да амалсыз аттан түсіп, жүгініп-жүгініп отыра қалады. Бірақ берген көжеге еріндерін тигізіп қайыра береді. Оны сезген Бәйтеке:

— Сыпа-еке, мыналардың мұнысын сөкпеңіз, аузына көже татымаған бай мырзалар ғой, — депті. Сонда Сыпатай мақалдап:

Атаң берген ақ тары,
Анаң берген ақ тары.
Ас сыйламас ақымақ,
Көже зарын тартады...

депті. Сонда Бәйтеке батыр:

— Сыпа-еке-ау, мынау Петроградтан сізге арнап алған сыйым еді, — деп бір тақта жібек мата ұсынады. Сыпатай:

— Бәйтеке, қарағым, рақмет еске алғаныңа. Жасымыздан ел қорғаған ер болдық, енді міне қара тоқалдың қасында шал болдық. Анау белдің астында Ноғай мырзаның ауылы бар. Бізге келген қонақтар сонда түсіп, қонады. Мына манаптарыңмен сонда барыңдар, түспей кетпе, — депті. Мақұл, — деп Бәйтеке солай қарай аттанады.

Белге шыға келсе қаз-қатар үлкен-үлкен ақ ордалар, маңында қаптаған аттар, желі тартып, бие байлаған ауыл көрінеді. Қырғыздар әдеті бойынша сырнайлатып келеді. Ноғай мырза көре салып алдынан даяршылар жібереді. Қонақтар он-оннан төрт үйге



түсіріліп, тай, қой сойылып, сары қымыз құйылып, сары самауырлар қойылады.

Ноғайбай ауылының үлгі-өнеге, сән салтанатын көргенде әлгі кесірлі манаптардың қыры сына бастайды. Манағы жаман шал енді естеріне түседі. Майкөт, Майлықожа тағы да басқа әнші күйшілер де сол ауылда екен. Боза мен қымыз қатар жүріп отырады. Бұл ауылдың қонақ күтуі, қыз-бозбалалар тәртібі бөлекше. Манаптар таң-тамаша болады.

Таңертең шай ішіліп болып, қырғыздар аттанғалы жатқанда, Сыпатай батыр келе жатады. Жұрт дүркірей жүгірісіп, барлық келін-балалары, немере-шөберелері далаға шығып, қолдарын қусырып құрметтеп, аттан қолтықтап түсіріп, үйге есік ашып енгізеді. Астына аю бөстек төсеп, немерелері жылы-жұмсақтап қазы-қарта турап беріп жатыр, қоғадай жапырылып “қай жағымыздан мін тауып кетеді” дегендей, кәрі-жас, ауыл адамдары тік тұрады. Апырай мына шал тым қадірлі екен ғой деп қырғыздар да таңырқап отырады. Сыпатай батырдың түрі нұрланып, балаларына күлімдеп қарап:

— Иә, Ноғай мырза, қонақтарың жайлы жатып тұрды ма? — деп сұрайды. Ноғайбай сыпайы ғана:

— Батыр-ау, барымызды аяғанымыз жоқ, сізден көрген үлгімізді Бәйтеке батырға әлімізше көрсетіп жатырмыз. Жақсы келдіңіз, түнде кісі жіберейін деген едім, қонақтармен әңгімелесіп отырсын деп, қараңғыда келе алмай ма, — деп ойладық.

Ноғайбай атасының бетіне тура қарамайды, шарт жүгініп ізетпен отыр. Ал Ноғайбай сөйлегенде басқалары намазға ұйығандай тыңдап, Сыпатайға қарап қалысты. Сыпатай батыр Бәйтекеге қарап:

— Иә, батырым, құрбыңның сыйына қош разы болдың ба? Біздің қартайып, сырт буын болған кезіміз ғой. Шаруада жатамыз. Кеше қара тоқалдың көжесін іштіндер, бүгін Ноғай баламның үйінен қазы жедіндер,



жағдай осылай ғой деп күледі. Қырғыздар: “Уа, батыр ата, уа, Ноғай мырза, разы болдық!” десіп жатыр.

— Бәрекелді дұрыс болған екен, — деп Сыпатай да оларды қоштады.

— Біз өз дәуренімізде Орманхан, Қарабек, Жантайлармен берместі берісіп, алмасты алғанбыз, сендер де солай сыйласып жүріңдер, — деді.

Ноғайбай олардың бәріне ат мінгізіп, шапан жауып, Бәйтекеге барыс ішік кигізді. Бәйтеке батыр ұзын бойлы кісі еді, орнынан тұрып:

— Сыпа-еке, құрметіңізге құлдық, көп рақмет, енді рұқсат болса аттаналық. Бізді Ноғайбай мырзадан кем көрмей, бата беріп жүріңіз. Мынау айдап келе жатқан малдан бір түйе, бір ат алыңыз, — деп қолын жаяды. Сыпатай бата береді. Қырғыздар аттанады. Бәйтеке батыр атқа мініп тұрғанда Сыпатай:

— Ау, Бәйтеке батыр, бақ өз басыңда ғана екен, артыңда ештеңе көрінбейді ғой, — деп қамығыпты. Ел көзінше қамығып жыламайын деген Бәйтеке батыр былайырақ ұзап шыққан соң:

— Сыпатай тегін кісі емес, менің алдымды да болжады ғой, — деп көзіне жас алыпты.

* * *

Сыпатай батыр өте шаруа кісі екен. Құмды қыстап, қоңыр адырды күздеп, ат ерін алмай, түйе қомын шешпей, көшіп қонып жүре берген деседі. Бірақ өзінің меншікті жайлау, қыстауы болмапты. Ағасы Андас өлгенде қырғыздар және оның батырларымен келісіп, Аспара Меркінің даласына жерлеген екен. Сол жерге күмбез тұрғызады. Сусамыр жайлауын қырғыздармен араласа жайлап, ат майын, ас-суын бір-бірінен аямайды. Ол әрбір төбелерге, қайнар бұлақтарға қазық қағып, обалар үйіп қыстап, жайлап жүре берген.

Осы күнгі қырғыз-қазақ айтып жүрген “Сыпатай қайнары”, “Сыпатай обасы”, “Сыпатай қорасы”,



“Сыпатай қорығы”, “Сыпатай жайлауы”, “Сыпатай жотасы” деген жерлер осыған байланысты. Кейінде бір жер бөлісі болып, сонда ағасы Андастың бейітін, ел аузында өз атымен аталып кеткен оба, қора, жота, жайлауларды дәлел етіп жүріп, Меркіні тұрақты мекен еткен деп айтады халық.

* * *

Кенесары мен Наурызбай қолы Арқадан алғаш келгенде Шұбыртпалы Ағыбай батырды жолдас қылып Шуды жағалай отырып Итішпестің Алакөлімен Балқашты айналып жетіпті деп көнекөз қариялар айтатын еді. Кейбіреулері жоқ олай емес, Сырдарияны жағалап келіпті деседі. Қалай болғанда да, әйтеуір, келді ғой. Сондағы алғашқы тоқтаған жері Ботбай Тойшыбек батырдың ауылы екен. Атағы жер жарған Кене ханды жұрт қоғадай жапырыла қарсы алады. Ел салты бойынша жік-жапар болып, кезек-кезек таласа ерулікке шақырып, соғым тартулар беріп сыйлайды.

Бірде Үйсіннің бір топ батырлары мен елдің игі жақсылары ішінде: Сұраншы, Саурық, Диханбай, Керім, Торғауыт, Дәулетбақ, Кебекбай, Қарабас, Байғозы тағы да басқалар бар Кене ханға сәлем бере келіп, былай дейді:

— Тақсыр, сізге айтатын бірауыз тілегіміз бар еді, — дейді. Кене ханның жігіттері, айналасындағы төре, төлеңгіттері тыңдай қалады. Сонда Бөлтірік шешен көптің ішінен суырыла шығып:

— Істің қашан да ашығы дұрыс қой, тақсыр. “Ел ұрысыз, жер бөрісіз болмайды” — дегендей, сіздердің де қолдарыңыздың ішінде телі тентектер бар екендігін сезіп қалғандаймыз. Біздің елден сіздердің сойыс малдарыңызды ұрламақ болып қолға түскен біреулер бола қалса өзімізге беріңіздер, жазасын өзіміз берелік. Ал сіздің жақтан біздің қолға түскендер болса



өзіңізге береміз, қандай жаза бұйырасыздар, өздеріңіз білесіздер, — деді.

— Тағы бір айтарымыз, алыстан арып-аршып келдіңіздер, екі-үш айдай адамдарыңыздың да, аттарыңыздың да тыныққаны дұрыс. Сонан соң екі жақтың күшін біріктіріп қырғызға аттанамыз деген Бөлтіріктің сөзін барлығы бір ауыздан қоштады. Олай болса біз де көптің айтқан сөзін қабылдаймыз, — деп уағдаласып, күліп-ойнап тарасады.

Көп ұзамай-ақ ауылдың қой, жылқылары жоғалып ел арасында сөз көбейе бастайды. Оннан-мұннан қашып Кенесарының қолына қосылғандардың ішінде ұры-қарылардың да көп екендігі жасырын болмай қалған еді. Сондай екі жігітті жылқышылар аңдып жүріп ұстап, уағда бойынша төрелерге береді. Кенесары халықты жинап алып солардың көзінше екеуін асау аттың құйрығына таңдырып, тау-тасқа соқтырып, быт-шытын шығартады. Мұны көрген ел-жұрттың зәре-құты қалмай қорқады.

Күндердің бір күнінде бозбасшылық істеп ауыл арасында түнде келе жатқан екі жас жігітті төренің адамдары байлап Кенесарыға әкеледі. Жылқы торып жүрген жерлерінен ұстадық деп, кек қайыру үшін жалған айтады. Төре жігіттерді байлатып тастап, Тойшыбек батырға кісі жібереді.

Батыр келіп, жігіттерді танып: “Тақсыр, бұл жігіттерді қоя беріңіз. Бұлар бүткіл Дулатқа мәлім дәулетті момын адамдардың жалғыздары. Ұйқысы ашылмаған бала жігіттердің сондай ұрлыққа баруы мүмкін емес. Маған сеніңіз”, — деп сұрайды. Төре көнбейді.

Кенесарының маңына бармақ түгілі, көлеңкесінен қорқатын ел-жұрт: “Момын сорлылардың жалғыздары қолға түсіпті, енді не болар екен” деп күңіреніп кетіпті. Сонда Әлтөре бастаған Шапырашты, Дулаттың игі жақсылары жиналып Кенесарыға келіпті:



— Жігіттеріңіз кек алу үшін жала жауып, әдейі арандатып отыр, болмаса өңге ұрлық қылса да дәп осы жігітгер ұрлыққа шықты дегенге кім сенеді, төрем? Айдар тұлымды, мүрттары жаңа тебіндеп келе жатқан жас жігіттердің обалына қалмаңыз, уәде бойынша өзімізге қайтарыңыз, мәселелерін өзіміз қараймыз, — дейді. Сонда Кенесары:

— Ау, Өлтөре, белің бос, көңілің жасық екенсің. Елдің алдына түсіп неге ибелектей бересің? Бізді көрдіндер ғой, қандай қылып жазалағанымызды? — дейді.

— Мұндай елдің ұры-қарысы тыйыла ма? Тым солқылдық екенсіндер. Жігіттеріңді кешегі екі ұрыша өлтіреміз, — деп ақырған бірі қолдары байланған екі жігітті ортаға алып келді. Халық қарғадай шулады. Жігіттердің, ата-аналары, бауыр-іні, ағалары ойбай салып, ел-жұрт шуылдап күңіреніп кетеді.

“Біз жазықсызбыз ғой, ойбай, шын ұрлықшыл болсақ арман не?” — деп қос боздақ зарлағанда, жер мен көк тітіркенгендей болады. Не қыларларын білмеген жұрт тығырыққа тіреледі.

Сонда қалың елдің арасын қақ жарып дәу қара кісі түрекелді де түп-тура Кене ханның алдына барып:

— Ау, Кенесары, әкең Қасымбек қан уыстап туған деуші еді, сен де қанқұмар екенсің. Екі бірдей боздақты тау-тасқа ұрып боршалап өлтірдің. Біздің Ұлы жүз халқы ешкімге жамандық ойламайтын момын ел, мұндай сұмдықты көргеніміз жоқ, құдай көрсетпей-ақ қойсын.

Телі-тентектерінің етегін кесіп, мойнына арқан тағып, бетіне күйе жағып елден аластайтын тағы да сол сияқты толып жатқан біздің өзіміздің де ережелеріміз жеткілікті. Тірі отырып жазықсыздан-жазықсыз боздақтарымызды өлімге бере алмаймыз, — дейді де, екі жігітті қолынан жетелеп ала жөнеледі. Ешкім де қолына жармаспайды. Бұл — әйгілі Сыпатай батыр еді.



Ұлы жүз елі, әсіресе, төрт Дулат төрелерден түңілгендей болады. Балаларын алып, құдайы шалып, ел-жұрт Сыпатайға алғыстарын жаудырады. Осы оқиғадан соң, олжаға қызыққан бірен-сарандар болмаса, Дулаттан оның атақты батырларынан ешкім де Кенесарыға ермепті. Олар қырғыздарға өздері аттанады. Сол сапарда Кене ханға қаза жетті деп, көнекөз қариялардың айтып отырғандарын талай естіген едім.

ҚОРДАЙ БАТЫР

Қордай — Дулат руынан шыққан батыр. Ол арғы атасынан бері жалғыз атты кедей екен. Оны жұрт зор денелі ерекше жаралған жан деседі. Осы күнгі Қордай аталатын жерден алғашқы рет тоған-тоспа соққан сол батыр екен. Арық қазып жер жыртады. Ел жайлауға кеткенде жалғыз өзі қалып арпа, бидай егеді, қауын-қарбыз отырғызып сиыры мен жалғыз атын бағып жата береді. Көшкен ел қайта келгенше Қордайдың үйінің жанына жүктерін үйіп кетеді. Ақсақ-тоқсақ көшке ілесе алмайтын қой-қозыларын тастайды. Кейбір күрбы-күрдастары әжуалап:

Жалғыз тақ, жалғыз ат,

Жер тырмалай күйде жат,—

деп кетеді.

Қордай батырдың екі қолы тоқпақтай, басы бақырдай, құлағы тебінгідей мұрны қос түмсықты, көзі тостағандай өткір, сесті, екі иығына екі кісі мінгендей, бойы елден озып тұрады екен. Ақкөңіл, жомарт, алдауға көне салады, күлгенде қарқылдап, сөйлесе гүжілдеп, жанның бәрін жақынындай көреді. Бидай, тарысын, қауын-қарбызын сұраған жаннан аямайды.

Қордай атадан қарбыз-қауын жейміз деп жас балалар жолда шұбап жүреді. Әрі-бері өткендер “Диқан баба” деп, ат жемін, дән-тұқым алып тұрады. Қолы да,



жолы да ашық батыр, тапқан-таянғанын елге үлестіріп беретін жомарт кісі болыпты. “Қоңыр желімді Қордай батыр” деп жаулар да, ұрылар да оған жоламайды екен.

Еккен тарым піскен жоқ,
Ел жайлаудан түскен жоқ.
Еңбек түбі — рақат!
Алты ай еңбек қыл,
Алты ай үйде жат... —

дейді екен ол кісі.

* * *

Қордай батыр тоспасын тығындап, шөп шауып, шаршаған соң біраз демалайын деп ағаштың көлеңкесінде ұйықтап жатса, бір қара шұбар жылан өрмелеп төсіне шығады. Мүздай болып сусып келе жатқан бұл пәленің жылан екенін біліп, ол тырп етпей жата береді. Қозғалып кетсем жылан шағады, қозғалмай шыдап жата берсем жылжып үстімнен өтіп кетер деп ойлайды ол.

Батырдың ұйықтағанда аузын ашып жататын әдеті білем, жылан үстінде жүргенде аузын жұмуға да шамасы келмейді. Ыстық күнде салқын ін іздеп келе жатқан әлгі жылан батырдың үңірейіп жатқан аузын ін деп қалса керек, қос тілін жалаңдатып басын сұға берген-де, батыр оның басын желкесінен қыршып алып, атып тұрады да түкіріп тастайды.

Басы кесілген жылан батырдың өн бойына қара шылбырдай оралады, құйрығымен ұрғылап оның үсті-басын білем-білем қып жібереді. Жыланды ағаштың басына іліп ауылдастарына көрсетейін десе, олар анадайдан қашып жоламайды. Қордайдың шыдамына, сабырлылығына бәрі жағасын ұстап таңғалысады.

* * *

Бір күні Қордай батыр қайнаған қара көжені шарасымен алдына ала бергенде, сырттан “аттандаған” дауысты естиді. Ол дереу дәу шарадағы ыстық көжені



басына көтере ішіп жібереді де, атып далаға шығады. Белдеуде тұрған қара ала атқа қарғып жайдақ мінеді де, қолына шоқпар, найзасын ала ұмтылады. Ыстықтай ішкен көже ішек-қарынды өртеп, қайта лоқсып жібергенде қара ала аттың жалы жидіп түсіпті дейді.

Жаудың бетін қайтарып келген батыр атының жалсыз қалғанын сонда біліпті. Ауыстырып мінер аты жоқ, аты болса да жалы жоқ Қордайды ел содан былай қарай “Қара ала аттың жалы жоқ, бұдан басқа малы жоқ” — деп атап кетіпті.

* * *

Бердібек, Берді деген екі ағайынды жігіт Қордай батырмен дос болып, өздеріне өктемдік көрсеткен байларға қарсы тұрады. Бір көктемде олар Қордайды желіктіріп алыстағы бай ауылдарына барып көп олжа тауып келмек болады. Осы күнгі Шудың ар жағындағы Меркі, Қарақаты, Мыңшабырды аралап ай қараңғы түнде үшеуі келе жатса, өрісте айғыр кісінеп, жылқы шұрқырап азан-қазан болып кетеді. Үш батыр байлардың осы жылқыларының ең болмағанда бір үйірін айдамақ еді.

Көзге түртсе көргісіз қараңғы түнде жылқыларға жақындап келе бергенде алдарынан қалың мола шығады. Абайлап қараса, шеткерірек бір бейіттің төрт құлақ дуалына сүйелген аппақ бірдеме тұр. Алдында өгіздей бір пәле қорбандап жүр.

Үш батыр бұл не, пері ме, шайтан ба, әлде аруақ па? Анау алдындағы қарайған дәу қарасы не болды екен? — деп аң-таң қалысады. Жақындайын десе аттары үркіп, осқырып жоламайды. Енді үшеуі сасайын деді. Жылқы алу естен шықты. Қашайық десе батыр атақтары бар. Сонда Қордай батыр:

— Бұдан қашқанша өлген артық, көне, не де болса көрейік деп аттан түседі. Берді мен Бердібек



те аттарынан түсе-түсе қалысады. Олар аттарын қалмақша байластырады. Қордай ағайынды екеуіне:

— Шоқпарларыңды оңтайлап менің соңымнан еріңдер, — дейді. Әлгі екеуі:

— Әзірейіл ме, айдаһар ма, оған тиісіп не қыламыз, қой кейін қайтайық, — десе, Қордай болмайды.

— Не де болса білейік, не қолында өлейік, көрінгеннен қашып қатын болмайық, — дейді. Лаж жоқ жігіттер көнеді. Қордай алда, екі жігіт артта сорайған аппақ құбыжыққа жақындай бергенде, алдындағы таудай болып жатқан пәле қозғалады. Екі жігіт үрейленіп:

— Апырау, анау қайтеді өзі? — дейді. Қордайда үн жоқ жақындай береді. Таяна бергенде әлгі қорбаңдаған қара дәу оларға тұра ұмтылады. Қордай ақырып айқаса кетеді. Екі жігіт те шоқпармен ұра бастайды. Біраз алысып барып, Қордай әлгі дәуді жерге алып ұрады. Шақпақ жағып қараса, қара дәу деп алысқаны арлан қара аю екен.

Бейіттің қабырғасына серейтіп сүйеп қойғаны — өлген әйелдің денесі екен. Жақында ғана қойылса керек, топырағы әлі кебе де қоймапты. Қара шашы беліне түскен, біреудің ақ жауып арулап қойған аяулысы болса керек.

Сөйтіп, олар аюды жайратқанда таң да рауандап ата бастайды. Аттарына мініп алдындағы жотаға шықса бір ауыл көрінеді. Ауыл маңы үйір-үйір жылқы, қора-қора қойлар өріске қаптап барады. Үшеуі үлкен бір ақ үйге жақындағанда екі жігіт жүгіріп келіп аттарын байлайды. Олар үйге енеді, іші жиһазды, кілем, көрпе, отырып жайғаса бергенде есік тағы ашылады, сұлу мұртты, қара сақалды, ұзын бойлы кісі кіреді. Жасы қырық-елудің ортасында болар.

— Қайдан жүрсіндер, киімдерің Қасқараудың үлгісі ғой, — депті. Ауыр мінезді Қордай үндемейді. Жауапты сөзге шешен, пысықтау Берді қайтарады:



— Иә, ақсақал, дұрыс таптыңыз Қасқарау Байтүгел деген елміз, — дейді.

— Шырақтарым, елдерің аман ба? Қарабай, Кебекбай, Қордайлар аман ба? — дейді ақсақал.

— Ел-жұрт аман-есен. Қордай деген ініңіз мына кісі болады, — дейді Берді. Солай деуі мұң екен, әлгі кісі:

— Ау, Қордай батыр сен бе едің деп, бұрылып оған қолын қайта ұсынды. Мен — осы ауылдың үлкені Бейсенбай деген боламын, шырақтарым, сырттарыңнан аттарыңа қанықпын, ас жеп, қымыз ішіп демалыңдар. Күнде келіп жатқан жоқсыңдар мен сыртқа шығып мал сойғызайын, — деді.

Үш жігіт қона жатып, әңгіме үстінде түндегі көргендерін бастан-аяқ айтып еді, сол үйдің іші шулап жылап қалды. Бейсенбай қарт тоқтау айтып:

— Неше күннен бері жылап тірілтіп алдыңдар ма, қойыңдар енді, — деді. Өлген әйел — Бейсекеңнің баласының әйелі екен. Сол күні-ақ Бейсекең жан-жақтағы елді жинап молаға барып, жаназа оқып, өлген әйелді қайтадан қойып, аюды арбаға салып ауылға әкеледі. Бейсебай қарт сонда Қордайға қарап:

— Атағыңды естіп, өзінді көрмеген едім, айналайын Қордай батыр. Көп рақмет, шырағым. Көсегең көгерсін, бақытты бол! Баласына қарап: “Әй, Ноғай, үй көтер, сегіз күн жатқызып мына Қордай батырды күт. Жылқыдан таңдап үшеуіне үш ат мінгіз! — депті.

ЖОЛБАРЫС БАТЫР

Қарабек мүйізді Өтегеннің он жеті жолдасының бірі. Бір сапарда Қарабек батыр қалмақтың Ботабек деген ханын өлтіріп үйінен екі қоржынның басы толған жамбы, тай-түяқ, түрлі асыл заттар алып шығады. Уәде бойынша елдің бәрі, мейлі кім болса ол болсын, тапқан олжаларын көптің ортасына салу керек екен.



Алайда, Қарабек батыр ешнәрсе демей, зәрін ішіне тартып жүріп кетіпті. Көпшілік батырдың бұл ісіне риза болмай қалыпты, бірақ ешкім оған батып айта алмапты.

Сонан талай жылдар өтеді. Өзінің қатарлары “өніп-өсіп”, көбейіп кеткенде, Қарабекте бала болмайды. Бір күні үлкен бір ас болады. Қарабектің ағайындары Асан, Төле, Қараменде бұлардың барлығы да кедей екен. Іштеріндегі әл-ауқатты, тұрмыстысы тек Қарабек екен. Ас тойда інілері Қарабектен ат мінеді деседі. Қарабекте жылқы көп, бірақ, мінетін баласы жоқ. Әсіресе, жылқы ішіндегі қара қасқа айғырды көріп, інісінің балалары:

— Батыр ата-ау, анау қара қасқаны мінейікші, — депті.

— Қой, оған жоламаңдар, басқа ат сендерге жетпей ме? — депті Қарабек.

— Ата-ау, біз мінбегенде оны қай балаңыз мінеді? — депті біреуі. Сонда Қарабек, қатты қамығып, асқа бармай жатып қалады. Бұл қалай Қарабек асқа келмеді ғой деп, ел-жұрт оны іздейді.

Ас өткен соң қатарлары Айтқұл, Малдыбай, Өтеген, тағы да басқа бір топ адамдар оны іздеп келеді. Келсе, Қарабек төсекте жатыр екен. Қатарлары үйге кіріп аман-саулық сұраса, теріс қарап тұрмапты. Сонда құрбылары:

— Ау, Қарабек, көтер басыңды, бата бергелі келдік, — дейді. Құрбылары болған оқиғаға қанық болып келсе керек, бір боз қасқаны атап “Әумин” деп қолдарын көтергенде, Бабаның баласы Айтқұл деген кісі бата қылады:

— Иә, құдай, Бабаның баласы қылып жаратқаның рас болса, — деп жейдесінің бауын шешіп, — осы Қарабекке қол бастайтын бір ұл бер, той бастайтын бір ұл бер, ар жағы не болса ол болсын. Ботабектен алған олжаны біз де кештік, сен де кеш, — деп боз қасқаның етін жеп тарасыпты.

Ел аузындағы “Бабаның батасынан” деген осыдан



қалыпты. Жыл уағы болмай Қарабектің кіші әйелі жүкті болады. Қуанып “құрсақ той” жасайды. Әйелі жолбарыстың жүрегіне жерік болады. Қарабек батыр Шудың қалың қамысынан жолбарыс іздеп шығады. Тұла бойын арқанмен шандып тастайды. Қолына найза, шоқпарларын алып жүрмек болғанда әйелі мен де барамын деп қалмай қойыпты.

Қарабек жолбарыстың жүретін жерін, жататын мекенін біледі екен. Өзенді жағалап бір қалың қамысқа жақындағанда, жолбарыс та оны көріп қашпай, қарсы жатып алады. Қарабек батыр әйеліне:

— Биыл жолбарыстың туған жылы екен, мынау ұрғашысы күшігін бауырына басып жатыр. Шіркін, арланы қайда болды екен, а? Ол ашулы болады. Сен аулақ жүр, шошып қаларсың, — дейді.

— Балалы болса обал болады, — деп әйелі батырды жібермейді. Сөйтіп тұрғанда жолбарыстың арланы бір жақтан дәу тананы желкесіне салып келе жатады. Жымына қарай өлген тананы лақтырып тастады да, ырылдап Қарабекке қарайды. Батыр тәуекел деп қарсы жүргенде, әйелі артынан қалмапты.

— Сен аулақ жүр, шошынасың! — деп айтса да, әйелі:

— Сенен жаным ардақты ма, сонша, — деп ілесе береді.

— Ендеше, мына шоқпарды ұста қолыңа, — дейді де, шоқпарды әйеліне беріп, өзі айбалтасын алып қарсы жүреді. Арлан мысықша жүресінен жатып, құйрығын қайшылап, екі көзі оттай жанып шабуға ыңғайланып жатады. Қарабек те көз алмай қадамдай басып жақындай түседі. Артына қараса болды, жолбарыс оны қағып алмақ. Ол бұрылмай қарсы жүре береді. Жақын қалғанда “ар-р-р” деп жолбарыс та атылады. Батыр да ақырады. Екеуі алысып жатыр, алысып жатыр. Жолбарыс Қарабектің денесіндегі шандып тастаған арқанды қарш-қарш шайнап жатқанда, әйелі де шоқпармен шоңайдан бар күшімен соғып қалады. Батыр да дәл жүректің тұсынан пышақты ырғап



салады. Жолбарыс құлайды. “Бісміллә” деп батыр арланның ішін жарғанда әйелі қолын салып жіберіп, жүрегін суырып алып, шикідей жеп жіберіпті.

Ай күні жетіп Қарабектің әйелі ұл туады. Атын Жолбарыс қояды. Жолбарыс өсе келе қол бастаған атақты батыр болады. Қазақ тарихында ерекше орын алған жоңғар шапқыншылығы мен Қоқан хандығына қарсы соғыста көзге түскен батыр Жолбарыс осылай дүниеге келген. Жолбарыстың соңынан тағы бір ұл келеді. Оның атын Қарабек Кененбай қояды. Ол — той бастар атақты ақын, әнші екен. Одан кейінгілері момын шаруалар болады. Жолбарыс батырдың есімі Ораз еліне ұран болған.

АҚЫН, САЛ-СЕРІЛЕР

ДӘУРЕН САЛ ӘҢГІМЕСІ

Дәурен сал деген — Дулаттан шыққан. Ол ауқатты адам емес-ті, өзі сері, өзі сал, әрі келбетті, батыр жігіт болған. Жомарт, алуға да, беруге де, қолы да, жолы да ашық еді дейді, қариялар.

Дәурен салдың даңқын естіп, оны бір кезде алты сал іздеп келеді. Олар қай ел, қай рудан екенін айтпайды. Аттарының алдыңғы екі аяғын күміспен білезіктеп алған дейді. Алтауының киген киімдері бірдей, ер-тұрман, абзалдары да бірдей, бастарындағы бөріктері жанаттан тысталған, құлпырып тұрады. Құндыз байпақ, шайыдан шұлғаулары болады. Көк мауыты берен белбеулері аттарының тірегіне дейін шұбатылады. Күрең тобылғы сапты қамшыларына жез оралған дейді.

Жастары біркелкі, қара мүртты жиырма бестер шамасындағы жігіттер. Әйтеуір қайдағы тәттінің бәрін ала келген, қоржындары түрлі жеміске толы, шай-қант, түрлі-түсті кездеме. Ол заманда тай тұяқ, қой



тұяқ жамбы болады екен, асықша атып кез келген қыз-келіншекке жақтырады. Өздері тәкаппар менмен асқақ мінез, өркөкірек келеді.

Аттарының да түстері біркелкі күрең төбел, қамыс құлақ, қаз мойын арғымақтар екен. Жолдағы қонған түстенген елге төгіп-шашып қой, қозы, тай сойғызып, артықша мырзалық, салдық көрсетіп, біз Дәурен салдан асамыз, оны әдейілеп іздеп келеміз деседі.

“Дәуренді көргендерің бар ма?” — деп сұрастырады. “Қандай адам көрі ме, жас па, қай елде, қай жерде, бай ма, кедей ме, не өнері бар, қандай салдық, серілігін білесіздер?” деп сұрайды дейді. Түркістаннан бергі елге Әулиеата, Жетісу, Ташкентке атағы кеткен Дәурен салды бәрі де біледі. Көргендері жер-көкке сыйғызбайды, Дәурен сал бай да емес, кедей де емес-ті, артар түйе, сауар бие, сояр қой, мінер аты өзінде. Батырлық, жомарттық, сақылық, алым-берімі мол. Дастарқанды, бай-манаптан әлдеқайда артық. Өзі ит жүгіртіп құс салады. Бәйге құмар, әнші-ақындығы бар дейді.

Қысқасы, Меркі ауылына алты сал іздеп келіп қонақ болады. Тай, қой сойып түрлі әдет-ғұрпымен ақ үй көтеріп аулақ сазды жерге сауық-сайран құрады. Ақын, әнші-күйшілерімен сегіз күн тамаша көрсетіп салдық сәулетін көрсетеді. Мерке елі алыстан келген алты салды ту бие сойып, қазы-қарта боза, қымызымен сыйлайды. Қазақтың түрлі ойындарын көрсетіп, құрметті қонақ етеді. Салдар да барлық өнерлерін аямай тамашалап, ризалық білдіріп, қайтуға келгенде Дәурен сал айтады:

— Еліміздің салты бойынша жолдарыңды берейін, алты арғымақты ер-тұрманымен байладым. Ер басында күміс сапты бүлдіргенді қамшы ілулі. Мойындарында жез қоңырау, екі құлағында күлдіреген шашағы бар, құйрығына үкі тағылған. Қытайдан алдырған бір-бір асыл тон жамылып қайтыңдар. Менің өзім



өмірде салдық құрған жанмын. Әйелім одан туған екі перзентім бар. Ұлымның аты — Жампоз, қызымның аты — Жанар. Азаматтар, алыс атыраптан іздеп, ат арытып, тон тоздырып келіпсіздер. Қаласандар жалғыз қызымды біріңе ұзатамын. Ат жетер жердегі елді шақырып той жасаймын, — деді. Сонда алты салдар аң-таң болып, біріне-бірі қарап:

— Ау, ағай, гүлдей жайнатып жалғыз қызыңызды бізге беремін дейсіз. Бұл жомарт пиғылыңызды ешбір адамнан естіп көрмеген едік. Бір разы, құдай разы, мынау сый-құрметіңізді аламыз. Ал жалғыз қызыңызды ерлік салтыңызға байладық. Балаңызбен достасып, құшақтасамыз. “Бас аламын дегенің — бәдіктігің, шаш аламын дегенің — жәдіктігің” деп Төле би айтқандай, бізге ұят болады, — деп шулапты.

— Біз де талай елді таңдандырып жүрген әр елден шыққан салдар едік. Біріміз — тәжік, біріміз — өзбек, біріміз — арғыннан, біріміз — алшыннан, біріміз — адайдан, біріміз — ноғайдан едік. Дәурен салдан асамыз деп алтауымыз сізді іздеп келіп едік. Біздің салдығымыз, сізге қарағанда түк те емес екен. Сізден үлгі алайық. Алатау, Алтай елдерін аралатыңыз, өнеріңізді көрсетіңіз, біздің ендігі арыз-арманымыз осы, — депті.

Сонда Дәурен сал:

— Уа, балалар, жаңа талаптар, мен салдықты тастағанда кез болдыңдар. Салдықты он сегізімде бастадым, отыз жетімде тастадым. Қазір жасым қырықта шаруашылық, сауарлық мал мен мінерлік атпен отырған шағым бұл, — дейді. Алты сал қатар шулап:

— Неге тастадыңыз? Салдық өнерді тастамаңыз. Жасыңыз деген шағында. Бізді ертіп, үлгі үйретер деп отырмыз. Ағай біз қайтып кете аламыз. Елге барғанда не айтамыз. Қандай ел, қандай ер, қандай жер көрдіңдер? — деп сұрайтын шешен-шеберлер бар



ғой. Ауылдың жас-кәрісі біздің сізге кеткенімізді көріп қалды, — деп қоймаған соң, Дәурен сал:

— Шырақтарым, енді мені зорламаңдар. Айтқан серт, алысқан қол бар, салдықтан жеңілген жоқ едім. Бір қыздан жеңіліп, ақ тоба, қара тоба деп тастадым салдықты, — деді. Алты сал: “Ол қалай, болды? Көне айтыңызшы? — десті. Дәурен әңгімесін шерте жөнелді:

Қырғыз елінен екі ауыл көшіп келіп, біздің Аспара, Меркі, Сусамыр жайлауына ай жоқ, шай жоқ, үйлерін тігіп, шаңырағын көтеріп жатқанын көріп, Дәуқара деген балуан жолдасым маған шауып келді. Ол көргенін айтты:

— Апыр-ау, менің қайнарыма рұқсатсыз бұл өңірде қонатын ешкім жоқ еді ғой, — деп Дәуқараны ертіп, салдық бүрмамды киіп, қырғи қара атқа мініп, оларды көшіргелі келдік. Екі жігіт шаңырақты көтеріп жатыр екен. Күнге шағылысқан күмістері жарқ-жүрқ етіп көз қарықтырады. Әйел жоқ па қалай, бұл тегін ауыл болмасты деген оймен жақындағанымызда, көк шатырдан құндыз бөркін шекесіне қисайта киген қыз шықты да:

— Ау, ана кісілердің атын кермеге байлаңдар, — деді. Қыз дауысы күмістей сыңғырлап тұр. Екі жас жігіт тұра жүгіріп атымыздың шылауынан алып, сәлем берді. Біз аттан түстік. Қыз да келіп әдепті мінезімен амандасты. Көк шатырға еніңіз дегендей емеурін білдірді.

— Үй тігілгенше шатырдан дәм татыңыздар, — деді. Біздер шатырға кіргенде, тағы да бір қыз түрегеліп маңғаз мінезімен:

— Азамат Дәурен сал, амансыз ба? — деп қолын берді. Мен де амандасып көрістім. Атлас-шайы көрпе үстіне отырғызып қымыз құйды. Дастарқанда түрлі жемістер, бауырсақ. Қыздар сырлы тегенедегі сары қымызды алтын ожаумен кәрлен кесеге құя бастады.

Бұлар — Дәурен салдың салтын, ел-жұртын



сынағалы көшіп келген қырғыздың Қырмызы сал деген ерке қызының аулы болып шықты. Қырмызы он саусағынан өнер тамған сал, өнерпаз екен. Қырғыздың сырнай сыбызғы үндері қандай сазды. Әлгі қыз қомызын ақ саусағымен қағып тартады екен. Екі досы мен үшеуінің жүріс-тұрысы, бойлары, кейіп-келбеті бір ата, бір анадан туғандай, ажыратып ала алмайсыз. Бірақ, анау екеуі келіншек көрінеді.

Әйелдік белгісі — шаштарына шолпы, бұрма тағыпты. Қырмызы салдың ондай бұрмасы жоқ. Салдық белгісі — алтын алқа, зерделеген тақия киеді. Сондай айырмаларынан білесіз. Таңырқарлық бір ғажабы — бәрінің күлкілері, сөйлегені бірдей, бәрі тілінің ұшынан нәзік сөйлейді. Абзал адамдық сабырлы, салқын қоңыр леппен маңғаздылықты байқатады.

Қыздардың құйған қымызы қандай тәтті десеңізші тілді үйіріп барады. Бір ауыз әзіл-қалжың айтпай Дәурен сал да, қыздар да отырды. Аты-жөнін сұраспады. Қайдан келдіңдер, қай елсіндер деместі. Мал соямыз дегеніне қарамай аттандық. Қыздар да тіл қатпай қала берді.

Аттанып келе жатып жан-жаққа көз салсақ, біркелкі ақ түйе айдаған, сауын биелері де шаңқан ақбоздан, ал киген киімдері де ақ шатырдай, айдаған сойыс қой-қозылары қап-қара. Бір шал бұрылып келіп бізге сәлемдесті. Аты-жөнін сұрастырдық. Ол шал әлгі қыздың малайы екен. Көпті көрген адам екен. Ол тұрып:

— Бұл қыз қырғыздан асқан Қырмызы деген сал, — деді. — Алты қабат Алатаудан асып қазақтың Дәурен салын көргелі, онымен салдық салыстырғалы көшіп келген, — дейді.

— Сонда да бұл сал қыздың күйеуі бар ма? — деп сұрадық.



— Жок, бүкіл кыргыздын бай манабынын балалары Кырмызы салдын маңайынан жүре алмады. Жасы он алтыда. Өзі ақын, өзі әнші. Сұлулығы, мінезі, ақыл, адамгершілігі сай, жомарт, сақы. Бір ұядан жалғыз туған қыз. Бір байдың ұлы да, қызы да өзі. Ата-анасы ерікті өзіне беріп қойған. Әйел деуге аузы бармай, әке-шешесі еркекше киіндіріп, ұл баладай өсірген еді. Асық атып, көкпар тартып, ит жүгіртіп, құс салып, тойда жігітше өлең-жыр айтып өскен, салдық құрып серілікпен келеді. Жасы он үшке келгенде ата-анасына былай депті:

“Мені құдай әйел бала ғып жаратыпты. Сіздер жасырып жүр екенсіздер. Енді ақбоз бие құрбан қылып, той істеп, ел-жұртқа шүлен тарқатып, нашарларға мал құдайы беріңіздер! Қыз екенімді әйгілеп атаңыздар”, — депті. Тағы бір тілегім сол: “Мені малға сатпаңыздар, өз еркіме жіберіңіздер. Салдық құрамын, елді, жерді аралап көрейін. Еркек болып көпке атым қалмады. Енді сал қыз атағым қалсын”, — депті. Әкесі мен шешесі уәде беріп айтқанын істеп, ерке сал қыз етіп еркіне қоя беріпті. Міне, қыз он үштен бастап салдық құрды.

Мына жағы Таласты, мына жағы Ыстықкөл, Жаркент, Қарқара, Шу елдерін тегіс аралап келе жатқан беті.

Жолдағы елдерге қонақасы, түстік беріп, шүлен тарқатып, мырзалық, салдық құрып келеді. “Қайда барасыздар?” деп сұраған жанға, “анау үш атқа мініп, көш бастап бара жатқан үш қыздан сұрандар” дейміз. Жұрт таңырқап қарайды. Қыздарға ешкім тыйым салмайды. Бай-манаптардың балалары да бата алмайды.

Япырай, бұл Кырмызы қыз бәрінен асты деп таңғалады жұрт. Көрі-жасы, ер, әйелі, қарай-қарай қалады. Үш қыздың Ақбоз арғымағы, ер-тұрманы



алтын, күмістен. Бұл Алатаудың аймағында жоқ салт. Үш қыз аққудай сыңғырлап, көш бастап ән шырқап барады. Ешбір ауылға соқпайды. Бар адамдары бір шал, он бестей жігіт, он шақты жас келіншектер. Әуесқойлар барса ет, қымызға тойып, тамашаға қанып қайтады. Біртүрлі сән-салтанат.

Сал қыздың белгісі атқа мінсе де, отырса да ортасында жүреді екен. Шал да көпті көрген, тілді адам екен. Қыздың өкіл әкесі едім Қырмызы болсын деп атын мен қойған едім. Жасынан әкесімен көрші, дос едім. Әкесі атақты батыр еді. Аты — Исақ, Дулан батырдың тұқымы. Шешесі Айша сұлу, атақты Төрегелді батырдың қызы. Міне, Дәурен сал, сіздің атақ-даңқыңызға келіп, жүзіңізді көріп отырғаны осы бұл қыздың, — деді.

Дәурен үн қатқан жоқ. Дәуқара тұрып:

— Ал бұл қыздың қайын-жұрты бар ма, ешкіммен құда болмаған ба? — дегенде, шал:

— Айттым ғой, ерікті өзіне берген деп. Талай бай-манаптың баласы айттырып келсе де, қыз оған көнбеген. Салдық құрып жүреді, әлі еркелігі кетпеген. Осы жүрген бәрімізге жігіт-желең қыздарға, келіндерге тентек-шолжың мінездерін қойған жоқ. Барлығымызға сондай сүйкімді балапандай боп кеткен, — дейді.

ДӘУРЕН САЛДЫҢ ҚЫЗДЫ ҚОНАҚҚА ШАҚЫРҒАНЫ

Дәурен сал атағым бар ғой деп аулақ бір сазға ақ үй көтертіп, мама ағаштарды күмістетіп, керме арқанды жібектетіп тартқызып тастайды. Үйге түрікпен кілемдер ұстап, есіктен төрге шейін жапқызып, атлас шайыдан жүз көрпе әдіптетіпті, кестелі ақ шайымен тысталған жастық жиыпты. Үйдің бау-басқұрларын түрлі ою-нақыштатып, уық-керегенің бастарын күмістетеді.



Мүйіздеген асыл тостаған, кебезелер, үйдің оң қанат киізі кілең ақ мақтадан, ас үйлері бір бөлек. Он шақты сабаны оң жақтағы босағаға орнатқан, сабаға қос піспек салған, оның да басын күмістетеді.

Сөйтіп, Қырмызы салды ауылымен шақырып күткен. Әулие атадан бергі өзіне мінездес сері жігіттерді Майкөт, Майлықожа, Сарыбас, Тоқтағұл ақындарды, Балқыбек, Сауытбек, Жидебай сияқты шешен, сері жолдас, құрбыларын шақыртады.

Қысқасы, қырғыз-қазақтың ортақ жайлауы Сусамырда екі сал, сері бірін-бірі қонаққа шақырып, жайлау сары жұрт болғанша түрлі сауық-салтанатын құрысып, тамашалап жатады. Ақын, әншілер бірінен соң бірі суырылып шығып, өнер көрсетеді:

С о н д а М а й к ө т а қ ы н:

Мен едім аты шулы Майкөт деген, —
Бір сөзім бір сөзімнен қайта өтпеген.
Аспара-Меркі жайлау туған жерде
Салдыққа Дәуренге еш ер жетпеген.

Дәурен деп қойған атың сәулетіңе,
Мырзалық ел разы дәулетіңе.
Дегендей ат аспаннан, түр-ұжмақтан,
Бәрі сай салдығың мен келбетіңе.

М а й л ы қ о ж а:

Қолға алсын домбырасын Майлықожа,
Өнерге неше алуан сайлы қожа,
Дәурен сал туысыңа ел разы,
Қазақтан шыққан сал ең жампоз таза.

Мен сені жай есер деп жүрер едім,
Әншейін даңққұмар деп білер едім.
Бір мін жоқ туысың мен тұрпатыңда,
Ғашық боп әйел болсам тиер едім.

С а р б а с а қ ы н:

Атамыз Ботбай, Шымыр, Сиқым, Жаныс,
Төрт Дулат атпен жүрсе алты ай алыс.



Төбемді көкке екі елі жеткізбедің,
Маңдайым сені берген кере қарыс.

Т о қ т а ғ ү л:

Асып туған Дәурен сал,
Жегіздің шекер, бал мен жал.
Алты қабат Алатау,
Қазықұрт пен Қаратау,
Көрмедік сіздей жомартты.

Қырмызы қыз сүйіріктей ақ саусағымен шаң
қобызын қағып:

Аспара, Меркі жеріңіз,
Дулат, Ботпай еліңіз.
Дәурен сал, сіз екенсіз,
Іздеп келдім даңқыңа,
Ризамыз халқыңа,
Атыңыз көп жайылған,
Іздеп келдім айылдан.
Ағалықтың жолын бер,
Қоштасқалы қолың бер.
Аман болғын асыл ер,
Ата-анамды барып көр.
Мен бір сұңқар тұғырда,
Томағамды сыпыр сен...

Д ә у р е н с а л:

Қош, сау бол, сал қарындас Қырмызым-ай,
Аспанның Таңшолпаны жұлдызындай.
Сәлем айт, ата-анаңа сені туған,
Ұжмақтың райхан гүлі, үр қызындай.
Барамын тірі болсам ат арытып,
Атақты ақ қалпақты қырғызың-ай.
Қазақтың ортасында Дәурен салмын,
Ешкімге залалым жоқ, жүрген жанмын.
Беріп кет бір белгіні ұмытпасқа,
Еруге сендей қызға мен де зармын.

Сал қыз сақинасын Дәуренге беріп тұрып:

Туған жерім Атбасшы,
Жүрегім дейді айтпашы.
Ертең елге көшеміз,
Дәурен сал, қош бол топбасшы.



Мен тұлпардың құлыны,
Түседі кімнің ноқташы.
Мінеки, алтын жүзігім,
Көзімдей көріп сақташы, — дейді.

Бір жұма салдық салтанатын көрсеткен қыз разы
болып еліне қайтты. Ақындарға ат-шапан беріп
жолын тапты. Келген кәрі-жасы, еркек-әйелдер
Дәурен салдың тәртіп-тәлімінен үлгі-өнеге алды.

ДӘУРЕН САЛДЫҢ САПАРЫ

Қырмызы сал қыз көшіп кеткелі бір жылдан бір ай
асқанда ат-тондарын әзірлеп, тоғыз жолдасын ертіп
ішінде Дәуқара балуаны бар, Сарбас ақыны бар —
бәрі қыз аулына бет алады. Аттарының түрі-түсі
өзгеше: екі қара ат, екі боз ат, екі күрең ат, екі шұбар
ат. Дәуреннің өзі қара көк жорға мінеді. Бәрі де асыл
тұқым текежәуміт түрікмен жылқысынан болады.
Киімдері де аттардың түсіне сай кілең асыл-қымбат
матадан. Сый-сияпатын жеміс-жидектерін Әулие
атаның ақ қоржынына салып, онысын екі жорға атқа
артып, төрт ту бие, төрт тай сойысын айдап, толықсып
тұрған май айында, боз бие сойып таратып, қарт ата-
аналардан бата алып, қан жайлауды қақ жарып, жан
торсықтан қымыз ішіп, қызара бөртіп, қыз аулына
жол тартады. Жолшыбай айтылған өлең, жыр, әңгіме
жолды қысқартып келеді.

Ер болсаң іздеп келерсің,
Ақ жүзімді көрерсің.
Ез болсаң үйде жатарсың
Күнмен бірге батарсың.
Кербұғы мен Саяққа,
Ат басын тарт тау жаққа,
Көзімнің қыры түспейді,
Бай баласы манапқа.
Қайрыла қарай мен кеттім,



Қатарлас жатқан қазаққа,
Келсең маған күтемін,
Бал салып алтын табаққа, —

деген Қырмызы қыздың жырын айтып, Сарбас ақын келеді. Аз жүріп, көп жүріп олар қыздың елінің шетіне жетіп қонады.

Қырғыздың ата-салты ауылға қазақтарша тобымен келіп айқайлап “қонақпыз, кім бар-ау?” демейді. Олар сәскелік, не қозыкөш жерден сырнай тартып, жыршы жібереді. Келе жатқан басшы адамның атын атап ауылға хабарлайды. Дәурен сал да сол қырғыз елінің өз салтын қолданбақ болып, барлығы ақылдаса келіп, Сарбас ақынды баруға ұйғарады. Сарбас ақын күндік жерден жөнейді. Ол ақ киізбен қаптап алған үлкен домбырасын мылтықтай мойнына асынып алып, қара көк жорғамен ағылта келіп, түс ауа бере қырғыздың Исақ батыр аулына келіп түседі. Сонда Сарбастың ауылға ағызып келіп үлкен ақ үйдің сыртынан құлағын бұрап-бұрап жіберіп айтқаны:

Ассалаумағалейкүм, бай ауылдар!
Ақ орда, бас пен малға сай ауылдар.
Алыстан ат арытып келіп тұрмын,
Сұраймын аты-жөнің қай ауылдар?

Аспара, Меркі деген жерден келдім,
Қазақта Дулат деген елден келдім.
Ақыны Дәурен салдың атым Сарбас,
Ауылын Исақ батыр көрмек едім.

Дәурен сал сәлемдесе келе жатыр,
Қолында көк түйғын бар, жібек шатыр.
Он жолдас өңкей сері жігіттермен,
Әкесін Қырмызының көрмек батыр.

Он жорға, он қоржында тартуы бар,
Тайтұяқ, ділдә, толған алтыны бар.
Шақырған Қырмызы қыз ауылына,
Қазақ пен қырғыз жолы — салтын құрап, —



дегенде, үйде қымыз ішіп отырған ауыл азаматтарын Исақ батыр далаға шығарды. Батыр құшақ жайып Сарбаспен көрісіпті. Үй толған ақсақалдар кезекпен амандасады. Әйелдер де бастарын иіп есендесіп жатыр.

Исақ батыр — ақ сақалды, айыр мұрты құлағына оралған, зор денелі, керме иық, көзі тостағандай, шоң мұрынды, алпыстардағы адам екен. Аю тері бөстегінде отырады. Ауыр мінезді көп сөйлемейтін кісі екен. Оның көзінің бір қарасынан-ақ үй іштері, ауыл аймағы қоғадай жапырылып қимылдайды екен. Сарбасты түсіріп алып үйге кіргізгеннен кейін, қымыз беріп, шай ішкізеді.

Баяғы көрген Қырмызы қыз мүйіздеген кереуеттен әдеппен түсіп, “ақын аға” деп сәлем береді. Шешесі елулер шамасында, торғын тонды жеңін сұғынбай желбегей жамылып, мыс тегештен аршадан істеген сырлы ожаумен қымыз құйып беріп, кер маралдай керіліп отыр. Қызы Қырмызы анасына тартқан екен.

Сал қыз ауылының сәулеті

Сарбас ақын үйге енгеннен кейін, қайтып далаға шықпады. Исақ батыр: — Ел-жұртым, Сыпатай батыр, Кебекбай, Бөлтірік, Ноғайбайлар аман ба? — деп сұрады.

Көк жайлау көңілді. Сырттағы қырғыздың қыз-бозбалалары шуылдап, абыр-сабыр. Үйді аулақтағы қарағай-қайың араласа біткен саялы, көлеңкелі Көкқайнар деген сазды, тегіс жерге тіккізген. Қырмызының үйі өзі Аспара-Меркіге апарып тіккен ақ ордасы. Ауыл адамдары абыр-сабыр, дайындық-әрекет үстінде. Бір жағынан Қалмырза жыршы саңқылдап келеді:

Қазақтан шыққан сал Дәурен,
Сенікі ботам бұл дәурен.



Алдыңнан шығып жырлайын,
Арналды саған бұл сәулем.
Айылға келдің алыстан,
Атаң Дулат данышпан.
Сал жігіт пен сал қыздар
Аққудай көлде танысқан.
Құтты болсын тұғырың,
Ұзын болсын ғұмырың,
Бірің — тауда ұларсың,
Бірің — шыңда шынарсың.
Тең тұрысты тапқан екенсің,
Қырғыздың қызы жанатты
Жақтырмады манапты.
Әкесі батыр Исақ та,
Балам деп жайды құшақты.
Анасы Айша ару да,
Ағынан саған жарылды.
Ақ қалпақты қырғыздан,
Атбасы нарын жұлдыздан,
Саған арнап туғызған,
Бұғы менен Саяқтан,
Саған арнап жаратқан.
Сарыбақ пен Сұлтыдан,
Жұлдызы қыздың оң туған,
Қазақтан асқан Дәурен сал,
Сақтаулы қыздан шекер бал.
Тығулы гауһар біздікі.
Аспара-Меркі Сусамыр,
Басып келдің Дәурен сал.
Алты қабат Алатау,
Асып келдің Дәурен сал,
Жан батпаған жалғыз гүл,
Жарылар Дәурен сен — бұлбұл.

Сал қыздың салтанаты

Қыз-бозбалалар қаз-қатар атқа мінген, арт жағынан
ән-күй, сырнай, шаңқобыз тартып келеді. Аттары
өңкей біркелкі күрең қасқа, саба артқан түйе. Кілем



жапқан бір түйелі жігіт ортеке ойнатып келеді. Бір асау қара биені төрт жігіт жүлқынтып келеді. Қырмызы сал екі жолдасымен аққудай шапқан ақ боз арғымақпен алда келеді. Бәрі Дәурен салдың алдынан шығып келеді.

Салтанатпен келіп Қырмызы қыз оларға ділдә, жемістерді шашқызып, балдай тәтті күлкісімен қарсы алып жапырылысып жатты. Бір жас жігіт тақпақтап елді күлдіріп жүр:

“Уа, менің атым Құйыршық,
Жүрген жерім шиыршық.
Күйеу отыр күлімсіп,
Қыз келеді қылымсып.
Қырғыздың қызы ақтамақ,
Қазақтың ұлы көктамақ.
Бидайдың іші бытпылдық,
Білмей қалып ит болдық.
Анау таудың кептері,
Мынау таудың кептері,
Күжілдесіп күйтіндеп,
Тыным сабыр етпейді,
Бұғының қызы мүйізді,
Күйеуге төсе киізді.
Саяқтың қызы сайысар,
Сайыса келіп майысар,
Тар төсекте алысар,
Тамағына жабысар.

Қысқасы, қырғыздың Бұғы-Саяқ деген үлкен екі тайпа елі ежелден, тау арқасы Нарында жататын рулар екен. “Бұғы” — әйелдің аты екен. Мүйізді болған соң бұғы атанып, тұқымдары әулие саналған. Осы екі елге қадірі бар Исақ батырдың әйелі Айша қайғырып, ішсе тамақ батпайды, жатса ұйқы көрмейді. Санамен сарғайып “yh” дегенде көкірегі қарс айрылады. Әйтеуір, қонақтарға сыр алдырмау үшін қошемет көрсеткен болады. Бұл жағдайын көріп отырған Сарбас ақын мен Дәуқара екеуі ақылдасады.



Бұл қалай? Талай өлең, талай ән айтылып сауық-сайранмен жатырмыз. Келгелі біраз болды. Қыз шешесі күннен-күнге азып барады, мұны астыртын Дәурен мен Қырмызыға айталық деседі.

Бұл ойын Сарбас Дәуқараға тапсырып, өзі құдалардың қасында өлең-өсиет айтып отырады. Исақ пен әйелі ақынға көбінесе “Мұңлық-Зарлық”, “Көрұғлы” айтқызады. Басқа ертек-жыр, ән-күйді салқын тыңдайды. Қызға келген қонақты аттандыру бір жыл жатса да, ойына келер емес-ті.

Дәуқара келіп Дәурен салға ата-енесінің қалжайын оңашада айтты. Дәурен де қалыңдығына айтып қайтудың қамын жасады. Қыз екеуі көп сырласады. Қырмызы қыз:

— Міне, Дәурен салым, ашық жарым, аққалпақты қырғыздан бір адамға шалдырмай, көз қиығын салдырмай сізге қол арттым. Ендігісін өзің біл — дейді. Дәурен салдың жолдастары ақылдасып не істейміз? — деседі. Сонда Сарбас ақынның айтқаны:

Ойпыр-ау, Дәурен салым не деп айтам?
Адамды азғыратын өсек-сайтан.
Туған жер, өскен халқым, өзіме ыстық,
Өзіме ұжмақ-Мысыр елге қайтам.

Шын сүйген жерден безер, елден безер,
Жан қиып ғашығы үшін жиһан кезер.
Сұлу қыз жаудыраған жауқазындай.
Кім аршыса аузына, түсе берер.

Тіл алсаң ата-ененді көшіре кет,
Екі сал өлсең дағы сертіңе жет.
Ез тойған жер деген бар, ер туған жер,
Тағы ойласам ата-анаң аққудай бек.

Дәурен сал маған қара ақыл салсаң,
Сен түгіл біз де болдық әуре-сарсаң.



Қазақ пен қырғыз халқы бөтені жоқ,
Ерлік қып бір-екі жыл өзің қалсаң.

Ләйлі-Мәжнүн ғашықтай болған қандай?
Аң болма ата-ананың тілін алмай,
Зылиха — Жүсіппенен от боп жанған,
Алғашқы көріскенде шыдай алмай...—

дегенде Қырмызы қыз “ағай Сарбас өлгенше сыбағаңызды сақтап сыйлармын”, — деп жылайды. Дәурен сал қалмақ болды, басқалары той өткен соң қайтпақ болды, Дәуреннің қасында Дәуқара қалатын болды.

Бұғы-Саяқ елі кәрі-жас, ер-әйелі қабырғалары қатты қайысып, не қыларын білмей “былай тартса арба сынып, былай тартса өгіз өледі” деп тұрғанда, Сарбас ақын өзінің төкпелі жырымен елді тағы да жұбатты. Қырмызы әлі отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізді. Қыздың әке-шешесі ешнәрсе аямады. Қазақтың мәрттігіне, жомарттығына әбден разы болды. Дәурен мен Қырмызы қырғыздың ақсақалдарынан бата алды. Кедей-кембағалдарға малдарынан, киімдерінен берді. Ат шапты, жамбы атқызды, балуан күрес, жаяу жарыс, әйелдер күресі және айтыс болды.

Сөйтіп Дәурен сал мен Қырмызы сал қыз қызық дәурен сүрді. Екеуінен Жанаркүл деген қыз туады. Ата-енесі де елге қадірлі адамдар екен. Қанаттыға қақтырмады, түмсықтыға шоқтырмады. Қырмызы екеуі ақылдасып ата-анасын көндіріп, тоқалдыққа қыз алып берді. Исақ батыр жетпіске келгенде үл көреді. Атын Жетпісбай қояды. Ол үшке келгенде тоқалы егіз туады. Ұлдың атын — Егізбай, қыздың атын — Егізкүл қояды.

Дәуренді қырғыздар “құтты күйеу” деп ардақтап, сыйлады. Атасы мен енесі мұратымызға жеттік деп, бүкіл аққалпақ қырғызды шақырып үлкен той қылды. Халқынан бата алды. Ақсақалдарға ат-тон сыйлайды.



Дәурен салға, Қырмызы қызына разы болып, еліне көшуге рұқсат береді. Бүкіл Бұғылы Саяқ жиналып екеуін аттандырады. Дәурен сал ақ ордасы мен төрт түлік малымен көшіп еліне келеді.

Жүрерде қайын атам мен енем бір тілек қойды: “Балаларым, шаруа түбі— кеніш, сауда түбі — борыш, таздың шашы — сұйық, салдың арты — сұйық” деген қазақ-қырғыздың мақалы бар. Енді салдықты екеуін де тастандар!, — деді. Содан бері екеуміз “мақұл” деп Аспара — Меркіге келген соң үлкен той істеп, басы Сыпатай батырды шақырып бата алып, салдықты қойдық. Жанаркүл қызым тоғыз жасқа келгенде Қырмызы үл туды, оның атын Жампоз деп қойдық.

— Мінеки алты салым, әңгіме аяқталды. Салдықты тастағанда кез болдыңдар. Мынау қолынан дәм татып отырған сол Қырмызы сал қыз, — депті. Алты сал мұны естіп, разы болып ауылдарына қайтыпты.

«ЫСТЫҚ АТАДА»

“Базар-Назар” деп ән шырқап жүрген жылы жазда, азын-аулақ малдарымды сатып, қырғыздың “Ыстық ата” курортына бардым. Әйелімді, екі қызымды ертіп алғанмын. Бір боз үйді жалдап алып жатырмыз. “Ыстық атаға” әр ұлттан адамдар көп келеді екен. Барлығы жиналып келіп маған “Ақ ешкі”, “Көкшолақ”, “Бозторғайды” айтқызады.

Бір мезгілде қырғыз сырнайының дауысы шықты. Қарасам, үй алдында бір топ қырғыз атпен қатар тұра қалыпты. Оспанқұл ақын ортасында, шертпегіні шертіп:

— Ассалаумағалайкүм,
Аманбысың, Кененім,
Амандаса кеп едім.
Алатауды жаңғыртты,



Зарлап айтқан өлеңің.
Қайтыс бопты қайтесіз,
Базар, Назар бөбегің,
Корейік деп кеп тұрмыз,
Қыздарың мен жеңгемді,
Жыламаңыз, Әйештер,
Тағы да құдай береді,
Жал-құйрығың жетілсін,
Өткенге кім өкінсін.
Әйешіңіз ұл туып,
Желкеңізге секірсін.
Өзі беріп, өзі алған
Жалғанды кім жекірсін?
Фрунзе мен Пішпекте,
Кедейден болды шондарым.
Көрігенде Кенеке-ау,
Балалар өліп сорладың.
Айдарбегім қасымда,
Садуақасым осында,
Қырық кісі кеп тұрмыз,
Сізге амандасуға,
Қатар жатқан құрбы деп,
Қапалы көңілді ашуға.
Қара кепе оңгеріп,
Алты мес қымыз теңденіп,
Қара тайды жетектеп,
Өмір бір күн өтер деп,
Бәрімізге жетер деп,
Бірге жүрген жыршыға
Барып қайтсақ нетер деп,
Мен — Оспанқұл жиенің,
Бөле бала күйеуің.
Қапа болсаң ортақпын,
Сырқырайды сүйегім.
Көңіл айта көп қырғыз,
Қосып келдік тілеуін.

Сондағы Т ө к п е ж ы р ш ы н ы ң айтқаны:

Менің атым Төкпе еді,
Төкпемді келдім төккелі,
Ағай менен Әйештің,
Көңілін ашып кеткелі.



Ақын Кенен ардақтап,
Сізге қызмет еткелі.
Асығып келдім әдейі,
Көңіл күйін шерткелі.
Көңіліңізді ерткелі.
Тау басында ала арша,
Жүрген жерім тамаша!
Құлағың сал жырыма,
Қанықсыз ғой сырыма.
Ажал келсе әдейлеп,
Кім болады араша!
Ана тастың кептері,
Мына тастың кептері,
Алдыңа келдім, Кенеке,
Ұшып қызмет еткелі.
Ана таудың көкегі,
Мына таудың көкегі,
Ақыр өмір өтеді,
Сабыр қылсаң нетеді?

САРБАС АҚЫН

Сарбастың шын аты — Тілеулі. Түсі сары болған соң Сарбас атанып кеткен. Өзі Сатый-Ботый руынан. Кебекбайға жақын, Жалайыр Қабан ақынның қарындасынан туған. Шешесі өліп, жетім қалған соң, нағашылары Тілеуліні жастай алып кетеді. Жасы он беске келгенде “жынды болды” деп, бақсы-балгерлерге қаратса да болмайды. Ақырып өлең айта береді екен.

Кебекбай мұны естіп, іздеп барып жирен тайға мінгізіп, ауылға алып келеді. Ел бұл бақсы болады десе, Кебекең нағашысы Қабан да жасында осындай болыпты деп, қасына ертіп жүріп, баулиды. Сарбас домбырасына үкі тағып өз құлағын өзі бұрап, айқайлап өлең айтса, ел күледі. Бұл қалай деп ел сұраса, нағашым өз құлағын бұрамаса аузына өлең түспеген екен деп жүре береді екен. Сарбас келе жатқанда бала-шағалар қашып тығылады екен, сондай



сесті, екпінді адам болыпты. Мен өзім де көрдім, бірақ, тым жас едім. Отырған үйлерінің сыртында жүріп, айтқан өлеңдерін талай тыңдаған едім.

* * *

Сарбас ішім-жемге сараң, байлардың мінін көзіне айтатын адам екен. Бір жолы Сасықбай деген байға былай депті:

Сасықбайда құмған жоқ,
Беті-қолын жуған жоқ.
Жамыларға көрпе жоқ,
Қой бастарға серке жоқ.
Адал бала туған жоқ,
Адалдан мал жиған жоқ.
Сараң байда иман жоқ.
Жабағы жеп, қыл жұтқан,
Тері илеп жүн жұтқан.
Бүйте берсең Сасықбай,
Өлерсіңдер қылқұрттан.

* * *

Жолдықара деген құрдасы диханшы екен. Сарбасқа бір қап тары бермек болып қырманға қарай аяндайды. Ыстық күнде алдында келе жатқан Жолдықараға Сарбас:

Ау, Жолдықара, дегенге, Жолдықара,
Маңдайдан ағып тұрған терді қара.
Үстіне киіп жүрген тонды қара,
Қап-қара, кір-қожалақ қолды қара.
Сарбас тары жейді, елден бұрын.
Байлардың бас имейді қорлығына.
Қап-қап астық үзілмейді қысы-жазы,
Күштінің бой бермейді зорлығына.

Байқара деген молда: “Ақын деген — сері-сайтан, ақынға берген арамға кетеді”, — деп елді үгіттепті. Сарбас оған:



“Молда жылаған жерден алады,
Ақын жырлаған жерден алады.”

“Молда шулатып алады,
Ақын дулатып алады”, —

деген нақыл сөздер айтып, молданы отырғызып кетеді.

Бір жолы ем-дом жасаймын деп келген Байқараға Сарбас ақын:

Молда жүрер тіленіп кісі өлсін деп,
Ақын тілер ел-жұртым көгерсін деп.
Қожа-молда ақынға қылма қиқаң,
Зекет, бітір аласың елді ұйпап,
Жыбырлатып ерніңді, көзді сүзіп,
Дем саласың әйелдің төсін сипап, —

дейді. Осы сөзден соң ел Байқара молданы “сенің тілеуің құрысын” деп үйден сүйреп шығарыпты. Екінші рет молдалар Сарбасқа аузын аша алмайтын, Сарбас отырған жерден безе қашатын болыпты.

Сарбасты Кебекбай қасына ертіп жүріп, көп жерлерде ырқына жібермей отырады екен. Өйткені, Сарбас ақын көңіліне келгенді тік айтатын кісі екен.

Бірде елге қадірлі Қарабай деген кісі қайтыс болып, Сүйінбай ақын бір жағдайлармен көпке дейін келе алмапты. Бір жиында Сарбас ақын Сүйінбайға:

Сүйінбай бата қылмай Қарабайға,
Қарабай қатарласқа жарамай ма?
Көңіл айтып келмедің өлігіне,
Сүйінбай бұл қылығың жарамайды, —

деп құлағын бұрап, ақырғанда, Кебекең: “Қой Сарбас, Сүйінбайға тіл тигізбе? Ол қырғыз-қазақтың елеулі еркесі ғой”, — деп тоқтатыпты.

* * *

Бір жиында Сарбастың Құлмамбетпен айтысқысы келіп:



Құланаян Құлмамбет, суан, шаншар,
Сарбас ақын ақырса құтың қашар.
Кебеке-ау, айтысуға қоя берші,
Құлмамбет маған не деп аузын ашар, —
дегенде Кебекең қой-қойлап, ақынды еркіне
жібермепті.

Сарбас ақын мен Қуандық ақынның айтысы

Қуандық — Ыстыдан шыққан ақын. Қаржау деген
кісінің асында Сарбас екеуі айтысады. Бұл екі ақын
да сырттай бірін-бірі естігеніменен, кездеспеген екен.
Сөзді Сарбас бастайды:

Ел түмені төменді,
Жер түмені төменді.
Ақын болсаң Қуандық,
Көрсет бері төбенді.
Мен тұрғанда сен қашан
Бастаушы едің өленді?
Жолға тастап кетемін,
Қуандық ақын дегенді.
Ақ шапанын киіп ап,
Ақбоз атқа мініп ап,
Ажал айдап келгені...
Төрт Дулаттың тұқымы,
Қаптап кетсе ақыным,
Құмда жатқан Ыстының,
Бір қойдан оңай өлмегі.
Мына тұрған Қуандық,
Жену оны қиын ба-ей.
Қуандықты көрмеймін,
Бір қалаштық тиындай.
Сауырынынан тістейін,
Келмесін қайтып жиынға-ай.
Ақындығы белгілі,
Бү да бізге бұйым ба ай?!
Асына Қаржау баралық,
Әнімізді салалық,



Домбыраны тарталық,
Көңілімізді айталық.
Өнерін оның байқалық,
Тиіспек болса сөзбенен,
Бастағы миын шайқалық.
Ас берген байдың үйінен,
Ат-шапан алып қайталық.

Қ у а н д ы қ:

Құдай атқан Сарбас,
Ел даттаған жарымас.
Неменеңе болдың мас.
Көптігіңе болма мас.
Меніменен сөйлескен,
Бұл дүниеде мандымас.
Есім менен Малайлы,
Таз, Қоланшы төртеуін,
Төрт Дулатқа балаймын.
Байтүгелге — Жантүгел,
Жарысуға жараймын.

Сенің атаң Сарбасым,
Солтанкелді — Бөкенсің,
Атып алар текемсің.
Жар түбінде жататын,
Сорлы кедей екенсің.
Қамшыменен бір салсам,
Быт-шыт болып кетерсің.

Сонда жиылған ел күледі. Жұрт Сарбасты Қуандық
жеңді деп тарасады. Келер жылы атақты Мөңкенің
ағасы Әбділда дегеннің асы болады. Болыстар мен
ояздар асқа келген ақындарды жинап алып, өлеңдерін
тыңдайды. Бұл жиынға Сарбас ақын да келеді. Сонда
Қуандықтың ұлықтарды мақтап жатқанын естіп,
үндемей тыңдап тұрады.

Қ у а н д ы қ:

Алдияр тақсыр, ұлығым,
Дариядай тұнығым.
Ұзын болды құрығың,



Қыз шашындай қайырған,
Кекілің мен бұрымың.
Таза сүйек руың.
Қарағалы өзіңе,
Жұрттың бәрі бек болды.
Дәулетіміз көп болды.
Сиырымыз пұл болды,
Мінгеніміз жорға болды,
Кигеніміз торқа болды...

Түйедегі нарымсың,
Маңдайдағы барымсың.
Арыстаным, арланым,
Жылқыдағы тарланым.
Аспандағы жұлдызым,
Басымдағы құндызым...

Баяғы өшін алуға Сарбас ақын қызып, тамағы бүлкілдеп, шыдай алмай отырады. Қуандық сөзін аяқтай бергенде Сарбас құлағын бұрап-бұрап жіберіп, ақырып ала жөнеледі. Ұлықтар алғаш бұған қыран-топай күледі. Сарбас құлағын бұрағанда олар “мынау жынды ма” деп ойласа керек. Халық үйді қирата кимелеп кетеді.

Сонда С а р б а с:

Ау, құдай атқан Қуандық,
Өлеңіне біз қандық.
Болыстар мен оязды,
Арыстан деп, қасқыр деп,
Қуайын деп жүрсің-ау.
Шоқпарменен түмсықтан,
Ұрайын деп жүрсің-ау.
Жау келді деп төбеге,
Шығайын деп жүрсің-ау.
Түйедегі нарым деп,
Үш қап тұзды оязға,
Артайын деп жүрсің-ау.
Мұрнын тесіп қанатып,
Сөзбұйдалап оязды,
Тартайын деп жүрсің-ау.



Тарланым деп оязды,
Мініп алып аулыңа,
Қайтайын деп жүрсің-ау.
Ау, оязым, оязым!
Жауға сесті болсын деп,
Алғызбадың шашыңды.
Әйелге сесті болсын деп,
Таңдап іштің асыңды.
Елге сесті болсын деп,
Баспай қойдың мұртыңды.
Сары ала қаздай шен тағып,
Бұлтитып алып ұртыңды.
Тілмашыңнан сұрағын,
Айуанға сені теңгерген,
Қуандық деген шіркінді! —

дегенде ұлықтар тілмаштарынан не дейді деп сұрайды. Тілмаштар анау ақын солай, мынау ақын былай деді демей ме? Сонда ояз өздерін мақтаған Қуандықты үйден қуып шығыпты да, Сарбасты төрге шығарып сыйлапты.

Сарбас ақын мен Қалмырза жыршы

Қазақ, қырғыздың жаугершілігі тоқтап, орысқа қарай бастаған кез. Екі ел татуласып, біріне-бірі шапқыншылық кезде өтіп кеткендерін қайтарысып, екі елдің батырлары ақ үй тігіп, ақындарын айтыстырып, сауық-сайран құрып дем алады. Сонда қырғыздың жыршысы Қалмырза мен қазақтың жас ақыны Сарбас екеуі айтыспақ болады.

Үлкендер жағы: “Сендер айтыссаңдар елді жамандамай, шапқан-жанышқанды айтпай, жай өздерің айтыссаңдаршы”, — дейді. Онда мен қазақтың Сарбас ақынына жұмбақ-сауал айтайын дейді Қалмырза. Сондағы Қалмырзаның сауалы:

Оқ жыландай ысқырған,
Беліне қылыш қыстырған.
Ханның ұлын қосшы алып,



Қабакты шалған білдің бе?
Төренің ұлын жолдас қып,
Төбені шалған білдің бе?
Екі айдаһар бірігіп,
Інге кірді білдің бе?
Алатаудың бауырына,
Сары нар шөкті білдің бе?
Ұзынағаш басына,
Ақ құс қонды білдің бе?
Жер ортасын мөлшер қып,
Тұзақ құрды білдің бе?
Екі Шолпан тең туып,
Көріп қалды білдің бе? — депті.

С а р б а с а қ ы н н ы ң ш е ш у і:

Оқ жыландай ысқырған,
Беліне қылыш қыстырған.
Төренің ұлын қосшы алып,
Төбені шалған дегенің,
Қазақтан шыққан Сыпатай,
Кенесары болмасын.
Ханның ұлын жолдас қып,
Қабакты шалған дегенің,
Қырғыздан шыққан Орманхан,
Қарабек батыр болмасын.
Екі айдаһар бірігіп,
Інге кірді дегенің,
Бір төсекте бір жатып,
Дастарқаннан дәм татып,
Шабушы едің аямай,
Біріңді-бірің түн қатып,
Қазақ, қырғыз болмасын.
Алматының баурына,
Сары нар шөкті дегенің,
Балдыр-бұлдыр сөйлеген,
Адам тілін білмеген,
Жейдесінде жаға жоқ,
Етігінде таға жоқ,
Өзі сары, көзі көк,
Мына келген жаңа адам,



Сары орыс болмасын.
Ұзын ағаш басына,
Ақ құс қонды дегенің,
Әр қарағай басында,
Ақ шынысы болмасын.
Жер ортасын қадамдап,
Тұзақ құрды дегенің,
Жердің бетін торлаған,
Көшпес ауыл орнаған,
Қара жолмен қарағай,
Телеграф сымдар болмасын... — депті.

Сонда қазақ, қырғыздың тыңдап тұрғандарының бәрі шулап, екі ақынға да разы болып, баталарын беріпті. Екеуіне де ат бастатқан бір тоғыз, түйе бастатқан бір тоғыз беріп тарасады.

Сарбас ақынның соңғы қоштасу өлеңі

Атақты Ноғайбай Сарбастың әрі туысы, әрі жолдасы болып келеді. Сол Ноғайбайдың асын береміз деп, бүкіл қырғыз, қазақтың бетке ұстарлары Сұлутөрге жиылып жатқанын естіген Сарбас өзінің науқастығына қарамай жолға шығады. Қордай даласына келгенде қалы нашарлап, жүруге шамасы келмей кері қайтады. Үйіне келсе ел де қобалжып, бой бермей кеткен Сарекемнің қалы қалай болар екен деп, бәрі де тосып жүрген көрінеді. Сонда өлерін біліп ақын дереу молданы алдыртып дем салдыртады, домбырасын соңғы рет қолына алып қоштасу өлеңін айтады.

Атандым талай елге Сарбас ақын,
Қазақ, қырғыз түз-дәмін талай таттым.
Кеселдің кесірінен амалым жоқ,
Жиынын Ноғайбайдың көрмей қайттым.

Танылдым талай елге тілімменен,
Домбыра бірдей еді үнімменен.
Жанымнан жарты сағат тастамайтын,
Сырлы ағаш қаласың ба шыныменен.



Біліндім жасымнан-ақ әртарапқа,
Жазсамшы бұл өлеңді бұрын хатқа.
Өмірім соққан желдей өте шықты,
Бермендер домбырамды ешбір жатқа.

Атандым Ұлы жүздің Сарбасы,
Бұл сөзді бекер деген болар қасы.
Айтатын туыстарым арызым бар,
Сөзіме құлақ салып сәл тыңдашы.

Байшора, Байсейіт пен Әзіз аға,
Басыңнан сыйласпасаң кетер баға.
Атаусыз тастамаңдар Сарбасты,
Артымда жас қап барады жалғыз бала.
Қош енді аман болғын қайран елім,
Бұлбұлың боп талай топта сайрап едім.
Атаусыз тастамаңдар қалың бауырым,
Дулаттың Сарбасы болып едім.

Біреуді патша құдай жарлы қылды,
Біреуді мал мен басқа зарлы қылды.
Артында ағасы жоқ, інісі жоқ,
Тапсырдым өздеріңе жалғызымды.

О, құдай, тура жолға барғын бастап,
Барамын қызық дүние сені тастап.
Жүрерсің Әбдікәрім қай есікте,
Басыңа қоюшы едім шекер жастап.

Тоқсейіт, Былғақпай мен Пішенбайым,
Қорабай аман болғын Мұқатайым,
Бәріңе белгілі ғой, менің жайым,
Жетімнің біле жүргін хал-жағдайын.
Бұлағың ағып тұрған тартылды енді,
Сен-дағы хош боп тұрғын алған жарым.

Бұл жайды Кебекең де білген шығар,
Ноғайбай да күдерін үзген шығар.
Барайын мен соларға сәлемдесіп,
Сағынып дауысымды жүрген шығар.



ӘЛМЕН АҚЫН

Әлмен — Ораз ішіндегі Байқалмақ дегеннің қызы. Байқалмақтан алты бала дүниеге келіпті. Олар Әлмен, Жезбала, Шүкітай, Мысбала, Әлімбай, Әпейбек. Осылардың ішінде Мысбала — менің енем, өйткені, Мысбаланың қызы Нәсиха менің әйелім. Алайда, мен Әлменді, Шүкітайды, Жезбаланы көргенім жоқ. Қалғандарымен қайын жұрт ретінде аралас-құралас болып сыйласып өттік. Сонда енем Мысбала да, Әлімбай мен Әпейбек те өздерінің әпкелері Әлменнің керемет ақын болғандығын мақтанышпен еске алып, айтып отыратын еді. Бертін келе ел арасында таралып кеткен өлеңдерін естіп құмар болдым. Естігендерімді жазып қойып жүрдім.

Әлмен ақын туралы көп айтуға болады. Оның халық арасында тарап кеткен өлеңдері көп-ақ. Мен оның бірқатарын білемін де, бірақ кез келген жерде айту қиын, өлеңдері ащы, анайы келеді.

“Әлмен әпкем өте ерке, ұзын бойлы, ат жақты, қара сұр, ер мінезді, тік сөзді, өзіне ұнамаған қылжақбас қатар құрбыларын аямай ірейтін ащы тілді, адуынды, азулы ақын еді”, — деп еске алатын еді енем Мысбала. Десе дегендей-ақ, айтысуға келген замандастарының кемшілігін бір көргенде-ақ байқап, дереу өлеңіне өзек ете білетін Әлмен үнемі айтыста жеңіп отырған деседі.

Осы ма Өскенбайың жұрт мақтаған,

Түлкідей сойып қойған ыржақтаған... —
деп Өскенбай деген ақын жігітті қағып тастапты. Айна, білезік, сақина, сырға, пышақ соғатын Көнтеқ деген ұста жігіт қарап отырмай: “Әлгі ешкімнен жеңілмейтін ақын қыз осы ма еді?” — деп менсіңкіремепті. Сонда Әлмен ақын:

Ауылға көшіп кепсің Көнтеқ ұста,
Көнтеқ деген шықты ғой біздің тұста.



Сенің соққан пышағың майға өтпейді,
Сақинаңды соға бер көтің қыс та...—
деп отырғызып кетіпті.

Тағы бірде Олжабай деген өзінен көп жас үлкен кісі
Әлменмен айтысқысы келіп, тиісе береді. Байлығын,
барлығын айтып: “Алты жүз, бес жүз қой әркімде-ақ
бар, мен мың қой берем, тек маған көн”, — дейді.

С о н д а Ә л м е н:

Байтасбайдың баласы Олжекемсің,
Құтты болсын айтуға тойға кепсің.
Балаңмен жасты қызбен айтысам деп,
Сорлым-ау, қиялданбай жолдан кеткін.

Байтасбайдың малдары арам өлмес,
Арам өлген малдарын итке бермес.
Арам өлген малдарын итке берсе,
Қырсық шалып бөйгеден аты келмес,—
депті. Олжабай алды-артына қарамай, қаша жөнеледі.

Осылай ешкімді менсінбей жүрген Әлмен қыз
да ескі әдет ғұрып бойынша, Қапал деген елдің бір
байына “бесік кертпе” құда болып, атастырылған
еді. Құдасының үш баласы да таз екен. Әлменге
атастырғаны тіпті сүйкімсіз екен. Әлмен өсе келе
күйеу жігітіне риза болмай, Солтанкелдінің тәуір
адамдарын араға салып әкесіне: “Атымды алты рулы
ел біліп еді. Әкем мені мал үшін тазға бермесін, мен
әкемнің тұңғышы едім, қалағаныма жіберсін?” — деп
сөз салады.

Бұған әкесі: “Екі сөйлер жайым жоқ, ақ батаға
қиянат істемеймін, қызым сол атастырған адамына
барады”, — депті. Әлмен: “Бармаймын, байлап-матап
беретін болсаң у ішіп өлемін”, — депті. Той қылып
ұзатпақшы екен, Әлменнің мына сөзінен сескенген
әкесі астыртын құдасына кісі жібереді. Құдалары
келісім бойынша, нағашыларына қонаққа кетіп бара
жатқан Әлменді жолдан байлап әкетеді. Сөйтіп Әлмен
қыз еріксіз торға түсіп, тазға кете барады.



Барған үйі оны шымылдық ішіне отырғызып қояды, келінге құтты болсын айтып кәрі-жастар лек-легімен келіп жатады. Осы кезде сол елдің Бектұрған деген сыйлы кісісі келіп: “Әлгі біздің баламызды менсінбеген келінді көрейікші”, — деп келіп, шымылдықты ашады да: “Ай десе аузы, күн десе көзі бар бір сұлу ма десем, кескінсіз қара сұр екен ғой”, — дейді. Сонда іштей күйініп ашулы отырған Әлмен шымылдықты серпіп тастап:

Ауылыңның ақсақалы Бектұрғанды,
Көремін өзім тәуір тек тұрғанды.
Келін боп еркімменен келгенім жоқ,
Әкеммен екеуің ғой еп қылғанды.

Зорлықшылдың зауалын құдай берсін,
Аузына келгенді айтып, жеп тұрғанды.
Ата сақал аузында күректей боп,
Көргенім жоқ дәл сендей антұрғанды, —

депті.

Сонда Бектұрғанның қасында тұрған Әлменнің таз қайнағасы мына сөзге шыдай алмай:

Кербұлақты айналып қона алмадым,
Ойдағыдай келінжан бола алмадың.
Жалғыз атым бар еді қасқыр жепті,
Осы келін, түскелі оңа алмадым, —

депті.

С о н д а Ә л м е н :

Мен үйімде жүргенде сөк жарма едім,
Әкем тазға берді деп арманда едім.
Үшеуіңнің басыңды құрт жегенде,
Сонда да қастарыңда мен бар ма едім, —

дейді.

Осы сөзбен олар да жөніне кетеді. Әлмен торға түскен тотыдай зарлай береді. Оның артынан ешкім келіп, ара тұра алмайды. Барған жері оны өз еркіне жібермей қапаста ұстайды. Есіл ақын сөйтіп, теңсіздіктің құрбаны болып қала береді.



Құдай несін жаратты қызды қор ғып,
Біреуді кем, біреуді күші зор ғып.
Сайрап жүрген саяда бұлбұл едім,
Мойныма түсірді-ау тұзақ, тор ғып.
Арманда өтті ашық жар Әмеш боздақ,
Амалсыздан ботадай қалдым боздап.
Көздің жасын көл қылып қойныма,
Жүректегі шерімді айттым қозғап.

Құдай неге жараттың қызды қор ғып,
Күндіз-түні көргем жоқ көзім сорғып.
Жарасына жүректің дауа таппай,
Қолға түстім киіктей орғып-орғып.

“Бесік керткен” қазақтың заңы құрсын,
Арманда өтті зарланып талай қыршын.
Ортасында оңкей таз қор болдым-ау!
Ата-бабам қолдамай қайда жүрсің?

Талай қыз бен жігіттер арманда өтті,
Сүйгеніне жете алмай зарлап өтті.
Шырылдатып өз қызын малға сатып,
Күң болып, күркілдеген шалға кетті.

Байқалмақтың қызы едім атым Әлмен,
Қадірлі екен қыз сорлы қалыңмалмен.
“Қызы бар қыр асады” деген қазақ,
Кетеді сатқан қойдай көрі шалмен...

Кесепаты мол кер заманда өмір сүрген Әлмен ақынның тамаша өнері көпшіліктің пайдасы үшін іске аспай қалды. Бұлбұл құсы асқақ биік бәйтерекке қонбай, бетегеге қонып белінен шойрылды. Сүйгені Әмеш сияқты боздаққа қолы жетпей, жаны сүймеген тазбен еріксіз ғұмыр кешті.

Әлмен ақынның кезінде талай ақындармен айтысып, табан астынан ұтымды жауап тауып жеңіп отырғандығын жоғарыда айтып өттік. Тәкен, Олжабай, Өскенбай, Қабасақал, Әміре, Станбек, Кемелбай



сияқты өзі қатарлас теңімен, замандас қатар-құрбыларымен көп айтысқан қыз.

Алайда, бұл айтыстар айтылған жерінде қалған, оны жинап теріп жазып алатын кез емес, тек ел арасына тарап кеткен бірер шумақтары болмаса, сақталынбаған. Осы айтыстардың ішінде екі айтысын кезінде жазып алған едім. Еш жерде жарияланбаған осы екеуін қаз-қалпында ұсынып отырмын.

“Іштен шыққан жау жаман, шешілмеген дау жаман” дегендей ауылы аралас, қойы қоралас қонған Мүлкаман руынан шыққан Байғұттының кенжесі, өзі сал, өзі сері Төкен ақын Әлменмен көп айтысқан екен. Тіпті бірін-бірі іздеп айтысып, қайткенде де қызды жеңу үшін Төкен сыныққа сылтау іздегеннің бірі. Оған екеуінің мына айтысы қуә.

Т ө к е н:

Байқұттының кенжесі Төкен салмын,
Ерке болып еліме туған жанмын.
Кесірленбей өлең айт, Әлмен ақын,
Қасқараудың қызына ашынамын.

Ә л м е н:

Мақтайсың өзінді-өзің Төкен көсе,
Жұқпайды көсе жігіт майды жесе.
Қыздардың қанжығанда қаншасы жүр,
Ілесіп жүрмес пе еді жақсы көрсе.

Т ө к е н:

Аулыңмен, Әлмен-ау, аулым қатар,
Сендей қызды Төкен сал леппен тартар.
Қаба сақал жігіттен көсе жақсы,
Мұрт пен сақал бетінді жыбырлатар.

Ә л м е н:

Алдар қызың мен емес Төкен көсе,
Шайнар едім құйқанды әлім келсе.
Басыңа кимешек пен шаршы салсаң,
Жан сенбес ед өзінді еркек десе.

Т ө к е н:

Менсінбейтін, Әлмен-ау, қай түрің бар,
Пышақ жанып алғандай жақ, мұрның бар.



Намаз оқып жүргендей етегіңе,
Сендей қыздың ажалы қырық жеті мал.

Ә л м е н:

Шындықты айтпай қайтеміз көсе демей,
Көп жігітке келемін есе бермей.
Көкала аттың үстінде шіренесің,
Малды отарға жіберген бай немедей.
Жаным тұрмақ жауапқа зар боп жүрме,
Бытбылықтап ұрланған бөденедей.

Т ә к е н:

Араз болма тату бол Төкенменен,
Ат-тонымды көрсеңші әсемденген.
Бұл мінезді қоймасаң Әлмен ақын,
Көп мал беріп сөйлесем әкеңменен.

Ә л м е н:

Сақалы жоқ Төкеннің үш мұрты бар,
Өзі жақсы жігіттің үш жұрты бар.
Қой мен жылқың белгілі Төкен байқұс,
Көк ала аттан басқадай не құтың бар?

Т ә к е н:

Бір алады ел торыған шын қарақшы,
Өзін-өзі ұрлаған қыз қарақшы.
Малға кедей болсам да көңілім бай,
Жөнін айтшы Әлмен-ау кім қарақшы?

Ә л м е н:

Бердің ұрлық қылады күн-түн қатып,
Мамай, Төкен май жейді былпылдатып.
Ұрыларың тас үйге жылқы тығар,
Шығар-шықпас құлағын қылтыңдатып.

Т ә к е н:

Бердім ұрлық қылады күн-түн қатып,
Мамай, Төкен май жейді былқылдатып.
Оның несін бетіме салық қылдың?
Әмеш жүр ғой өзіңді ыңқылдатып.

Ә л м е н:

Берекесі болмайды ұры шіркін,
Болмайды ғой ұрының сұры шіркін.
Күні-түні қылғаның ұрлық қарлық,
Қай жеріңнен кіреді түрің шіркін.



Т ә к е н:

Байқалмақтың қызы едің, атың Әлмен,
Бүрме етек, шашы ұзын затың Әлмен.
Бұл кесірді қоймасаң, ау Әлмен қыз,
Түбі тоқал қылармын ақын Әлмен.

Ә л м е н:

Жаугершілік кезінде менің атам,
Атаңызды аман сау алып келген.
Күштімін деп, көппін деп, күпір болма,
Отыз ұлы Дәуіттің бір күнде өлген.

Т ә к е н:

Күйдім-пістім, Әлменжан, күйдім-пістім,
Күйгенімнен кеудеңе, міне түстім.
Көрмегендей мақтанба, білмегендей,
Оң жағында әкеңнің саба пістім.

Ә л м е н:

Базар барып Төкенім, тай аларсың,
Бүйте берсең бір жерге таянарсың.
Оң жағында әкемнің саба піссең,
Өз әкеңнің басындай май аларсың.

Т ә к е н:

Қызыл атты қыз мінер қырындатып,—
Қыз ұйқысын қандырап бұрын жатып.
Құдай сүйер қылығың бар ма Әлмен?
Анаң сүйген жерінді ырымдатып.

Ә л м е н:

Бір сай шығар бір сайдың ішіменен,
Ат озады бөйгеде күшіменен.
“Былғанбаған жерімді былғанды” деп
Тазалап кет тіліңнің ұшыменен, —

деген кезде Төкен: “Сені жеңем деп жүрген мен де
ақымақ”, — деп қаша жөнеледі.

Әлменнің Қабасақалмен қақтығысы

Қ а б а с а қ а л:

Сипай келдім, Әлменжан, сақалымды,
Іздеп келдім алыстан атағыңды.
Шыбыш құсап күйлейсің шыбжың қағып,
Айтып қойшы, шырағым, жатағыңды.



Ә л м е н:

Бақылдаған текедей Қабасақал,
Мұнша ұзын сақалың, бойың тапал.
Күзеп алып сақалын базар сатса,
Қандай пайда табады алған бақал.

Қ а б а с а қ а л:

Сақалымды қосайын шашыңменен,
Қосақтайын басымды басыңменен.
Сақалыма қызықсаң өзіме ти,
Онша кіші емес қой жасың менен.

Ә л м е н:

Менің түйем астымда ақбас еді,
Шалдың сөзі құлаққа жақпас енді.
Сендей шалдың бөрі де өліп қалды,
Қаңғып келген қай жақтан қақбас едің.

Қ а б а с а қ а л:

Алтын қазық қаққанмын есігіңе,
Жібек шашбау таққанмын бесігіңе.
Қақбас деген өлеңің, тап бас деген,
Түкті қошқар боп тудым несібіңе.

Ә л м е н:

Қосқа салған өгіздің күші мешеу,
Қартайғанда шал-кемпір ұстар көсеу.
Ақын болсаң өзіңнен сауалым бар,
Аспандағы жұлдыздың саны нешеу?

Қ а б а с а қ а л:

Көлде қаймақ бола ма мұз болмаса?
Ішкен аста дәм бар ма түз болмаса?
Аспандағы жұлдызды еркек білмес,
Шалқасынан жататын қыз болмаса.

Ә л м е н:

Қабасақал білдің бе қыз әулие,
Қыздан кейін әнеки, түз әулие.
Тіл тигізбе қыздарға, олай болса,
Еркектерді табатын, біз әулие.

Қ а б а с а қ а л:

Сүті сұйық болады боз биенің,
Мойны ұзын болады нар түйенің.



Қыз әулие емес қой, біз әулие,
Шабы жырық бола ма әулиенің?

Ә л м е н:

Тамам дария ойлашы көлден шыққан,
Тамам батыр, пайғамбар елден шыққан.
Айтыс қой деп, анаға тіл тигізбе?
Талай жақсы кемеңгер бізден шыққан, —
дегенде Қабасақал өзінің жеңілгенін мойындапты.

ӘМІР АҚЫН

Ботбай елінде Әмір деген ақын болды. Ол өленді домбырамен емес, алақанына қарап айтады. Әмір өлең айтқанда жұрт оны кітап оқып тұр екен деп қалатын. Сол Әмір ақын бір жолы бір байдың үйіне келіп қонады. Бай оны танымайды. Байдың бой жеткен қызы, жаңа босанған келіні бар екен. Байдың құдалары болу керек тағы да бір екі бозбала қонып отырады. Әмір олардың көңілдері жақын екендіктерін сөз сыңайларынан сезеді.

Жаңа сойылған қойдың еті өреде жаюлы тұрады. Одан Әмірге арналып ет асылмайды. Әмірге “қонақ кәде айтыңызшы” деп жаңағы жастар мазалай береді. Әмір оларға “өлең білмеймін” десе әлгілер ең болмаса “үніңізді естиік” деп болмайды. Қонақ кәде айтпасаң “көкпар қылып қарға сүйрейміз” дейді. Сүйреңдер деп мұны бай да қуаттайды. Сонда Әмір ақын:

Өленді Әмір ақын айтпай қоймас,
Мына отырған құдаң мен қызың ойнас.
Келінің жас босанып отыр екен,
Қол-аяғын жиған соң ол да қалмас.
Құдаңмен қызың отыр тізелесіп,
Екеуі ерлі-зайыптай ежелесіп.
Аш отырған амалсыз Әмір ақын,
Өредегі етті отыр көзі тесіп... —

дейді. Қыз бен жігіт үйден шыға жөнеледі. Бай санын бір-ақ соғып:



— А, құдай бізді ұрған екен! Әмір ақыннан енді ет тұрмақ, шапан жауып құтылар ма екенсің, — деп әйеліне ұмтылады.

* * *

Әмір ақын бір сараң бай аулына келгенде, қасындағы жолдасы:

— Ал, жолаушым, мына Байтеке байға не дейсің? — дегенде Әмір ақын былай депті:

Ауылым Аңырақайда жүз шақырым,
Байлардан табылмайды бір бақыр үн.
Байда — қайыр, патшада — әділет жоқ,
Құдайым өзің сақта, бер ақырын.
Тон болмас түйе жүні қатқаннан соң,
Кісиде әл бола ма аш жатқан соң.
Байлардан береке мен пейіл кетті,
Көршіге қойдың сүтін сатқаннан соң... — депті.

* * *

Әмір ақын мен Жайман құрдас екен. Жолаушы келе жатып:

— Жайман, мен сені бүгін қонған үйдің әйелімен тілдестірейін бе? — депті Әмір.

— Жазықсыз адамға қалайша тіл тигізбексің? — дейді Жайман. Сөйтіп екеуі бір ауылға келеді. Кешіне бір үйге қонады. Жиналған жұрт Әмірге өлең айтқызып біраз отырып, тарайды. Енді үйде үй иесі мен қонақтар ғана қалады. Олар жай әңгімелер айтып, өткен-кеткен қызықты, күлкілі сөздерді, біреулердің оқыс оқиғаларын еске алып, күліп отырады.

Жатар алдында Әмір ақын:

— Біздің елде Жайман деген тентек елуге келгенде намаз үйреніпті. Сол үйренген намазын өзінің үйіне келіп оқыса, әлгі бір сәлем беретін жерін ұмытып қалып, от жағып отырған әйеліне:



— Әй, қатын, Айдарбектің үйіне келе беретін молданың аты кім еді? — депті. Әйелі:

— Адыра қалғырдың атын мен де таба алмай тұрмын, — деп мүдіріп қалады. Жайман әлі қарап отыр, әлі қарап отыр. Бір кезде:

— Иттің қатыны-ау, енді қашан? — деп әйелінің жанын жан алқымға алады. Әйелі бір уақта:

— А, таптым, таптым, ол қараң қалғыр ноғайдың аты Рахметолла, — депті.

— Енді үндеме, ойбай, намаз бұзылады, — деп Жайман “Ассалаумағалейкүм, Рахметолла” — деп сарнай беріпті, — дегенде, әңгіме тындап, шай құйып отырған байдың әйелі:

— Адыра қалғыр, қандай ақымақ адам еді, намаз әлдеқашан бұзылды ғой, Жайман болмай жайрасын! — дегенде, отырған Жайман Әмірді бас салып жұдырықтай береді. Үйдің іші опыр-топыр болады. Қорыққан әйел — Жайманы осы ма еді, құрып қалсын, ұят болды-ау! — деп үйден тұра қашыпты.

* * *

Әмір ақынның Жалайыр елінде, аты есімде қалмапты, қатты әзілдесетін құрдасы бар екен. Кездескен жерде бірін-бірі сағынысып көріссе де, артынша-ақ, екеуі айтыса түсетін көрінеді. Бірде Әмір ақын құрдасына Жалайыр елінің кей руларының өгіз мінетінін әжуалап былай депті:

Қамауда бір күштісі адасып жүр,
Айтысып қыз-бозбала жанасып жүр.
Кер өгіз, кер құнажын мінгендері,
Олар да өздерінше жарасып жүр.

Жалайырдың мінгені кер тайынша,
Қыжым жапса жарасар өз заңынша.
Қыз-келіннің күмістен ер-тұрманы,
Мақтаншақ ел болар ма бұған мұнша?



Шалдары өгіз мініп қылған жауыр,
Бір құдықтың басында бестен ауыл.
Дастарқанға қуырған бидай салады,
Бір шөкім май қойыпты, ол да тәуір...

* * *

Өмір ақынның бай мен молдаға сауалы:

Әкесі Жалмырзаның Түйте ме екен?!
Құрманға сойған қойды үйте ме екен?
Құдасына сақтайды құрбан етін,
Молдеке, шариғатта сүйте ме екен?

Ассалаумағалейкүм, өңкей сылқым,
Би-болыс, кедейдікі мінген жылқың.
Бір қойын қонған үйдің қасқыр жепті,
Қай жеріңнен кеп отыр арсыз күлкің, — депті.

Өмірді көргенім:

Жас талап кезімде үйге бір қызыл көз қария келді.
Әкем екеуі жампаңдап амандасып қалды. Мен де сәлем
беріп едім, ол әкеме қарап:

— Ау, Әзірбай, мынау әлгі ақын балаң ба? — деді.
Әкем:

— Барым да, нарым да осы ғой, Әміржан, — деп
маған жақынырақ кел дегендей, ишарат етті. — Бұл кім
болды екен, — деп таңғалыңқырап тұрдым. Ол менің
басымнан сипап, алақанына қарап тұрып, өлеңмен
бата берді:

Жүруші ем өлеңіммен байдай болып,
Отырмын енді кедей шалдай болып.
Кененжан, Сарыбастай ақын болып,
Ән шырқап өсе бергін айдай болып.
Әзірбай гүлденерсің талдай болып,
Жүруші ең жауын тимес жандай болып.
Тәңіріге тәубе қылып отыра бер,
Сен жеттің бұл әлетке қандай болып... —

деп ұзақ өлең оқыды. Сондағы айтқандарының
екі шумағы ғана ойымда қалыпты. Мені өлеңнен



бұрын ол кісінің қолына қарап тұрып айтқаны таң қалдырды. Құдды қолында бір нәрсе жазылып қойған, соны оқып тұрған сияқты. Өмірде нелер адамдар болып өткен ғой, шіркін!

ӘЛМЕЙІН

Біздің Жетісу өңірінде Әлмейін деген ақын болыпты. Ол өлеңді термелеп айтатын деседі. Әлмейіннің ел арасында таралып кеткен өлеңдері көп-ақ. Алайда, менің есімде оның төмендегі бір-ақ өлеңі қалыпты:

Менің атым Әлмейін,
Сөз мәйегін терейін.
Айтысарға келгенде,
Алдырмайтын Әлмейін.
Жарысарға келгенде
Шалдырмайтын Әлмейін.
Тартысарға келгенде,
Тартынбайтын Әлмейін.
Өлең десе елеңдеп,
Бүлкілдейді көмейім.
Ақындығым өзімше,
Тілемістен ілгері,
Сүйінбайдан сәл кейін.
Өлеңдерім екпінді,
Қордайдан соққан желдейін.
Кейде тасып өтетін,
Көктемгі тасқын селдейін.
Кейде шалқып кететін,
Иірімді көлдейін.
Сойле десең әлеумет,
Тәуекел деп көрейін,
Қинадың неге демейін.

Үлкен-кіші алдында,
Желмаядай желейін.
Сөз асылын терейін.



Жүйелі жырға келейін:
Әкесі болса алдында,
Асқар тау демей не дейін?
Анасы болса алдында,
Сая-бау демей не дейін?
Ағасы болса алдында,
Жағасы демей не дейін?
Інісі болса артында,
Тынысы демей не дейін?
Баласы болса алдында,
Қанаты демей не дейін?
Қызы болса аяулы,
Құндызы демей не дейін?
Жан жары болса жанында,
Жаннаты демей не дейін?.. —

деп төге беретін алғыр ақын еді деседі. Меніңше, осы бір ғана термесінің өзінде-ақ, Әлмейін өзінің кім екендігінен хабардар еткен сияқты.

БЕЙСЕНБАЙ АҚЫН

Бейсенбай — Баба деген елден шыққан ақын. Өзі кедей, ат-тоны сыпайы ғана, өлеңді жазып шығаратын. Өзі жақтырмаған адамын, әсіресе, өр кеуде болыстарды, даңғой бай-манаптарды масқаралап өлең жазып, онысын елге таратып жібереді екен. Соның бірі есімде қалыпты:

Сұлтан шал көріп өтті ел қызығын,
Еркебай үйретеді сөз түзігін.
Аманжол, Мамай менен төбе билер,
Алыпты бір кедейдің екі үзігін.

Ақатай төрт дөрекі сайлап алып,
Би-болыс оңарсыңдар қайда барып.
Кедейін Кіндіктастың зар еңіретіп,
Үйірін Көктөкенің айдап алып,



Би-болыс қорықпайды бір құдайдан,
Зорлықшыл қашан тынар бұл Қордайдан,
Қой жоқ, — деп би-болысқа жағдай айтса,
Ұрыпты Дүйсебайды тана сойған.

Жыландай болыс-билер елді жалмап,
Сияз қып, ауыл сайын жұртты шарлап.
Земский налогтан құтқарам деп,
Алдыңдар жетім-жесір малын алдап.

Қордайдың бораны бар бұрқан-тарқан,
Старшын, би-болысы соған тартқан.
Малды қойып бұйымға ауыз салды,
Алаша мен текемет жинап арқан...

Бейсенбай ақынның осындай өлеңдері көп еді. Бала
кезімізде жаттап алып, айтып жүруші едік.

КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ ТАПСЫРҒАН БЕЙСЕНБАЙ АҚЫННЫҢ ӨЛЕҢІ

Іс қылдық тарихта жоқ Қордай елі,
Қордайдың асу бермес соққан желі.
Ертек боп ел аузында күлкі болды,
Болысы бұзық, әділсіз бай-билері.
Сұлтан шал көріп өттің ел қызығын,
Еркебай үйретеді сөз түзігін.
Аманжол, Мамай менен зорлық қылып,
Алыпты кедейлердің көп үзігін.
Ақатай төрт дөрекі сайлап алып,
Зұлым би оңар екен қайда барып.
Бөкенін Кіндіктастың зар жылатқан,
Үйірін “Көктекенің” айдын алып.
Көгенін керегеге ілдіріпті,
Болыс-би тізе қосып бір жүріпті.
Айдатып кісі өлтіріп бүлдіріпті,
Шаруаның сары майын таспа.
Зар жылап кемпір, шалдар көзін сыққан,
Халықты қан қақсатып би-болыстар.



Жүз басқұр түйеге артқан үш жүз бау арқан,
Сатып жеп кедейлердің көзін ойған,
Мал түгіл мүлкіне де мүлкін қойған,
Байқалмақ ажыраға айып салып,
Ұрыпты Данабайды тана сойған.
Түкірген жерге қарап қырғыз-қазақ,
Бейсенбай масқаралап өлең жазып,
Бұларды келеке етіп қылған мазақ.
Дүйсе би кісі өлтірген пешке мазақ қылып,
Айқымбай деген қойшысын нанша қақтап.
Қызымды күйеуге қашырдың деп,
Үй-жайын жаулап алған малын байлап.
Өлгенде ел жүретін ұранменен,
Бай-манап, қу молдалар құранменен.
Екі бай жоңышқа үшін төбелескен,
Өлтірген Қошқарбайды Бұлан деген.
Байлардың ол уақытта бәрі де үстем,
Талайдың құнсыз-пұлсыз қанын ішкен.
Аулымның маңайында жүресің деп,
Шыңғыртып бір жігітті малша пішкен.
Атақты сұлу Қордай, құры Қордай,
Атағы талай жерден ірі Қордай.
Халықты зар жылатып күңіrentкен,
Би-болыс бетте қытық, ұят бар ма?
Жібердің Қырғызбайды Сібірге айдап,
Кісендеп аяқ-қолын мықтап байлап.
Басына балалардың келеді-ау деп,
Иттер-ай іс қылсаңшы түбің ойлап.
Түңілді қырғыз-қазақ, естіген ел,
Қордайдың көрсетпе деп өнегесін.
Еңіретіп кедейлерді жылатқаның,
Қол қылып көздің жасын бұлатқаның.
Солтанкелді Бөкендей аз ұлысты,
Қозыдай көктемдегі шулатқаның.
Қордайдың үлгі алмаңдар билерінен,
Шықпайды қазсаң құдық тау басынан,
Ілінсең дау кетпейді сау басыңнан.
Қордайдың би-болысы бұзық екен,
Бір күндік аулақ жүргін моласынан.



МАЙКӨТ АҚЫН

(Кененнің нұсқасы)

Екей Сарыбайдың асына Шымкент, Сайрамнан
Бүркітбай датқа қырық кісі мен Майкөтті ақын қылып
алып шығады. Қырық жігіттің мінген аттары ыңғай
арғымақ. Сәулет асырғалы парлап он боз жорға, он
қара жорға, он күрең жорға, он шұбар жорға мінгізіп,
аттардың түріне қарай жігіттерді киіндіріп, бар сән-
салтанатымен келе жатқанда Қарабалта, Соқылық
деген жерге келгенде Бүркітбай датқа қатты ауырады.
Сонда әрі жүре алатын халы болмаған Бүркітбай:
“Майкөт, мені түз-дәм тартпады. Үшқоңырдағы асқа
сен барып қайт. Жетісудағы үлкен-кішіге сәлем айт”, —
дейді де, өзі кере қайтады. Сондағы Майкөт ақынның
жиналып тұрған Жетісудың жайсаң-жақсыларына
амандасып айтқан өлеңі:

Бұл өлеңнің мәні де, көтеретін жүгі де сонда — сол
замандағы атақты тарихи адамдардың есімдері аталады.

Шымкенттен Майкөт келді көрейін деп,
Сәлемін Бүркітбайдың берейін деп.
Талпынып баулы құстай зорға жеттім,
Саңлағын Жетісудың көрейін деп.

Өлді деп ер Сарыбай хабар келді,
Үлкен ат Үшқоңырда шабат депті.
Жаныстың ол жақтағы Бүркітбайы,
Бөріңе үлкен-кіші сәлем берді.

Көрем деп ел-жұртымды шығып еді,
Қайран ер жолда ауырып жете алмады.
Сағынған ағайынды көре алмағай,
Арудың кесірінен кейін қалды.

Еш адам Сарыбайдай өле бермес,
Мұндай ас жұрт жиналып бере бермес.
Неше ояз басын қосып топ қылғанда,
Еш адам Сарыкеңе болмас теңдес.



Салақтап жылда Майкөт келе бермес,
Сарыбай жылда бүйтіп өле бермес.
Сенде сондай боларсың Қисыбайым,
Тоқтыны тәңірі асыраған бөрі жемес.

Кебекбай амандастым Қарабайға,
Кәрібайлар тілектес бол Бүркітбайға.
Мойны озған Дулаттағы жігіт дейді,
Әуелі амандастым Ноғайбайға.

Ал енді амандастым Ноғайбайға,
Қасында Қожамберді жорғатайға.
Сәрмембет, Тілеке мен ер Момынбек,
Тұтқабай амандастым Алғадайға.

Жомарт пен Әуел болыс аман ба енді,
Райыс амандастым саған де енді.
Саудабай, Оразәлі, Солтанаймен,
Бөріне Майкөт ақын сәлем берді.

Жайлаубек амандастым Түменбайға,
Қой жылқы төрт түлігі түгел байға.
Ер Алтай, Сақал менен сен де аман бол,
Саурық пен амандастым Құлақбайға.
Ел енді амандастым Сұлтан ағам,
Сөз барар шайқалғанда сізге таман.
Кешегі Мамырқанның баласы едің,
Жүрмісің аман-есен Бекмаратжан.

Медеу мен амандастым Орманбекке,
Ақатай, Қожамқұл мен ер Нұрбекке.
Байсейіт, Терлік, Тастан сен де аман ба,
Енді аяңдап барайын Сырымбетке.
Олжабай, Бектенбай мен Байтастаған,
Бәйгеден атың озып ойқастаған.
Атаңнан қалған кәсіп екі азамат,
Бір атты келмесе де жалпаштаған.

Еркебай, Еркетаймен орыс жақтар,
Түменбай, Шүңкенейден асыл заттар.
Дүйсембі, Мамай, Тәкен, Монтай, Тайжан,
Аман ба жаңа талап азаматтар.



Дәуітәлі, Мөңкеменен болған датқа,
Бәріңді жүрегіме алдым жатқа.
Қырық нөкер жігіттермен жүрет дейді,
Қояйын амандасып Бекболатқа.

Ел енді аяндайын Ырғайтыға,
Қодар мен амандастым Алманбайға.
Саңлағын Жетісудың көргеннен соң,
Қызыл тіл сүйегі жоқ бүгін сайра.

Бөлеміс сен де аман ба Рыскелді,
Ақылға Ажыбай да мініскерді.
Мырзасын Жетісудың көргеннен соң,
Салайын жел аяндап жүріске енді.

Аман ба Оспан, Иса, Орман, Саурық,
Кеп едім Жетісуға сағым ауып.
Нұрқожа, Атабай мен сен де аман ба,
Аңыздан тары терген мен бір тауық.

Қасабек сенің атың Ысты едің,
Ыстының ер Қасабек мұстыны едің.
Бір балаң Мамыт деген талпынып тұр,
Одағы бізден шыққан ұшқын еді.

Қасеке қыдыр ерген сізге жанап,
Жасыңнан әр нәрсеге қылдың талап.
Қос Дәулет екеуіңе аян берген,
Біреуің ел, біреуің жұлдыз санап.

Аман ба Бөлтіріктің Дәулетбағы,
Атаңның қаңғырған жоқ аруағы.
Аман ба Мажыраның Жолан биі,
Ысмайыл Әжібек пен жаңа тағы.

Айдарбек амандастым Қарынсайға,
Майкөттің барған сайын арындай ма.
Жігіттің демі жеткен бірі дейді,
Кетейін қашып тағы Үсембайға.

Үсембай асып тұрсың бір дуаннан,
Алматы Бішкек ояз бір жуалдан.



Боп тұрсың помещик Қожағұл ер,
Рақымжан амансыз ба, Мәди молдам.

Бұл Майкөт Жетісуға қадам басты,
Сарыбай асына кеп араласты.
Болғанда үш тамғалы тамғаң бірге,
Аяңдап саған жеттім Шапырашты.

Серкесі Тайторының, Қошағаны,
Атыңды қораш қылып жасағаны.
Нарбота, Бектас, Тулақ сен де аман ба?
Атаңнан ұстап тұрсың босағаны.

Өтептің амансың ба Қаратайы,
Кісінің бірі болдың сегіз сайлы.
Айрылып жолдасыңнан жылап тұрсың,
Аман ба Ұлы жүздің Сүйінбайы.
Көшкенің амандастым шын асылы,
Бұл жақта Шапыраштының бір асылы.
Саңлағын Жетісудың көрейін деп,
Алыстан қағып ұштым құлашымды.

Бұл ажал жайымызға қарамайды,
Ботбайдың сен де аман ба Алпысбайы.
Жігіттің мойны озған бірі дейді,
Айқымның амандастым Таңабайы.

Ағайын жазалыма салғын құлақ,
Беруге күнде сәлем аулым жырақ.
Сендағы аманбысың Қасен болыс,
Жеріңіз Күнгейдегі Қарабұлақ.

Ал енді амандастым мырза Сәтім,
Туыпсың сәтті күні азаматым.
Өзіңе өткен күзде хат салып ем,
Қолыңа тиді ме екен аманатым.

Амандастым Оңбай, Кембай ағасына,
Асылдың сен жетерсің бағасына.
Қызырлы Ормақайдың баласы едің,
Әбділда Мөңке батыр, амансың ба?



Мәлібек амандастым Алпысбаймен,
Кілегей бірдей болмас сарымаймен.
Бәріңді жалпы тегіс көргеннен соң,
Майкөтің амандасты мұндай жаймен.

Сондағы аманбысың Шәкеу, Шүрен,
Жасыңнан дастарханың болған шүлен.
Аман ба Әшекейдің Бекболаты,
Атаңа хан көтерген салып кілем.

Құстүтін амандастым Ыдырысқа,
Бұл күнде не бітірер ақыл қысқа.
Аман ба Қилыбайдың Қосжанбегі,
Кенейге Әжіке мен болдың нұсқа.

Байқожа амандастым Нұрқожаға,
Ақылы көп ойлаған болар ада.
Жүрмісің күйлі-жайлы Асқар, Дәупас,
Сіздағы аманбысың, Кеңсат аға?

Саржан мен сізде аман ба, Саймасайым,
Жаныстың бұл жақтағы күн мен айы.
Өзіңді көп Сиқымға ұйтқы дейді,
Жүрмісің күйлі-жайлы Диқанбайым.

Аман ба, Тілепберген Албан тілмаш,
Бұл дүние ойлап тұрсам қолда тұрмас,
Әбсемет, Мырқасым мен сен де аман ба?
Медеу ет жүз көргенді деген бір жас.

Ал енді Мәнді менен батыр Қосай,
Бұл жерде қызыл Оспан жаңа бидай.
Сендағы аманбысың Шәутен, Шөпшек,
Жігітсің көңілдегі ер Жүнісбай.

Ал енді мен барамын Сары Үйсінге,
Жол шықса кете берем әр Үйсінге.
Қиырлы Сарқожаның тұқымы едің,
Есен-сау Сағит аға сен жүрсің бе?

Уәли амандастым Мәтқалыққа,
Тұрмайды өмір шіркін, бір қалыпта.



Аман ба Қалай мырза көрмесек те,
Қосылдың жастайыңнан бұл барыққа.

Мен келдім Әулиеата оязынан,
Кедейдің үйі жыртық қой азынан.
Бар болса үйімізде жатпас па едік,
Дәулеттің қаңғып жүрмін саязынан.

Баласы Құттық — Сейіт Құдайберген,
Жасыңнан қылған ісің ұнай берген.
Болғанда үш тамғалы тамғам бір деп,
Асына Сарыбайдың Майкөт келген.
Отырсың Құдайберген көзің жайнап
Жатырмын мен де келіп тамашайлап.
“Тас түскен жеріне ауыр” деген,
Аулыңа келіп қалдым Қарасайлап.

ШӨЖЕ МЕН КЕМПІРБАЙДЫҢ АЙТЫСЫ

(К. Әзірбаевтың нұсқасы)

Жаныстың Сәтбай деген атақты, елге құрметті
адамының асында болған айтыста Балта, Орынбай,
Шортанбай деген ақындар мен қатар атақты Шөже ақын
да қатысқан екен. Соласта жасы небәрі 19-дағы Кемпірбай
деген ақын да болыпты. Шөжемен айтысыпты деседі ел.

К е м п і р б а й:

Ертістің арғы жағы үлкен берлі,
Бабамның аруағы маған қонды.
Шілденің он бесінде сауын айтып,
Жаныстың Сәтбайының асы болды.

Талайды салып едім омырауға,
Құдая бергеніне сансыз тәуба.
Өзімнің Сарықамда душарласты,
Барғам жоқ аяғыммен Алатауға.

Бес намаз он екі иман жанға пайда,
Қалайын бір шайқасып осындайда.



Біреуге жан, біреуге мал керек деп,
Барасың соқыр азбан жаяу қайда?

Ш ө ж е:

Жүзіндей ұстараның ауған дүние,
Жауықтың мәні көріп мұнша неге?
Ай мен күн, жер мен көкті көргенім жоқ,
Кемпірбай есің болса маған тиме.
Кемпірбай есің болса маған тиме,
Саламын он саусақты түрлі күйге.
Жаныстың Сәтбайының асы болып,
Барамын Құран оқи қаралы үйге.

К е м п і р б а й:

Асына шақырмаған келдің жетіп,
Алатау бөктерінен көктей өтіп.
Арқада молда Құран жоқ дейсің бе?
Қу соқыр қалай келдің жетектетіп.

Ш ө ж е:

Дін ислам мен қазақтың жедім қамын,
Сөйледім мойныма алып жанның бәрін.
Кемпірбай жас басыңмен наза қылма?
Ұрмай ма тас төбеңнен менің кәрім.
Мұқтасар сөзім майда тақтасындай,
Бұхардың омырауым қақпасындай.
Ескі аруақ аунаған жер құр қалмайды,
Қазақтың алтынымын ат басындай.
Балта, Орынбай, Шортанбай да түк қылған жоқ,
Кемпірбай, сенен құдай сақтасын-ай.

К е м п і р б а й:

Бұл елге ақын болды Шөже қайдан?
Дәндепсің Балта, Орынбай, Шортанбайдан.
Жарлы байып, жас өскен заман болды,
Жаның шошып жүрмесін Кемпірбайдан.
Қаңғырып Алатауға келдің қайдан?
Тіліммен сүйегі жоқ еттім сайран.
Ақынға шын жолықпай жүр екенсің,
Берейін сыбағанды соқыр айуан.

Ш ө ж е:

Қой, Кемпірбай көңіліңді тындырармын,
Құдай қосса аруаққа ұрдырармын.



Оралдан түлеп ұшқан мен ақиық,
Топшыңды қанатыңмен сындырармын.

К е м п і р б а й:

Ей, соқыр, сеніменен көп сөйлеспен,
Көргем жоқ сендей арсыз жаннан кешкен.
Сен ақиық болғанда, мен бидайық,
Бір жағын қанатыңның қимай түспен.

Ш ө ж е:

Қап-қара қаракесек күннен туған,
Би болып Қазыбегің белді буған.
Ежелден аға сыйлап көрмеген ит,
Сөйлейді қалай-қалай мына антұрған.

К е м п і р б а й:

Ей, Шөже, мына сөзің мін емес пе,
Өзіңе өзің жаққан кір емес пе.
Әкең сенің Қаржаудың құлы емес пе?
Шешен Шама төренің күні емес пе?
Құл мен күннен жаралған жазған соқыр,
Сенің күндіз дегенің түн емес пе.
Айтқан сөзің соқырым бәрі бекер,
Өтірікші екенің осы емес пе?

Ш ө ж е:

Кемпірбай мен сөйлейін бұл кеңеске,
Япырмау, осы сөзім шын емес пе.
Әкем Қаржау Жайықтың ұлы емес пе?
Шешем Шама төренің қызы емес пе?
Екеуінен жаралған шын ақсүйек,
Қазыбектің жиені мен емес пе.
Сен кісі болып па едің меніменен,
Мен қашан теңдес едім сеніменен.
Аузыма “ө” дегенде кірмеймісің,
Бір тартқан тамағымның деміменен.
Қой байғұс шалындыға ораларсың,
Бір шыққан қолтығымның теріменен.
Қазандай бүрқ-сарқ етіп мен қайнасам,
Сорпаның май боларсың сөліменен.
Өзенде шұқанақтың шалшық суы,
Мұхиттың тең бола ма көліменен.
Ақсақ баққан кісідей ұзай алмай,



Қашанғы отырамын сеніменен.
Осы сөз өлең түгіл мақалда бар,
Қой бірге жайыла ма бөріменен.
Туғанның Бөгенбайдан бәрі жынды,
Болған ба шешең ойнас періменен.

К е м п і р б а й:

Жамандар сөзің бар ма мұнан да арман,
Тиді ғой сөзің суық жауған қардан.
Түбің қырғыз, тұрағың Алатауда,
Кенесары қырғызды үркіткенде,
Әкең Қаржау үйінде аштан өлген.
Қаңғырып Қараөткелге шешең барған,
Сол жерде бір орыстан шошқа бағып,
Мұжықтың сұңқарынан қорек алған.

Ш ө ж е:

Антұрған, құдай атқан, кері кеткен,
Мойнына Көкшолақтың ері кеткен.
Ақтабан шұбырынды жұт болғанда,
Қырық кісің Алатауға жаяу жеткен.
Жолшыбай қатыныңды нанға сатып,
Мен бе едім сен иттерді тентіреткен.
Ішінде кең түбектің қайың сауып,
Кедейлік сенен өтіп маған қашан жеткен?
Өзіңнің басындағы боқты көрмей,
Біреудің шоғын көрдің не себептен.
Мақтанба көрмегендей ей, Кемпірбай,
Сенің де міндерің көп менен де өткен.

К е м п і р б а й:

Барады өтіп кетіп жаз бенен күз,
Енбейді айтқанменен құлаққа сөз.
Затында бір тазалық болмап еді,
Жаралған қызыл иттен соқыр қырғыз.
Қазақты қырғыздан кеп сайқалдайсың,
Аузыңа келген сөзді қайтармайсың.
Қаңғырып өз елінен шығып жүрген,
Жіберген айғыр қуып байталдайсың,
Берген саған қайыр дұрыс емес.
Мақшарда алғаныңды қайтармайсың,
Мысықша көзді жұмып жеп-жеп алып,



Барғанда төңірі алдында айта алмайсың.
Әншейін ел бұзуға келіп жүрген,
Азғырған Қарынбайды сайтандайсың.

Ш ө ж е:

Құдайым көзімді алды көрмесін деп,
Тіліне жын-шайтанның ермесін деп.
Садақа қабыл болат деген қайда,
Кім айтты маған қайыр бермесін деп.
Кемпірбай білемісің етерімді,
Артыңнан шапсаң қуып жетерімді.
Әкең тауып шешпейтін жұмбақ айтып
Жол бойы түсірейін көтенінді.
Кемпірбай, көкте не бар, жерде не бар?
Жаратты неше жанды жаббар құдай.
Қай күні өлім қошқар бауыздалды,
Асылы тақсыреттің неден шығар?

Бір жағын кім, бір жағын кім тұрар?
Әй, лағынет, күнәнді мойныңа ал деп.
Қай адамзат шайтанға қазы болар?
Күнәсіз пенделерді жарылқа деп.
Адамға неше кісі жәрдем қылар?
Шапқаттан мені тәрік қылмаңыз деп.
Кімнен кім оттан тонын киіп тұрар?
Кімнен кім кесемен су ұстап тұрар?
Кімнен кім мақшар күні құнын даулар?
Алланың әмірінен дәрмен болып.
Кім екен мақшар күні неке қылар?
Олардың қызығының тойлары үшін,
Кім мен кім бел ұстасып күрес салар?
Бұл сөзге ақылы болса зейнің жетер,
Кемпірбай ойланбасаң есің кетер.
Шығарсың бірін қате көріп болдың,
Шешпесең егер түгел айтпа бекер.

К е м п і р б а й:

Болғанда жерде Мәді, көкте Ғайса,
Жаралған алты күнде екі дүние.
Шығарған жұптылықты тәблет-жәблет,
Әзелде көріп едім осылайша.



Жеті қат жер астында көк өгіз бар,
Дүние бұзылғанша өлмей тұрар.
Қай күні арасатта майда болса,
Сол күні өлім қошқар бауыздалар.
Асылы тарсыраттың онан шығып,
Құрайыш деген жыланның жалғыз жұртын,
Микәіл деген періште тосып тұрар.
Ай, лағынет имам мағзам қазы болар.
Күнәсіз пенделерді жарылқа деп,
Төрт шадияр адамға жәрдем қылар.
Шапқаттан мені тәрік қылмаңыз деп,
Бибатима Хасен Құсайынның құнын даулар.
Құдайдың әмірінен пәрмен болып,
Әз Әзірет Мәриямен неке қылар.
Олардың тойларының қызығына,
Қаһарман Ғалы менен күрес салар.
Артылық бар дәреже аруақ қонып,
Арыстан бір сүрінтіп бәйгені алар.
Екінші қайтасына сұранса да,
Оларға ерік бермес періштелер.
Әкең Қаржау Жайықтың басы бар ма?
Қу соқыр құмарланып онда нең бар.

Ш ө ж е:

Дариқаттар бұтағы бес, оғы он төрт,
Қылышы үш бір зынданда, екі жүздей қисабы.
Алты мың алты жүз алпыс алты бөлек,
Отыз баста бір көз бар қарасы қырық, оғы бес.
Ақылы дәрия Кемпірбай ақын болсаң мұны
шеш.

К е м п і р б а й:

Әуелі парыз болды дін исламға,
Бес намаз бұтағы бес мұсылманға.
Оғы он төрт дегені — шамдат бесін,
Көңілге адастырмай Алла жазған,
Екі сөз қалам қаршыда екі айырылған.
Алты мың алты жүз алпыс алты бөлек,
Отыз пара құранның аяты дүр.
Сауаптың періштесі қисап алар
Қарасы қырық дегеннің қырық парыз



Айрылсаң қырық парыздан шықтың жолдан.
Әуелі қазасына разы болма,
Екінші пәлесіне сабыр қылмақ.

Ш ө ж е:

Бұл сөзім Орта жүзде ақ-аласын
Мұнымды ақын болсаң таба аласың.
Беліндей Қап тауының меніменен,
Кемпірбай Жанна көшіп жағаластың.
“Отту-бри мінәлбәйли иләл ләйлия”
Түсіндір осы сөздің мағынасын.

К е м п і р б а й:

Сен соқыр мына сөзден бақыр болдың,
Айырылып адал малдан тақыр болдың.
Өлеңге құдай сөзін қосамын деп,
Қатының талақ, ал өзің көріп болдың.

Ш ө ж е:

Кемпірбай жай жүр десем тіл алмайсың,
Антұрған жас жаныңнан түңілмейсің.
Сен итті жеңеді деп ойламаймын,
Құдайдың төрт сөзінен түк білмейсің.
Оттибри төр тағына Мұса барған,
Алладан төрт-ақ ауыз жауап алған.
Көрсет деп жамалыңды жалынғанда,
Мұсаны құдай аяп тасқа салған.
Мұсаның өзі де еріп қорғасындай,
Табанның таңбасы таста қалған.
Осындай жақсы сөзден түк білмейсің,
Алдымнан былшылдамай түр кет арман.
Тұрмысың ақын болып кетейін деп,
Мен тұрмын ақын жиып сөкпейін деп.
Сен итпен бағасы жоқ айқайласпай,
Жөнелді қаралы үйден ет жейін деп.

КЕМПІРБАЙДЫҢ ӨЗІНЕ ӨЗІ АЙТҚАНЫ

Тоқталдым азғанадан көптен келіп,
Өзім де жүруші едім секемденіп.
Соқырға жан жетпеген соқтығам деп,
Жығылдым төрт аяғым көктен келіп.



Жазамды сөйтіп соқыр берген жері,
Өзінің ретіне келген жері.
Арқама жуан елі сөзі батып,
Шөженің мені осылай жеңген жері.

ТЕЗЕК ТӨРЕ МЕН ЖЕТІСУ АҚЫНДАРЫ

Тезек төренің ұзақ жылдар Жетісу өңіріндегі Ұлы жүздің аға сұлтаны болып, билік жүргізгені тарихтан мәлім. Кезінде момын елге тізесі батқан, ру тартысын пайдаланып патшаға көмек берген басшы болғаны да жасырын емес. Сонымен қатар ол үлкен ақын болған кісі. Бірақ, ол өзінің ақындығына көп көңіл аударма қоймаған, тек ел басқару ісімен айналысқан сияқты. Тезек төренің ақындығы әлі де зерттелмеген, өлеңдері толық жиналмаған тың дүние.

Тезек төренің ақындығы, ақындарға жақындығы, шын ақынды тани білетіндігі, кешірім жасап, қырсығын кесіп, жолын ашқан мәрттігі, әсіресе, сол заманда өмір сүріп, бізге жеткен Жетісу ақындарының айтыстарында, өлеңдерінде айқын көрініс тапқан. Солардың ең бір маңыздысы — Сүйінбай мен Тезек төренің алғашқы кездесуін жасында көп естуші едім. Жалпы мазмұнын сақтай отырып жырлап та кететінмін.

СҮЙІНБАЙ МЕН ТЕЗЕК ТӨРЕНІҢ КЕЗДЕСУІ

Тезек төренің үйіне рұқсатсыз кірген кісі ат, шапан айып тартады екен. Жазда төре жайлауда ақ ордасын тіккізіп жатады. Соған Шапырашты Сүйінбай ақын біраз жол жүріп келеді. Төренің ауылына жақындай бергенде, суға келе жатқан Тезектің бір жігітін кездестіріп Сүйінбай:

— Ей, жігіт, сары құлақ төрең қайда екен, барып өлең айтайын деп едім. Осы жолы өзімен танысайын деп едім, — дейді. Жігіт:

— Сен қандай ақын болсаң да, әзір төренің үйіне



бара көрме, барсаң өлесің, ат-шапаныңды бересің. Түнде жылқы әкел деп екі ұрысын аттандырып жіберсе, олар қолға түсіп, қолы сынып, басы жарылып қайтыпты. Соған ашуланып Тезек атасы хан Абылай бүгін өлгендей болып отыр. Барма, — дейді. Бұл сөзге Сүйінбай тоқтамай ордаға келеді. Ордаға жақындаса төре екі ұрысын өлеңмен сөгіп жатыр екен. Сүйінбай тыңдап тұрады.

Сонда Тезектің ұрыларға айтқан өлеңі:

Арғы атам хан Абылай, Тезек атым,
Асып түр бұл үш жүзден салтанатым.
Екі ұрым қолың сынық, басың жарық,
Ұялмай, не қып түрсың екі қатын.

Шымшықтың жүрегіндей жүрегі бар,
Қалжа қой сендерге де жеген шығар.
Екеуің басың жарық, қолың сынық,
Қаштың ба, жылқышыдан жаман мұндар.

Артыңнан сендерді іздеп бармас па едім,
Басына заманақыр салмас па едім.
Қой дейтін осы күні кім бар мені?
Айыпсыз ажыратып алмас па едім.

Албан, Суан, Дулаттың бәрін жисаң,
Отыз үйлі төренің жемі емес пе?
Қолың сынық екі ұрым басың жарық,
Мұнан да құн тартқызған жөн емес пе? — депті.

Сонда Сүйінбай тұла бойы жыбырлап, құлағына бірдеме сыбырлап, тамағы бүлкілдеп Тезектің отырған үстіне кіріп келіпті. Сонда Тезек Сүйінбайға бұрылып, ашулы үнмен:

Арғы атам Шыңғыс төре Абылайдан,
Аруағын патша құдай жұртқа жайған,
Секілді шөл бүркіті сары жігіт,
Сұраймын руыңды келдің қайдан?



Бар құдай Абылқайыр, Ақтанбермен,
Жараттың аспан жерді дәнекермен.
Ортаға тінтушідей басып кірген,
Сұраймын руыңды кім едің сен?

Атама Қараш батыр барған екен,
Қолқаны Әділ ханға салған екен.
Ұлы жүз өзің тентек, ожар жұртсың,
Баламды бере алмаймын деген екен.

Шыбық қиып, ас ішіп дастарқаннан,
Баласын сонан кейін берген екен.
Рұқсатсыз ордаға кірген кісі,
Ат-шапан айып тартсын деген екен.

Атамның сонда салған салығы бар,
Есіктің сондықтан да тарлығы бар.
Ордама тінтушідей айтпай кіріп,
Асыққан ажалына сорлы мұңдар.

Екі ұрым қылышты алып бермеймісің,
Сөзіме менің айтқан көнбеймісің.
Ордаға басынғандай кіріп келген,
Қорлығын бұл пақырдың көрмеймісің.

Басынан қылышпенен шаппаймысың,
Төрт қазық аяғына қақпаймысың.
Атамыз қандай қылған кінәліні,
Жазасын жазалының таппаймысың.

Екеуің не қып тұрсың, бармаймысың,
Үстіндегі киімін тонап алмаймысың.
Зынданға алып барып бұл сорлыны,
Шірітіп жеті жылдай салмаймысың, —
дейді. Сонда ұрылары Сүйінбайға қарай беттейді.
Сүйінбай домбырасын қағып жіберіп, былай дейді:
Келіп едім хан Тезек көрейін деп
Пайғамбардың сәлемін берейін деп.
Аттандырған екі ұрың жылқы ап келмей,
Отырмысың қантүлеп өлейін деп.



Кесіп алсаң бас міне батыр Тезек,
Өлмейтұғын адам жоқ темір өзек.
Сәлемдесіп келгенді қыра берсең,
Ұры Төре саған да келер кезек.

Қаратасты балқытқан мен Сүйінбай,
Мейман келіп көрмеп пе ед саған мұндай.
Құдай берген жанымды құдай алар,
Алшаңдама құдайдың кенже ұлындай.

Атандың осы күні Тезек төре,
Елден жылқы қоймаған кезеп төре.
Телі менен тентекті тыяд десе,
Өзің ұрлық қыласың өттегене!

Үлкенді аға, кішіні іні дейсің,
Ақ шалмалы қожаны пірім дейсің.
Тезек-Тезек дегенге дүрілдейсің,
Пара жесең аузы-аузың ілінбейсің.

Абақ-Тарақ бір туған ел емес пе?
Шалқып жатқан таусылмас көл емес пе’?
Жазы-қысы жегенің ұрлық еті,
Ұрлық еті доңыздың боғы емес пе?

Ұрыларың басымды кесіп алар,
Қанжығаға өткізіп тесіп алар.
Шапырашты, Дулатым қаптап кетсе,
Отыз үйлі төренің несі қалар.

Ұрыларың басымды жұлып алар,
Өлтірсең, елім келіп құнымды алар.
Сұраншы мен Саурығым аман болса,
Қатыныңды қызыңмен атқа салар.
Келіп едім жүзінді,
Көрейін деп алыстан.
Азғана сөзім бар еді,
Төрт аяғым шалыстан.
Мен келгеннен хан Тезек,



Едірейтіп мұртыңды,
Тікірейтіп шашыңды,
Ақын ба еді, хан Тезек?
Ырысыңды алып тауысқан.

Сонда Тезек төре маңдайына домбырасын сүйеп отырып қалыпты. Қылыш әперемін деген ұрылар Сүйінбайдың аузына қарап аңқайып қалыпты. Төренің қыз, қатындары бір төсекке жиналып, олар да аузын ашып тыңдап қалыпты деседі. Бір кезде Тезек төре: “Сүйінбай деген қу бар деп естіп едім, сол сен екенсің ғой”, — деді. Сонда Сүйінбай:

Екей деген ел едім,
Сүйінбай деген мен едім.
Үйіңе келген кісіге,
Қылыш ала жүгірген,
Қандай ақымақ неме едің?

Сонда төре: “Арғы атам Абылайдың тұсында Бұқар жырау деген ақын болған екен, бергі атам Әділдің тұсында Қабан ақын болған екен, ал менің уақытымдағы сұрқылтайым сен екенсің. Келген ақын мені мақтап келуші еді, сен боқтап келдің, өзің айдаһардай зәрлі екенсің, — дейді де, — жігіттер, мына ақынды мейманханаға орналастырыңдар, демалсын”, — дейді.

Келесі бір күні Тезек төре ақынға өлең айтқызып отырып: “Үйге кірген құр шықпас”, көрге кірген тірі шықпас деген ғой, жігіттер, Сүйінбай ақынға бір ат байлаңдар”, — дейді. Сонда өзі жаман, өзі жауыр бір қаракер атты алып келеді. Сонда Сүйінбайдың атқа айтқаны:

Жануар, қайдан келдің қаракер тай,
Кеште жаяу жүрсем де мінбеймін-ай.
Арқаң жауыр, өзіңнің етің арық,
Не көрінген, сырынды айтсаңшы, ойбай?

А т т ы ң а й т қ а н ы:

Менің немді сұрайсың, ей, Сүйінбай,
Түргендегі хақолдың аты едім-ай.



Төрең ұрлап алғалы төрт ай болды,
Ер-тоқымы түспеген сорлы едім-ай.

С ү й і н б а й:

Жануар осы күнде арқаң жауыр,
Болмаса жауырлығың түрің тәуір.
Арпа-бидай жеп тұрған сол хақолда,
Басыңа түскен екен үлкен зәуір.

А т т ы ң а й т қ а н ы:

Мойныма қол жетпеуші еді ұсынғанда
Ірің шықты арқамнан қысылғанда.
Одан да жақсы болам деп ойлап ем,
Ұрланып келгеннен соң мұсылманға.

С ү й і н б а й:

Тақсыр-ау, мынау аттың түрі жылы
Қоя берші жайлауға бір жыл құры.
Тезек ұран шақырар тұлпар екен,
Ұстап мінсең атыңды келер жолы.

Сонда Тезек: “Мынауың құдайдың қызыл көз пәлесі ғой, мына атты қоя беріндер де, сары атты алып келіндер” — дейді. Сары атты алып келсе, ол көрі ат екен.

С ү й і н б а й:

Тезек-ау, мына атың сары ат екен,
Қатып қалған кірпігі көрі ат екен,
Көкжал Барақ қашқанда көп қуып ең?
Жеті атаңнан бері қарай бар ат екен.

Сонда Тезек сары атты қоя бергізіп, ер-тұрманымен келісті қасқа ат мінгізеді. Риза болған ақынға енді соятын қой алдыртады да ақыннан бата сұрайды. Сондағы Сүйінбайдың айтқаны:

Ойпырмау, мына қойың мерген қой ма?
Аң атып талай қызық көрген қой ма?
Артына жалтақ-жалтақ қарай беред,
Бір қорлық қасекеңнен көрген қой ма?
Бердеңкесін мойнына салғызып кеп,
Атқызғалы келдің бе Сүйінбайға.



Ашаршылық болғанда елді асырар
Тышқақ лақ сойсаң да мұны сойма.
Атаң мұндай болып па еді хан Абылай,
Пейіл қашса берекең кетер былай.
Қарашаң мен бұқараң қырылмай ма
Төре, құдай болсаң да, тартсаңшы ойбай.

Төре күліп жібереді де, енді сен менің әйелім мен
қыздарымды жамандашы дейді. Сүйінбай бас тартады.
Төре бой бермейді. Сондағы Сүйінбайдың айтқаны:

Ей, Тезек, қыздарыңда жаман бар ма?
Қызыңды жамандайтын адам бар ма?
Қыздарыңның бес тиындық біреуі жоқ,
Құдай ханша қылған соң амал бар ма?

Хан Тезек, осы күнде асуыңды-ай,
Суындай таудан аққан тасуыңды-ай
Қатының басы жалпақ, мұрны кейкі,
Келбеті мегежіннің қашырындай.

Болған соң бойың үйір бір жатасың,
Мен қатар отыруға шошырмын-ай.
Ұрының лайықты қатыны қып,
Құдайым дәл өзіңе қосуын-ай... —

деп бірде күлдіріп, бірде ащы шындықты тайсалмай
айтқан Сүйінбай ақын Тезек төренің үйінде сыйлы
қонағы болып, бірнеше күндей жатады. Бір күні
Сүйінбай қайтпақ болады, Тезек оған атақты қасқа
атын мінгізеді. Аттанарда Сүйекең:

Тақсыр-ау, жерде үн жоқ, көкте де үн жоқ,
Өлген соң сайрап тұрған қызыл тіл жоқ.
Жолдаспен жақсы көрген үш амандас,
Көргенше екі айналып кім бар, кім жоқ.

Қасқа аттың ер-тоқымы жарасса да,
Үстімде тойға киер шекпенім жоқ.
Төресің қайда жүрсең көңілге тоқ,
Мен саған разы боп кеткенім жоқ.



Жаманның мұрты кебер мақтанарда,
Мақтанып шоқтығына дақ саларда.
Жігітке кердендеген кесір бітер,
Бақытты басындағы ақтарарда.
Хан Тезек қырсығымды кесіп жібер,
Кетейін разы болып аттанарда... —

депті. Сонда Тезек: “Мен де сенің осы сөзіңді күтіп едім”, — деп күліп үстіндегі жүз қойға алған ішігін, — мынаны ки, — деп қолын созады.

Сүйінбай келіп жеңінен тартады. Қараса, ішіктің ішінде екі жібек жеңіл шапан бар екен, үшеуінің жеңінен бірдей тартады. Сонда төре:

— Тонаймысың сен мені, — дейді. Сүйінбай:

— Тақсыр, ақын елдің еркесі, батыр елдің серкесі деген, еркелік қылмағанда өлем бе, көтермесең келем бе? — депті. Сонда Төре:

— Сөз тапқанға қолқа жоқ деген осы да, ала ғой, — деп шапандардың жеңін қоя беріпті.

Үстінде құндыз шапан, басында кәмшат бөрік, аяғында көк ала етік, белінде күлдіргі белбеу, қасқа атпен қайтпақ болып тұрған Сүйінбайдың көзі, өзінің киіп келген ескі киімдерін өртейін деп алып кетіп бара жатқандарға түседі. Сол кезде ақын:

Ей, тақсыр, дұшпаның жүр иегінде,
Жаман адам көнбейді сүйеуіңе.
Отқа қиған киімді өзіме бер,
Иісі сіңіп қалып ет сүйегіме.
Отырдым неше күндей тамашалап,
Қосылдым бүйрегіңнен Қарасайлап.
Жаманқара, Жұмықтай екі ағам бар,
Тірсегі көрініп жүр соры қайнап, —
дегенде, Тезек киімдерін өзіне бергізіпті.



СҮЙІНБАЙДЫҢ ТЕЗЕК ТӨРЕНІҢ БАЛАСЫНА КӨҢІЛ АЙТУЫ

(Кененнің айтуында)

Жатырмысың хан Тезек тұрмаймын деп,
Сүйінбай саған келді жырлаймын деп.
Алса құдай өзі берген балаңды алды,
Қой, түйенді келген жоқ ұрлайын деп.

Балаң тұрмақ құдайым өзінді алар,
Аузыңда сайрап тұрған сөзіңді алар.
Айыр құсап жегізіп бар дененді,
Жаутаңдап екі ғана көзің қалар.

Құдай сенен қорқатын қазақ емес,
Сүйретіп өзінді де көрге салар.
Өлмесе ата-бабаң қайда кетті,
Күшті болсаң құдайдан алшы хабар.

Жас бала өлсе бір түнгі ұйқы емес пе?
Қатын өлсе бір үйір жылқы емес пе?
Сақтасын Тезек сені бұл өлімнен,
Кемпір менен шал өлсе күлкі емес пе?

Ақ болаттай төресің,
Жасыған кездей қайыспа,
Ақ қайыңдай төресің,
Жас шыбықша майыспа.
Қоныс қарап жас балаң,
Ұшып кетті алысқа.
Айтысатын дау емес,
Алысатын жау емес,
Ақылыңды тауыспа.
Бұл жатқаның жөн емес,
Жатқызып кетер мен емес.
Қанша күшті болғандар,
Құдайменен тең емес.
Құдай сенен қорқатын,
Қолыңдағы ел емес.



СҮЙІНБАЙДЫҢ ДУЛАТ ЕЛІНЕ КЕЛГЕНІ

Жайлаудың сары ойнақ болған кезінде Сүйінбайдың төрт түйесі таудан құлап өледі. Ол кезде көшкен де сын, қонған да сын. Басқа ауылдың адамдары көшіп кетеді де, Сүйінбайдың үйі жұртта қалып қояды. Сүйінбайдың әйелі кейіп: “Далаға ниеті ауған сорлы-ау, бәрі көшіп кетті, біз-ақ қалдық”, — деп мазалайды. Сонда Сүйінбай күліп:

Бұл түйені кім төлер Дулат төлер,
Бірі берсе қалғаны шулап берер.
Берейін деп бермейді маған Дулат,
Бір-екі ауыз сөзіме улап берер... —

деп аттанып кетеді. Содан Желсазда бір байға ас беріп жатыр дегенді естіп, соған келеді. Сол жерде Дулаттың жігіттеріне арнап өлеңді төгіп береді. Даусы саңқылдап, шарт жүгініп, қолын сілтеп айтады екен, жиналған ел аузына қарап қалады.

Қасқарауда Ноғайбай,
Амалын адам таппаған.
Байқазыұлы Асылбек,
Ұры бөрі жақтаған.
Жанәліұлы Сұлтаным.
Қызыл судай қаптаған,
Керімнің ұлы Иса, Оспан,
Елің сені даттаған.
Мамырханұлы Бекмұрат,
Көпшілікке жақпаған.
Бәйтімбетұлы Әділбек,
Елді сыбап боқтаған.
Көрібозұлы Әукенім,
Ішіне кек сақтаған,
Байтасұлы Олжабай,
Атың озып бақ қонған
Тілеуімбет, Есмағамбет,



Күнөлі істен сақтанған,
Байсалбайұлы Орманбек
Орын алған мақтаннан.
Тойбайұлы Әуесім,
Ата-ана тұзын ақтаған.
Таудан түйем құлады,
Бөйбішем кейіп жылады.
Қалың Дулат алдына,
Сүйінбай келіп тұрғаны.

Сол жолы Сүйінбай Дулат елінен он түйе алып қайтады. Ноғайбай бір ат мінгізеді. Сонда Сүйінбай Ноғайбайға жеңіл әзіл тастайды.

Ұраным ер Қарасай, мен Сүйінбай,
Айқайласам күйіме келемін-ай.
Жалтаң жерде жасындай ұстатпаушы ең,
Жарға қамап Ноғайбайды ұрғаным-ай, —
дейді.

Сонда Ноғайбай: “Әй, Сүйінбай, саған тіл тигізбейін, шын сыйлы ақын болсаң, анау Жайнақ батырдың әйелінің қызыл нарын алшы”, — дейді. Сүйінбай Жайнақ батырға қарап:

Қаратал қара өгізді қамшылаған,
Жасынан сен туғанша жалшылаған.
Боп түрсың өзің болыс, інің ауылнай,
Сонау қызыл нарыңды берші маған,—

деп қалжың айтса да, Жайнақ батыр: “Алып келіндер нарды”, — депті. Әйелі: “Басқа мал берсеңші, менің ас-тойда саба артып жүрген аруана нарым ғой” — дегенде, батыр әйеліне қамшы ала ұмтылады. Әйелі жылап отыра кетеді. Қызыл нарды ақын алып кете береді.

Ноғайбай: “Ту, мынау, жан қоймас!” — деп Сүйінбайдың сөз тапқырлығына риза болып, елге сыйлы ақын екендігіне сүйсініп тұрады.



ТЕЗЕК ТӨРЕ МЕН БАҚТЫБАЙ АҚЫН

Тезек төренің алдына келіп, сыннан өткен, ақындығына жол ашылып, қырсығы кесілген адамның бірі — ақын Жалайыр Бақтыбай деген екен. Бақтыбай ата-анадан ерте айрылып, жетімдіктің тауқыметін ерте көрген бала екен. Алғаш ол өзінің ақын екендігін де сезбеген. Басы таз, балтыры қотыр, ешкімі жоқ бала бір байдың қойын бағып, қаңғып әр жерге бір қонып жүреді.

Бір күні қораның төбесінде қой күзетіп жатып, ұйықтап кетіпті, түс көріпті. Түсінде де бір кісі аян береді: “Түр орныңнан. Сен ақынсың. Тезек төреге бар. Өлең айт”, — деп қысқа-қысқа өктем дауыспен бұйыра сөйлепті. Ояна кетсе, аузына өлең келіп, бір жаққа безіп кеткісі келіп тұрады. Содан кейін-ақ қолына ақ таяғын алып, қойын тастап Тезек төрені іздеп шығады. Қаңғырып жүріп бір күні Тезектің ордасының үстінен шығады. Тезек төре төресі, төлеңгіті, уәзірлері бар қымыз ішіп отырғанда таяғына сүйеніп тұрып жетім бала былай дейді:

Ей, тақсыр, сөзім тыңда мойын бұрып,
Сіздерге сәлем бердім тыста тұрып.
Жалғанда зөрің қатты төре дейді.
Айтуға болар ма екен үйге кіріп.

Жасымнан жетім қалған мен бір бала,
Ісіне құдіреттің небір шара.
Жаяуға ат, жалаңашқа киім бол деп,
Алдыңа арыз қылған мен бейшара.
Жасымнан жетім болып қалдым көдек,
Тақсыр-ау, бола көргін енді себеп.
Жетімі пайғамбардың арыз қып тұр,
Жібергін төре болсаң желеп-жебеп.

Сонда Тезек төре: “Шаңқай түсте ордама жауша тиген кім өзі! Кім де болса алып келіп басын қағып тастаңдар”, — деп ақырады.



Ақ таяқты жігіттері: “Өлең айтқан сен бе?” дейді. “Я, мен”, — дейді бала. Басына бір қойып қалады. Басынан қанды аралас ірің төгіледі. Өзін дырылдатып, мұрнын пырылдатып, шоқайы бір жерде, бөрігі бір жерде баланы Тезек төренің алдына сүйреп әкеліп сабап жатыр.

Сонда Қожбамбет деген Төреге: “Бір тоқтының өліміне татымайтын баланы қайтесің, қоя берсейші”, — дейді. Қалғандары да соны қоштайды...

Сонда Тезек: “Қап, бәрің айтқан соң болмас, бір тостаған сусын беріңдер. Сонан соң сонау нысаналы жерден бері қарай өлеңінді айтып, айыбыңды тартып келесің. Апарыңдар”, — дейді. Сондағы Бақтыбай баланың бір аяғымен орамал теуіп, бір қолымен таяғын домбыра қылып айтқан өлеңі:

Алдияр, тақсыр, алдияр,
Алдияр десе кейбіреу,
Өзінше болып данияр,
Алдыңа келген жетімді,
Бір шақырып, бір қуып,
Менің қандай күнәм бар?
Алдияр, тақсыр, хан Тезек.
Атаңнан тудың нән Тезек.
Алдыңа келген жетімді,
Бір шақырып, бір қуып,
Басыңа келсін бұл кезек.
Өлтірсең де тартпаймын,
Мен тілімді бой тежеп,
Алтын тағың астыңда.
Гауһар тәжің басыңда.
Алдыңа келген жетімді,
Келеке мазақ қылғаның,
Білгенің сенің осы ма?
Келтірсін құдай басыңа.
Көрмеймісің хан Тезек,
Жарылып тұрған басымды.
Қарыс боп өскен шашымды,
Шоқпыт-шоқпыт тонымды,



Жарылып кеткен қолымды,
Қырсығымды кесер деп,
Тұсауымды шешер деп,
Тастап кеп ем қойымды.
Сен — мысық болсаң, мен — тышқан,
Келеке қылған ойынды... —

деп... зарлап келген балаға Тезек:

— Ей, сен Жалайырда Ескелді Балпықтың аулынанбысың? — деп сұрапты.

— Иә, мен сол ауылданмын.

— Атың кім?

— Бақтыбай. Тезек төре қолына домбырасын алып баладан өлеңмен сауал сұрайды:

Мен едім Абылайдың хан Тезегі,
Жылқының ұстатпайтын сүр көжегі.
Ордама таз бен пасық басып кірген
Дүниенің шыр айналған бір кезегі.

Ай, тазша, Ай да көкте, Күн де көкте,
Көрдің бе, мендей төре төңіректе.
Ордаға шаңқай түсте жауша тиіп,
Ойланшы өз қылығың құдайға еп пе?

Жүйріктің делебесі дуда қозған,
Дұшпаным ерегіскен шілдей тозған.
Өзіңнен ақын болсаң сөз сұрайын,
Үш жүзде қай төре бар менен озған?
Ұрының күн көргені түн болады,
Бақ тайса аруақ түбі жын болады,
Алдыңа ақын болсаң сала айтайын,
Үш жүзден озған төре кім болады?

С о н д а б а л а н ы ң а й т қ а н ы :

Ескелді, Балпықпенен сұлтаным-ай,
Хан Тезек, хан Абылай торқалым-ай.
Үш жүзде озған төре тап өзіңсің,
Бұл күнде маңдайдағы шолпаным-ай.



Ойласам тамам ақыл сізден шыққан,
Байқасам тамам дария көлден шыққан.
Қошемет қорыққанымнан айтқаным жоқ,
Тақсыр-ау, дәл өзің ғой жүзден шыққан.

Тыңдап отырған Тере: “Бұл бала дәл тапты, бірақ Жалайырдан шыққандарын менен бұрын атады”, — деп күледі. Ал енді сен ақын болсаң мына менің Дәнекер сұлуымды мақташы деді. Сонда баланың айтқаны:

Тақсыр-ау, мақта дейсің Дәнекерге,
Жеп кеттің бір жеңгені бейбекерге.
Қатынын бір момынның тартып алып,
Күн жоқ қой бүйте берсең көп нөкерге.

Дәнекер түбін қуса бізден шыққан,
Хан, төре, бұзықшылық сізден шыққан.
Несіне Дәнекерді мен мақтайын,
Секілді сайқал әйел елден шыққан.

Сонда Дәнекер: “Адыра қалғыр тазшаны өлтіріп тастау керек еді”, — дейді. Тезек төре: “Ал, енді сен менің тоғыз сан қалмақтың қолын қашырғанымды айтшы”, — дейді. Сонда баланың айтқаны:

Қаршығадай қайқайып,
Көкірегің аңқайып,
Мұрның кеткен таңқайып,
Тарлан атқа мінгенсің.
Ертеңменен бардың да,
Қалмақпенен ұрыстың.
Намаздыгер болғанша,
Қарсыласып тұрыстың.
Бағыңды құдай асырды,
Туын жығып жасылды.
Қалмақтың қолын қашырдың:
Кезеңінен Шоқпардың,
Шоқпарлап жүріп асырдың.
Еңіреп қалмақ жөнелді,
Олжаға халық кенелді,
Белшесінен бөгелді.



Сонда біз де естідік,
Тезек төре дегенді.
Сонда Тезек шақырдың,
Абылайдың ұранын.
Тарлан боз ат талмады,
Қашқан қалмақ артынан,
Қара жігіт қалмады.
Тезек деген батырым,
Артық болды ақылың.
Дәнекер онда тиген жоқ,
Алты сірі жамбыны,
Түсіріп алып қалмақтан,
Үлестірген олжаға,
Мына тұрған Байқоңыр
Төретай деген қатының.
Алты сірі жамбының,
Төртеуін елге бергізіп,
Екі сірі жамбыны,
Өзің алып кетіпсің.
Сонда-ақ көп ел сезіпті
Пейіліңнің тарлығын.
Бермесе құдай ақырын.
Тау басында бадалды,
Қаһарлы туған хан Тезек,
Аш бүйірімнен қадалды.
Неге мұнша қорладың?
Мендей жетім баланы.
Күшіңді маған салғанша,
Тыйып алсаң болмай ма?
Батырхандай балаңды.
Алдияр тақсыр, хан Тезек,
Абылайлап сен келдің,
Ескелді деп мен келдім.
Келіп едім еңіредім,
Ұрар кісі сен бе едің?
Бір асқанға, бір тосқан,
Бір тосқанға кез келдім.
Өзінді-өзің апарып,
Ит, шошқаға теңгердің.
Елдегі сорлы мен бе едім?

Сонда Тезек төре бір тауда қырық нөкерімен
сауық құрып, карта ойнап жатқан Батырхан деген



баласын шақыртып алып: “Балам, менің арғы атам Абылайдың тұсында Бұхар жырау, бергі атам Әділдің тұсында Қабан ақын болған екен. Әр ханның тұсында бір сұрқылтай деген екен, менің тұсымда Сүйінбай дейтін ақыным болды. Мына бала өзіңнің уақытыңда шыққан ақын екен. Қара жорғанды мінгізіп, жібектен торқа кигізіп, әрі қосшы, әрі басшы, әрі ақын қылып қасыңда ұста”, — деп баласына қосыпты. Осыдан бастап Жалайыр Бақтыбай ақынның қырсығы кесіліп, жолы ашылыпты деседі.

ТЕЗЕК ТӨРЕ – ТҮБЕК — ҚҰЛМАНБЕТ

Атақты Түбек ақын Сарыарқадан Тезек төрені іздеп келе жатыр деген сөзді естіп, Тезек төре ақындарын жинап алып, сынаған екен. Құлмамбет, Шаншар, Егізақ, Тоғызақ деген ақындары бар екен. Соларға Түбектің келе жатқанын айтып, Түбек үш жүзден озған ақын, егер де келіп қалса не айтасыңдар? Тезек төре домбырасын қолына алып былай дейді:

Үш жүздің көріп пе едің Тезек ханын,
Тезектің бір жағы ақын, бір жағы әлім.
Айтуға терең өлең ұятырақ,
Сендердің өлеңдерің бойдай талым.

Бәрің де түйем менен атымды алдың,
Қырсығын кестім талай ақындардың.
Үш жүзден озған Түбек келе жатыр,
Бересің не деп жауап ақындарым?

Тезекті шалқып жатқан көл дейсіңдер,
Ордаға өкпелесең келмейсіңдер.
Үш жүзден озған Түбек келет дейді,
Келгенде ақындарым не дейсіңдер?
Ұзаққа қайсың шауып сермейсіңдер?
Түбекке қайсың ер боп бермейсіңдер?



Бұл — Тезек миуалы жеміс ағаш,
Келгенде Тоғызақ пен тыңда шырақ,
Түбектің келе жатқан жері жырақ.
Құлмамбет, Шаншар ақын Түбек келсе,
Қарғадай тұрып қалма бәрің шулап.

Қ ұ л м а м б е т т і ң Т е з е к к е а й т қ а н ы :

Арқада ол Түбектің өскен жері,
Кір жуып, кіндігін кескен жері.
Тезек-ау, біз жеңілсек өз намысың,
Бар болса үйретіп қой осал жерін.
Мен өзім Құланаян Құлмамбетпін,
Алдыңа айдап келген мұндай екпін.
Тақсыр-ау, біз жеңілсек өз намысың
Түбектің кемтік жерін бізге үйреткін.

Т е з е к :

Көк мұздан тағасыз ат тайғанақтар,
Мұндайда жаман ақын айналақтар.
Ақыннан сондай үлкен қауіп жоқ па? —
Болмай ма сұрап жүрсең қызталақтар.

Ол Түбек Сарыарқада жатқан деді,
Табын боп орыс малын баққан деді.
Қалыңдар жеңілсең де бір ұстасып,
Қара нан малай болып татқан деді.

Байлығы біздің елден төмен деді,
Бай болса мұнда не қып келген деді.
Біреудің қатынын жазым қылып,
Алты жыл тең жастанып жатқан деді.

Көптен күткен Түбек ақын да төренің аулына келіп,
Тезекке былай дейді:

Ассалаумағалейкүм жұрт иесі,
Тезектің жолда жатыр жүз түйесі.
Сен едің Алатаудың бау жидесі,
Табылар айта берсем сөз жүйесі.

Бөйгеден күнде келген көкмаралым,
Алты алаш қоныс қылған кең аралым.
Жүзінді көрейін деп іздеп келдім,
Полковник өз елінше жандаралым.



Хан Тезек қарамысың, төремісің?
Қылмасаң ұрлық-қарлық өлемісің?
Еліңнен қомды түйе, жалды ат қоймай,
Тозақта да көп пара беремісің?

Сөзіңді жақтырмаған естімейсің,
Адамның аңқаусыған кереңісің.
Жұтсаң да Алатауды қақалмайсың,
Төренің жеті басты тереңісің.

Хан Тезек атың шықты мұсылманға
Түспейді ақ дидарың тірі жанға,
Төресің түлкі мінез шыр айналған,
Қоясың ақыл айтып қысылғанда.

Мен келдім Әбілезден тоғыз алып,
Сені тәңір алып па одан қалып,
Сенен төмен төреден тоғыз алдым,
Екі тоғыз берерсің ашуланып.

Сонда Тезек төре жалтақтап ақындарына қарай
береді. Құлмамбет қолына домбырасын алып шырқап
ала жөнеледі:

Келіпсің Сарыарқадан, Түбек аға,
Келіп пе-ей балапандай түлеп, аға.
Келгеннен сыр бердіңіз жүдеп, аға.
Төреден келе сала тілеп, аға.

Алыстан ат арылтып келгеннен соң,
Төренің өзі дағы біледі, аға.
Тілемей-ақ, өлеңді айтсаңызшы,
Бұл Түбек алжыған деп күледі, аға.

Ұлы жүз құлақ салған өлеңіме,
Болмасам нағыз ақын келемін бе?
Төреден келе салып сұрай кеттің,
Қарамай ішіндегі шеменіңе.

Арқасын қайтқан айғыр алдырады,
Тезектей душар болдың дөненіне.
Төремнен келе сала сұрай кеттің,
Оп-оңай, жеңілмесем беремін бе?



Т ү б е к а қ ы н:

Құлмамбет деген — ақын сен бе деймін,
Қарағым, мен де өзіндей пенде деймін.
Қызғыштай, қара жағал, құйрығы жоқ,
Қалыпсың ие болып көлге деймін.

Алаштан тары терген мен бір тауық,
Отыр ма айтыспаққа көңлің ауып.
Алыстан іздеп келген арыстанды,
Бір күшік арты күйген алдың қауып.
Түбекті қартайса да жыға алмайсың,
Әлі де оқ өтпейтін темір сауыт.
Шығымтал тай құнандай бала екенсің,
Шырағым, тоқтат сөзді жылы жауып.

Демеңдер ажал қайдан, қатер-қауіп?
Мен келдім хан Тезекке көңілім ауып.
Әнім мен өлеңімді үйреніп ап,
Қылдың ба, сен де мазақ бетке шауып.

Бұл Тезек дария шалқар білем сырын,
Құртқаны шалқар көлді жаман ырым.
Тезегің қызымды алып төре болған,
Сарт еді сары құлақ бұдан бұрын.

Қ ұ л м а м б е т:

Салғаным садағыма ақ қайың оқ,
Шапқанда “Әжібайлап” тоқтауым жоқ.
Түбеке, ақынмын деп мақтанасың,
Бұлбұл да сайрап-сайрап, шоқиды боқ.

Жеріңде тік сандалдай терегің жоқ,
Еліңде Тезегімдей зерегің жоқ.
Үйірге бір байталды қостым дейсің,
Байталыңды алып кет керегі жоқ.

Т ү б е к:

Болмаса кәрілігім мінім бар ма?
Ақырған жас күндегі үнім бар ма?
Күлетін салған жерден кәрілікке,
Кәрі кісі дегенде жының бар ма?



Кетемін ашулансам қызымды алып,
Алып қал, айғырыңды арқан салып.
Байталын үйірінен алып кетсем,
Бас салар еркегіңді оқыранып.

Қызымды ашулансам кетем алып,
Айғырың не болады жалғыз қалып.
Байлардың әңгі айғыры секілденіп,
Мінерсің әрбіреуің тоқым салып.

Көрінер төре жақсы ақылынан,
Көрінер ноғай жақсы шатырынан.
Қарашы Құлмамбеттің шермендесін,
Төресін айырмақ қой қатынынан.

Сонда ақындары жеңілетін болған соң
Т е з е к т і ң Т ү б е к к е қ а р а п а й т қ а н ы
Тозақта қыл көпірмен сынар дейді,
Мақшарда иманды құл тұрар дейді.
Алыстан қартайғанда келген екен,
Құлмамбет тоқтат сөзді, шырақ, дейді.
Түбеке, жас ақынмен бәс таласпа,
Кетерсің терең жарға құлап дейді.
Екеуіңді жеңілгенше қоя берсем,
Аруаққа тілің тиер, бірақ, дейді.
Кеп қапсыз, қартайғанда Түбек аға,
Ала қой, алты түйе, бір ат дейді.
Құдайға біздің қылық тура болмас,
Ордадан құры шықсаң жылап дейді.

ҚҰЛМАМБЕТ АҚЫННЫҢ ШӘБДАН

БАТЫРҒА АЙТҚАНЫ

Құлмамбет Шәбдан батырға барған екен. Барғандағы себебі, Алматыдағы Әбсәмбет деген шала қазақтан үш жүз сом ақша қарыз алып, оған Баттал қазы деген төре кепіл болып, қол қойыпты. Бір күндері Әбсәмбет келіп



ақшасын сұрап, мазалай бастайды. Берейін десе дәл сол жылы “қоян” деген жұт болып, мал қырылып, елі де әбден тозып кетеді. Ақыры бір айға мәулет сұрап алып, Құлмамбет ақын қырғыз Шәбданға келіп көмек сұрапты.

Сол жолы Жамбыл ақын бірге барған екен деседі. Сондағы Құлмамбеттің Шәбданға сәлем бергені:

Болғанда ел ағадан тон жағадан,
Соғады көкжал бөрі тау сағадан.
Сыртыңнан көрмесем де естуші едім,
Жүрмісің батыр Шәбдан есен-аман.

Мен өзім Құлмамбетпін Құланаян,
Екенім Құланаян құдайға аян.
Бұл жақта мұсылманға тақ боп тұрсын
Кеп тұрмын аруағыңа Қарқарадан.

Албанда өткен екен Қашаған хан,
Серғазы сексен екі жасаған хан.
Алты ауыз арыз айтпай қаламын ба?
Алтынды аттаған соң босағаннан.

Тағы да өткен екен Абақ, Жайнақ,
Өтіпті Сайып, Бөлек сан жылқы айдап.
Кідіріп бір сағаттай келмей қалсам,
Кетіп қала жаздапсың сорым қайнап.

О, батыр, бөрекелді хан екенсің,
Аруағың асып туған жан екенсің.
Аузыңда әділетің болғаннан соң,
Ақ қалпақты қырғызға нақ екенсің.

О, батыр, үмітім бар хандығыңнан,
Ай тұяқ жамбы үзілмес сандығыңнан.
Шынымен ашуланып атқа мінсең,
Құтылмас күллі қырғыз жарлығыңнан.

Батырым төрт ұл туған Қарабектен,
Төрт құбылаға бәрінің қолы жеткен.



Шиелеген іс алдыңыздан шешіледі,
Жылап келген, бейшара, күліп кеткен.

Жарасқан Ақбоз атқа асас таңба,
Түсіп тұр ақ дидарың мұсылманға.
“Қояннан” тақыр жұтап қалғаннан соң,
Кеп едім әдейі іздеп хан Шәбданға.

Ұғушы ем аруағыңды елде жүріп,
Аққудай тоят алдым көлде жүзіп.
Атымның күйрық майын арықтатып,
Арада бір ай жүрдім, шөлдеп жүріп.

Мойнымды созушы едім қоңыр қаздай,
Басқаға бір құдайдан жүрмін жақпай.
Алдына хан Шәбданның бір барсам деп,
Ойладым от басында ала жаздай.

Сонда Шәбдан: “Әй, ақыным, сөз ұғатын кейпің
бар екен, Пішпектегі шоң жиылысқа жүргелі тұрғанда
кез келдің. Келген мұқтажыңды айтыңыз”, — деді.
Сонда Құлмамбет:

Батыр-ау, олай десең, арызым бар,
Айтатын сол арыздан тәрізім бар.
Әдейі алыс жерден іздеп келдім,
Үш жүз сом Әбсәметке қарызым бар.
Атасы Әбсәметтің Әлім еді,
Ақшасын саулап берген зәлім еді.
Бексұлға дәптеріне қол қойғаным,
Төреге Баттал қазы мәлім еді.

“Қояннан” таза жұтап тұрған шақта,
Ақшамды шапшаң бер деп келіп еді.
Елімнің жақсылары жиналып кеп,
Бір айға мәулет сұрап беріп еді, — дейді.

Шәбдан батыр дереу Күйке деген жолдасын
шақыртып: “Бар бөленше деген дүкенші ноғайдан
үш жүз сом әкеліп бер”, — дейді. Күйке барып үш
жүз сом алып келе жатып, қулық ойлайды. Қазақтың



қаңғырған бір ақынына осыншама ақшаны бере ме, батыр да дүниенің бетіне қарамайды дейді де жүз елуін қалтасына тығады. Қалғанын Құлмамбеттің алдына бүктеп тастай салады. Алдындағы ақшаны санамай-ақ, Құлмамбеттің Күйкеге айтқаны:

Баласы Марқозының Күйке ме едің,
Теседей өтпейтұғын түйте ме едің?
Күйке деп, шала манап естуші едім,
Таза манап сен болсаң бүйтер ме едің?

Баласы Марқозының, шала манап,
Хан Шәбданды жүресің жанамалап.
Жарлығын батырыңның екі қылып,
Сорлы Күйке боларсың ала манап.

Жарлығы патшаңыздың екі болды,
Құдайдың бұл да болса керті болды.
Бұйрығын хан Шәбданның екі қылып,
Әй, Күйке, сенің ісің шикі болды.

Патшаның сөзі өлгені, өзі өлгені,
Батырдың осы ма екен көзкөргені?!
Өз жолдасы Күйкеден сөз бұзылды,
Бұл батыр енді қайтіп ел билейді.

Батыр сонда қап-қара болып түтеп, ордадан камшысын алып шығып кетеді. Күйкенің бір қызға бермейтін Қарабоз деген атын бас қылып, ер тұрманы мен тоғыз ат алдыртады. Оларды бір арқанға тіздіртіп, Құлмамбетті сыртқа шақыртады. Ақын далаға шықса, тоғыз ат тізіліп тұр. Шәбдан батыр: “Ел аруағына келіпсіз, тоғыз атты айдап қайтыңыз. Ал ана ақшаға жеңгей шай ішсін. Риза болып қайтыңыз”, — дейді. Ол кезде қой үш сом, жылқы 10 сомға бағаланады екен. Шәбдан сыйлаған аттардың әр қайсысы 100 сомдық болса керек. Ақын Шәбданмен бірге жол жүріп, Қарабұлақ деген жерде айрылысады. Сондағы Құлмамбеттің Шәбдан батырға айтқаны:



Ертеде өткен екен ер Ұлықпан,
Жыланның тақ Сүлеймен тілін ұққан.
Жүз елу сом, тоғыз ат айдаттыңыз,
Батырлық бірдей екен жомарттықпен.

Жалғанда ерік берген күн мен айға,
Тәж, тақыт дүниеде тұрмас бойға.
Сізді мен көзім көріп мақтамаймын,
Барабар туыпсыз-ау, Абылайға!

Жаманға қызмет етіп қор болғанша,
Өзіңе қошемет қып жүрген пайда.
Көргенше батыр Шәбдан қош-аман бол,
Екінші қайта айналып қору қайда?

Кеп едім шарапатың білейін деп,
Кеп едім бұтағыңа түнейін деп,
Бір кестің қырсығымды батыр Шәбдан,
Мен тұрмын рұқсат берсең, жүрейін деп.



ЕРТЕГІ, МЫСАЛДАР, АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕР

ҰЛЫ ЖҮЗ ЖАЙЫНДА ЕСТІГЕНДЕРІМДІ ӨЛЕҢМЕН ЖАЗДЫМ

Ұлы жүз аймағында Алатаудың,
Оңтүстікте ырғалған бақша-баудың.
Жетісу мен Түркістан, Сырдария,
Мекендеген арасын Қаратаудың.
Ұлы жүздің Кейкі би бел баласы,
Жалқы боп туса керек ол шамасы.
Кейкіден Төбей туған төрт ұлы бар,
Осылай шежіренің бастамасы.

Тұқымы өсіп өнген Төбей екен,
Құйылдыр, Мекрейіл, Майқы, Қоғам,
Төбейден осылардай төрт ұл өрген.
Мекрейіл, Құйылдыр ерте кеткен,
Ауған, Түрік жерлерін мекен еткен.
Мекендеген жерінің жырын жырлап,
Сол елдердің салтына түсіп кеткен.

Екі ата бұл арада Майқы, Қоғам,
Қоғамнан Сіргелі атты ру қалған.
Қоңырат пен Сіргелі көршілес боп,
Қаратауды жайлаған атам заман,
Майқыдан туған екен Ойсыл, Үйсін,
Ата-жөнін кейінгі жастар білсін.
Ойсылдан Қаңлы менен Шанышқылы,
Бақтияр ұл — Үйсіннен жалқы екен.

Бақтиярдан тарайды Абақ, Тарақ,
Жетісу атырабына жатқан тарап.
Жансақалдан Жалайыр он екі ата,
Ақсақалға келейін енді жанап.



Ақсақалдан Байұлы, Бәйдібекті,
Шаруаға Бәйдібек жайлы кепті.
Байұлынан Шақшам деген ел тарайды,
Бәйдібектің тұқымы тіпті көпті.
Бәйбішеден Сары Үйсін таралады.
Аз ел екен көп емес балалары.
Бәйдібектің тоқалы Домалақты,
Туған екен Домалақ Жарықшақты
Ол кісінің шын аты — Бибісара,
Ешкім оның шын атын атамапты.

Жарықшақтан Албан, Дулат, Суан,
Үшеуінің тұқымы талай дуан.
Өсіп-өнген халықта кім болмайды,
Талай жақсы, зорлықшыл шыққан жуан.
Дулаттан Ботбай, Шымыр, Сиқым, Жаныс,
Ташкеннен бері қарай алып жатыр,
Көбейген соң арасы кеткен алыс.

Әз Төле би — Дулатқа ұран болған,
Ақылды екен атағы жерді жарған.
Даналығы Төленің аңыз болып,
Ұрпақтардың аузында аты қалған.

Дейді екен шыбын көп пе, Шымыр көп пе?
Айтады Сиқым көп пе, қиқым көп пе?
Жанысты теңгереді қамыспенен,
Ботбай неге аз болсын, батыр көп те.

Сиқымның жолы үлкен той бастаған,
Ботбайдың батыры көп, қол бастаған.
Қарақойлы, Аққойлы, Қусирақтар,
Сиқымның ұрпақтары тұқым шашқан.

Егіз туған тетелес Ботбай — Шымыр,
Кенже болып үлкен үйді басқан тұғыр.
Келменбет, Шілменбет, Күнту, Сәмбет,
Бәрі дағы Шымырдан өскен шүбір.



Ботбайдан Асан, Тайла, Ақша, Қожай,
Есенбай мен Жанқойлар жатыр былай.
Бидас, Қоралас, Сиыршы, Додаменен,
Тағы-тағы елдер бар талай-талай.

Жаныстың балалары екен қанша?
Уа, жұртым, мұрша бергін ойланғанша,
Көп әйелден өрбіген ұрпақтары,
Бәрін айтып бере алман көптігі сонша.

Жанту, Жантақ үлкені Жарлықамыс,
Жанбай, Шәкір, Қапал бар елге таныс.
Қыбыраймен болады жеті ағайын,
Жантудан туған екен дейді Байыс,
Әулиеата жағында дейді Өтеміс.
Жантудан өскен тұқым толып жатыр,
Бай мен бегі көп бопты көрсеткен күш.

Жантақтан туған дейді Ерубайды,
Жасы үлкен деп оларды ел сыйлайды.
Бір атадан жалқы екен тұқымы аз,
Аңыздардан жеткен сөз осылай-ды.

Баласы Жарлықамыс Бәйімбетті,
Қасқарау деп ел оны атап кетті.
Қараулық қып бір дауда теңдік бермей,
Күш көрсеткен сияқты бұзып сертті.

Бәйімбеттен Елтүзер, Ораз, Бұхар.
Үш ұл туған деседі сондай қиқар.
Елтүзер үлкені екен үшеуінің,
Руы үш Қасқарау жатыр қатар.
Баласы Елтүзердің Түкетуыс,
Ел болған екі старшын бір-ақ уыс.
Ораздан Бөкен менен Солтанкелді,
Екі ата біріккенде бір-ақ болыс.
Аз болса да ешкімнен зорлық көрмей,
Қордай мен Аңырқайдан алған қоныс.
Терезесі тең өскен ағайынмен



Өзінен туғаннан соң нән Жолбарыс.
Бергі атамыз Сатый мен Ботый екен,
Кебекбай содан туған тоты екен.
Қазақ пенен қырғызға ақыл айтқан,
Оның сөзін нақыл деп тоқыр екен.
Бай мен болыс болғандар толып жатыр,
Сарбас атам шын жүйрік ақын екен.

Мен өзім Кебекбайдың туажаты,
Оразға ұран болған қайран көкем.
Бұхардан Құлболды мен Тілеуімбет,
Ақыш анам айтыпты аз болар деп,
Сырымбет, Баба екеуі алты болыс,
Қасқараудың ішінде мал басы көп.

Құлболды бір старшын ел болыпты,
Бай болмаған ел екен кедейі көп.
Ішінен Құлболдының пысық шыққан.
Естуші ек Ыстыбайды шешені деп.
Жүз шамалы ел болған Тілеуімбет,
Ел айтады қалыпты тілеусіз деп,
Аз болсам да терезем тең дейді екен,
Аз ауылдың адамы Есмағамбет.

Өтеғұл, Өтеп туған Сырымбеттен,
Байы көп, батыры көп дүрілдеткен.
Өтегендей аңызды батыр туған,
Ел қамын жеп жасынан жаһан кезген.
Әділетті деседі ел аңызы,
Сырымбет, Малдыбай би ертеде өткен.

Ноғайбайдай ақылды кісі болған.
Өз елін орыспенен жақын еткен.
Бабада да көп болған батыр мен бай,
Ел билеген жуандар, ығай-сығай.
Жалшы, қоңсы, кедейі онан да көп,
Тырбандап тірлік қылып, еңбек еткен.
“Бабаның батасынан” деген аңыз,
Ойласаң туса керек сол ниеттен.
Шапырашты шабады “Қарасайлап”,
Сұраншыдай батырдың туын байлап,



Екей, Айқым, Есқожа, Асыл, Шыбыл,
Ақындары шығады Сүйінбайлап,
Теке, Тілеміс, Әжіке, Орынбай, Кеней,
Асылдың бес баласы туған саңлақ.
Ұлы жүзге белгілі Артық батыр,
Текеден туған екен ол да қайнап.

Келейін енді Ысты мен Ошақтыға,
Өмірі қусаң жеткізбес қос аттыға,
Есім, Малай, Тазбенен, Құланшы боп,
“Жауатарлап” шабады атқа шапса.
Болтірікті білмейтін адам бар ма?
Сөйлесе жол бермеген тіл жақтыға.

Қуандық — ақын болған заманында,
Белгілі ойда жатқан төрт Ыстыға.
Ошақтыдан атақты Майкөт ақын,
Елі шалғай жатқанмен сөзі жақын.
Ертеде Жетісуға келіп қайтқан.
Танысып көрмек үшін елі жұртын.
Осындай ел аңызын өлең еткен,
Сексенді алқымдаған Кенен қартың.
Шежіре ойлап тұрсаң ел мұрасы,
Білген жақсы емес пе ел мұрасын.

ЖАЛҒЫЗ ҚАЗ

(аңыз)

Баяғыда бір хан уәзірлерімен және отбасы, бала-шағаларымен, жора-жолдастарымен бау-бақша саясында шарап ішіп, тамашалап отырады. Сарай алдындағы көлге түрлі құстар аққу, қаз, шағалалар ұшып қонып жүреді. Ал бір жалғыз қаз ауылды айнала ұшып, өзінің жанға жайлы сүйкімді үнімен қаңқылдап, көлдегі басқа құстарға қосылмай хан сарайының үстінде шыр айналып кетпей қояды.

Мұны көрген хан:

— Ау, уәзірім, сендер тапқыш болсаңдар, анау



ауылды шыр айналып ұшып жүрген қаздың не деп жүргенін табыңдаршы? — депті. Сонда уәзірлері:

— Тақсыр ау, біз құстың тілін қайдан білеміз? — деп шулайды. Хан тұрып:

— Ал, уәзірлерім, сендерге қырық күн мерзім бердім. Осы уақыттың ішіне жалғыз қаздың не айтып жүргенін табыңдар. Қай тапқаныңа оң тіземді беремін, қазынамның кілтін ұстатамын, жалғыз қызымды қосамын, таппасаңдар дарға асамын, — депті.

Уәзірлердің зәре құттары қалмайды, әрі ойланады, бері ойланады, күн сайын ханға келіп “таптық” деген сөздерін айтады. Хан: “Таппадыңдар”, — деп кері қайтарады. “Байтал түгілі бас қайғы” болды. Ойын-күлкіден безді, ұйқы-тамақтан қалды. Күн артынан күн туып, ай артынан ай туып жиырма күн де өте шықты. Сұрлары қашты, қатын баладан безді. Ел елге кезді. Тау-тас, араламаған сай-сала, орман тоғай қалмады. Қаңғырып жынды адамдардай ес түстен айрылды. Мерзімді қырық күн де жақын қалды. Дар ағашты көргенде жандары тырнақ ұшына келді.

Олар: “Хан әділеттен тайды, осыны сылтау қылып, әдейі бәрімізді қырмақ қой. Ұлы жоқ болған соң ақыр өлемін, осыларға тәж-тағым қалмасын деген ғой, болмаса, не жазығымыз бар?” — десті. Уәзірлер қатын балаларымен қоштаса бастайды. Ханға соңғы рет келіп кешірім сұрайды. Хан қаһарына мініп болмайды.

Олар далбасалап қырық нөкерімен дем алып жатқан таудағы ханның жалғыз қызына келіп:

— Қарағым, арқалап мойнымызға мінгізіп өсірген еркеміз едің, әкең бізді дарға асатын болды, құтқара гөр! — деп аяғын құшақтап қойдай маңырап, қозыдай жамырап зарлайды.

Хан қызы:

— Ау, ағалар, әкемнің жан-жолдастары, бұл қалай? Неге дарға асады? Туғаннан бергі сырлас достарын кісі қалай қимақ? — деп басын шайқайды. Қыздың нөкерлерінің де үрейлері ұшып, таңдана қарайды.



Уәзірлер:

— Сенен қайыр болмаса, арманда кеттік, — дейді. Сонда хан қызы сәл ойланыңқырап тұрды да:

— Жалғыз қаздың не айтқанын мен білемін. Бірақ, мен де әкемнен қорқамын. Сіздерді ажалдан алып қаламын деп, өз басымды шатуым ғажап емес. Адам баласын “опасыз” деп жылан патшасы Шәймарат айтқандай, мені айтып қоясыздар ғой, — дейді. Қырық уәзір шуылдап:

— Өлсек те айтпайық, айналайын қарағым. Бір шыбын жанымызды қалдырсаң, өлгенше есегің болар едік, — деп шұрқырап жылайды. Жан қандай тәтті, шіркін!

Сонда хан қызы:

— Ағалар, жалғыз қаздың айтқаны мынау еді. “Жақсы еркекті жаман қылатын да — әйел, жаман еркекті жақсы қылатын да — әйел”, — дейді. Жалғыз қаз тегін емес қой, — дегенде, қырық уәзір:

— Талай сөздерді айтқанда мына сөзді құдай аузымызға салмапты-ау! Ақылыңнан айналдық. Атыңды бекер Данышпан қоймаған екен, шырағым, бақытты бол!” — деп алғыстарын айта-айта, баталарын бере-бере уәзірлер ханға келеді.

Уағдалы қырқыншы күні олар: “Ал, тақсыр, таптық” — депті. Хан: “Көне, айтыңдар”, — дейді. Бәрі де бірауыздан жаңағы сөзді айтады. Хан мұртын сипап, масаттанып: “Тауыпсыңдар, жарайсыңдар! Ал енді сендер мұны отыз тоғыз күннен бері қалай таппай жүрдіңдер және жеке біреуің таппай, бәрің де бірауыз сөзге мінгесіп келдіңдер. Шындыққа келейік, көне сендерге кім айтты? Соны айтпасаңдар бәрібір дарға асыласыңдар”, — деп хан қаһарына мінді. Қырық уәзір амалсыз жандарын қия алмай ханға келіп: “Өзіңіздің қызыңыз айтып еді”, — деді. Мұны естіген хан бір отырып, бір тұрып, қантүленіп: “Барыңдар, бостандық”, — депті. Уәзірлер өлімнен құтылып, тарасады.



Хан шабармандарын жіберіп, жарлық беріп, өзіне қарайтын елдің түтін-түгін қалдырмай жинатып алады. Ақсақ, соқыр, таз, пұшық, ауру, жындылар бәрін қалдырмайды. Таудағы қызын қырық нөкерімен шақыртып алады. Қалың жұрт жиналады, ас дәммен сыйланады.

Хан жиналғандардың ішін аралап жүріп неше жылдан бері мес болып домаланып қалған бір мүгедек жігітті қызына нұсқап:

— Ал, қызым, мынау адамның жаманы, сен соны жақсы қылып ал, —депті. Қыз кідірместен:

— Бұйрығыңызға құлдық, айтқаныңызды екі етпеймін, — деп мес болып жатқан жігітке ие болыпты. Жұрт ботадай боздап, Данышпан қызға жылап көрісіп, жаны ашып, күңіреніп кетіпті. Біреулері қаныпезер ханға лағынет айтып, кейбірі уәдеде тұрмаған уәзірлерді қарғап, уылдап-шуылдап қызды аттандырады. Сонда қыздың анасы жылап тұрып қоштасады:

Қарағым Дапышпан,
Алланың салғаны.
Сүйектен кетпейтін,
Салды әкең таңбаны.
Ананды ұмытпа!
Қан жұтып қалғаны,
Өлгенше өкініп
Таусылмас арманы, —

депті. Сонда қызы:

Қош болғын, анам-ай,
Хандықтың жаманы-ай.
Қас болды қызымен,
Балаға санамай,
Елжұртым аман бол!
Менің көп панам-ай.
Өлмесем бір іздеп,
Ақыры табам-ай, —

деп тағдырдың салғанына көніп, ханның қызы мылқау мүгедекпен кете барады. Қайын атасы мен енесі келін келді деп, шама-шарқынша той жасап береді. Өздері



кедей шаруа екен. Бір таудың сағасында, мөлдір бұлақ жағасында диханшылықпен айналысып, алма, өрік, жидек өсіретін көрінеді. Жалғыз ат, екі сиырдан басқадай малдары жоқ екен. Бірақ, қарындары тоқ, момын, қайырымды, бір құдай деген жандар көрінеді. Алты жылдан бері жалғыз ұлдары сал болып ауырып бақсы-балгерлерге жем болып жүрген жандар екен.

Хан қызымын деп тәкаппарлық көрсетпей келіні білегін сыбанып алып шаруаның бәрін өзі атқарады. Тамақ та жасайды, шөп те шабады, егін де салады, қысқасы, отымен кіріп, күлімен шығады. Ата-анасына мейіріммен қарайды, домалақ мес болып жатқан жігітті өзі күтіп бағады. Сөйтіп жүргенде бір күні Данышпан арық жағалай жайқалып өскен жалбыз, ермен, көкемарал деген шөптерді көреді. Ата-анасына айтып ақылдасады.

— Ата, дәрі шөптің бәрі өз жеріңізде түр ғой, “ерменді жерде ер өлмейді, жалбызды жерде жан өлмейді” деген халықтың мақалы бар емес пе? Сізге айтар өтініш сол, бала керек болса, екі ту бие табыңыз, — дейді. Атасы қуанып, алма, өрік, жемістерін сатып, елден-ел кезіп жүріп, екі ту бие тауып әкеліпті.

Сонымен Данышпан қыз екі ту биені сойғызып, май, қазыларын ажыратып алады да, мес күйеуін дәрі шөптермен шомылдырады, қайнатып ішкізеді, ту биенің майлы қазысына орап бөлейді. Осылайша емдей береді. Күндердің күнінде жел байлап, дерт жайлап тырысып қалған жігіт денесі жібіп, жадырай бастайды. Жігіттің аяқ-қолы қимылдап, күрмеліп қалған тілі шыға бастайды. Ақыры алты жыл жатқан азамат алты айда арыстандай алып жігіт болып шыға келеді. Әке-шешеден қайғы кетеді. Данышпанды құдай бақытымызға келін қылды деп қуанысады. Жігіт пен қыз да толған айдай толықсып көзге түсе бастайды.

Ағайын-туыстары, ауылдың кәрі-жастары Данышпан келіннің ақыл, парасатын, кішіпейілділігін, әдепті жүріс-тұрысын, еңбексүйгіш, адамгершілігін



айтып ауыздарының суы құриды. Тиген жары да бір тамаша жігіттің жампозы болып шығады. Атын қыздың өзі өзгертіп Арыстан қояды. Екеуі елден ерекше көрікті болады, достары сүйініп, қастары күйінеді.

Күндердің бірінде хан жарлық етеді. Үйде адам, үйірде ат қалмай ханның жарлығы бойынша жиналады. Сонда хан: “Мен перінің қызына ғашық болдым. Перінің сұлу қызы дарбазама кептер болып қонады да, қыз болып ән салады, маған қол бұлғайды. Барайын деп жақындасам келеке қылып, сықылықтап күліп, аспанға ұшып кетеді, не ауыл үстінде айналып ұшып жүреді. Кімде-кім осы перінің қызын ұстап берсе, оң тіземнен орын беремін, қазынамның билігін беремін”, — дейді.

Мұны естіген жұрттың бәрі жүйріктерін, тұлпарларын қосып, перінің қызын ұстап беріп, ен байлыққа ие болғысы келеді. Үш-төрт айдай қызды ұстау үшін түрлі айла-тәсілдердің бәрін істеп бағады. Қожа-молда, бақсы-балгерлер арбап та оны түсіре алмайды. Мұны естіген Данышпан қыз ділдө беріп күйеуін базарға жібереді. Онда бір шаруа жалғыз боз атын базарға салар еді. Жал құйрығы жоқ арық боз ат базар сайын өтпей қайтар еді. Данышпан қыз соны ыңғай көріп жүреді екен. Күйеуіне сен сол боз тарланды сатып алып кел. Оның тұлпар екенін еш пенде білмейді. Сен ешкімге сыр айтпа дейді. Жігіт боз атты сатып алып келеді. Қасына екі-үш арық шобырды қосып, жайлауға айдап жібертеді.

Бір күні қыз күйеуін тағы да базарға жұмсайды. Бір бай базарға асыл жібек орамал әкеліп, сата алмай жүр. Қымбатсынбай-ақ, сол орамалды сұрағанын беріп, сатып ала сал дейді. Күйеуі жарының сөзін екі етпей барып орамалды алып келеді.

Енді ханға келейін. Ол санаменен сарғайып, сарыуайымға түседі. Қызының өлі-тірісін де білмейді. Қайда кеткені де белгісіз. Қыздың анасы ботадай боздап, өткен-кеткеннен сұрап, құса болады. Оның



арасында хан перінің сұлу қызына ғашық болып, оны ешкім ұстай алмай, қорлығы өтеді.

Күндердің күнінде Данышпан қыз боз аттың қасындағы үш шобырдың бірін алдырып сойғызады, жілігін шағып көреді. Қараса, әбден ақ сүйек болып жетілген екен. Қыз сонда күйеуіне былай деп ақыл айтады:

— Көппен бірге қатарласып шауып отыр. Осы шабыспен күндік, апталық, айлық жерге барғанда елдің аттары болдыра бастайды. Тарлан боздың еті сонда қызып, аузын арандай ашады. Перінің қызы үстінде ұшып келе жатып, бұрын көрмеген атты адамға таңырқайды. Ол сенің төбеңде төмендеп келіп, қайта көтеріліп тамашалайды. Сонда сен алтын орамалды былғай бер. Перінің қызы асыл затқа құмар келеді: Ол саған төніп келіп: “Қолыма алып қарайыншы”, — дейді. Ал, сен орамалдың бір ұшын беліне мықтап байла да жүре бер”, — дейді. Оқиға тура қыз айтқандай болады. Перінің қызы жігіттің қолына қонады. Жігіт оны Данышпанның қолына алып келіп береді.

Үш күннен кейін Данышпан перінің қызын күйеуіне қосады. Перінің салт-санасы бойынша қолға түскен соң серті бітіп, тағдырға бас иеді екен. Ол бәріне көнеді. Бұл әңгіме ханның құлағына да жетеді. Хан қаһарына мініп: “Бұл қандай адам өзі? Менің ғашық қызымды ұстап алып маған әкелегеннің орнына, аулына апарып, өзі алғаны қалай?” — деп ашуланып әскерін жинатады. Мың қолмен шеру тартып, барып, қызды алып келіндер деп, бұйрық береді.

Мұны естіген Данышпан мен Арыстан да қарап жатпайды, олар да әскер жасақ жинайды. Осы жолы Данышпан мен Арыстанның беделі тіпті ханнан да биік екендігіне елдің көзі жетеді. Қаймықпай ханның әскеріне қарсы тұрады. Алдынан Арыстанның жалғыз өзі шығып басшыларын байлап, туын жыртып қайтады. Қалғандары жапырыла қашып ханға барады. Хан шашын жұлып, елді қайта жинамақ болады. Бірақ,



елінің бәрі Арыстанға барып қосылып жатады. Баяғы қырық уәзірлердің өздері ханға қарсы тұрады. Сөйтіп, ханның басынан бағы тайып жалғыз қалады.

Бұл соқтығыс осыменен біткен соң Арыстан мен Данышпан үйлерін жасатып, жайнатып, бұлбұл, сандуғаштарын сайратып, сән-салтанатын асырып, ханды қонаққа шақырады. Қырық уәзірлерін де шақырады. Хан да өзіндік сән салтанатымен келеді. Алайда, кім шақырды білмейді, әйтеуір, мені сыйлайтын байлардың бірі шығар деп ойлайды. Арыстанның ауылдастары сыр білдірмей тік тұрып күтеді. Пері қызы менен Данышпан екеуінің бойы, нұсқасы, келбеті, жүріс-тұрысы бірдей, күлкілері күмістей сыңғырлайды. Уәзірлер және олардың ханымдары таң қалады. Ханның көзі қанталап, шіркін-ай, мынау әйелдер маған лайық екен”, — деп ойлады.

Данышпан қонақтарды бірнеше күн күтіп, қайтар кезде ертеңгі шайды құйып отырып, бетіндегі пернесін жұлып алып, анасын бас салып құшақтап жылайды. Ханның есі ауып құлап қалады. Барлығы Данышпанға таң-тамаша қалады. Сонда қызы тұрып әкесіне: “Жаман деп қосқан күйеуің мынау, — деп Арыстанды көрсетеді. Мынау отырған пері қызын ұстаған да осы менің күйеуім, әскеріңді қырған да сол”, — депті. Хан үйіне барып, ұяттан у ішіп өледі. Данышпан анасын қолына алып өзі бағады.

Ел-жұрт Данышпанды хан көтермек болады. Қыз: “Ханға қаным қас, шаруадан өтер қызық жоқ”, — деп көнбей қойыпты. Жиналған жұрт: “Қаһарлы ханды қарғыс атты. Оның қызы Данышпан десе данышпан екен, аспандағы жалғыз қыздың тілін біліп, ақыл парасатының арқасында әкесін тәубеге келтірді...

“Жақсы еркекті жаман қылатын да — әйел,
Жаман еркекті жақсы қылатын да — әйел”, —
деген осы деп тарасыпты.



ҮШ КЕДЕЙ

(мысал ертегі)

Баяғыда бір ата, бір анадан туған үш жігіт өмір сүріпті. Ең үлкені елу жаста, ортаншысы қырық жаста, кішісі отызда екен. Үшеуі де осынша жасқа келгенше үйленбепті. Жас кездерінде байлардың малын бақса, өсе келе қалалы жерлерге барып әр түрлі жұмыстар істейді. Бірақ, тапқандары тамағынан артылмай, өмірлері өксумен өте береді. Бармаған жері, көрмеген елі жоқ. Үшеуі тағы да жолға шығады. Табандарына тас батып, маңдайларынан күн өтіп әбден шаршаған олар, бір қайнардың жағасына келіп тоқтайды. Дем алып, суға беті-қолдарын жуып, азықтарын жеп, су ішіп отырғанда бұлақ басына бір топ қара торғайлар қонады.

Сонда, үлкені бір күрсініп алып:

— Алла тағала, маған осы бір топ қара торғайдай мал берсе, кез келген мұқтажға үлестіре берер едім-ау, — депті. Ортаншысы айтыпты:

— Ондай малым болса мен сізден де асқан жомарт болар едім, — депті. Сонда кенжесі:

— Маған мұндай көп малдың керегі жоқ. Мінер атым, жүк артар түйем, сауар бием, сояр қойым, адал жарым болса, құдайға разы болар едім. Ешбір қонақты ренжітпей күтіп алар едім, — депті.

Үшеуі армандарын айтып, енді аяқтарына шәркейлерін таңып, таяқтарын алып жүре бергенде, бұлақ басындағы жартас тасасында олардың сөздерін естіп тұрған бір қария келіп:

— Ау, балалар тоқтаңдар, мені тәңір жіберді. Көз жастарыңды қабыл қылды. Әлгі қара торғайлар сендерге төрт түлік мал болды. Тілектеріңді құдай берді. Ал енді зейінді, мейірлі болыңдар, шырақтарым. Әумин!” — депті. Екі ағасы “А, құдайлап”, торғай қонған жаққа тұра жүгіргенде әлгі шал кішісіне қарап тағы да:



— Ау, балам, саспай тұра тұр. Анау қоңыр белдің ар жағында бір бай той қылып жатыр. Ақ отау тігіп қызын күйеуге ұзатпақшы. Соған бардағы, ойбай салып, менің адал атасқан қалыңдығымды байдың малына қызығып бергелі жатыр, менің кедейлігімнен басқа не жазығым бар?” — деп бара килік. Сонда тойға келген жұрт екі жарылып бір жағы сенің сөзіңді қоштайды. Қыздың әкесі:

— Кәні күшті болсаң күмістен астау тұрғызып берші, қызымды ақ отау жасауымен саған берейін”, — деп сені қорлап келеке етеді. Сонда сен:

— Жарайды, аққа құдай жақ, — деп халықтың алдында таяғыңды қолыңа алдағы, “мен құры емеспін, су атасы Сүлеймен, жер атасы Жексембі, ел атасы Бақ, Қыдыр, қолдай көр! — деп сарнай жөнел, — дейді. Сонан соң бай мынау адам тегін емес екен деп, қызын саған қосады. Ақ отау мүлкімен, еншіге тиген малымен көшіріп сұлу қызды аласың, бұл қыз саған нағыз адал жар болады”, — дейді. Оқиға сол айтқандай болыпты, үш ағайынды кедейлер мұратына жетіпті, атақты бай болып бас пен малы қаулап өсіпті.

Арада біраз жылдар өткенде, баяғы бақ пен қыдыр болып келген шал, бұларды сынамақ болып келеді. Ең әуелі үлкен ағасының ауылына келіп:

— Құдайы қонақпыз, мүсәпір едік, жолдағы елге бұрылмай, атақты бай, пейілді деп паналап сізге келіп тұрмыз, — депті.

Сонда әлгі бақ қонған кедей:

— Қонбайсыңдар, — дейді.

— Ау, байеке, қоналық, — деп үш қайтара өтінеді.

— Жоқ, қонбайсыңдар, — дегенінен танбайды. Әлгі қария:

— Жарайды, қондырмасаң оңбайсың, — деп жүріп кетеді.

Енді олар екіншісіне қонақпыз деп келеді. Ол алғашқысынан да асып кетеді. Малдың боранда қырылып жатқаны мынау, қайыршы тұрмақ құдай,



пайғамбар болсаң да кет дейді. “Ау, қондырмасандар, біз оңдырмаймыз”, — дейді қария. Оған құлақ асар пенде жоқ. Қайта өрши түседі:

— Құртатын кім едіңдер сонша, қолдарыңда тұрса, өздеріңді жарылқап алыңдар, — дейді.

Қариялар кенжесіне барады:

— Ау, кім бар бұл үйде? Құдайы қонақ едік, — дегенде, әйелі екеуі де қатар жүгіріп шығып, есік ашып, үйге кіргізіп, киімдерін шешіп жік-жапар болады. Бата сұрап, қой сойылады, шай қойылып дастархан жайылады. Жандары қалмай ықылас, пейіл көрсетеді. Боранды елең қылар емес, малдары қорада жем-шөп салулы, тып-тыныш. Жандарын бағып, рахат өмірді өткеріп жатқандарын қонақтар байқап отырады. Бір кезде: “Нағыз қонақ осы мүсәпір адамдар ғой”, — дейді әйелі.

Еркегі де оны қоштап: “Қонақтың да әр түрі болады ғой, әдейі қонақ, арнаулы қонақ, қыдырымпаз қонақ дегендей, ал бұл кісілер анық күтетін тәкаппарсыз, мүсәпір жолда жүрген құдайы қонақ”, — депті. Қонақтар ішпей-жемей-ақ разы болып, көңілдері жай болып, алғыстарын айтып, келесі күні аттанады. “Кең болсаң, кем болмайсың”, — деген халық мақалы осындайдан қалса керек. Пейіліне қарай сол қыста екі ағасы бар мал-мүлкінен жүрдай болып жұтап қалады. Кеңпейілді, мейіріманды, шаруаға ұқыпты інісі аман-есен, бақытты өмір сүріпті.

ҚАБА САҚАЛДЫ ХАН

Баяғыда бір хан ерігіп жалғыз өзі отырғанда айнаға қараса, сақалы қап-қара, қалың екен. Бұл қалай, “кері кеткеннің сақалы кеңірдектен шығады” деуші еді, мен қалайша хан болып елге басшылық қылып жүрмін. Екінің бірі сыртымнан “қаба сақалды хан” деп күледі дейді, қыз-келіншектерден де ұялып біттім, қой бұл сақалды алдырып тастайтын. Бірақ, ұстара тиген



сайын қаулап өрши береді-ау деп, тағы да сақалын тұтамдап ұстаған ол, осыдан артығын отпен күйдірейін одан да” өртенген жерге шөп шықпайды” деуші еді ғой ел дейді де, сақалының ұшынан шытырлатып от қояды. Тұтамнан артығы күйіп, оттың жалыны қолқаға келгенде сасқалақтаған хан барлық сақал-мұртын, біраз бет-аузын да күйдіріп алады. Есік алдындағы бөшкеге жиналған суға түсіп ханның жаны әрең қалады. Хан масқара болып, елге қарайтын беті болмаған соң, бетіне перне байлап екі көзінен басқаны көрсетпей, тағына отырып, жара шығыпты дегізіп, билігін жүргізе беріпті.

Бір күні хан, алдына келген төрт қаба сақалды жігіттерді алып қалады да, қалғандарын таратып жібереді. Сендер қаласыңдар дегенде бейшаралардың зәре құты қалмайды. “Ойбай-ау, ханға не жазығымыз бар еді?”, — деп үрейлері ұшады. Сонда хан жігіттерді қатар-қатар отырғызып қойып:

— Қане, жігіттер, өмірлерінде қандай қателіктер, қанша ақымақтықтар істедіңдер, жасырмай айтыңдар. Егер жасырсаңдар дарға асыласыңдар”, — депті.

— Ойбай, тақсыр, өзіміз қой аузынан шөп алмайтын момын шаруамыз, ешбір қателік істегеніміз жоқ, — деп қол қусырып шуылдайды. Хан даусын көтеріңкіреп:

— Қателікті құдайдан басқаның бәрі жібереді, өлмей тұрып айтыңдар, қандай ақымақшылық өтті бастарыңнан”, — деп зәрленді. Сонда қалтырап қорқып тұрған біреуі:

— Тақсыр, айтайын, кедеймін, жалғыз қара өгізім бар еді. Өгізіме мініп егіс басына келе жатыр едім, өгізім оқалақтап кетіп, екі қолтығымнан өгіздің екі мүйізіне іліндім де қалдым. Өгізім дәу еді, аяқ қолымды жерге тигізбей ала жөнелді. Қолтығымды мүйіз тесіп, қабырғам күйреп өліп барамын, амал не көніп барамын. Анау ауыл, мынау ауылдардың бәріне күлкі болдым. Мені көрген кәрі-жас, қыз-келіншектердің бәрі күлкінің астында қалды. Ақыры жұрт қамалап жүріп өгізді ұстады-ау. Мен талып



қалдым. Хан тақсыр, абайсызда осындай халге ұшырап елге күлкі болған едім, — деп сөзін аяқтады. Хан:

— Жарайды, сен құтылдың, анау жерге барып отыр. Ал енді сен айтшы, қандай ақымақтық істегеніңді, — депті екіншісіне. Ол айтыпты:

— Мен де кедей шаруа едім. Бір күні шөп шауып шөлдеп үйге келсем, қатыным үйде жоқ екен. Күбіден ашымалды құйып ішпек болдым да, аузын ашып қарасам, күбінің түбінде мен сияқты бір жігіт отыр екен. Әйелім бұл жігітті күбінің түбіне жасырып қойып, мен жоқта ойнап-күліп жүр екен ғой деген арам ой келді басыма. Сөйтіп тұрғанда әйелім де келе қалды. От басында жатқан темір көсеумен бас салып, ұра беріппін, ұра беріппін. Басы жарылып, қолы сынып, көршілер арашаға түсіп, әрең ажыратты.

— Әйеліңнің жазығы не, сорлы-ау? — дегенге, болған оқиғаны айттым. Естігенде жұрт күлкіден қырылып қала жаздады. Қарап тұрмай күлгендерге тиісіп: “Я, сендерге күлкі керек”, — деппін. Бір қария: “Ақымақ, о заманда, бұ заман күбіге адам тыққанды қайдан көріп едің”, — деп мені сөкті. Екі ортада әйелім көпке дейін қолынан қорлық көріп, өзім елге күлкі болып, соққы жедім, — депті.

Хан: “Міне, бұл да құтылды, енді сен айтшы”, — дейді үшіншісіне.

— Тақсыр, мен де кедеймін, өзім тамақсау едім. Жұмыстан қарным ашып үйге келсем әйелім жоқ. Жан-жағыма қарасам, үстелдің үстінде екі алма тұр екен, обырланып әлгі екі алманың екеуін де аузыма сала салдым. Екі алма екі ұртымды керіп кетті де, бір-біріне тіреліп қалды. Шайнауға бой бермей, екі көзім бадырайып тұрдым да қалдым. Соның арасынша әйелім де кіріп келді. Көздерім шарасынан шығып, екі ұртым кеуіп, тілім сөйлеуге келмей тұрған мені көріп, әйелім ойбайлап, бақырып үйден шыға қашты. Қолымды бұлғасам да қарамады.

Жүгіріп көршілерді жинап келді. Барлығы мұны жын ұрған, пері айналдырған деп, екі ұртынан үлкен



жара шыққан деп, неше түрлі сөздер айтып жатыр. Амал не? Айтарға тіл жоқ, шыдап тұрмын. Бір уақта бәрі жабылып, аяқ-қолымды басып тұрып, екі ұртымды қандауырмен жарып жібергенде екі алма лып етіп домалап түсті. Міне, хан тақсыр, мен сөйтіп ақымақ болғанмын”, — деді. Хан: “Бұдан артық ақымақтық бола ма?” — деп күлді де, төртінші жігітті тұрғызды. Ол жігіт:

— Тақсыр мен осы жасқа келгенше қала көрмеппін. Былтыр ғана екі атан түйеге түз артып ағайым екеуміз базарға бардық. Қалаға келгенде жан-жағыма қарай-қарай шаршадым. Бір кезде ағам түйелерді шегерді де, мен қазір келемін деп жүгіріп кетті. Мен түйеге асылып әр нәрсеге таңырқап қарап, қарным ашып тұр едім, базардың бір бұрышындағы тамнан түтін бұрқырап, мұрынға біртүрлі тамақ иістері келеді. Көп адамдар кіріп-шығып жатыр. Біреулер, “ау шаш палау, манти пісті келіндер” деп қол бұлғайды. Жақсы болды, құдайы тамаққа кел деп тұр ғой деп, түйелерімді тастап бардым. Мұндай ықыласты меймандостықты кім көрген, не ішкіңіз келеді, не жегіңіз келеді бәрін де дайындап әкеле береді. Мен де біріне-бірін қоспай жей бердім.

Түйе естен кетті. Әй, қойшы кім алар дейсің оны, мұндай құдайшыл кішіпейілді қалада, деп асықпай ішіп-жеп, тоқаштарды түйіп тығып алып жатсам да ешкім қой демейді, қайта “алың, ала бер” дейді. Ау, қожайын рахмет, құдайы нәзіріңіз қабыл болсын деп, орнымнан тұра беріп едім, бір ақ белдемшелі біреу келіп, жігітім ақша, ақша төлеңіз деп жетіп келді. Таңқалып: “Қарағым, қалжыңдамашы, түйеме барайын, сіздер “Тамақ ішің”, — деп шақырған соң келдім. Шақырғанда бармаған шақыруға зар болады деген, ата-бабамыздан қалған нақыл бар”, — деп кетейін десем жібермейді. Әлгі жігіт ештеңені де тыңдамайды “ақша бер, ақша төле” деп жанымды қоймай барады.



Даусымды көтеріңкіреп: “Әй, сенің ақшаң не? Сен маған қашан ақша беріп едің”, — дегенім сол-ақ екен, біреуі жағымнан салып-салып қалды, біреуі жағамнан алып тепкілей бастады. Бұлардың құдайы тамағының салты осындай екен ғой деп, мен де біреуінің жағынан періп кеп қалдым, ол құлап түсті.

Тебетін ырымдары екен деп, тептім, талып жығылды, жағадан алып буындыратыны бар екен деп, буындырдым, құсып жіберді. Сол кезде ағам да келіп жетті.

Ағам: “Бұл бұрын қала көрмеген бала еді, айналайындар кешіріңдер”, — деп бітім жасап астындағы атын айыпқа беріп, базарлағалы алып келген қалтасындағы бар ақшасын менің ішіп-жегеніме төлеп, екі атан түйені ұрлатып елге етеккі белге түріп жаяу келдік, — депті.

Хан сәл ойланып тұрады да: “Жігіттер, көп рақмет, енді боссыңдар”, — деп қоя береді. Өзі іштей, қаба сақалды адам тек өзі ғана емес көп екендігіне, адам болып жаратылған соң кім де болса адасатындығына көзі жеткендей әсер алады. Кедей мейлі, бай болсын бәрінің де ет пен сүйектен жаратылған пенде екендігін, кез келген адам өмірде қателесе де алатынын, кемеңгер де бола алатынын түсінеді. Қалған өмірінде мейлінше адал, әділетті болуға тырысады.

Бір күні алдына “Дат тақсыр” деп, кедей үш жігіт келеді. Хош алып сөздеріне құлақ салады. Кедейлер:

— Тақсыр, сізді әділетті деп естіп келдік. Біздің ісіміз насырға шауып ағайынды үшеуміз бірімізді-біріміз жау санап, қырылысып жатырмыз, ешкім бұл тірлігімізді шеше алмай қойды, — деп бір-біріне кезек бермей зар қағады.

Хан: “Асықпай-аптықпай түсіндірсеңдерші, не болып қалып еді сонша”, — дейді. Сонда үлкені айтады:

— Ата-анамыз бір туған бауырлармыз. Анамыз ертеректе дүние салды да, әкеміз еңбекқор еді. Күндердің күнінде бізді шақырып алып: “Балаларым,



менің ауруым меңдеп барады, көп кешікпей-ақ барар жерге барармын. Шаруаға қырларың жоқ еді, мен білсем, біртіндеп қолдағы барларың бітеді, “қарамаса қатын кетеді, бақпаса мал кетеді” дегендей, ішерге ас, киерге киім таппай қалар күн туа қалса, дәл мен жатқан төсектің астын қазсаңдар, менің сендерге арнап жиған қазынам бар, соны ешкімге айтпай қашан хал-жағдайларың нашарлағанда үшеуің бөліп алыңдар, өмірлеріңе жетерліктей алтын, күміс, інжулер бар”, — деп қайтыс болып кетті.

Үшеуміз оңашада қазып көріп, серттесіп, ошақтың басын үш айналып, ақ сары бас айтып, қашан таза тақыр кедей болғанда ғана ашып аламыз дестік. Талай жылдар өтті, малдан айрылды, бұдан артық не боламыз, қайыршы болатын халге келдік деп, үшеуміз тізе қосып келсек, қазынаны алып кетіпті. Түк жоқ, санымызды соғып, бармағымызды тістеп өкіндік те қалдық. Өзегіміз өртеніп, енді бір-бірімізді кінәлайтын болдық, арты дауға айналды. Ешбір ақсақалдар бізді татуластыра алмады. Енді ең соңғы бір сенетініміз сізсіз”, — деп сөзін аяқтады. Хан көпті көрген, терең ойлы кісі еді, өте қиын дау болған соң, ағайынды үш жігітке бір әңгіме айтады.

— Баяғыда, — деп бастайды сөзін хан, — бір сұлу қыз болыпты. Қыздың әкесі жасынан бір баймен құда болып, қалыңмалын жеп жүреді. Қыз күйеуін әлі көрген жоқ. Қалыңмалы берілген қыз болса да өзінің жасынан көңілдері жарасқан ғашық жігіті болды. Алайда, бірін-бірі аса жақсы көрсе де жақындаса алмайды. Қыз айтады, атастырған күйеуім келген күні, бір есебін табамын деп серт береді.

Бір күні күйеуі қыз аулына келіп, оңаша отау тіктіріп өзінің сән-салтымен қалыңдығын күтіп жатады. Сол күні қыз да үлде мен бүлдеге оранып, асыл киімдерін киіп, шашбау алқаларын тағып, жұпар аңқып, түннің бір ортасында жүгіріп келе жатқанда, елдің мал-мүлкін ұрлап қоймай жүрген үш қарақшы ұстап алады. Алқа, шашбау, сақина, білезік, жүзік



таққан, ай мен күндей сұлу қызға қатты қызығып, ойына келгендерін істемек болады.

Сонда қыз: “Айналайын құрбы азаматтар, ұры ерлігіне мақтанбайды, байларға бас иіп ат пен тон сұрамайды, нағыз ер болады. Қыз да болсам әкемнің ұлындай едім, бір күнгі нәпсіге бола мені масқара қыла көрмендер, анау ақ отауда адал жарым аңсап күтіп отыр, өлмесем қайтарармын, азаматтар. Ақыреттік аға болындар, мен ақыреттік қарындас болайын”, — деп жалыныпты. Сонда үш ұры ешбір залалдық қылмай азаматтық көрсетіп қызды аман-есен жіберіпті.

Қыз отаудағы күйеуіне келіп амандасып, жолдағы болған оқиғаны қаз-қалпында айтып береді. Күйеуі де ақыл ойдың, сабырдың адамы екен:

— Тағы да айта бер бастан өткен әңгіменді, ойын-күлкі табылар, мұндай-мұндай әңгіме табыла бермейді, құдай ұзағынан сүйіндірсін, — депті.

— Ар-ұяттан безгендерден құтылғаныңа қайран қалып отырмын, бұл бір тарихта жоқ іс болды, — деп тағы да күйеуі әзіл тастады.

— Бүгінгі түн түлкідей жортар күнім екен, ешкімге шалдырмай сізден де сау құтылып, тағы да жортайын — деп тұрмын, — деп қыз күледі. Жігіт:

— Көп жортқан қасқыр қақпанға түседі деген тағы бар, байқа — деп, көзінің астымен қарап қойып жымияды.

— Туғалы түнде далаға шыққаным осы еді, құдай сақтасын. Алтай түлкі ақ иықтан басқаға алдырмайды — дегендей, — деп екеуі әзілдесіп күшақтасады. Сонда қыз күйеуінен сауал сұрайды:

— Махаббат деген не? — дейді. Күйеуі:

— Махаббат деген сіз бен біз, адал жар, — дейді. Сонда сұлу қыз:

— Ата-анамыз бізді қалыңмал беріп қосып отыр, оларға қарсы шығып, салт-сананы бұзар күш жоқ. Оның үстіне сіздің өзіңіз де менің көңілімнен шығып тұрсыз. Алайда, он жасымнан бір жігітке берген уағдам бар еді. Құдай қосқан қосағым, мен балиғатқа



толғанда келеді, сол күні сен де кел деген едім. Бұдан қалай құтыламын? — дегенде, күйеуі:

— Барыңыз уағдаңды орында, тек екеумізден басқа ешкім білмесін, айтқан серт, алысқан қолдан тайған еш адамгершілікке жатпайды, — дейді.

Қыз шығып кетеді. Жігіт те күтіп тұр екен. Келдім, жаным, сертімді құдай қосқан қосағыма жасырмай айтып едім, бар деп, бетімнен бір сүймей қалды деп, жігіттің мойнынан құшақтап, шопылдатып сүйеді. Сонда жігіт тұрып:

— Қарағым, ақыреттік аға — қарындас болайық, бұл серт уағданы мен де кештім. Құдай қосқан қосағына адал бар, адал бол, — депті.

Міне, жігіттер, енді сендер айтыңдаршы, қыз жомарт па, қыздың сүйген жігіті жомарт па, күйеу жомарт па, ұрылар жомарт па? — деп хан сұрақ қойыпты. Ханның сұрағына жауап бергісі келген басқаларға хан сөз бермепті, тек үш кедей жігіттер айтсын шешімін депті.

Сонда үш ағайындының үлкені: “Қалыңмалын төлеп атастырған қызын қиып жіберіп отырған күйеу жомарт”, — депті.

Ортаншысы: “Жоқ, жасынан ғашық болып әрең жеткенде, сау-саламат қайтарған жігіт жомарт”, — депті.

Кенжесі: “Жатқан жанның жамбасын кесіп, мал-мүлкін ұрлап, қан қақсататын қарақшылар жомарт”, — депті.

Ханның өзі бұған не айтар екен деп қарап тұрғанда, хан: “Қазынаны сырттан келіп ұрлаған ешкім жоқ, оны алған кіші інің. Әкең көрде тыныш жатсын десең, шырағым, ағаларыңды зарлатпай, қазынаны бөліп алыңдар”, — депті. Інісі мойын бұра алмай: “Мақұл, ханеке!” — деп ағаларының алдына жығылып кешірім сұрапты.

Қалың ел ханға келіп: “Сіз бұл баланың алғанын қалай білдіңіз?” — деп сұрағанда, хан айтыпты: “Бала ұрыларды жақтады. Өмір тәжірибесінде әркім өз пікірін



айтарда, өзінің істейтін, істеген адал, арамдық, әділетті, әділетсіз істерін айтады”, — депті. Сөйтіп, қаба сақал хан әділ қазы, әділ хан, әулие адам атаныпты.

САРБАРПЫ

(аңыз-ертегі)

Сарбарпы сай-сайды өрлеп қанат қағып,
Безілдеп жоғары-төмен сумен ағып.
Майысып су бетіне тиіп төнген,
Ағаштың бұтағына ұя салып.
Жүреді қашып ылғи сұр жыланнан,
Сондықтан су қасына ұя салған.
Құрғақтан құтылса да ақыл тауып,
Тағы да қорлық көрді сұр жыланнан.
Тірлігі бұлбұл құстың бұлдырады,
Жыланнан қайда барса құтылады?
Торқаға орап қойған балапандар,
Жем бер деп аузын ашып шырқырады.

Жем іздеп ата-анасы кеткен шақта,
Бөленгені балапандар торлы “мақта”.
“Бөбегім мен барғанша не болар?” деп,
Зарлайды бұлбұл қонып әр бұтаққа.
Жиналды ән тыңдауға құстың бәрі,
Сұмырай сұр жыланда күштің бәрі.
Тас балқып, таулар қалғып, шөптер ұйып,
Әлемді елжіреткен әннің зары.

Зарлайды күндіз-түні таң атқанша:
“Ұядан балаларым қанаттанса,
Сұр жылан саған зауал болар ма екен,
Жалмадың ұрпағымды менің қанша!
Апырай, қу жыланға жем қып қойдың,
Не етеді жаратпасаң, жаратқанша!”
Мүгедек нашар құстар шуылдады,
Бөрінің жүректері суылдады.
Жыланға қалай амал табамыз?! — деп,
Жаңғыртып тоғай ішін дуылдады.
Нашармыз біз де өзіңдей, — деді құстар,
Жыланды шара бар ма бізде ұстар.



Шуылдап Сарбарпыға алғыс айтты,
Әніне разы болған барлық достар.
Сауысқан қыпың-қыпың жақындады,
Табалап Сарбарпыны “бақылдады”.
Менен сақ әнші құс өтпейді, — деп,
Көре алмай бұлбұл әнін тақылдады.
Құзғын мен ала қарға қаңқылдады,
Олар да сауысқанды мақұлдады.
“Шоқ-шоқ!” — деп Сарбарпыны көре алмаған,
Орманда тоқылдақ та тоқылдады.

Сарбарпы қас пен досты ажыратты,
Дос құстар біраз көңілін жадыратты.
Табалап келеке еткен күншіл құсты,
Қаршыға, лашын келіп қырып сапты.
Сарбарпы мұны көріп көңілі тасты,
Келеке, күлкі қылған құстан қашты.
Ән шырқап таңға жақын отырғанда,
Кез қылды Сарбарпыға қарлығашты.
Қарсы алды Сарбарпы да қарлығашты,
Әнменен жайын айтты, төкті жасты.
Бір қайран, достым, сенен болмас па? — деп,
Балам не болды екен? — деп қарны ашты.
Қарлығаш: — сабырлық ет, достым, деді,
Ниетті енді саған қостым деді.
Менің де балаларымды жылан қоймай,
Жыланды құртатын дос таптым, — деді.
Қарлығаш осылай деп ұшып кетті,
Сарбарпы мұны естіп шүкір етті.
Дүниеде мұнан өтер ұшқыр құс жоқ,
Әпкелді көз жұмғанша көк дәуітті.
Дәуітті құрметпенен алып жүрді,
Қарлығаш иығына салып жүрді.
Орман мен өзен бойын өрлей ұшып,
Дәуітті ұяға әкеп отырғызды.
Сондағы Сарбарпының сарнағаны,
Сағынған балаларға аңырағаны.
Бармысың, төрт балапан, жоқпысың? — деп,
Көзінен жасы тамып зарлағаны.
— Ұрпағым, аман ба екен төрт балапан,
Саласың жылда қайғы-дерт, балапан.
Дертімізді жазатын күнім туды,



Жауыздан алатұғын кек, балапан.
Жылайды төрт балапан шыр-шыр етіп,
Аңқайтып ауыздарын жем дәметіп.
Тамақтан басқа оларда еш қайғы жоқ,
Көрсетіп көмекейін пыр-пыр етіп.
Қарлығаш Сарбарпымен сырласады,
Екеуі кезек сайрап жырласады.
Дәуітке құрметті қонағым деп,
Мың түрлі ән-күйменен ырғасады.
Жем іздеп балаларға келелік деп,
Қарлығаш бүлбүлменен белді асады.
Қондырып көк дәуітті ұяға олар,
Тілімен өздерінше ымдасады.
Тоғайда миллион құстар жүрген сыйып,
Сайрандап саясында күдерді үзіп.
Бір мерген бұлақты өрлеп келе жатса,
Ғажайып кез болады үлкен қызық.
Дем алып, бет-қол жуып отырады,
Бір жылан өте шықты сумен жүзіп.
Селт етіп, септі жылан көрген шақта,
Тесіліп қарап тұрды көзін сүзіп.
Су жылан ағып барады сылаң қағып,
Тоқтады бір ағашқа бұраң қағып.
Үйіріліп суға төнген бір бұтаққа,
Өрледі бір ұяға ирең қағып.

Мерген де қарап тұрды тамашалап,
Ұяға жылан барды жанасалап.
Шырылдап Сарбарпы мен қарлығаш жүр,
Безілдеп қанатымен жерді сабап.
Ұяға жылжып жылан бара жатыр,
Ысқырып қызыл тілі жалақ-жалақ.
Мерген де жүгіреді жаны ашып,
Алуға балапанды арашалап.
Сүмбесін мылтығының қолына ұстап,
Мергенші ұрайын деп ашу қыстап.
Аузында көк дәуіт түр әлгі ұяның,
Көзіне түскеннен соң тұрды тоқтап.
Құстарға жылан сүмдық, қатер-қауіп,
Жұтпаққа балапанды нәпсі ауып,
Ұяға басын жылан тыққан кезде,
Көк дәуіт екі көзге қалды шауып.



Серпіні бұл Дәуіттің қандай күшті,
Мылтықтың білтесіндей сырт деп түсті.
Балапан тұрмақ түгіл бас қайғы боп,
Сұр жылан су бетіне сылқ деп түсті
Қарлығаш бұлбұлменен “қарқ-қарқ” күліп,
Құрметтеп көк дәуітті алып ұшты.
Мерген де қайран қалды көріп тұрып,
Дәуітке үлкен алғыс беріп тұрып,
Жыланды мазақ қылды, ұстап алып.
Тез солай бұтаққа ілді бөліп тұрып
Дос болсаң қарлығаш пен дәуіттей бол,
Міндетсіз, сату, қолқа, дәметпей пұл.
Қарлығаш, бұлбұл, дәуіт — нағыз достар,
Анық дос, жан аямас білгендей сол.

1961 ж

БҰЛБҰЛ МЕН КӨКЕК

(мысал)

Саяда бұлбұл тұрса сайрап әнге,
Ұйытып жанды, шырқай күллі әлемге.
“Көк-көк” деп таста отырған тау көкегі.
Мақтанды ұялмастан жалғыз әнге.

К ө к е к:

Ау, бұлбұл, көрінсеңші, үнің өшкір,
Дүниеден жасырынып күнің өткір!
Күн-түні көз ілмейсің қақсап босқа,
Гүл құсап үш күн жайнап мүрдем кеткір!

Б ұ л б ұ л:

Мақтаншақ, тәкаппарсың, көкек есер,
Қарғысың маған айтқан тасты тесер.
Әуелеп аспанға айтқан жалғыз әнді,
Шақырып өз атыңды жүрсің бекер.

К ө к е к:

Ау, бұлбұл, не табасың қақсағанмен,
Гүлді аңдып күні-түні аңсағанмен.
Салқын тау, қарағай мен қайың, емен,
Мәртебең биік емес әсте менен.

Б ұ л б ұ л:

Ау, көкек, өзінді-өзің атап жүрсің,
Қарлы тау ескі қорған қонып жүрсің.



Мақтаған өзін-өзі өлгенмен тең,
Әнің мен өнеріңді әлем білсін.

К ө к е к:

Тау-тасты жаңғыртады менің үнім,
Келеді, бұлбұл, саған қатты жыным.
Аспанда ұшып жүріп ән салмайсың,
Дала мен қалада өтті-ау, қайран күнің!

Б ү л б ү л:

Әй, көкек, сен-ақ алшы таудың басын,
Қайырсыз сараң байдай қар мен тасын.
Құр айғай құлақ құршын қандыра ма,
Сүйкімсіз “көк-көк” деген жалғыз даусың.

К ө к е к:

Не залал көрдің, бұлбұл, тау басынан,
Аққан суын пайдаландың жартасынан.
Қарағай, қайыңдардан үй салды адам,
Асылдың бәрі тауда, білші, антұрған.

Б ү л б ү л:

Ау, көкек, жалғыз әнмен оңалмайсың,
Дала менен қаладай бола алмайсың.
Тасың табан астымда, суың сусын
Бау-бақшадай баспана таба алмайсың.
Жан-жануар, әнімді әлем сүйген,
Меніменен айтысуға үялмайсың.

К ө к е к:

Тау-таста арқар, құлжа, барысым бар,
Ақиық, қасқыр, қабылан танысым бар.
Қарағай, қайың, арша, қалың шырша,
Әнімді сүйіп тыңдар даусым бар.

Б ү л б ү л:

Ау, көкек, есің болса ерегіспе,
Әншімін деп мақтанба, бөсіп-іспе.
Қар жауып, мұз қатқанда тау басынан,
Көремін салғаныңды, көкек, әнге!

К ө к е к:

Ау, бұлбұл, мен кеткенде сен қайдасың,
Өлмейтұғын тапқандай жан айласын.
Қыс тұрмақ, жазғы шілде түскен кезде,
Гүл тұрмақ “күң-күң” етіп тіл байлайсың,
Өзіңе келер сөзді маған айтып,
Айрылып көп ән-күйден тың тыңдайсың.



Б ұ л б ұ л:

Ау, көкек, сен де өлесің, мен де өлемін,
Армансыз араладым жер көлемін.
Бұлбұл деп атым қалды күллі әлемге,
Ұрпақтар үлгі етсе неге өлемін?
“Көкек” деп өз атыңды шақырғанмен,
Әнінді жұрт айтқанын мен көрмедім.
Тәкаппар, мақтаншақтың аты қалмас,
Халық өзі бағалар тартып алмас.
Сайрадым жаз айында маужыратып,
Күллі әлем, жан-жануар таңырқатып.
Ұшқан құс, жүгірген аң, аққан сулар,
Адамды әнімменен балбыратып.

К ө к е к:

Ау, бұлбұл, сен де әнші, мен де әнші,
Әйтеуір мен де жыршы, сен де жыршы.
Бозторғай екеумізден үлгі алып,
Әуелеп ұшып, зарлап әнге салшы.
Көрініп көзге түссең сұқ бола ма,
Сұр шымшық, өз мініңді қарасаңшы!

Б ұ л б ұ л:

Ау, көкек, мойның қисық, мұрның кейкі,
Өзіңнен көрінбейді әнші кейпі.
Бозторғай меніменен тектес әнші,
Сүйкімді әніменен елдің көркі.
Көкекті әнші екен деп кім айтады?
Шындық пен кім жеңеді ақиқатты,
Қараторғай, қарлығаш, сандуғаштар,
Маған жолдас шәкіртім аузы епті.
... Мақтаншақтың “әкесі” көкек екен,
Өз атын өзі атап ұшып кетті.

1961 ж

БАҚ, ҚЫДЫР МЕН ЫНТЫМАҚ

(мысал)

— Көп жылдан бері жолдас болған едік,
Мал басыңа құт болып қонған едік.
Береке жоқ бүгінде отбасында,
Қалағаныңды алып қал, біз кетелік.
Сонда қарт: — Айырылмаймын сенен, — депті,
Көңілің неге қалды менен? — депті.



Бақ, қыдыр ақсақалға қарап тұрып:
— Біздің мекен ынтымақ, пейіл, — депті.

Бар еді үш келіні, үш баласы,
Күнде жанжал, ұрыс боп оттың басы.
Кемпір-шал, не сұраймыз, — деп отырды
Аппақ қудай ағарып сақал-шашы.

Құлдық деп түрегелді кенже келін:
— Ағажан, өзің тексер көнбегенін,
Сұраңыз ынтымақты берер болса,
Көрерміз бақ, қыдырдың келмегенін.

Осылай кіші келін ақыл тапты.
Қош айтып бақ пен қыдыр кетіп қапты.
Әкеліп келініне берді атасы,
Кіші келін қолға алды ынтымақты.

Үлкен келін өкпелеп атасына,
Қарамады ақылы мен батасына.
Ортаншы келіні де қоса кетті,
Тығып ап екі қолын қалтасына.

Бұл үлкен келіндері бай қыздары,
Кедейге жастарынан бар ызғары.
Көре алмай кіші келін кедей қызын,
Күнде ұрыс берекесін тайғызғаны.
Кіші келін оларменен ұрыспайды,
Қонақ келсе сыр беріп тырыспайды.
Енші алып екі келін бөлек кетті,
Отасып ата-анамен шығыспайды.

Отбасы ойран шықпай тынып қалды,
Береке, пейіл үйге кіріп қалды.
Ағайын, ата-анаға бірдей жағып,
Кіші келін жүрген жақ күліп қалды.

Бақ, қыдыр сол кеткеннен алты ай өтті,
Бір күні азып-тозып кіріп кепті;
“Ынтымақ, бірліктерің құтты болсын,
Кетпейміз, біздің мекен осы үй”, — депті.

1961 ж



ШОРА ҚҰСБЕГІ

(Аңыз)

“Аспанда жүрсем қанатым талады,
Жерге қонсам Жалайыр Шора алады” —

дейді екен, құс біткеннің бәрі. Осы Шораны бала күнімде ақсақалдар жырдан да қызық көріп, бас қосқан жерде елге әңгіме қылып айтар еді. Кәрі-жас құмарлана тыңдап:

— Ау, Әзеке, айтыңызшы, Шора құстың тілін қалай білген? Шора құспен тілдесіп, оны оп-оңай ұстап алады дейді. Ол қалай? Құстардың Шорадан қорқатын себебі не? — деп сұрайды балалар. Әсіресе, бұл қызық әңгімені әкемнен көбірек сұрайтын мен едім. Мен жасымда ертеке аңызға, ән-жыр, күйге өте құмар едім. Көзімді таң атқанша ілмей тыңдап отыра беремін. “Бар, ұйықта” десе де кетпейді екенмін. Балалардың көбі жатып қалады.

Әңгіме айтқыш кісілер: Белгібай Түктібайұлы, Баубек Тілеубайұлы, Әзірбай Манабайұлы, Сарбас Майкөтұлы. Осы кісілердің өздері бүркіт, қаршыға салғыш, тазы жүгірткіш, атқұмар, ақын, күйші адамдар екен.

— Шорадан қорқатындар: бүркіт, түйғын, лашындар, сұңқарлар.

Аңдардан: қасқыр, қабан, аю, барыс, арыстандар. Міне, бәрі залалды жыртқыштар. Басқа момын құстарға, жан-жануарға ол тимейді екен.

Шора туғанда ата-анасы құстың тілімен ауыздандырыпты. Жалайырдан атақты адамдар көп. Қабан ақын, Тұрлымбет, Құрақ, Ескелді, Балпық батырлар, Қазы, Бақытбай ақын бәрі Шорамен замандас болса керек. Шора бала кезінде көбелек, балапан қуып жүрсе қара барактың түбінен үлкен қарақұс жалп етіп ұшыпты, жұмыртқасы бар ғой деп жүгіріп келсе, жалғыз балапан мен қап-қара күшік ұяда айқасып



жатады. Шора екеуінде етегіне орап алып үйге қарай қаша жөнеледі. Ауыл ол кезде Малайсары тауының етегінде отырады екен. Үйге жақындай бергенде баланы бір қарақұс екі қанатын қомдап оқтай ағып келіп бас салады. Ауыл адамдары у-шу болып, бақан-құрықтарын ала жүгіріп, қарақұсты қуып ұшырады. Шора талықсып қалады. Ауыл адамдары келіп баланы су бүркіп тұрғызып алады. Боз қасқа сойып, тілеу қылады. Әлгі қарақұс ауылға төніп кеп, қайта шарықтап, кетпей қояды. Күшік пен балапанды ет, сүр беріп, асырап Шора үйден шықпады. Әкесі, ауыл адамдары қарақұсты айғайлап қиқулап қуып, жолатпай жүреді. Бірақ, қарақұс қой-қозыны іліп алып кете береді. Ешкіөлмес, Шолақтау, Алатауға қарай шарықтап жөнеледі. Жұрт таңғалып:

— Бұл қай тәңірінің қара құмайының тұқымы ғой, бұл енді өшікті. Бұдан былай, бала-шағаны алып кетер, — деп ел уайымдап, балаларын үйден шығармайтын болады. Шораның әкесіне келіп олар:

— Қарақұсты өшіктірмей, балапанын ұясына апарып тастат, жұрт күйзелмесін, — дейді. Бұған ата-анасы көнсе де, Шора бала көнбейді. Күшік пен балапаннан айрылғанша, өлгенім артық, — депті бала. Оған көпшілік наразы болады. Бір Шораға бола, бүкіл ауылдың мазасы кетті. Балаларын үйге қамап қашанғы шыдайды, жұрт тағы да әке-шешесіне келеді, әкесі баласын тілдейді. Бала көнбейді, “у ішіп өлем” дейді, ұрдық, ұрыстық енді не лаж қыламыз, ел-жұртым-ау, — деп олар да зарлайды. Қарақұс ауылды айналып кетпейді. Елдің әбден мазасы кетті. Екі-үш апта өтті. Шораны ел боп, ата-анасы боп, көндіре алмады. Шора балапан мен күшікті құшақтап жатып алады. Шораның екі досы күннен-күнге үйреніп, өсе береді.

Бір күні көршісінің бес жастағы қызы көйлекпен далаға шыға қалса, қарақұс қызды бүріп аспанға шырқыратып алып кетеді. Үлкен пәле енді болды. Шора әкесінің малдарын барымтаға, құнға айдап



алады. Абақ-Тарақтың екі ру елдің ақсақалдары жиналып келіп, ақыл-кеңес қылады. Қарақұсты қайтып ұстаймыз деп тор жайып, түлкі қозы, қырғауыл, елік байлап күн-түн аңдып түсіре алмайды. Садақпен атады, тигізе алмайды. Қыздың әке-шешесі зарлап маза бермейді. Халық шулап Шораның әкесіне:

— Не еліңмен бол, не ұлыңмен бол немесе көш бұл жерден, бөленді тарт, қашанға шейін мал-жанымызды қамаймыз, — дейді ел. Ақыры елден безе алмай, әкесі мен анасы Шораға “Балапаның мен күшігіңді ал да бұл елден, жерден басқа алысқа кет”, — депті. Қалың жұрт он жастағы Шораны ортаға шақырып алып:

— Шырағым, ел үшін туған бала болсаң, ит пен құсты апарып ұясына таста. Шаруа бол, мал бақ, ата-анаңның тілін ал, ел-жұртпен бол, — деп еді, Шора:

— Халқым, ата-анам, маған рұқсат берсеңіздер, күшігім мен құсымды алып Қаратауға кетейін, әкем де, шешем де елінен ажырамасын, мені өздері құстың тілімен ауыздандырыпты. Сондықтан құсқа, тазыға құмар болдым. Ақсақалдар, елім-жұртым, маған разылық қыл, бұл дүниенің қызығы ит жүгіртіп, құс салған. Жақсы әйел болса, мінер атым болса, қыран құсым болса, алғыр тазым болса, бір ұл, бір қызым болса жетеді. Мал мен асты даладан адал еңбекпен табамын, — дейді. Қол құсырып елден бата сұрап тұрып Шораның айтқаны:

Бұл өмірдің қызығы, —
Ит жүгіртіп құс салған.
Өмірде еш қызық жоқ —
Сүйген жарды құшқанға.

Алыстағы ел жақсы
Қасындағы жақыннан.
Қанша қиян кетсем де
Алыстамаймын халқымнан.

Атам-анам аман бол,
Арманда болма артымнан.



Ешкімнен кейін қалмаспын,
Құстан алған даңқымнан, — депті.

Жұрт жамыраған қойдай шулап:

— Жолың болсын Шора, Қыдыр әлейкүмассалам
шылауыңда жүрсін, аруақтар жебесін, қайыптан
ризығың болсын, құсың шалғыр, тазың алғыр болсын,
әйелің адал, атың жүйрік болсын, — деп тарапты.

Ағайыннан кете алмай,
Жалғыз ұлдан айрылды.
Ой түбіне жете алмай —
Күңіреніп, қайғырды.
Тілімізді алмай Шоражан,
Күні-түні зар қылды.
Артыңнан еріп кетерге —
Елді тастап, ар қылды.
Тау-тас болды мекенің,
Ит-құс болды серігің.
Құс тілімен емізіп,
Бекер-ақ қылған екенмін, —

деп Шораның ата-анасы, ағайын-туыстары ботадай
боздап тарайды.

Баланы балапаны, қара күшігімен азық-түлігімен
жұртқа тастап әке-шешесі зар еңіреп, малдарын айдап
елмен бірге көшті.

Шора екі досымен жұртта қала береді. Балапаны
мен күшігі оған рулы елдей көрінеді. Сол Шора екі
досын ертіп алып Алатау, Алтай, Қаратауларды аралап
алты-жеті жылдай жүрген дейді. Қандай тау-тастар
онда қандай қырандар барын, ататектерін біліп алған
дейді. Сол Шора ер жетті, көзіне көрінгенді алатын
болды, ешбір қауіп-қатерден қорықпайтын болады.
Тамақ-киім, ризығы жолдан болады, аң терілері
аяқкиім, тон, шалбар болады.

Баяғы қарақұс Шораның қорғаушысы, сүйеніші
басына қонған бағы болса керек. Қайда барса да,
қайда қонса да төбесінде айналып, тау құзға, далада



қонып жүреді. Шора ешбір елге бармайды, таулардың үңгірлері, орман-тоғайдың іші мекені болып, жабайы болып, жеміс-жидек, құс, аң еті асы болып жүре береді. Сайраған сандуғаш бұлбұлдары болады. Қысқасы, Шора адамдарды сағынып, аңсамапты. Өз қызығы өзімен боп жүріп қалай жиырма жасқа келгенін білмепті. Шораның ата-анасы өлі-тірісін біле алмай зарлап жылай берді. “Көрдім, білдім” деген адам болмады. “Ата-анасынан безген Шора” деп атап кетеді ел. Осы сөздерді естіген ата-ана бұл қорлыққа шыдамай, “өлсек, малға, жанға кім ие, мирасқор болады” деп уайымдайды. Олар күні-түні күңіреніп, көрші ауылдастардың мазасын алды, жаршыларға іздеу салдырды. Хабар-ошар болмады.

Өсекшілер: “Бұл Шораны құстың тілін білетін болған соң мұзбалақ қырандардың атасы қарақұс алып кетті. Оны құс перісі ұрды, ол адам болмайды. Шора қанаты бар, дию-періден әйел алады-мыс, адам көрсе алты қырдан аса қашады-мыс. Аңшы-мергеншілер Талғардың басынан жабайы адамды көріпті. Ол — Шора екен дейді. Шора бізден, біз одан қаштық — депті. — Қара тазысы мен бүркіті қанаттыға қақтырмайды, түмсықтыға шоқытпайды, аң тұрмақ арыстан, жолбарысты жеңеді”, — десіп аңыз қылады. Әйтеуір, елдің аузына елек қойған бар ма?

Мұны естіген әкесі мен анасы еңіреп-боздап Ескелді биге, Қабан ақынға, Орақ батырға айтып, аяқтарын құшақтап жылап жатады. “Біз пақырды тірідей арманда өткізесіздер ме?” — дейді. Сонда бұларға ой түсіп, хан төреге келеді. Келсе, төре төсек тартып ауырып жатыр екен, амандасып, көңілін сұрап, өткен-кеткен оқиғаларды айтып отырып: Баяғы Шора деген баланы хан-төрем өзіңіз білесіз. Сол кеткеннен жоқ, өлі-тірісін білмейміз. Кеткенде он жаста еді, қазір ат төбеліндей жиырма жылдай болды. Іздеу-сұрау салдық. Қаратау, Алатау, Көкшетау, Сарыарқа, Орал бізден қалмады. Аңшы саяхатшылар Талғар құзынан жабайы



адам көрдік депті. Әкесі де, анасы да зар жылайды. Он екі ата Жалайырдан екіден адам алып іздесек деп едік осыны сізге ақылдасқалы келдік. “Ел ағасы, топ жағасы” төреміз жолбасшы болыңыз, — дейді жұрт.

Сонда Хан-төре:

— Ау, батырлар, ақындар, ағайындар, жақындар, менің дертіме сол Шора бала себепші болар деп санамнан сарғайдым, жол жүрер халім жоқ, құстың патшасы болады, оны Бидайық дейді екен, үлкендігі бозторғайдай болады, түсімде соны көрдім, соған ынтық болып жатырмын. Ішсем ас батпайды, жатсам ұйқым келмейді, күндіз күлкім келмейді. Осындай қиын кеселге душар болдым. Мен де төлеңгіттерімнен адам қосайын сол Шораны табындар. Дертіме дауа болып Бидайықты ұстап берсе, алты ұлымның ішінде жалғыз, ай десе аузы, күн десе көзі жоқ қызымды ақ отау тігіп, мал мүлкімен жасау-жабдығымен Шораға ұзатар едім, отыз күн ойын, қырық күн тойын қылар едім, — депті. Бұл сөзді тыңдап отырған ел-жұрт, кәрі-жастар, еркек-әйелдер құмартады. Сол Шора табылса екен деп тілейді.

Ақыры, азық-түлігімен, Орақ батырды басшы қылып жолға шығыпты деседі. Шораның анасы боз бие сойып, мойнына бұршақ-тұмар салып, тілеу тілепті.

Іздеушілер Талғар тауының басынан Шораны кездестіреді. Алыстан айғайлап: “елміз, жау емеспіз” — деп Орақ батыр, Қабан ақын, Ескелді би әке-шешесінің атын атап өзінің бала күндегі ойыншық, қақпан, тұзақтарын, асық-сақаларын көрсетеді. Сонда Шора оларды садақпен атпақ болады. Әрі-бері қарап тұрып, әлден уақытта өз елінің адамдарын таныды, ата-анасы еске түседі. Шора жас күніндегідей талдырмаш емес, таудағы адамның алыбы секілді. Ол Талғардың тал шоқысынан төмен түсіп келеді. Қолына қондырған бүркіті, қасында қара тазысы бейне бір күзетшісіндей-ақ Шораға қандай жау тиер екен, мен тұрғанда



дегендей, алды-артын айнала орағытып келе жатады. Үлкендігі тайдай бар. Етекте күтіп тұрған отыз адам қаз-қатар құшақ жайып: “бауырымдап, жігер-күшім, ардақты арысым, жалғызым, жампозым” — деп көрісіп жылағанда, тау жаңғырып, тастар күңіренді, — дейді. Төмендегі өзен жағасына келіп жылқының екеуін сойып, нәзір таратты. Көңілдері судай тасып, жоғалған Шорасы табылып, бастығы Орақ батыр болып елге қайтты.

Шора да толған айдай толықсып нағыз кемеліне келген, жасы отыздар шамасында екен. Жолшыбай келе жатып Қабан ақын қуаныш жырын төгеді:

Қарағым, Шора аман ба,
Қайта туды анаң да.
Жасарар енді атаң да,
Менің де атым Қабанды,
Айтуға бірақ жаманды.
Жоқ іздесем табамды,
Мың бір алғыс анаңа,
Құс тілмашы сен болдың,
Оқытатын адамды...
Олар елге келеді,

Шора адамның тіліне шорқақтау болып қалады. Айтқан сөзді ұғады, бірақ жауап қайтармайды, әкешешенің көңілі судай тасыды. Қаншама елді жиып той жасады.

Бір күні той болып жатқанда ақиық бүркіті аспандап ауылды айналып жүрді. Жұрт дүркіреп: “баяғы қарақұс па” — деп қорқа бастады. Шора қолын бұлғап “кел, бопам” деп еді, қанатын жайып қалқып келіп, қолына қонды, халық таңырқасып қарады.

Енді ел болып Шораға ханның ынтық болып сарғайып күтіп жатқанын, Бидайық құсқа зар екенін айтты. Саған тілектес екенін, қызын беретіндігін ұқтырды. Шора бұл сөзге құлақ аспады. “Хан-төреге қаным қас”, — деді. Ел-жұрт айтып құлағына сіңіре берді. Шора бір күні жарайды деп бүркіт тазысын ертіп тауға кетті. Алты күн жүріп бір бозша құсты қолына қондырып келді.



— Тарбағатай тауынан тауып алып келдім. — деді. Ханға сүйіншіге адамдар шауып кетті. Хан төсек тартып жатқан еді, қуанып басын көтерді. Барған адамдарға ат-түйе берді. Шора балам келсін, бидайықты көзіме көрсетсін, — депті. Шора ханға бір топ жолдастарымен келеді. Бозша құсты ханның оң босағасына тұғыр тоқбаққа қондырады, ханға қол қусырып әдеппен сәлем береді. Хан арман еткен құс патшасы Бидайықты басынан тәу етіп өксігін басыпты. Мұратына жеткізген Шораға жалғыз қызын қосып үлкен той істеп, ақ отау жасап, жабдығымен, малдарымен ұзатыпты дейді.

Сонымен хан жазылып кетеді. Көңілі толды, қызы құтты орынға қонды. Шора күйеу болды. Шора ханды ертіп аңға шығып сейіл-серуен құрды. Өзінің алғыр қыран бүркітімен қасқыр-түлкі, арқар, киік алды. Хан Бидайығымен дуадақ, қырғауыл, қаз, үйрек, кекілік, қоян, алдырып жүре берді.

Шора құстармен сөйлеседі. Құс біткендердің досы. Бірнеше жылдардан кейін әйелі бір ұл, бір қыз туады, өзінің жас шағындағы тілегені тура келеді. Жүйрік ат, алғыр тазы, қыран бүркіт, жақсы әйелі болды. Барлық елге құс пірі, құсбегі Шора батыр атағы жайыла берді. Аспандағы әртүрлі құсты шақырып алып қолына қондырып, сөйлесіп, тілдесіп, қайта қоя беріп жүреді. Оны көрген жұрт таңғалысады.

Міне, Шораның ел, әлемді меңгергені. Талай құсқұмарлар, құсбегілер Шорадан сұрағанда қырандардың аттарын ол былай айтады екен:

Ақиық, мұзбалақ, сасқалақ, көк тұмсық, шөлдің шөңгелі, адырдың аңғалы:

Қара үйдің қара шолағы,
Сарыарқаның сары балағы,
Қырғыз тауының қиқағы,
Қаратаудың қандыбалағы,
Оралдың ор жағалы,
Хантауының қасқыр алғышы,
Алтайдың ала бүркіті,
Талғардың тарлан бүркіті,



Гималайдың киік алғышы,
Қарақастектің қайқы қанаты,
Қордайдың қоңыр бүркіті,
Аңырақайдың ақ бүркіті.
Хантауының сақ бүркіті.
Міне, ел айта беретін құс пірі,
Құсбегі Шора осындай батыр болыпты.
“Аспанда жүрсем қанатым талады,
Жерге түссем Шора алады”, —
деген нақыл осыдан қалса керек.

БҰРЫНҒЫ ӨТКЕН БАТЫРЛАР

(аңыз)

I

Бұрынғы өткен дәуірде
Халықтың мұңы — мал болған.
Малсызда ақыл дал болған.
Манас батыр тұсында...
Көрнекті талай дәу болған.
Абырой, бедел түзден боп,
Берекесі үйден боп,
Ер Қосай деген шал болған.
Көкше батыр Әлмембет,
Қүрең сақал Келмембет,
Күнбатыста Ақжелек,
Күншығыста Көкжелек,
Атақты талай жан болған.
Елеместің еркесі,
Отыз ұлдың кенжесі,
Ер Төстік деген нән болған.
Осы дәулер тұсында
Көкетай деген хан екен.
Өз шағында халыққа
Кәдірі бар жан екен.
Әділетті, қайырлы
Әлінше көпке нақ екен.
Өзіне тете інісі
Төкетай деген сал екен.
Екеуінен жалғыздан



Екі ұл бала бар екен.
“Аман болса ботамыз,
Қолға ұстаған сақамыз,
Есен болса баламыз,
Елден сұлу аламыз”.
Жер-жерден сұлу қыз іздеп,
Жол тартады Төкетай.
Қырғыз бенен қазақты
Аралады Төкетай,
Талай-талай ел кезіп,
Жер аралап, жер кезіп,
Асқар-асқар бел кезіп,
Шалқар-шалқар көл кезіп,
Талай жерді арылтты.
Астына мінген Мәнікер
Жер танабын тарылтты.
Алты күнде аралап
Алты айлық жерді шалыпты.
Қасындағы қырық жолдас
Ілесе алмай қалыпты.
Мәнікер ат майыспай
Мініп шапса қайыспай
Желсе жел де жетпейді,
Құс құтылып кетпейді.
Алдынан қашқан киіктер,
Әудем жерден өтпейді,
Ер Қосай мен Манастан,
Аспара, Мерке, Таластан,
Алатау асқар жартастан,
Аралап өтіп барады.
Алты рулы Алаштан,
Ел қоймай кетіп барады.
Сырдан өтіп сырғытып,
Шудан ерлеп шүйілтіп,
Іледен өтіп ырғытып,
Ылди-өрден орғытып,
Қараталдан қарғытып,
Ақсудан өтті аттатып,
Көксудан өтті көсілтіп,
Ертістен өтті есілтіп,
Есіл менен Нұрадан
Іңірде өтті ыршытып,



Сарыарқаны аралап,
Сан сұлуды саралап,
Көкшетауды кектеді,
Көз жұмғанша өткені
Қарқаралы, Қазаннан,
Қарап өтті азаннан.
Тобыл менен Торғайдан,
Ойнап өтті тоғайдан.
Мәнікер атпен Төкетай
Есілдің суын есілтіп
Жүзіп өтті балықтай.
Күн-түн жүрді жалықпай,
Еділ бойын өрледі
Орынбормен желгені,
Өзіне жағар сұлуды,
Төкетай ер көрмеді.
Өршеленіп Мәнікер
Омырауы терледі,
Ауыздығы қаршылдап
Көсіле аяқ сермеді,
Қос құлағын қайшылап,
Жаңбырдай тері тамшылап,
Қолға ерік бермеді.
Арал менен Каспийден,
Қалқи жүзіп көштірді,
Қалың балық, жайынды
Қарсы келген тептірді,
Қазыбек пен Қап тауда,
Аттың терін кептірді.
Қара теңіз жүздірді,
Қайыстай қылып тілдірді,
Ат өнерін білдірді.
Батыстағы Ақжелек
Ауылына бет бұрды.
Қырымнан қыз қарауға,
Мәнікерді соқтырды.
Алты батпан алтыны
Атқа артқан балқыды.
Ақжелектің аулына,
Азанымен кеп тұрды,
Басылмай аттың қарқыны:
— Ассалаумағалейкүм,



Амансыз ба, Ақжелек!
Ел-жұртына нақ,
Желек, әдейі келдім аулыңа,
Керегімді тап, Желек!
Іздеп келдім алыстан,
Астымдағы тұлпарым,
Ұшқан құспен жарысқан.
Күнбатыста Ақжелек,
Сен бір жатқан арыстан.
Көпті көрген ділмар деп,
Көргелі келдім ағажан.
Ақжелек сонда бүй деді:
— О, балам-ау, балам-ау,
Алыс жолдан келіпсің.
Мәнікер тұлпар мініпсің.
Бадана тон киіпсің.
Шот болатты асынып,
Алмас қылыш іліпсің.
Келбетіңе қарасам,
Келісіп туған жігітсің.
Бұл алаптан көрмеген,
Жол болсын, қайдан жүріпсің?
Астыңа алтын салыпсың,
Атыңды суға малыпсың.
Ат-жөніңді айтшы енді,
Аршындап жүрген алыпсың.
Бұл өлкеден көрмеген,
Бұл ауылдың үстінен,
Бұлдырық ұшпас көлденең.
Бұл жаққа келдің қай елден?
Батыста ма ауылың?
Шығыста ма ауылың?
Оң жақта ма ауылың?
Сол жақта ма ауылың?
Келген бетің қай жерден?

Төкетай сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
Әуелде шықтым елімнен
Аспара, Мерке жерімнен.
Тарбағатай, Тянь-Шань,
Алатау асқар белімнен,



Аралап келдім шығыстан,
Жетісу өзен, көлімнен.
Ер Қосай мен Манастан
Рұқсат алып ерімнен.
Қарақұжыр, Көкойрақ
Қазақ, қырғыз елімнен.
Алатау болады жеріміз,
Кең жатқан байтақ еліміз.
Көкетай деген ханымыз.
Көпке бірдей шамымыз.
Күншығыста Көкжелек
Өзіңе аттас дәуіміз.
Ауылдан шықса Ақжолтай,
Көкжал Барақ, Көбікті,
Маңдайдағы барымыз.
Қатынын берген қайырға
Қанкелді деген нарымыз.
Жолды Қосай басшымыз,
Ақыл берген шалымыз.
Ел иесі осылар
Қолында мал-жанымыз.

Әуелде шықтым ауылдан,
Ардақтаған қауымнан.
Шығысқа қарай бет алдым,
Алатаудың бауырынан
Арғымақ ат астымда
Алтын артып сауырынан.
Үйден шықтым қыз іздеп,
Ер Қосай мен Манастан
Үшбурыл мен Таластан,
Атты-тонды адамға,
Алыс жол жүрсе жарасқан.
Жақсы менен жаманның
Арасы болар жер-аспан.
Ағайынның жақсысы,
Бір-біріне қарасқан.
Ақымақтық белгісі
Ата салттан адасқан.
Қырғыз елін қыдырдым,
Қыз жақтырмай түңілдім.
Сыр бойынан сырғыттым,



Шу бойынан шүйілттім.
Жетісудан желдірттім,
Іледен атты ырғыттым,
Көксудан келіп көсілттім,
Ақсудан атты аттаттым.
Күншығыста Көкжелек
Күндіз барып жолықтым,
Елінен қыз жақтырмай
Енді бұдан торықтым.
Ертістен ат есілттім
Көкжалға келіп жолықтым.
Көксеген қыз таба алмай,
Күдер үзіп торықтым.
Әрі қарай жөнелдім,
Есіл менен Нұраға.
Ертеменен кеп едім,
Осы жерде кездестім,
Кісі алатын бураға,
Бура қуды, мен қаштым,
Бұрылыс сай-жыраға.
Адастырдым әрең мен
Күдірден-күдір, қырқаға.
Таң ата жүріп сол жерден,
Күнбатысқа өктедім.
Күн шашырап түскенше
Атырапта Ақжелек
Алдыңызға жеткенім.
“Аруақты ерден ат үркер”,
Алтын-інжу төккенім.
Ағамның аты Көкетай,
Аулыңа келген Төкетай.
Ақжелек ата, саумысың?
Аты-жөнім осылай,
Қыз сұлуы — Қырым деп
Қызыққаннан мен келдім.
Ұл сұлуы — Үрім деп,
Ұзақ жолдан мен келдім.
Рудан мойны озған деп
Өзіңді іздеп мен келдім.
Көкетай ханның інісі
Төкетай сал мен едім.
Екеумізде екі ұл бар



Арттан ерген өренім.
Елден асқан сұлу қыз,
Әперейін деп едім.
Шығыс жақты аралап,
Әлемнен қыз саралап,
Ақжелек саған кеп едім.
Ақжелек батыр ақылды
Ағайынды шақырды:
“Алыстан аңсап келіпсің,
Ардақтап менің атымды.
Ауылға түсіп қонақ бол,
Ақырға байлап атыңды,
Ақ үй тігіп басыңа
Аралатам халқымды.
Азаматтығын көріп кет,
Аулымдағы батырдың.
Ақ ордаға жата бер,
Алғалы келсең ақылды.
Асықпай қонып жата бер,
Асыл болсаң тартымды.
Алдырайын шақырып,
Жастар менен қартымды.
Қона жатып, көріп кет,
Сауық-сайран, салтымды.
Көкетай ханның көңілі үшін
Білемін сенің нарқынды.

Мақұл, — деді Текетай
Енді болды көңілі жай.
Ақжелек үйді тіккізді,
Боз бие сойып күткізді.
Сары қымыз сапырды,
Ақжелек елін шақырды.
Алдындағы бір тауға,
Шығып алып ақырды.

II

Дауысына шыдамай,
Көкте құстар шарқ ұрды.
Жиыл деген даусына
Желіде құлын шатылды,
Жай садақтың оқтары,
Жау көргендей атылды.



Тау жаңғырып, тас құлап,
Дария тасып шалқыды.
Атырап елі арсаңдап,
Жиылуға талпынды.
Ақжелектің аулына,
Айлық жерден ел келді.
Айлық жерге дауысы
Барушы еді демде енді.
Көк ала сақал Әлмембет,
Көк түлпармен ол келді.
Күрең сақал Келмембет,
Кершабақпен бұл келді.
Сауыт, қалқан киініп,
Садақты бес мың қол келді.
Жабдықтарын асынып,
Жау көргендей мол келді,
Елеместің еркесі,
Отыз ұлдың кенжесі,
Ер Төстік батыр соң келді.
Соң келді де сөйледі:
Ақжелек батыр, сен, деді,
Артыңда інің мен, деді.
Ақсақал деп сыйлайды,
Әлпештеп сізді ел, деді.
Халықтың қамқор, қамалы
Асқар таудай бел, — деді.
Шапқалы тұрған жау бар ма,
Шыққалы тұрған дау бар ма,
Бората жауған қар бар ма,
Қаптаған тасқын су бар ма?
Ат терледі ентігіп,
Ата қалай ақырдың,
Әлденеге шақырдың?..
Бекер босқа шықпайтын,
Белгілі жұртқа үніңіз.
Бетіңізге қарамай,
Ерке өсірген еліңіз.
Үйірде — ат, үйде — адам,
Қалмады ұл мен қызыңыз.
Даусыңызды есітіп,
Жау көрген-ді деп едік.
Жаудан хабар білген соң,



Шапшаң кел деп сол үшін,
Ақырған-ды деп едік.
Не қылады қыздарды,
Қатындарды деп едік.
Жау қамалап жан-жағын,
Жақындады деп едік.
Еліңіз ата жиналды,
Ерлеріңіз қиналды.
Аттар мұнша буланды
Ауыл қорқып шулады,
Құлын-тайлар тулады,
Үніңізге иланды.
Бала тастап қатындар,
Уақытсыз туғаны.
Уайым тартып қурады.
Жүрексіздер жылады,
Жүректілер қуанды...
Көптің қамын ойлаған,
Сіз едің, ата, бұлағы.
Бәйгеден озған пырағы,
Көпке құрбан болатын,
Мен де бір айтқан лағы.
Неменеге шақырдың?
Халқың жөнін сұрады?
Ақжелек шал сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді;
— Жау емес, қонақ, ел, — деді.
Жаусырама сен, деді.
Жайын айтып берейін,
Жарқыным маған, кел, деді,
Жайын біліп шақырдым,
Жазықты болсам, мен, деді.
Жағадан ала сөйледің,
Сөйледің, балам, сен, деді,
Жайымды өзің білесің,
Жұмсар балам кем, деді.
Бұл қонақты сұрасаң
Белгілі туған ер, деді.
Білгің келсе Ер Төстік
Бізбен қатар ер, деді,
Көкетай хан ағасы
Көпке түскен панасы,



Кіреуке тон кигені,
Мәнікер — тұлпар мінгені.
Алатау жақта ұлысы,
Көкетай ханның інісі,
Өзінің аты — Төкетай,
Кере қарыс ырысы,
Қырымнан қыз іздеген
Келіп жүрген жұмысы.
Айнала елден қыз жақпай,
Ал деген қызға міз бақпай,
Жер танабын тарылтып
Жетісуды айналып,
Сарыарқадан сандалып,
Күндіз-түні он тәулік
Келіпті мейман бұл жаққа.
Қыз жақтырмай келіпті,
Қырғыз бенен қазақтан.
Қыз сұлуы Қырым деп,
Ұлы батыр Үрім деп
Қиырдан кепті бұл жаққа.
“Әу” дегенде келуші ең,
Ардақты елім қасыма.
Ат-шапаным тартайын,
Абайсыз шыққан даусыма.
Алысып жаспен не етейін,
Ақ кірген сақал-шашыма.
О, дариға жалғыздық,
Үні шықпас осы ма?
Осылай деп Ақжелек,
Өкпелеп қайтты қосына,
Үйімдегі қонақтың
Барайын деп қасына,
Алты тарам сақалдан,
Сорғалап ақты жасы да.
Ақжелек өзі жаяу-ды,
Ауылы жақын таяу-ды,
Таяғын алып таянып.
Таудан түсті баяулы.
Жалғыз өзі жүргенде,
Білмеді ешкім аяуды.
Қажымайтын ер еді,
Ер Төстік салды көңіліне



Майдалап сөгіп қаяуды.
Ақжелек кірді үйіне
Қолын сүйеп бүйіріне,
Ақ ордаға сүйеніп
Үйілеп келді күйіне,
Үйінде жатқан Төкетай,
Жүгіре шықты түйіне.
Төкетай батыр көз салды,
Ақжелектің түріне.
Түрін көріп сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
Ойлағанға мәлім-ді,
Биік пенен аласа,
Арғымақтан әл кетсе,
Жабы шабар жанаса,
Жаман болса ағайын,
Аяқты қаққан тамаша.
Түрің қалай, Ақжелек,
Өкпелеген балаша?
Сол қолыңа, оң қолың,
Болар деген араша.
Әңгімеңізді айтыңыз.
Қандай болады тамаша?
Түрің қалай жан аға,
Тұтығып тұрсыз далаға,
Жолаушылап мен келдім,
Қалыңдық іздеп балаға,
Атың мәлім болған соң
Көкетай хан, ағаға.
Мен үшін қалып тұрсыз ғой
Әртүрлі дау-жалаға,
Біреудің тілі тиді ме
Жүректегі санаға?
Жасырмаңыз сырыңды
Түсейін, ата, араға.
Ақжелек сонда күрсінді,
Көк түйғындай сілкінді.
Орнынан тұра алмай,
Таяқпенен үш ұмтылды.
Ақжелек айтты: қарағым!
Хан қайық болады,
Халық теңіз болады,



Теңіз егер шайқалса,
Балық арық болады.
Мен орнымнан ұмтылып,
Тұрғанымды айтайын:
Қатын — шайпау, ұл — тентек,
Екеуледі қайтейін,
Көрілік жетті, қайрат кетті
Төртеуледі қайтейін.
Балам жоқ боп бақыт тайды,
Жүрек тот боп мал азайды,
Алтаулады қайтейін...
Сонда тұрып Төкетай,
Мәнікерге мінеді.
Бадана тонды киеді.
Шоталыны асынып,
Шот болатты байланып,
Беліне садақ іледі.
Ақсұңқардай түледі,
Қарғып мініп атына
Ақиықтай талпына,
Мәнікер де тынығып,
Келген екен шарқына.
Төбедегі жиналған
Тұра шапты халқына.
Жалғызбын деп Төкетай,
Қарамады артына.
Салауаты, сәулеті,
Саймандары артыла,
Келе жатқан жалғыздың,
Қарады ел қалпына.
Келе жатқан кім? дейді
Келбеті бөлек тым, дейді.
Періште ме, пері ме,
Сағым ба, әлде, жын, дейді.
Халықтың тұрған жерлері;
Қырымның бір шыңы еді,
Өршеленіп Мәнікер,
Биіктігін білмеді.
Көк ала сақал Әлмембет,
Ер Төстік те түр еді,
Кім екенін біл, — деді.
Ер Төстіктің тұлпары



Құмай торы Шалқұйрық.
Сансыз аттан озатын,
Мен жүйрікпін дегеннің
Қолтығын талай созатын.
Нағыз тұлпар жүйріктер
Шаңын көрмей қалатын.
Сағымдай ағып желгенде
Қараған көз талатын.
Айшылық алыс жерлерді
— Алты күнде алатын.
Жер түбіне желіспен,
Жеті күнде баратын.
Қатар ұшқан қарлығаш,
Қанаты талып қонатын.
Өрге шапса талмайтын
Ылдиға шапса самғайтын,
Қия салса таймайтын,
Көзі оттай жайнайтын.
Он бес жасар Ер Төстік
Шалқұйрыққа нанатын.
Ауыздығы қаршылдап,
Шапса тасты қабатын.
Төстен қашқан түлкіні
Төрт аттатпай шалатын.
Тіл біледі Шалқұйрық
Жат десе жата қалатын.
Елеместің еркесі
Отыз ұлдың кенжесі
Ер Төстік шықты жол тосып,
Төкетаймен көрісті,
Сәлем беріп қолдасып,
Жолыңыз болсын, жігітім,
Деді Төстік сөзді ашып.
Қайда кетіп барасыз,
Тау аралап, тас басып.
Екі батыр тілдесті.
Жөн сұрасып үндесті,
Екі тұлпар иіскесті,
Иіскесіп тістесті,
Сөзге алданып тұрғанда,
Тағы аттары тебісті,
Тебіскенін тоқтатып,



Енді сөзге келісті.
Төкетай сонда сөйледі:
“Азаматтың қадірін
Ағайын білмес, жат білер.
Артқы айылдың батқанын
Иесі білмес, ат білер”.
Қара жерге қар жауып,
Қарды басқан — бір мұрат.
Қара жерден қар кетіп,
Жерді басқан — бір мұрат.
Ер Төстік батыр сенбісің,
Елеместің еркесі,
Отыз ұлдың кенжесі
Өзіндей болып туады
“Төңірдің” сүйген пендесі.
Ерегіскен батырдың
Ел үшін кетер кәлдесі.
“Елдестірмек — елшіден,
Жауластырмақ — жаушыдан”.
Мен бір келген қонақпын
Үрім менен Қырымға.
Асыл адам қарайды,
Уәдеге бұрында,
Батыр болар жігіттің
Аты кетер руға,
Тұлпар болар жылқының
Тұлғасы тұрар құлында.
Ақжелекке кеп едім
Аты шыққан бұрын да.
Қарияңды қайғыртып
Мұның жаман ырымда.
Екі жирен ат мінген —
Ертеде жолы болмайды,
Екі боз ат мінгеннің —
Ежелден жолы болмайды.
Ұясынан жеріген
Жерге сұңқар қонбайды.
Тонды киген тоңбайды.
Қара жерге кіргенше
Адамның көзі тоймайды.
Тілімді алсаң жас бала,
Болғалы тұрсың бас бала.



Сыйламасаң үлкенді
Ер Төстік болдың масқара.
Ер Төстік сонда күлді енді
Жығылғанын білді енді.
Төбедегі халыққа
Сәлем бергін, жүр, деді.
Еріп келіп Төкетай,
Сәлемдесіп тұрды енді.
Ақылдасып Ер Төстік
Әңгімесін құрды енді.
Алты жорға тарту қып,
Алпыс кісі жүрді енді.
Ақжелектің аулына
Алпыс қонақ келеді,
Алдына келіп Ер Төстік
Иіліп сәлем береді.
Төкетайдың ат-тонын,
Таңырқап бәрі көреді.
Қонақ болып түнімен,
Алысып ойнап күледі.
Таңертеңмен батырлар,
Қыз жинауға кірісті.
Түніменен сөйлесіп,
Аты-жөнін білісті.
Түніменен аралап,
Сұлу қызды жиысты.
Екі батыр ішінен
Сынаспақ болып ырысты,
Іштерінен бақталас
Бастады бұлар бір істі.
Таң атқанша аттарын
Екеуі мақтап тұрысты.
Нелер сұлу жиылды.
Асыл киім киінді.
Қыз айттырған жігітке
Қыздың бәрі үңілді.
Қараса көзі талады,
Қыздар шашын тарады.
Қара көз оттай жанады.
Қырымның қыз-ұлына
Қыз айттырған Төкетай,
Қиғаштап көзін салады.



Төкетайға қыз жақпас,
Шетінен бәрі жағады.
Ортадағы екі қыз,
Бірінің аты — Айнамкөз,
Екіншісі — Қаракөз,
“Балаларым бағына
Келтірді тағдыр енді кез”,
Төкетайдың көңілі
Енді судай тасады.
Талтаң-талтаң басады,
Маған келін осы деп,
Алтыннан шашу шашады.
Қалың қыздың ішінен
Аттарын анық атады.
Айнамкөз бен Қаракөз,
Ұялып бұғып қашады.
Құдалық жайын сөйлесіп,
Құйрық-бауыр асасып
Ата-анасын алдырып,
Ақжелек сыр ашады.
Сұрастырса Айнамкөз,
Елеместің қызы екен,
Ер Төстіктің әпкесі,
Айтулының өзі екен.
Қырым менен Үрімнің
Аузындағы сөзі екен.
Қаракөзді сұраса
Бір кедейдің жалғызы,
Иіскейтін жалбызы.
Ата-анасы өліпті,
Ер Төстіктің балдызы.
Әңгіменің аяғы
Ер Төстікке тірелді.
Ақжелектің артынан
Бас түлек боп түр еді.
Атырап елі ауғандай
Бір жағын билеп жүр еді.
“Үйде кепті, түзде ұрмас”
Туысы отыз үл еді.
Елемес өзі шын кедей
Сексен жаста тірі еді.
Отыз ұлдың ішінде



Айнамкөз жалғыз қызы еді.
“Теңін тапсаң тегін бер”
Деген мақал біледі.
Шешесі де жасында
Көріктінің бірі еді.
Балаларым біледі деп,
Жауабын солай береді.
Қыз көптікі деген деп
Көпшілік өзің біл,— деді.
Қызды халқың билейді,
Кімнің бауыры жыласа,
Бұрмай қалмас бүйрегі,
Кімдер тауып сөйлесе,
Келер сөздің түйдегі.
Ер Төстік сонда бүй деді:
— Май асайды түздегі,
Қан құсады үйдегі
Көзіне түсті сұңқардың
Сұқсыр үйрек көлдегі.
Төкетай келдің аулыма,
Түсіпті көзің бауырыма.
Алты батпан алтынды
Атыңның салып сауырына.
Көпшіліктің кірермін
Кер кетпей-ақ қауымына,
Екі балаңды алып кел,
Қайта барып ауылыңа?
“Қыз көргенді біз көріп,
Естігенді — көз көріп”,
Келіндерінді алып кет,
Ерте қайтып, тез келіп,
Қызға кім көзі түспейді.
Қымызды кім ішпейді.
Тіл астында тіл бар ғой,
Бұл жақта да ұл бар ғой.
Күйеусіз босқа жіберсем
“Ат көті” деген мін бар ғой,
Айттырып жүрген тағы көп,
Аңдып жүрген жабы көп.
Қызығып жүрген тағы бар.
Қызғанған адам табылар.
Қыздың сырын кім білсін,



Кеудесі бөлек жаны бар.
Тобышақты шоңқайтқан
Қаба жалды жабы бар.
Қыз шіркінге, кім сенсін,
Түрлі пәле жабылар.
Ақылы жоқ арыстан
Айға қарап шабынар.
Бозторғайға бақ қонса,
Бидайық қыран бағынар.
Шымшық құсқа бақ қонса,
Самұрық келіп жалынар.
Құл мен күнге күн туса,
Патшадан тәж-тақ алынар.
Арғымақ ат пысқырса,
Алыс жолға шабылар.
Тағы да айтар бір сөзім
Көпшілік құлақ салыңдар.
Хан емеспін қарамын,
Қарадан туған баламын.
Әкем кедей, өзім жас,
Әр нәрседен шаламын.
Өзім деген адамға
Өзегімді саламын,
Өзі келіп соқтықса,
Ош жібермей аламын.
Көңілім түскен кісіге
Өлтірсе де нанамын.
Жалғыз атымды сұраса,
Жаяу түсіп қаламын.

“Ер өледі намыстан,
Қоян өлер қамыстан”.
Мені көрмей сен келдің
Ұзақ жүріп алыстан.
Шалқұйрығым менің де
Ұшқан құстан қалыспан.
Ағаң сенің Көкетай
Атағын білем алыстан.
Жасың үлкен ағасың
Жүз көрісіп танысқан.
Біреу озып басынан,
Біреу шауып қалысқан.



Жарысуға қалайсың,
Атаның ұлы арыстан.
Сөреге адам қоялық
Әділетті қалыстан.
— “Мақұл, — деді Төкетай,
Әкесінен бері қарай,
Деген емес “Жәкетай”.
Ел таңырқап балаға
Батырлар түсті араға.
Ерігіп тұрған қалың ел.
Еліртіп жатыр және де.
Ер Төстік сонда сөйледі:
Төкетайға кел, — деді.
Бәйгесіне атыңның,
Не тігесің сен, — деді.

Т ө к е т а й:

— Қалағаның берейін,
Қалса егер Мәнікер
Мәнікерден озам деп,
Болма, бала, әбігер.
Қалмақ, қазақ, қырғыздан,
Алғам талай әбиір.
Алты батпан алтыным,
Ол жарай ма, жарқыным!
Баламмен жасты баласың
Басылмаған қарқының.

Т ө с т і к:

Мақтанбаңыз сіз, — дейді
Қорықпаймыз біз, — дейді.
Алты батпан алтыннан
Күдерінді үз, — дейді.
Мәнікерді қоса тік,
Рас болса сөз, — дейді.
Озарыңа Төкетай,
Жетіп тұрса көз, — дейді.
Мен тігейін бәйгеге
Екі сұлу қыз, — дейді.
Үш ай көктем әрі жүріп
Үш ай шауып бері жүріп,
Жарысайық біз, — дейді.



Үркер мен Ай тоқтамас —
Уақытында тоғыспай,
Екі батыр тоқтамас —
Ерегіспей, соғыспай,
Екі тұлпар тоқтамас,
Екіленіп жарыспай,
Екі арыстан тоқтамас —
Ырылдасып алыспай.
Екі тұлпар жарысты,
Үзеңгісін қағысты.
Ұшқан құсты құтқармай.
Ауыздықпен алысты.
Ерегесіп екпіндеп,
Өнерлерін салысты.
Екі батыр ереуіл
Жібермеске намысты.
Тарта шауып тізгінін
Екі қолы қарысты.
Жүгірген аң, ұшқан құс,
Ілесе алмай қалысты.
Еттері еркін қыза алмай,
Бір-бірінен оза алмай,
Қолтықтары шыланбай
Құлаштап аяқ соза алмай.
Делебесі қоза алмай,
Қалың тоғай қарағай.
Тұра алмайды қарамай.
Айлық жерден қос тұлпар
Құстай ұшып келеді.
Кердаланың шөлінен
Жеті күнде өтеді.
Жиделібайсын жерінен
Екі күнде өтеді.
Даласынан Бетпақтың
Алты күнде өтеді.
Адыр-адыр белдерден
Жарты күнде өтеді.
Орыс елін аралап
Оянғанша өтеді.
Он сан ноғай үстінен
Ойнақтатып өтеді,
Қалмақтардың елінен



Қарағанша өтеді.
Қарақалпақ елінен,
Шалқар өзен-көлінен
Шапшаң қарғып өтеді.
Еділ менен Жайыққа
Ерегесіп жетеді.
Еділ бойын өрлейді,
Тұлпар сонда терледі.
Құлаштап аяқ сермеді,
Қолға ерік бермеді.
Орал тауын бастырды,
Қап тауына қасқарды.
Қара теңіз, Каспийден
Екеуі де жүздірді.
Пышақтай суды тілдірді.
Балықтарды үркітіп,
Жайындарды бүлдірді.
Екі жақтап қамшылап,
Енді ұрды дүлдүлді.
Мәнікер ат майыспай,
Мойны озды алыстай.
Қара теңіз ішінде
Қош деп ұран салысты
Бұрын шықты жиекке,
Су өтті әбден сүйекке.
Алыс-жақын бір екен.
Абайлады жүйрікке.
Ұзай берді Мәнікер
Тұлпарлығы мәлім кер.
Төкетай Ер Төстікке:
Бұрылды да “қош” деді,
“Болма деп ем әбігер”.
“Қосайлап” ұран шақырды.
Әперді аты әбиір
Төкетай ұзап жөнелді.
Алдында бар талай өр.
Әлі де болса тұлпарға
Озатын бар талай жер.
Тағы қуып жетем деп
Ер Төстік шықты жағаға
Шынымен аты қала ма?
Ызаланған жануар



Тіке тұрды жалдары.
Шалқұйрық тұлпар самғады
Шабысынан танбады.
Тыңнан мініп шапқандай
Көздің жасы парлады.
Қарағай мен қайыңдар
Дүбіріне сарнады.
Қуып жетті тағы да
Төкетайды алдағы.
Тағы үзеңгі қағысып,
Бір-бірінен қалмады.
Күндік жер қалды сөреге.
“Сүйкенер сиыр өреге”
Келер мезгіл болды деп,
Ел де шықты төбеге.
Халық сонда қараған,
Айтқанындай Есімнің
Екеуі қатар бір шықты.
Екі тұлпар шаңынан
Ел көре алмай түншықты,
Тұяқтары соққан тас
Қазандай көкке ыршытты.
Аспанға ұшқан қалың тас
Қайта төмен ұрыпты.
Шаңға көміп көп жұртты
Тұрған жерде қырыпты.
Есім бақсы айтқаны
Ә дегенше келіпті.
Екі тұлпар екпіні,
Елге салды бүлікті.
Мәнікердің мойыны
Сөреге озып кіріпті.
Ер Төстік пен Төкетай,
Таласып босқа тұрыпты.
“Басты шайтан көрікті”
“Сен келіп бәле болдың”, — деп,
Төкетайды ұрыпты.
Сойыл тиіп Текетай
Аттан құлай төніпті.
Ер Төстік енді қағынды,
Қайрылып келіп тағы ұрды,
Жанын қинап өлтірді.



Ерегіскен Ер Төстік
Өз айтқанын келтірді.
Ел ағасы Ақжелек:
— Бұл қалай? — деп, кеп тұрды.
— Алтынын, атын талаңдар!
Ер Төстік елге деп тұрды.
Халық шулап тарады,
Даусы жерді жарады.
Құмырсқадай қалың ел,
Ат сауырына таңылған
Алтынды бөліп алады.
Алтынды былай олжалап,
Мәнікерге ауыз салады.
Мәнікер ашып ауызын,
Жауға қарсы шабады.
Быт-шыт болып ел қашып
Айнала келіп қамады.
Төкетайдай жалғыздың,
Сүйегін ешкім алмады.
Шыр айналып Мәнікер,
Шеніне адам бармады.
Қодырайтып күйрығын
Тікірейтіп құлағын.
Төкетайдай жалғыздың
Жата қалып тісімен.
Арқасына салады.
Анталап тұрған қалың ел
Көріп аң-таң қалады.
Ұстамаққа қамалап
Рулы ел қамданды.
Оны көріп Мәнікер
Ұстатпасқа шамданды.
Аузымен тістеп ап
Шығысқа қарай самғады.
Ақылы бар, тілі жоқ
Көзінен жасы парлады.
Ерге салып жануар
Екі аяғын тістеді.
Екі қолын қусыртып,
Иегінен иіскеді.
Төрт тұяқпен жер тартып
Қош дегендей кісінеді.



Айуан да болса Мәнікер
Адамзаттан есті еді.
Қамалап ел қамданып
Ұстамаққа ептенді.
Тұлпарға, құрайт, тоқта деп,
Әйелі мен Ақжелек
Айдалада еңіреді...
— “Көп түкірсе көл” деген,
Төкетай мен Мәнікерді,
Ақжелекке әп келді.
Әйел де болса Ақырғай,
Ақжелекке “қой” деді.
Арлы туған адамға
Түсті бүгін ой деді.
— Ақжелек батыр, жылама,
Айтұяқ мал сой, — деді.
Төкетайды қоялық,
Тастан белгі оялық.
Біз қу басқа не керек,
Бұл елден көзді жоялық.
Ақжелек пен Ақырғай,
Көрін кең қып қазады.
Тасқа таңба жазады.
Төкетайдың денесін
Арулап көрге жайғады.
Тоқсан қарыс қу басты
Көр үстіне қадады:
“Тоқсан қарыс тұлпар бас —
Төкетаймен сен жолдас.
Ала аттың басы сен едің
Алуан шөпті жеп едің.
Ақжелек ата мен едім,
Аумаймын ғой деп едім.
Ақырғайдан бала жоқ.
Ағайын-туған және жоқ.
Алысқа көшіп жөнеймін.
Астымда тұлпар Ақсерек,
Ағайыным жоқ не керек.
Нақ сүйерім Ақырғай,
Алысқа көшіп кетелік,
“Андықан ауыл дос болмас”
Ағайынды не етелік.



Мәнікерді сен мінгін
Ал, Ақырғай көшелік”.
Айтұяқ мал шалады,
Қолын қанға малады.
Еңірей жылап екеуі
Мойнына бұршақ салады.
Ақ ордасын жықты да
Атанға артып алады.
“Отырарда отыз бап,
Түркістанда түмен бап,
Самарқанда сансыз бап”,
Бет алып көшіп барады.
Барлық малын айдады,
Түйеге туын байлады.
Алпыс жаста Ақжелек
Елу жаста Ақырғай,
Көздері оттай жанады.
Көш үстінде “ортеке”,
Ұршықтай ойнап барады.
Ашумен көшіп Ақжелек
Каспийден өтті айналып,
Қалқан киіп басына
Сауыт киіп үстіне,
Жау жарағын байланып,
Төрт түлік малы түп-түгел
Топтанып бәрі айдалып
Ақырғай кешті жетектеп,
Алдында бастап шайқалып.
Мәнікер тұлпар астында
Күншығысқа бет алып,
Қалай жүрсе Мәнікер
Басын бұра тартпайды,
Мал алдында Ақжелек,
Көш алдында Ақырғай,
Малдары шашау шықпайды.
Кеш қасынан жабырқап
Ақырғай сонда жылайды:
Елемесұлы Ер Төстік
Ел бүлдірді-ау ерте өсіп.
Ел ішінде жүруші ек,
Ағайынмен селбесіп.
Елдің алдын кескестеп



Отыз үл бірдей тел өсіп,
Ажыратты елімнен
Үрім, Қырым жерімнен,
Осылайша Ақырғай,
Көшті тартып барады.
Көшті жолға салады.
Белді бекем буынып,
Қыран құстай қарады.
Зарлаған дауысы ызамен
Тауды-тасты жарады.
Ақжелек ауып көшті, — деп,
Уық бауын шешті, — деп,
Төстікке біреу барады.
Ер Төстік естіп бұл сөзді,
Тастүлектей таранды,
Елге қарай шабады,
Елін жинап алады.
Ақжелек батыр көшті, — деп,
Халыққа салды хабарды.
Атырап елі жиналды,
Ақжелекке қиналды.
Күрең сақал Келмембет,
Күңіреніп жылады.
Көк ала сақал Әлмембет,
Көкті жұлып жылады.
Құрбылары, құрдасы,
Шөпті жұлып жылады.
Атырап елі аңырады
Жас-кәрісі зарлады.
Елемес те еңіреді,
Төстік балам, өл, деді,
Кенже ұлын қарғады
Елдің бәрі боздады,
Қойдай шулап маңырады.
Өз анасы Төстіктің,
Сүтін көкке сауғаны,
Ақжелекке қайғырды,
Атақты батыр әйгілі.
Тізесі жаққан халыққа,
Қызметі көп барлыққа.
Осы елді ел қылған,
Дәулетін шалқар көл қылған,



Ер еді елді бел қылған.
Телі менен тентекті
Тыю салып ер қылған.
“Абысыным, Ақырғай,
Көздің жасын көл қылған.
Қайран асыл азамат,
Бір перзенттен кем қылған.
“Құрама жиып ел еткен,
Құлан жиып мал еткен”.
Осы ердің кеткені
Ер Төстік қылған себептен.
Жақсылық та себептен,
Жамандық та себептен.
Жақсы болсаң Ер Төстік
Елден неге ел кеткен?
Ерден қалай ер кеткен?
Елді бүлдіре талқандап,
Осылай бола ма ержеткен?
Бала болсаң шын адал
Ақжелекті тауып кел,
Ақырғайды алып кел.
Егер тілімді алмасаң,
Артынан қуып бармасаң,
Отыз үл емген емшектің
Сауамын сүтін мен көкке”.
Сексен жаста Елемес, —
Ер Төстіктің атасы
Ақжелекке қайғырып
Теріс боп тұр батасы.
Алтынайдай анасы,
Отыз ұлдың панасы,
Отыз үл мен бір қыздың,
Осыдан туған баршасы.
Жетпіс жеті жасында
Ақ кірмеген шашына.
Егізден туған баланы
Екі жасар арасы.
Ең кенжесі Ер Төстік
Жеке туған дарасы.
Кенже туған Төстіктің,
Он сегізде дәл жасы.
Елеместің бұл күнде



Толып тұрған мал-басы.
Бағынып тұр Төстікке
Атырап ел, көрі-жасы.
Отыз ұлдан қорқып тұр
Үрім, Қырым арнасы.
Ақжелекті жоқтайтын
Алтау-ақ болды жолдасы.
Ағылады көз жасы.
Төстікті қатты қарғады
Шал-кемпірде шама жоқ
Тіл алатын бала жоқ,
Қартайғанда зарлайды,
Күйіп-жанып нала боп,
Төстікке қарар бір жас жоқ,
Бөлінетін ала боп.
Ер Төстік түр ескектеп,
Елдің алдын кескестеп,
Мойны озып дара боп.
Елемес ұлы Ер Төстік
Ел бүлдірді ержетіп.
Ақжелекті көшірді
Ақырғайды еңіретіп.
Төкетайды өлтірді
Үй көрсетпей кер кетіп.
Елді шайқап бүлдірді
Қонақты тонап өлтірді.
Көкке сауып ақ сүтін
Анасы да қарғады.
Сақалын сипап қолымен
Атасы да қарғады.
Ыза болып еліне
Ерегесіп Ер Төстік
Ақжелекке бармады,
Мыңжылдық еді құдам деп,
Ата-анасы аңырады.
Қаракөз бен Айнамкөз,
Жарын ойлап зарлады.

* * *

Ал бұлар қарғап-сілеп жата тұрсын,
Аузына келген сөзді айта тұрсын.



Сөйлейін Ер Қосай мен Көкетайдан,
Басқа сөз кейінірек қайта тұрсын.

“Төкетай кеткеніне алты ай толды,
Келетін аман болса мезгіл болды.
Жеткізбес желсе желге Мәнікер ат,
Қалайша болып кетті ұзақ жолды?”

Ағасы Көкетай хан осылай деп,
Шаптырды іздеушіні оңды-солды.
Бар болса жер үстінде тауып кел деп.
Кеп жатыр өлмегені әбігермен,

Адасып Алатауда қалдық дейді,
Жүріппіз атымызды мал ғып дейді,
Біз қалдық айдалада қаңғып дейді.
Келіпті қырық жігіттен отызы аман
Өзгесі өлі-тірі қалыпты енді.
Тағы да бір қара қол тартады енді,
Түйеге азық-түлік артады енді.
Асынып қару-жарақ, сауыт, қалқан,
Ақсақал батыр Қосай бата берді.

Бас болды Көкше батыр бес жүз қолға,
Жалмауыз қу кемпір де шықты жолға.
Бокмұрын, Сумұрын да бірге шықты,
Көрсетпек алыптығын осы жолда.

Бес жүз қол бөлінбей-ақ бірге жүрді
Батысқа бата берген бетін, бұрды.
Осылай абыр-сабыр жатқан қолға
Ақжелек, Ақырғаймен келіп тұрды.

Ақырғай көш жетектеп келе жатып
Адамға жыбырлаған көзін сапты.
Ақырғай Ақжелекке мойын бұрып,
Анау не, көрдің бе? — деп хабар айтты.
— “Ел ме екен, жау ма екен, білейін”, — деп
Ақжелек қалың қолға тұра шапты.
Қолда ту, астындағы Ақсерек ат
Жақындап қалың қолға жауап қатты.
Апырай мынау қандай ер еді деп,
Бес жүз қол бәрі қарап таңырқапты!



Ақжелек сәлем берді тұра қалып,
Сәлемді Көкше батыр алды әлік.
Алыстан ат арытқан адам сынды
Өзі азған, астындағы аты арық.

Түр-түсі бұл өңірдің адамы емес,
Қалың ел қарап тұрды қайран қалып.
Астында әзірейілдей Ақсерек ат
Алғандай алмас, қылыш тасқа жанып.

Сақалы ақ күмістей жалт-жұлт етіп,
Желменен желбірейді күнді шалып.
Күндізгі күркіреген сүр бұлттай,
Сөйледі күңгір даусы жерді жарып.
Аңдысқан арыстанша көз айырмай
Көрісті екі батыр қолды алып.
Балуандай күресетін құшақ жайды,
Ақжелек аттан түсіп тұра қалып.
Ақжелек, Көкше батыр үндеспеген,
Алғалы сәлем-әлік тілдеспеген.
Атағын бір-бірінің естісе де,
Екеуі еш уақытта кездеспеген.

К ө к ш е:

Астында мінген атың Ақсерегің,
Аман ба, аға, батыр, Ақжелегім?
Келіпсің алыс жолдан ат арытып,
Алып қайт, біздің елден не керегің?

А қ ж е л е к:

Ер Көкше, бұл айтқаның серілігің,
Ер болсаң толып жатыр менде бұйым.
Шаһары Әзірет сұлтан көшіп келдім,
Бар болса даярлай бер, бізге сыйың.

Жолаушы атым арық тебінемін.
Қарным ашса ернімді емінемін.
Ер Көкше, бас пен малды түгел беріп
Айрылып елден, жерден келіп едім.

Елімнен ыза болып көшіп едім,
Қайғымен уық-бауын шешіп едім.



Анау көш келе жатқан дәл біздікі,
Сырымды жасырайын несіне енді.

К ө к ш е:

Көлікті көш, байсалды болсын жолың,
Үстінде құтты болсын киген тоның.
Иесін осы тонның іздеп шықтық,
Адамдар мынау тұрған менің қолым.
Ақжелек атырапқа даңқың жеткен
Күншығыс, күнбатысқа атың кеткен.
Бел шешіп ішке бүккен сырыңды айтшы,
Келесің көшіп-қонып не себептен?

Мойныға шоталыны асынғаның,
Жүрегім дүрсіл қағып қабынғаның,
Шыныңды, сырыңды да қалдырмай айт,
Жүрісің ел ме, жау ма жасырмағын.

Беліңе шот болатты байлағаның,
Ақжелек аруағыңа қайран қалдым.
Аты мен Төкетайдың киімдерін
Дос болсаң қалдырмай айт, қайдан алдың?

Кигенің бадана тон үстіндегі,
Кимеген бұл киімді ешкім тегін.
Мәнікер тұлпар еді мінген аты
Ақжелек сырыңды айтшы ішіндегі?

Төкетай — Көкетай хан інісі еді,
Екеуі бір анадан туыс еді.
Айттырып сұлу келін ел аралап,
Алтынмен артып кеткен күміс еді.

Ақжелек бұл жүрісің қалай-қалай?
Сол кезде келіп қалды ел анталай.
Киімін Төкетайдың көре салып,
Боқмұрын, Сумұрынмен салды ойбай!

Түбінде Әзірет сұлтан зиратының,
У-шу боп, бес жүз адам салды айқай!
Ақжелек, Көкше батыр қарап тұрды,
Жылаған қалың елге қарай-қарай,



Мәнікер елді көріп кісінеді,
Ышқынып тартып алды ішін енді.
Көрген соң Мәнікердей шын тұлпарды
Қалың жұрт бетін басып еңіреді.
Ақжелек, Ақырғаймен тұрып қатар,
Халыққа мойындарын бұрып қатар,
Шулаған көп халыққа тыңда деді,
Ақжелек тұрып елге көңіл айтар.

Елімнен, жерден безіп, жаһан кезіп,
Жүргенім жалғыз көшіп қандай сапар.
Сендердей балам болса, о дариға,
Қу баста біз сияқты не арман бар?

Естуші ек Көкетай хан дабыстарын
Мен қонақ атырапта алыстамын.
Ер Көкше, Манас батыр, жолды Қосай,
Ниетім көрмесем де қалыстамын.

Көкжелек күншығыста деп естуші ем,
Көкшемен бірінші рет табысқанмын.
Сорақы қу кемпірім, сен де аман ба,
Дұшпанның жерге тыққан алысқанын.

Қанкелді, Көкжал Барақ деп ұғамыз,
Күншығыс көп елінде арыстаным.
Көшіп кеп сіздерменен қауышқаным,
Түтпейтін түбі бірге туысқаным,

Ат-тонын Төкетайдың алып жүр деп,
Ақылды арам ойлап тауыспағын.
Ауылға барғаннан сон аруақты атап,
Қонақ қып, қол қусырып жуысқаным.

Өмірі дақ тимеген адам едім,
Бұл үшін тілі тиді туысқанның.
Туған жер Үрім-Қырым жерді тастап,
Ашумен алабымнан ауысқаным.
Төкетайды Ер Төстік өлтірді деп,
Ақжелек Ақырғаймен дауыстады.
“Жолдасқа бір күн болған қырық күн сәлем”,
Ат-тонын, аманатын табыстадым.



Ақжелек Ақырғаймен қатар тұрып,
Қалдырмай болған істі айтты қақсап.
“Ақылы Мәнікер ат артық екен,
Әкелді жолды тауып көшті бастап”.

Қалдырмай Төкетайдың барғанынан,
Сөйледі бір мүлтігін тастамай-ақ.
Өкпелеп Ер Төстікке елді тастап,
Келгенін айтты көшіп, бүйтіп саяқ.
Мұны естіп Көкше батыр күрсінеді,
Шіреніп екі аяғын көсіледі.
Шын достым адал жанды Ақжелек деп
Құшақтап тигізеді төсін енді.

Жұбатып Боқмұрын мен Сумұрынды,
“Өткеннің өкінесің несіне енді?”
Тоқтатып балаларға ақыл айтып,
Тарт деді Ақжелектің көшін енді.

Бес жүз қол құрметтеп көшті бастап,
Түсірді түйе жүгін, шешіп теңді...
Көрісіп көңіл айтып, мауқын басты,
Жұбатып ақыл беріп екі жасты.
Өлгенше ата-анамсың, мен балаң деп,
Сумұрын Ақырғаймен құшақтасты.
Ақырғай Сумұрынды сүйіп тұрып,
Көзінен жаңбырдай жас құйып тұрып,
“Жайма кекіл, жаным” деп қойды атты.
Жас бала “жайма кекіл” атанғаны,
Халыққа әйгіленіп содан қапты.

Ақжелек Көкшеменен басын қосты,
Күнбатыс, күншығыстан екі дос-ты,
Көнеки, қалай қарай жүреміз деп
Екеуі бес жүз қолмен ақылдасты.
Бүркітші Боқмұрын дәу томағалы
Бурадай зіркілдеген ашу шашты.
“Атамның Ер Төстіктен кегін алам,
Қан менен қанды жуып өшімді алам,
Аулына Ер Төстіктің ойран салам.
Ақжелек, Көкше ата, бата бергін,
Қасыма жолдас ертпей жалғыз барам.



Бар дейді Елеместе отыз бала,
Мен тудым Төкетайдан жалғыз дара.
Атамның алтын жүзін не деп көрем
Болып тұр басым қара, бетім жара.

“Бір кесек — мың қарғаға” деген мақал
Ел-жұртым, ықылас бер бәрің маған.
Көкетай хан атама дұғай сәлем,
Ақ сүтін өлсем кешсін абзал анам!
Қаракөз, Айнамкөздей асыл затты
Бар болса жер үстінде іздеп табам.

Дәулігі Боқмұрынның жаннан асқан,
Он бестен он алтыға кадам басқан,
Алыптығы болмаса көрер көзге,
Ешкіммен емес еді күш сынасқан.

Тұлпары тарлан бозды мінбек болды,
Үстіне бадана тон кимек болды,
Асынып қару-жарақ саймандарын,
Шоталы иір садақ ілмек болды.

Желіккен бес жүз жігіт бірі қалмай
Артынан Боқмұрынның ермек болды.
Көк туын Көкетайдың қолға ұстап,
Сорақы қу кемпір де жүрмек болды.
Ақжелек, Көкше батыр ақылдасып,
Қарады көпшілікке оңды-солды.
Ауылда ақсақалдар не айтар деп
Бір хабар Ер Қосайға бермек болды.

Халыққа, — деді тұрып Көкше батыр:
“Кім өлсе соған түсер заманақыр”.
Біле алмас біздің қайда жүргенімізді
Көкетай, Ер Қосай мен Манас батыр.

“Асыққан — шайтан ісі” деген мақал,
Соларға біз салайық барып ақыл.
Апарып меймандарды елге қосып,
Үлгілі іс қылалық білсек нақыл”.
Көпшілік Көкше батыр тура дейді,
Шуылдап тау жаңғыртып болды мақұл,



Түркістанның түбінен,
Түнде көшті Таласқа.
Төкетайды естіртпек,
Көкетай, Қосай, Манасқа,
Қара туды байлады
Түйе үстіндегі ағашқа.
Боқмұрын мен Сумұрын
Ақылдасып қос жасқа,
Ақжелек пен Ақырғай
Құрмет қылып жолдасқа.
Көшті Көкше бастады,
Ақжелек батыр қоштады.
Яксарыны өрледі,
Шыршық суын кернеді.
Қаратауды жағалап,
Таласпенен аралап,
Ақырғайдай аруды
Көш алдында бағалап,
Мәнікердей тұлпарды
Жабулап алды тағалап.
Сумұрындай жетімді
Жетелеп алды қамалап.
Боқмұрындай батырды
Байқап халық ыңғайлап,
Қазықұрттан өткенде
Қара үңгірге жеткенде
Көкше батыр сөйледі,
Көпке қарап айқайлап:

«Ханға кім қалдырмастан естіртеді,
Талапкер, көңіл айтар адам бар ма?
Ауылы Көкетай хан жақын қалды,
Болған соң не тұрыс бар мұндай жайда,
Суырылып көп ішінен шыға келді,
Асан ақын атақты, балды таңдай.
Көкжелек, Ақжелекті ертіп алды
Асанға алғыс айтты жарық маңдай.

Қобызын Асан ақын шертіп алып,
Қымызға қазы-қарта бөртіп алып,
Ордаға өрен жүйрік тура тартты
Ақжелек, Көкжелекті ертіп алып.



Үшеуі хан аулына жүрген кезде
Аяңдап көшті тартты барша халық.
Хан ауылы қара құрттай адам екен,
Үшеуі келе жатыр көзін салып,
Бұл жиын неткен жаман мезгілсіз деп,
Көкше айтты көрген кезде қайран қалып.
Жақындап ақ ордаға келген шақта,
Жылайды біреу үйден айқай салып.

Төгілсе түзде қымыз, үйде айран,
Төлдемес төрт түлік мал, болар ойран.
Төбеде тұрған көпке сәлем беріп,
Ер Көкше жауап алды Ер Қосайдан.
Қосай шал өзі барып амандасып,
Айрылды, деді сонда, Көкетайдан!
Ақжелек Ер Қосайға амандасып
Көрісіп Ер Манасқа құшақ жайған.
Көрісіп көпшіліктің кәрі-жасы
Жоғалған хабар алды Төкетайдан.
Мінекей қырда ойран, үйде ойран,
Киялап қырсық келмек осындайдан,
Қобызын қолына алып Асан ақын,
Естіртіп Төкетайды көпке жайған.

А с а н а қ ы н:

Көктен жаңбыр жауады жер бағына,
Манастай ер туады ел бағына.
Кенеттен Көкетай хан қаза бопты
Халық болса туады хан тағы да.
Тұғырдан түйғын үшты екі бірдей,
Халық болса, шығады хан тағы да.

Күй келер домбырамның мұқамына,
Кім кірмес қара жердің құшағына,
Көкетай, Төкетайдай қос ақ сұңқар
Келмейтін қонды дарақ бұтағына.
Тау бүркіт түзде ұшып тасқа соқты,
Таласып қу түлкіге опат бопты,
Жем іздеп балапанға Қап тауынан
Қыранның өзі болды құрбан тоқты.
Таласып қу түлкіге екі қыран
Топшысы тау бүркіттің қиратылған.



Төкетай түзде өстіп қайтыс бопты,
Деді де Асан ақын тез тыйылған.

Қалғанын Ақжелектен қанамыз деп
Шын досы Төкетайдың мынау тұрған.
Ат қойды, азан-қазан бес жүз қол да
Шаң басып ауыл үстін қара тұман.
Хандардың ханымдары дауыс айтып,
Ту іліп, қара киіп, шашын жайды.
Ер Қосай, Манас батыр көңіл айтып,
Жиналды өңкей батыр қай-қайдағы.
Жұбатып қатын-бала, ұл мен қызын,
Қонаққа төрт түлік мал түгел сойды.
Хабар қып дүйім жұртқа мүше беріп,
Асырып дастарқанды молдан жайды...
Үйіне Көкетайдың ел жиналды,
Атақты осы атырап кәриясы.
Ер Қосай тоқсандағы, Көкше батыр,
Ер Манас елден тағы қос ағасы.
Суырылып жолды Қосай сөз бастады:
«Орданың орнында, — деп, — босағасы.
Көкетай тірісінде әділ болған
Жарылып, бұзылмаған ел арасы.
Қанекей, қалың халық не айтасыздар?
Кім болсын тон жағасы, ел ағасы”.

Бокмұрын тұрып көпке жауап айтты,
(Он бесте Көкетайдың өз баласы)
«Алдында хан атамның арызым бар,
Орнына хан қоятын тәрізің бар.
Атадан жас, ақылдан босқа қалдым
Мойнымда екі түрлі қарызым бар.
Атама ат шаптырып ас беремін
Ардақты ақсақалға бас беремін.
Екіншісі, Ер Төстіктен іздеп барып,
Кегімді тірі болсам әпкелемін.
Ақжелек, Ақырғайдай ата-анамның,
Көз жасын көл қылғанға өкпелімін.
Ерке өсіп, емшек емген жас баламын,
Дұшпанға ерегіскен қас баламын.
Алдымда таудан үлкен талабым бар,
Орнына келтірмесем масқарамын.



Ақжелек атыраптан көшіп келді,
Орнын жоқтатпайын ата-анамның.
Орнына хан атамның хан қылыңдар,
Бұл — әкем, қадір тұтқан мен — баламынң
Бұл сөзге қалың халық таңғалады,
Баланың мына сөзін аңғарады.
Бұл сөзі Бокмұрынның әділет деп,
Қосай мен Манас батыр ұйғарады.
Көпшілік бірауыздан қабыл алып,
Ардақтап Ақжелекті хан қояды.
Сүтіне боз биенің шомылдырып,
Алдымен ақ киізге ханды орады.
Ақ киіз, аю тері, кілемге сап,
Ер Қосай қосағасы қол жаяды.

Ақжелек хан болыпты халық сүйіп,
Ер Қосай бата берді сүттей ұйып,
Басатын оң тізесін уәзірі
Көкше деп айғайлады барша халық.
Ақжелек, Көкше батыр қатар тұрып,
Екеуі түрегелді басын иіп.
Құшады жетімдерді Ақырғай да,
Қосайға, Манаспенен құлдық ұрып.
Зарланып уақиғаны түгел айтты,
Қалдырмай болған істің бәрін теріп,
Татитын отыз ұлға бір ұл бер деп
Көп халық шулай түсті көтеріліп.
Батасы жолды Қосай қабыл болып,
Ақырғай алты айдан соң бопты жерік.
Туыпты бір ұл бала сонан кейін,
Жайнайды жасаңқырап, қайғы сергіп.
Той қылып баласына ат қойдырды
Шақырып Ер Қосайға ертіп келіп.
Жасады шілдехана, ойын-сауық,
Жиналып қуанышқа ойнап-күліп,
Ат мініп, шапан киіп жолды Қосай
Баланың болсын деді аты Серік.
Ақжелек күн батыстан таққа мінді,
Ақырғай бала тауып баққа ілінді.
Тағынан атасының айрылды деп,
Халықтар Бокмұрынды даттап жүрді,
Кейбіреу Қөкетайды жақтап жүрді.



Кейбіреу Ақжелекті мақтап жүрді.
Ақжелек әділетті тура істеп
Халықтың жақсылығын ақтап жүрді.
Ер Қосай Манаспенен ақылдасып,
Санасып көпшілікпен жақтап жүрді.

Ақжелек Алатауға хан болыпты,
Жегені қазы-қарта, жал болыпты,
Үш ауыл, үш қатында үш бала бар,
Жер беті жыбырлаған мал болыпты.
Боқмұрын, Сумұрындай екі алып,
Алатаудай үлкендігі нар болыпты.
Ішкені — ірің, жегені — желім болып,
Қоңілінде үлкен қайғы бар болыпты.
Ізденіп Ер Төстікті өшін алмай
Ерте-кеш екеуіне ар болыпты.

...Бір күні Ақжелек хан ел жинады,
Қабағы балалардың жан қинады.
Атақты Манас батыр Көкшеменен
Қосайдай көпті керген шал жинады.
Сорақы қу кемпірмен Көкжал Барақ,
Қанкелді батырларды һәм жинады.
Үйіне Көкетайдың қонақ етіп,
Төстікті іздейміз деп, ақыл салды:

Е р Қ о с а й:

Ер Төстікті айтайын,
Елеместің еркесі
Отыз ұлдың кенжесі
Атырап елі әлпештеп,
Алдына салған серкесі.
Күнбатыста күрілдеп,
Басылмаған кеудесі.
Боқмұрындай алыптың
Алысатын теңдесі.
Туған жері тұрағы,
Үрім, Қырымның бір өлкесі.
Атағы зор әлемге
Рудан озған өркеші.
Ерегіскен ерлердің
Қайда қалмас кәлдесі.



Бұған қалай барамыз,
Көп халайық сөйлеші!

М а н а с б а т ы р:

Мен Манас ер болғалы
Манас атқа қонғалы
Қосай сөзін бұзбадым.
Талай бұздым қамалды
Бар десеңіз барамыз,
Қой десеңіз қоямыз
Қосай аға, қормалым!

К ө к ш е:

Бата берсең Ер Қосай,
Ер Төстікке барамыз,
Дұшпаннан кек аламыз,
Аулына ойран саламыз.
Көк ала сақал Келмембет,
Күрең сақал Әлмембет,
Бәрін барып шабамыз.
Қаракөз бен Айнамкөз
Келін болған баламыз.
Оны қайтып тастаймыз,
Біз ұрыстан қашпаймыз.
Ту көтеріп бастаймыз.
Ер Төстіктен саспаймыз.
Ақжелек пен Ақырғай
Еңбегін біз ақтаймыз.
Төкетайдың ақ қанын,
Бата берсең жоқтаймыз,
Шірене садақ тартамыз.
Отыз ұлдан қорықпаймыз.
Тауды, тасты талқан қып,
Жанып тұрған оттаймыз.
Егер рұқсат берсеңіз,
Қызыл судай қаптаймыз.
Біз дұшпаннан қайтпаймыз.
Орнынан шоңқиып
Мыстан кемпір тұрады.
Мойнын көпке бұрады.
Жалғыз өзім барам деп,
Төстікті байлап алам деп,



Көптен бата сұрады:
Өнерімді көріңдер,
Маған бата беріңдер.
Қаракөз бен Айнамкөз
Әпкелейін келіңдер.
Бұл сөзіме сеніңдер.
Мені осал демендер,
Бұған қайғы жемендер.
Сенбесеңдер көріңдер,
Боқмұрын мен Сумұрын
Екі күйеу жүріңдер.
Асыл киім киіңдер,
Асыл жабдық іліңдер.
Тұлпар таңдап мініңдер,
Жол жағдайын біліңдер!
Қатынын берген қайырға,
Түрегелді Қангелді,
Ер Төстіктен қорыққан,
Неменесі жан,— деді.
Көпті көрген кемеңгер
Қосай аға бар еді.
Ақжелек хан не айтады
Жүк қалмайтын нар, — деді.
Төкетайды жоқтаусыз
Қойғанымыз ар, — деді.
Әбиірі түзде еді
Берекесі үйде еді,
Жолды Қосай шал, деді,
Манас батыр екеуін
Бір ақылға сал, деді,
Қу кемпірдің айтқаны:
Түсінсеңдер дәл, деді.
Ақжелекпен сөйлесші,
Айтқан сөзі бал,— деді.

А қ ж е л е к:

Ақжелек хан сөйледі
Ақ сақалы желпілдеп.
Ашуланып Төстікке
Тұла бойы селкілдеп?
Ойдан қалмас қорлығы,
Отыз ұлдың зорлығы.



Көзінің жасы мөлтілдеп
Өз қылығын алдына
Қандай адам келтірмек,
“Ерді — намыс, қоянды
Қамыс, сірә, өлтірмек”.
Ақжелек сөзін тоқтатты
Ақсақалдар білсін деп.

Е р Қ о с а й:

Жолды Қосай қария
Ақылы теңіз-дария.
Байқайық деп халықты
Сөзді қылған жария.
Көптің түрін байқады.
Басын шұлғып шайқады
Тау бүркіттей шаңқылдап,
Бәйге атындай аңқылдап,
Елге өсиет айтады.
Ыңыранып қозғалды,
Екі иығын қомданды,
Төмен қарап ойланды.
Ақ таяғын қолға алды,
Түбін ойлап болжады:
Мен бір кеңес айтайын,
“Алыптарым тыңдасаң.
Бақыр көңілім жай болмас
Ақсақалдық қылмасам.
Тілегім қабыл бола ма
Әділетпен тұрмасам.
Қариялығым қайда бар
Қазылық іс құрмасам.
Халқым мені сүйе ме?
Білгенімді бұлдасам.
Жүз кісілік күшім бар,
Әлі де болса шыңдасам,
Алыптарым байқасам,
Алысатын түрің бар.
Қатар жатқан ауылмен
Шабысатын түрің бар.
Ер Төстікті ізденіп,
Барысатын түрің бар.
Үзеңгі бау қағысып,



Жарысатын түрің бар.
Аямастан қылышпен
Салысатын түрің бар.
Қандарыңды төгісіп,
Қабырғанды сөгісіп,
Балақтарың түрісіп,
Білектерін сыбанып,
Күресетін түрің бар.
Жатқан елді олжа ғып
Үлесетін түрің бар.
Бір-біріңді өлтіріп,
Қан ішетін түрің бар.
Қалың елді бүлдіріп,
Қан кешетін түрің бар.
Жауға барсаң бәрің бар,
Дауға барсаң бірің бар.
Қаратаудай жерім бар,
Алатаудай белім бар.
Атырапта алабым
Үрім менен Қырым бар.
Өсіп-өнген тұлғалы
Түрлі рулы елім бар.
Тағы бір сөз айтайын
Бәрің тыңдап тұрыңдар.
Атырап елі жау емес,
Жау деген адам сау емес.
Атақты батыр Манасым
Ел-жұртыңа панасың!
Ерегіскен жауыңды
Еріксіз шауып аласың!
Көкше батыр жолдасың
Жауды көрсең жанасың.
Мыстан кемпір алыбым,
Түрлі амал табасың.
Боқмұрын туған баласың
Төстікті іздеп барасың?
Тоқсан беске келгенде,
Жүзге таман төнгенде,
Ел мен елді бөлмеймін,
Ала-құла көрмеймін.
Аттануға жол тартып,
Мен батамды бермеймін.



Елемес ұлы Ер Төстік
Ел бүлдірді ержетіп.
Төкетайды өлтірді,
Ақжелекті көшірді.
Жіберелік Төстікке
Сорақы мыстан кемпірді.
Осылай деп Ер Қосай
Көпке қарап отырды.
Қу кемпірді қамалап,
Құрметпенен жағалап,
Елдің бәрі жөндесті.
Мың кісіге бағалап.
Мыстан құла биесін
Болатпенен тағалап,
Мыстан кемпір жиналды,
Он саусағын салалап.
Ер Төстікке жөнелді
Қаратауды сағалап,
Ер Қосайдан бата алып
Жолға кемпір жүреді,
Сорақы құла биесін
Сұқсырдай қып мінеді.

Алпыс екі амалдың
Бәрін түгел біледі.
Сорақы кемпір кетеді,
Далаңдайды етегі,
Айлық жерге алты күн
Жылдық жерге жеті күн
Жылдамдатып барады,
Басына сәлде орады.
Меккеге кетіп барам деп
Қожаларға қонады.
Қолына таспиқ алады
Мойнына құрма салады.
Қонышында алмас ирегі.
Қоржынға салған азығы,
Қойдың елу бүйрегі.
Қанжығаға байлаған
Қырық кәрі жілігі.
Қозы жауырын қолында
Жұлдызы тура оңында.



Сексен бесте жасы бар.
Айналдырған тоны бар,
Қырық қарыс қолы бар,
Тайқазандай басы бар,
Қарағайдай қасы бар,
Үңгірдейін көзі бар,
Сеңгірдейін мұрны бар.
Ақсиған азу тісі бар,
Салбыраған ерні бар.
Қырық кісілік күші бар.
Құла бие астында,
Қырым тұмақ басында,
Құлдырап кетіп барады.
Сағымдай боп қарасы
Бұлдырап кетіп барады.
Қоңыраулы найзасы,
Сылдырап кетіп барады.
Көктем жаңбыр жауғандай
Тұнжырап кетіп барады.
Сол кеткеннен кетеді
Талай жерден өтеді,
Көп жасаған қу кемпір
Тауып жүрді төтені.
Ер Төстіктей алыпқа,
Күші қайтып жетеді.
Ұл сұлуы — Үрімде,
Қыз сұлуы — Қырымда,
Қарлы Қаптың тауында,
Қара жерден желдірді,
Сулы жерден жүздірді,
Жазық жерде шабады.
Жалғыз кетіп барады.
Тау сағалап көктеді.
Жетемін деп өктеді.
Каспий суын кештірді,
Еділ суын естірді,
Қара теңіз жағалап,
Қырым тауын сағалап,
Елеместің ауылын,
Сұрап барад аралап.
Жер жағдайы осы деп
Сұрады кемпір шамалап.



Жылқы айдаған үш адам
Ұшырасып жолықты.
Түрін көріп кемпірдің
Қатты сасып қорықты.
Жол болсын деп сұрасып
Жауап қатып тұрыпты.
Үшеуі де жылқышы,
Білекке ілген құрықты.
Кімдікі деп бұл жылқы,
Балалардан сұрады.
Үш жылқышы дірілдеп,
Қорыққаннан жылады:
Елеместің аулының
Жөнін айтып береді.
Құтылғанға қуанып,
Үш жылқышы жөнелді.
Кемпір қалды далада
Іздегені қалаба,
Елеместің аулына
Келді кемпір қонаға.
Қонақпын деп ақырды,
Үй сыртына келген соң.
Біреу шықты далаға,
Мен қонақпын деген соң.
Қорқып қалды селк етіп
Түрі-түсін көрген соң.
Төрге кемпір отырды
Үй ішіне енген соң.
Елемеспен көрісті,
Алтынаймен өбісті,
Аты-жөнін білген соң.
Елеместің қу кемпір
Отырады төріне.
Жын ба, әлде шайтан ба?
Адамдай емес келімі.
Дио ма, әлде пері ме
Қарағың келмес түріне!
Жыбырлап түр ерні.
Елемес батыр төсекте
Алтынай түрды керіле.
Қаракөз бен Айнамкөз
Кемпір құмар көруге.



Екі қыз жүр жүгіріп
Қонаққа тамақ беруге.
Жан батпайды кемпірдің
Үстіне еніп келуге.
Тамақ берсе жемейді,
Шеніне кісі келмейді.
Неғып жүрсіз демейді.
Сорақы кемпір сұрланып
Бүлкілдейді көмейі.
Келбетіне қарасаң,
Амалсыз алар үрейді.
Үй сыртынан сығалап
Үстіне ешкім енбейді.
Кемпірге ешкім батпады,
Адамға жауап қатпады.
Сұмырайдай сұрланып
Өзі ешнәрсе айтпады.
Төсек салса жатпады
Мызғып кірпік қақпады.

Е л е м е с:

Уа, қонағым, қонағым,
Қайдан келдің, қарағым?
Қой союлы, сары қымыз
Жаюлы түр тамағым.
Тамағымды татпайсың,
Төсек салса жатпайсың,
Сөйлеп жауап қатпайсың,
Аты-жөніңді айтпайсың.
Сендей қонақ көргем жоқ
Сексен жасқа келгенше.
Періште ме, пері ме
Келбетіңіз өзгеше!
Жұмысыңызды айтыңыз,
Асымызды татыңыз,
Асықпай-ақ жатыңыз.
Жем-шөп жесін атыңыз!
Қалағаның бар болса
Бізден алып қайтыңыз!

М ы с т а н к е м п і р:

Елемес бай сен болсаң,
Іздеп келген мен болсам,
Аты-жөнімді айтар ем,



Тамағыңды татар ем,
Айнымайтын ер болсаң,
Атағыңды біледі,
Аспан-жердің арасы.
Алтынай мен Елемес
Адамзаттың баласы.
Отыз ұл мен бір қыздың
Атасы мен анасы.
Елеместің еркесі
Отыз ұлдың кенжесі
Ел бүлдірді ержетіп.
Төкетайды өлтірді,
Ақжелекті кетірді.
Ата тілін алмады,
Ана тілін алмады,
Халық шулап зарлады.
Қаракөз бен Айнамкөз,
Сүйгеніне бармады.
Ұлың кетті Үрімге,
Қызың кетті Қырымға.
Арманың жоқ Елемес,
Ер Төстікті бермесең
Есіркейтін мен емес,
Екі қызды бермесең
Өлтірмейтін мен емес.
Күбірлеп кемпір,
Естіртіп сөзін,
Алартып көзін,
Құбылтып жүзін,
Ерні жыбырлап,
Қолы қыбырлап,
Жегені бүйрек,
Қолында — ирек.
Мұрнын шиырып,
Асығын иіріп,
Бақсыдай қалшылдап,
Бүркіттей шаңқылдап.
Жыландай ысқырып,
Есінеп, түшкіреп,
Қол бұлғап шақырып,
Ақырып, бақырып,
Елемеске тап берді...



Е л е м е с:

Айналайын мыстаным,
Айтқаныңа көнейін,
Қалағаныңды берейін,
Айдауыңа жүрейін,
Жүрек басқа, жан басқа
Аз күн сәуле көрейін,
Ер Төстіктің жұртына
Тастайын сақа, кенейін,
Ертең ерте көшейін.
Уық бауын шешейін.
Алтыннан соққан сақасын,
Күмістен соққан кенейін,
Жұртқа тастап кетейін.
Айнамкөз бен Қаракөз
Аямайын ала бер,
Оны қимай не етейін!
Жанымызды алмағын
Мен сертіме жетейін.
Осылай деп Елемес
Екі қызды шақырды.
Айнамкөз бен Қаракөз
Есі қалмай бақырды.
Қорықпа деп қу кемпір
Қыздарға айтты ақылды.
Қойнына тығып құшақтап
Шашын сипап отырды.
Құлағына сыбырлап,
Екі ерні жыбырлап,
Екеуіне жегің деп
Екі бүйрек береді.
Әжеңнен сарқыт деген соң
Екі сұлу сенеді.
Жеген шақта бүйректі,
Тұла бойы дір етті,
Балқытты бүйрек денені.
Қыздар келіп қуанып
Көңіліне қорқу келмеді.
Дұғалап қойған бұл бүйрек
Қыздарды мас қып қыздырды,
Көңілдерін бүздырды,
Құстай көкке ұшырды,



Ата-анадан бездірді,
Ақылынан тандырды.
Көзін төмен сүздірді,
Жүрекке от жандырды.
Елден күдер үздірді
Ғашық отын сездірді.
Екі қызды ертіп ап,
Кемпір тауға жөнелді.
Жан сауғалап кемпір-шал
Көрпесіне бүркеніп,
Бүрісіп жата береді.
Малдан, жаннан бездік деп,
Тырысып жата береді.
Құтылдық деп пәледен
Күлісіп жата береді.
Қыздарының киетін
Киімін де береді.
Жастайынан жинаған,
Бұйымын да береді,
Ер Төстіктің ойнайтын,
Кенейін де береді.
Ат басындай алтын мен
Сақасын да береді.
Кемпір тауға шығады
Терең сайға бұғады.
Екі қызды ертіп ап
Ел көрместей тығады.
Елеместің ауылын
Қарауылдап тұрады.
Екі қызды алдады,
Етегін ұстап қалмады.
Еркелетіп екеуін,
Әбжыландай арбады.
Екі қыз да тек тұрды,
Елсіз сайға бұқтырды.
Көкетайдың баласы,
Бокмұрынды ұқтырды.
Төкетайдың баласы
Сумұрынды білдірді.
Төкетайдың өлгенін,
Ер Төстіктің келгенін,
Ақжелектің көшкенін,



Ақырғайдың кеткенін,
Екі қызға айтады.
Екі қолын жайқады,
Қыздар басын шайқады,
Сонда қыздар байқады.
Боқмұрын мен Сумұрын
Құдай қосқан жарларын,
“Жарларыңа апарсам,
Бар ма қыздар арманың!”
Айнамақоз бен Қарамақоз
Қатар тұрып зарлады.
Көзінен жасы парлады.
Өткенге іші күйінді.
Енді қыздар түйінді,
Асыл киім киінді
Асықтарын иірді,
Ғашық жарын көруге
Алтын шашы түюлі.
Құлақтары елеңдеп,
Қуанып жүр дедеңдеп.
Қу кемпірді құрметтеп,
Артыңыздан ерем деп,
Елді қашан көрем деп,
Атастырған ата-анам,
Ерді қашан көрем деп,
Жайтаңдады екі қыз.
Ерін естіп кемпірден
Елден безді екі қыз.
Ата менен анадан
Мүлдем безді екі қыз.
Іні менен анадан,
Кіндік кесіп, кір жуған
Жерден безді екі қыз.
Кемпірдің “дос” екенін,
Енді сезді екі қыз,
Ер Төстік келді жорықтан
Ел шетіне жолыққан.
Елдің бәрі үрпиіп
Үрейленіп қорыққан.
Жұрттың бәрі шошынып
Үркіп келед жосылып.
Атасы мен анасы,



Көшіп келеді қосылып.
Ер Төстікті көрген соң
Атасы мен анасы,
Шулады барлық ағасы.
Төгіледі көз жасы.
Ата-анасы зарлады,
Ер Төстікті қарғады;
“Сен туғалы халыққа,
Қасиетім қалмады.
Бақ-берекем болмады,
Қылған ісім оңбады.
Кенже ұлым Ер Төстік,
Ел бүлдірдің ержетіп.
Тіл алмадың кер кетіп.
Анаң менен атаңды
Алуға ажал тақалды.
Кесірлі бала туар деп
Бұрынғы айтқан мақалды.
Айнамкөз бен Қаракөз
Тұтқынға түсіп маталды.
Күмістеп соққан кенейді
Алтыннан соққан сақанды
Жұртқа ұмытып кетіппіз.
Ұмытпағанда қайтелік
Түннен тұра көшіппіз,
Екі қыздан айырылып
Еңіреп қалдық қайғырып.
Жаналғыштан тығылып?
Жан сауғалап қаймығып”.
Мұны көріп Ер Төстік
Бармағын тістеп өкінді,
Қарағым деп өкірді.
Атасы мен анасы
Есі ауып қалған секілді.
Ата-анасына зекірді,
Ашуланып көпірді.
Садақтарын оқтады,
Сапыларын саптады,
Кезіне ашу қаптады.
Ашуланып алқынып,
Тұрып алды Ер Төстік.
Шалқұйрықтың мойнын



Бұрып алды Ер Төстік.
Он бес жасар Ер Төстік
Жұртқа шауып келеді.
Аңдып тұрып қу кемпір,
Көшкен жұртта жүреді.
Сақа менен кенейге
Келетінін біледі.
Сақа менен кенейді
Тастап жерге түр еді.
Келе жатқан Төстікті
Күні бұрын көреді.
Қолында жеген бүйрегі,
Қойында болат ирегі,
Жалмауыз кемпір жұртта отыр
Жалба-жұлба кигені.
Ер Төстік келді екпіндеп
Асығыма жеттім деп.
Асығының жанында
Кемпір отыр селкілдеп.
Сақасы мен кенейі
Жарқырап жатыр мөлтілдеп.
Оттан бүйрек алып жеп
Кемпір отыр кел-кел деп.
Он үшінде Ер Төстік,
Даңқы шыққан халыққа.
Батырлығы жайылып
Ерте ілінген тарихқа.
Аты кеткен жайылып
Жақын менен қашыққа.
Хандарменен қас болып,
Жол бермеген пасыққа.
Жанына жолдас алмайды?
Жабылған кеп жау шықса.
Айтқан серттен таймайды,
Қарсы біреу соқтықса,
Қайтпай жалғыз шабады
Қандай алып дәу шықса,
Ес білгелі еш адам
Қарсы келмес Төстікке.
Қанын ішпей қоймайды
Егескенін өшіксе.
Елеместей кедейге



Туған бала нәсіпке.
Осы бала туғалы
Ырыс кірген есікке.
Алты күн жатып Ер Төстік
Сыймай қойған бесікке.
Надандықтан ата-ана,
Ілесіп жүр өсекке.
Аузы аққа жарыған,
Жаңадан көрпе-төсекке.
Баласының ерлігін
Ата-анасы білмейді.
Отыз үл боп туған соң
Зорлық қылып жүр дейді.
Ер Төстіктің ерлігін
Көрген адам күндейді.
Өз айтқаны болмаса,
Батыр Төстік көнбейді.
Сырттан өсек айтады
Бетіне пенде келмейді.
Ата-анасын арбайды,
Алжып бекер қарғайды.
Ер Төстікті көре алмай
Күншіл адам қорлайды.
Халық үшін туған батырды
Ойыншыл адам торлайды.
Бес жасынан бәсіре
Мінген аты Шалқұйрық,
Шалып-шалып алады.
Көшкен жұртта отырған
Кемпірге жетіп барады.
Ат үстінде Ер Төстік
Кемпірден жауап алады:
“Жұртта отырған енеміз,
Иіліп сәлем береміз.
Елсізде жүрген шешеміз,
Сізге сәлемдесеміз.
Айдалада анамыз,
Біз де сіздің балаңыз.
Жапанда жүрген апамыз.
Біз де сіздің ботаңыз.
Алдыңдағы әперші
Кеней менен сақамыз.



М ы с т а н к е м п і р:
Бала десем дардайсың,
Айтқан сөзің балдайсың.
Шынымды айтсам, шырағым,
Тағылық қып нанбайсың.
Танып тұрсың сақанды,
Түсіп неге алмайсың?
Жұрттан жұрын теремін,
Өлімсек күнім көремін.
Меккеге қарай барамын,
Алатаудан келемін.
Жұртта қандай зат қалса
Менің нәсіп, қорегім,
Елден болған ырзығым,
Неге алып беремін?
Ата жолы садақа,
Бар ма, балам, берерің?
Орнымнан тұрсам өлемін,
Түсіп алғын керегің,
Ауқатым — азық, бүйрегім
Бейіштен шыққан қорегім.
Жеймін десең берейін
Балдан тәтті бүйрегім.
Асырайтын балам жоқ
Ұйықтайтұғын панам жоқ,
Жан сақтарға шарам жоқ,
Жан ашитын адам жоқ,
Көрер күнім қараң боп,
Көңілімде арам жоқ.
Ер Төстіктей ер туса,
Жалғыз ғана балам боп,
Өтер едім арман жоқ.

Сиқыр кемпір сөзіне
Таңғалып тұр Ер Төстік.
Мені қайдан білді деп
Аңғарта тұр Ер Төстік.
Бүйрегінен жейін деп
Қамданып тұр Ер Төстік.
Қу кемпірдің сөзіне
Алданып тұр Ер Төстік.
Не қыларын біле алмай.



Сандалып түр Ер Төстік.
Кемпір сөзіне еліктеп
Жанданып түр Ер Төстік.
Аңғал батыр алданды
Қу кемпірге таңғалды.
Бүйрегінен жегелі
Ат үстінде тамсанды.
Беруге кемпір қамданды.
Құтылуға Ер Төстік
Бұл бәледен асықты.
Сақа менен кенейге
Қимай көзі талады,
Аты жата қалады.
Тіл бітетін Шалқұйрық
Құтқармақшы баланы.
Сақа менен кенейді
Жерден Төстік алады.
Көзді ашып жұмғанша
Қолына алды асықты.
Ала-сала қашыпты.
“Қашқан жауға қатын ер”,
Кемпір аузын ашыпты.
Ал, ирегім¹ ал деді,
Шалқұйрықты шал деді.
Лақтырды иректі,
Шалқұйрықтай тұлпардың
Төрт аяғын күйретті.
Алмас ирек шарт етті,
Екпінімен Ер Төстік
Шалқұйрықтан жалп етті.
Шала-жансар Шалқұйрық
Төрт аяқ жоқ, әл кетті.
Өзі жаяу, өзі жас,
Ердің көзі жарқ етті.
Ес-түсі жоқ Ер Төстік
Енді жаяу қашады.
Қу кемпірден сасады.
Алдындағы адырдан
Алты-ақ аттап асады.
Жерді құртқан қу кемпір
Арандай аузын ашады.

¹ Ирек – алмас шалғы.



Амалы асқан қу мыстан
Артынан қуып барады.
Қырық жауырыны қолында
Қырық батырдай қараны.
Дұғалап қойған жауырын
Төстіктің есін алады.
Кемпір жетіп қусырып,
Төстікке қол салады.
Ер Төстік сонда бұлтарып,
Тағдырға қылды наланы.
— “Заманым менің тарылдың,
Бүгін саған жалындым.
Қу кемпірге жем қылмай
Қарынбайды жұтқан жер
Жарыл шапшаң, жарылғын!”
Айтып аузын жұмғанша
Қара жер қақ жарылды.
Аузын ашып терең жар
Жұтамын деп қабынды.
Аш деп Төстік секірді,
Іздегені табылды.
Басқа тілек тілесе,
Болған екен қабыл-ды.
Ұстай алмай қу кемпір
Бармағын тістеп тарынды.
Жер түбіне Ер Төстік
Күңіреніп кетіп барады.
Жер астында ел бар деп
Дүмбірлеп кетіп барады.
Жер жарығы жаңғырып,
Салдырлап кетіп барады.
Сөйлескендей Ер Төстік
Дабырлап кетіп барады.
Бара берсін Ер Төстік
Ел бүлдірген ерте өсіп.
Шоқ-шоқ деп кемпір қалады,
Кемпір кейін жүгірді,
Ер Төстіктен түңілді.
Екі қызға жетпекке
Елге алып кетпекке.
Тауда қалған қыздарға,
Жалмауыз кемпір келді тез.



Келсе орнында қыздар жоқ,
Құла бие тұлпар жоқ,
Мұны көріп қу кемпір
Жүрегіне түсті шоқ.
Сорлы кемпір таңғалды
Ізін іздеп аңғарды.
Із таба алмай сандалды.
Әрі-бері қаңғырды.
Жалғыз бие қоса жоқ,
Кемпір шаршап қарап жүр
Мынау іске құса боп,
Бір жерлерге келгенде
Басына қу бас шаншылған,
Көк тасқа жазу жазылған,
Бір моланы көреді.
Мүрдеге мойын бұрады,
Жазуын оқып тұрады.
Мұны көріп қу кемпір
Қу молаға құлады.
Өксіп-өксіп жылады.
“Ер Төстіктен өліп ең,
Сен үшін азап көріп ем,
Сенің өшінді алам деп
Жалғыз өзім келіп ем,
Жатырмысың Төкетай,
Жаныңа мен жатайын
Қойныңды ашшы, Төкетай,
Елге қалай қайтайын,
Не бетімді айтайын...”
Қыздардың қайда кеткенін
Сорақы кемпір білмеді.
Елді қайтып көрем деп,
Несіне тірі жүрем деп,
Не деп жауап берем деп,
Мыстан кемпір у ішіп
Қу моланы құшақтап,
Ызаменен ыңырсып,
Қу далада өлгені.
Қасқырлар жеп биесін
Келтіріпті жүйесін.
Талайларды сорлатқан
Тартты кемпір киесін.



Ер Төстік жер астына түсіп кетті,
Екі қыз көкке құс боп ұшып кетті.
Атты деп ел қарғысы Ер Төстікті
Табалап қожа-молда ісіп-кепті.

Қу кемпір қу далада қурап өлді,
Құшақтап қу моланы улап өлді.
Қайырсыз хан тілеуін тілеймін деп
Қиналып қиыр шетте арам өлді.

Қу кемпір құлап жатыр көр басында,
Талайдың душар болып көз жасына.
Құлықты көп ойлаған қуарылды
Кемпірдің келді десті өз басына.
Пейіл жоқ, береке жоқ, бас пайда да,
Тұрмайды құт-береке сұмырайды.
Түңілді Алатау жақ қу кемпірден
Келмеді, көп жыл өтті, кетті қайда?

...Ер Төстік жерден өтіп жеті қабат,
Жетіпті жер астына сау-саламат.
Көтерген бүкіл жерді көк өгізді
Көргенде қайран қалып тұрды қарап.

Көк өгіз мүйізімен көкті тіреп,
Көктасқа төрт аяғын тұрған шіреп.
Көтеріп сол көктасты бір жайын тұр,
Жайынды көтеріп тұр дария, көл боп.

Ер Төстік қарап тұрып көк өгізге,
Көргелі көктен түстім деді сізге,
Аспаннан аруағыңды іздеп келдім,
Қыласың қандай жәрдем енді бізге.

Көк өгіз жақтырмады басын шайқап,
Ер Төстік онан кетті көңілі тайқап.
Тау мен тас тас-талқан боп сілкініп тұр,
Себебі осы екен деп тұрды байқап.

Ер Төстік адасқанын енді білді,
Ел іздеп екі етегін белге түрді.



Ел бар деп жер астында айтушы еді,
Қайда деп қиялды ер зыр жүгірді.

Жүгіріп келе жатса ел көрінді,
Тау мен тас, дария-шалқар, көл көрінді.
Бұлдырлап көз ұшында бір ауыл тұр,
Қаптаған қара құрттай мал көрінді.

Таңғалды жер астында ел бар екен,
Бұл жерді көрген қандай ер бар екен.
Адам ба, әлде қалай деп ойлады,
Кормекке құмарланып кім бар екен.

Күн шығып, жер астында Ай бар екен.
Таулар мен бұл жақта да сай бар екен.
Ауылға көзі үшқындап келді Төстік,
Мұнда да кедей менен бай бар екен.

Көрінген әлгі ауылға келді Төстік,
Отырған көп адамға сәлемдесіп.
Төстіктің түр-түсіне қайран қалып,
Қарайды бір-біріне бас изесіп.

Таңғалып Ер Төстікті көзі тесіп,
Біреуі тұра келіп ашты есік.
Ет беріп, шай қайнатып, қымыз құйып,
Қонаққа қой сойылып, болды несіп.

Ер Төстік ішіп-жеді берген сыйын,
Жыртылған далба-дүлба жыртық киім.
Қатқан жоқ әлі жауап бір-біріне
Тілдерін түсінбеді, білу қиын.

Сөйледі бір ақсақал жүзге келген
Қонағым құрметті деп бізге келген.
Кәніки, қайдан келдің, қайдан жүрсің,
Батырсың бұл өңірден біз көрмеген?

Келбетің періштедей көрінесің,
Қонағым қазір менің төрімдесің.
Үстімде бір ел бар деп естуші едік,
Айта бер ол туралы не білесің?



Байқасам үстіміздегі ел боларсың,
Сондағы бір атақты ер боларсың.
Ол елден жоғарыда тағы бір ел бар,
Мен білсем, сол ер жігіт сен боларсың.

Мен бір қарт жер астында көп жасаған,
Өзі — хан, өзі — патша, ата-бабам.
Бар болса не керегің мен берейін
Айта бер, мұқтажынды батыр, маған.

Ер Төстік шалдың қолын қатты қысып,
Сөйледі оқиғаны түгел шешіп.
Бұл жаққа ұл болғалы көктен түстім,
Елемес әкем аты, атым Төстік.

Мен өзім Елеместің еркесі едім,
Бір қыз бен отыз ұлдың кенжесі едім.
Өлмек бар, бұл өмірде тірілмек жоқ,
Сол үшін жер астына келіп едім.

Атақты жер үстінде батыр едім,
Ардақты бір халықтың ақылы едім.
Ажалдан жер астына қашып түстім,
Бір күні өлем ғой деп ақыр енді.

“Ақсақал, ұлы жоққа ұл болайын,
Алдында қызметкер құл болайын.
Жоқ болса өлім, ажал жер астында
Мен дағы сіздерменен бір болайын.

Бұл елдің мен шықпайын кесігінен,
Ризығымды бір терейін несібімнен.
Ел бар деп өлмейтұғын осы жақта
Рас па, өтірік пе естіген ем”.

Ақсақал таяғымен жерді ұрып:
“Бұл тағдыр салмас дейсіз кімге құрық.
Жұтпайды қайсымызды қу қара жер”, —
Төстікке жауап берді қарап тұрып.

Ақсақал Ер Төстікке мойын бұрып,
Тамаққа неше түрлі тойындырып.



Балам жоқ, маған бала болғын, депті.
Төстікті қанша алуан киіндіріп.

Ер Төстік бала болды әлгі шалға,
Шал жатыр елін жинап тойды қылып.
Қалың ел хан баласын құрметтеп,
Жиналды өз заңынша сыйын қылып.

Төстікке той жасады түрлі алуан
Түп-түгел кәрі-жасы кеп жиналған.
Төстіктің дәулігіне қайран қалып,
Батпады күресуге ешбір балуан.

Ондағы ел Ер Төстікке қайран қалып,
Жеті жыл өмір сүрді мұнда қалып.
Қолында бала болып шалды сыйлап,
Дұшпанын талай шапты ойран салып.

Төстікке мұнда сөйтіп бақ бергені,
Дұшпандар қарсы келген шақ келмеді.
“Ер — туған жерде” деген мақал,
Бұл жерде қалуды енді құп көрмеді.

Жегені бойға жұқпай, ішкені ірің,
Бар ма деп көрер заман елдің нұрын.
“Әкесі” қандай сұлу айттырса да,
Сүймеді сұлулардың бір де бірін.

Әкесі бір күн тұрып: “Балам, — деді,
Көңілің неге мұнша алаң, деді.
Кеттің ғой азып-тозып санаменен
Тірі ме атаң менен анаң?” — деді.

Ер Төстік төмен қарап жерді шұқып,
Көрсетіп әкесінің қолын тұтып:
“Ата-ана, ағаларымды ойламай мен,
Кеттім ғой сіз тұрғанда бәрін ұмытып.

Ата-анам, тумасаң да туғандаймын,
Қасында өмір сүріп тұрғандаймын.
Қандай жау сізге келіп киліксе де,
Ата-анам, көзің көрді, қырғандаймын.



Арманым — жер бетіне шығып келсем,
Сондағы дұшпандарды қырып келсем.
Бар еді екіқабат бір әйелім,
Баламды содан туған көріп келсем.

Қолыңда жүрдім, ата, жеті жылдай,
Мен болдым қайғыменен жалғыз қылдай.
О, әке, жер үстіне жеткізіп сал,
Өтем бе бұл дүниеден көңілім тынбай.

Ақсақал, рұқсат бергін балаңызға,
Мың құлдық атамыз бен анамызға.
Шығатын жер бетіне бір амал тап,
Зарланып жер астында қаламыз ба?”

Ер Төстік осылай деп айтты сөзін,
Кемпір-шал жаспен жуды екі көзін.
Төстіктің тоқталмасын білгеннен соң,
Ішіне бұлардың да түсті сезім.

“Ер Төстік, тоқтамасаң бар ма шара?
Жеті жыл бала болып тұрдың дара.
Шығатын жер үстіне бір амал бар,
Айтайын соның жөнін тыңдап қара.

Бір күс бар осы жерде Алыпқара,
Табады жыл-жыл сайын екі бала.
Баласын бір айдаһар жылда жейді,
Ер Төстік, дәл осыған барып қара.

Жапанға жалғыз шыққан бір бәйтерек,
Ер Төстік, бала екенсің туған зерек.
Басына Алыпқара ұялайды,
Ер Төстік, сол терекке бар ертерек.

Айдаһар жыл да жұтар балапанын,
Жем іздеп Алыпқара кеткен шақта,
Ағызып жеп қояды қызыл қанын.
Шеніне екеуінің ел бармайды
Ел тұрмақ, өздеріндей ер бармайды.
Жылдағы балапанын жылан жұтып,
Бейшара Алыпқара көп зарлайды.



Маңына екеуінің жан бармайды,
Ұшқан құс, жүгірген аң, мал бармайды.
Құтқарсаң балапанын айдаһардан
Ер Төстік, сенен өткен ер болмайды.

Ол құсты көрген адам кем болмайды,
Барлық құс оныменен тең болмайды.
Ер Төстік, жер үстіне сол шығарар,
Басқадан бұл дертіңе ем болмайды.

Ер Төстік құстың жайын естіп білді,
Білді де жылан жайын енді күлді.
“Ата-ана, рұқсат бер, барамын”, — деп
Орнынан қол қусырып түрегелді.

Ақсақал: “Жолың болсын, барғын”, — деді,
Әбиір қайда жүрсең алғын, деді.
Жолдасқа “бір күн көрген қырық күн сәлем”,
Ер Төстік, амалым жоқ қалдым, — деді.
Ер Төстік қош-қош айтып кетті жүріп,
Етегін баяғыдай белге түріп.
Қаңғырып қанша айдай теректі іздеп,
Тауыпты әрең зорға дымы құрып.

Түбіне бәйтеректің түнеп жатты,
Тағдырдан талай тілек тілеп жатты.
Жем іздеп баласына Алыпқара,
Алты айлық алыс жерге кетіп қапты.

Қарайды бәйтерекке көзін салып,
Ағаштың зорлығына қайран қалып.
Мың қойдың қорасындай бір үя түр,
Бұлттай жапырағы көкті шалып.

Түбінде ағып жатыр тоғыз қайнар,
Гауһардай тұнықтығы жұлдыз жайнар,
Тағы да бір көк тас түр үй секілді,
Болаттай жалтылдайды айнадай бар.
Түбінде сол көк тастың жатты Төстік,
Құс пенен айдаһарды бақты Төстік.
Бұлақтың суын ішіп, балығын жеп,
Несіпті неше түрлі татты Төстік.



Ер Төстік бәйтерекке шыға алмайды,
Дүниеде не бар, жоғын біле алмайды.
Амал жоқ, отыз-қырық күн жата берді,
Бұл жерден басқа жаққа жүре алмайды.

Бір күні шырылдайды балапандар,
Таң сәуле серпілмеген, көлеңке бар.
Ысқырып, тау жаңғыртып, тіл жалаңдап,
Теректің түбінде тұр бір айдаһар.
Шаншылып түйе басты тіл жалаңдап,
Жарқылдап ақ бауыры, көзі алаңдап.
Терекпен көк тіреген бойы бірдей
Балапан шыр-шыр етіп тұр далаңдап.

Ер Төстік мұны көріп көзі жайнап,
Семсерін қонышындағы тасқа қайрап.
Жүгірді айдаһарға айқай салып,
Жаны ашып балапанға тұрған зарлап.

Айдаһар дауысты естіп жиырылады,
Адамның үнін біліп шиырланды.
Ақырып арыстандай батыр Төстік,
Қанжармен айдаһарды бір ұрады.
Айдаһар маңдайынан қақ жарылып,
Теректен жерге түсті аударылып.
Ұядан үркіп тұрған балапандар,
Қуанып, қанат қақты төубе қылып.

Ауызын залым жылан бір-ақ ашты,
Ер Төстік төрт-бес бөліп қанын шашты.
Құтқарып балапанды қан сорғыштан,
Жеткендей жер үстіне мауқын басты.

Ұядан ұшып түсті қос балапан,
Ақ үрпек арылмаған жас балапан.
Төстікті тырнағымен қысып алып,
Апарды ұясына дос балапан.

Ер Төстік балапанға таңғалады,
Қайратын балапанның аңғарады.
Қамшы құрлы көрмеді іліп алып,
Қандай деп ата-анасы ойланады.



Қараса, ұя толған киік, марал,
Ұяның үлкендігі бейне арал.
Етін жеп жата берді күндіз-түні
Болса да мейлі арам, мейлі адал.

Бір күні бұршақ жауып, жел соғады,
Бәйтерек басын иіп, жер соғады.
Анамыз, атамызбен келеді деп
Шаңқылдап балапандар қуанады.
Жел қойып, жаңбыр жауып, күн шығыпты,
Аспаннан шуылдаған үн шығыпты.
Қалтырап бәйтеректің жапырағы,
Қарсы алып, көкке қарап түншығыпты.

Алып құс келе жатып алыс шеттен,
Алты айлық жерден ауқат іздеп кеткен.
Әлгі жел — қанатының серпіні екен,
Көзінен бұршақтатып моншақ төккен.
Атасы бірдей кеткен анасы да,
Жем іздеп ұзақ жолдан баласына.
Баламыз айдаһардан аман ба деп,
Жаңбыр боп көзден аққан сорасы да.

Бұлттай бір мезгілде түнереді,
Баласы ойға түсіп күңіренеді.
Серпіліп қара бұлт күн шығарда
Көргенде балаларын тебіренді.

Аспаннан төнді төмен қара бұлт,
Кіршік жоқ жан-жағында, судай тұнық.
Көрген соң ата-анасын қос балапан
Төстікті қанатына қойды тығып.

Көз салып батыр Төстік жатыр бұғып,
Көрген жоқ туып мұндай есі шығып.
Айналып Алыпқара келе жатыр
Төменде ұясына көзі тұнып.

Аңқитып балапандар аузын ашып,
Аузына жем түскенше болып асық.
Арсаңдап анасына еркелеп жүр,
Ер Төстік көріп отыр көңілі жасып.



Он марал салып алған иығына,
Он киік іліп алған тұяғына.
Ұяға қонды келіп Алыпқара
Іскеп қара жерді жан-жағына.

“Апырмай-ай, шығып тұр ғой адам иісі,
Бұл жерге қайдан келді адам жынысы”.
Тауып алып Ер Төстікті бір-ақ жұтты,
Адамның мұнда бар деп не жұмысы.

Шырылдап анасына қос балапан,
Жармасып тамағына жас балапан.
Төстіктің екі аяғын екеуі ұстап,
Боп кетті анасының көзі алақан.
Тастады Ер Төстікті лақ дегізіп,
Тамағын анасының баласы езіп.
Төстіктің басы алтын болып шықты,
Қарақұс тастай салды жарқ еткізіп.

А л ы п қ а р а:

“Жақсылық — жақсылыққа” деген сөз бар,
Баламды жыл да жұтқан сүм айдаһар.
Басы алтын, арты күміс етсем деп ем,
Асығыс істедіңдер, балапандар.

Бұл жерге қайдан келдің, адамзатым?
Ұмытылмас маған қылған шарапатың.
Бар болса не мұқтажың айтшы маған,
Мойнымда шамам келсе достық хақым.
Бұл жаққа жолың түсіп қайдан келдің,
Зарлаған көзім жасын қайдан көрдің?
Адамзат шенейіме келмеуші еді,
Достым-ай, хал-жайымды қайдан білдің?

Т ө с т і к:

Мен өзім келіп едім жер үстінен,
Ерлердің ризығы ел ішінен.
«Ер кесер ер қырсығын — деген сөз бар,
Шығарсаң арманым жоқ жер үстіне.

Сөзімді таза тыңда, Алыпқара,
Шын достым құлағыңды салып қара.



Шығарсаң жер бетіне разымын,
Бар еді менде дағы қатын-бала.

Мен жүрмін жер астында жеті жылдай,
Тағдырым бүгін саған душар қылды-ай.
Есіркеп көз жасымды сен көрмесең,
Арманда күнім өтер жылай-жылай.

Бұл іске Алыпқара аң-таң қалып,
Төстікті ұшпақ болды аспанға алып.
Қамданып жеті күндей жол азығын
Жеткізбек Ер Төстікті алып барып.

Терісін киік, марал киді Төстік,
Сүйектен аяқ-қасық үйді Төстік.
Мес жасап, қайыс тіліп, арқан қылып,
Дайындап азық-түлік қойды Төстік.

Үш меске үш маралдың етін салды,
Төрт меске толтыра су құйып алды.
Үстіне қарақұстың артып алып
Ер Төстік көкке қарай шырқ айналды.

Қош айтып балапан мен бәйтерекке,
Ер Төстік жүріп кетті шырқап көкке.
Үстіне қарақұстың өзі мініп,
Көз салып өзі түскен жер тесікке.

Қарақұс келе жатыр шыр айналып,
Қара жер аспанымен тұр айналып.
Көп сағат дамыл алмай ұшып келед
Түн етсе, арт жағынан күн айналып.

Көктегі құс жолымен тура бастап,
Ер Төстік келе жатыр құсқа қақсап.
Ет пенен суды аямай беріп келед,
Бұрылса екі жаққа кезек тастап.

Жақындап жер үстіне келген шақта,
Тесікті Төстік түскен көрген шақта.
Беруге бір жапырақ ет қалмапты,
Ер Төстік қысылады сол уақытта.



Жалтақтап Алыпқара қарай берді,
Аяғын Ер Төстіктің жалай берді.
Ер Төстік өз қоң етін кесіп берді,
Досымды аш қойғаным жарай ма енді.

Бұрылса оң жағынан ет беретін,
Бұрылса сол жағынан су беретін.
Төстікке Алыпқара сауал қойды,
«Ең соңғы немене еді берген етің?»

«Ей, достым, мен айтайын оның жайын,
Басыма түсті қатты сары уайым.
Жалтақтап қарағанда жем таусылып,
Қоң етімді кесіп салдым, айналайынң.

«Бәсе, мен қанатымды қатты қақтым,
Күшім тасып, көзімді жарқыраттың,
Қорқыныш, қонар жер жоқ, қырылмақ ек,
Ер Төстік, бұл ақылды қайдан таптың?»

Лезде шыға келді жер бетіне,
Ер Төстік енді шықты ел шетіне.
Қоштасып қарақүспен қайта-қайта,
Бір-бірін ұмытпас боп қызметіне.
Қоштасты-ау екі дос қайта-қайта,
Өлгенше бірін-бірі айта-айта.
Түйіліп Алыпқара төмен ұшып,
Жөнелді жер астына кейін тарта.

Ер Төстік жер бетіне шығып алып,
Қарайды жан-жағына көзін салып.
Құдайға мың мәртебе шүкір қылды,
Көргенде туған жерді өліп-талып.

Қарайды қайран қалып жан-жағына,
Жалғанның кім ілінбес қармағына.
Қалыпты есі ауып Ер Төстіктің
Жер асты жеті жылдай зардабына.

Ер Төстік жүгіреді ел қайда? — деп,
Кір жуып, кіндік кескен жер қайда? — деп.



Бар ма деп, ата-ана, ағаларым,
Көретін елі-жұртымды күн қайда? — деп.

Жүгіріп келе жатыр батыр Төстік,
Бір жанға жеткізбейді желдей есіп.
Кім бұрын қарсы алдымнан шығар екен?
Деп ойлап, екі көзі елді тесіп.

Ер Төстік елге қарай жүгіреді,
Беліне екі етегін түрінеді.
Ентеңдеп елсіз жерде келе жатса,
Жапанда жалғыз түйе көрінеді.

Бұл түйе желге қарсы желіп келед,
Алыстан батыр Төстік көріп келед.
Артынан ақ жаулықты ағараңдап,
Бір әйел айқай салып еріп келед.

Желмая желіккенде тоқтамайды,
Еңкейіп жердің шөбін оттамайды.
Жете алмай түйесіне сорлы әйел,
Жүгіріп келе жатыр, даттамайды.
Түйенің қарсы алдынан Төстік шықты,
Желмая тұра қалды жібек түкті.
Иіскеп Ер Төстіктің омырауын,
Желмая тап жылжымай жерге шөкті.

Қараса Ер Төстіктің қызыл нары,
Нарын көріп көңілден кетті зары.
Әлгі әйел, түйе қуған о да келді,
Көп күткен көңіл қосқан адал жары.

Ер Төстік жар түбіне бұғып жатты,
Көрінбей өзін-өзі тығып жатты.
Түйеге шөгіп жатқан әйел жетіп,
Отырып нарға қарай бір сөз айтты.

Қызыл нар Төстік барда буаз екен,
Айлас боп әйелімен туады екен.
Ер Төстік жер астына кеткен жылы,
Серттесіп белін мықтап буады екен.



“Жеткізбедің, желмая!
Нені біліп желіктің?
Жеті жылдай сыр бермей,
Бүгін қалай зеріктің?

Жылжымаушы ең орныңнан,
Жем-шөп жедің қолымнан,
Желгеніңе жете алмай,
Мен келемін соңыңнан.

Қазығың қалды долана.
Азығың қалды далада.
Айналайын асылым!
Ер Төстік келген бола ма?

Буған белім шешілді,
Бүгілген балам көсілді.
Шиеленген құрсауым
Нені біліп есілді?
Ер Төстік келген бола ма?
Ер Төстігім кеткенде,
Ішіме бала біткенде,
Серттескенмін қызыл нар,
Саған бура шөккенде.
Сенің бұйдаң үзілді,
Менің белім шешілді,
Төстігім келген бола ма?
Ер Төстігім келгенде,
Не болмаса өлген де,
Бошала деп ем қызыл нар,
Бір хабары боларда.
Ботала дем ем қызыл нар,
Бүгін хабар болар ма?
Ғашық жарым кездесіп,
Қайғылы көңілім толар ма?
Жеті жылдай жоғалған
Боздағым келген болар ма?

Боталады сол жерде
Ер Төстіктің түйесі.
Әйелінің сөзіне
Босады ердің жүйесі,



“Келер ме екен, тәңір-ай!
Осы малдың иесі”.

Ер Төстік шықты жүгіріп,
Жар астынан бүгіліп.
Келе жатқан адамға
Қарап тұр әйел үңіліп.
Кеп қалар деген ойы жоқ,
Көңілі қалған түңіліп.
Қарап тұрды Төстікке
Қара суды сіміріп.
Сәлем етті ізетпен
Екі қолы иіліп.
Толғатып тұрған кезі еді
Түйеге қолы сүйеніп.

Жарқ етті Төстік көзіне,
Көрісті келіп өзіне,
Тілекке енді жеткізді,
Серттескен ердің сөзіне.
Қуанғаннан құлапты,
Ер Төстіктің төсіне.
Зар болдым деп жылады,
Ер Төстік, сенің ізіңе.
Өлсем де бүгін арман жоқ,
Көрінді Төстік көзіме.

Екі ғашық жылады,
Көздің жасын бұлады.
Жолдас болсаң сондай бол,
Тілегін қабыл қылады.
Желмаясы боталап,
Адал жары ұл туып,
Көңілдері тынады!..

Ел-жұрты Ер Төстікке той қылады,
Тойына талай малды сойдырады.
Тауып ап, тозып кеткен ағаларын,
Тамаққа сый көрсетіп тойдырады.
Қу кемпір алып кеткен екі қызды,
Іздеуге батыр Төстік ой қылады.
Жиналған тойға түгел ақсақалға,



Бата алып, балаға ат қойдырады.
Баланың атын қойды Бозжігіт деп,
Ботамен бір туған деп ұйғарады:

“Бар болса мен табамын жер үстінде
Жер астын көріп келдім ел ішінде.
Қорлығы бір кемпірдің өтіп кетті,
Сол иттің үлкен мән бар келісінде.

Кемпірдің аты-жөнін білген бар ма?
Кемпірмен жолдас болып жүрген бар ма?
Айтыңыз жасырмастан соның жайын
Ішінде осы көптің көрген бар ма?

Түбіме сиқыр кемпір жетіп кетті,
Қорлығы маған қылған өтіп кетті.
Сиқырлап, мені алдап, жерге тығып,
Қыздарды әлдеқайда ертіп кетті.

Бұл кемпір келсе керек Боқмұрыннан,
Қайырсыз хан баласы жексұрыннан.
Қыздарды соған алып кеткен шығар,
Қаным қас хандарменен күн бұрыннан”.
Бір жігіт түрегелді орнынан,
Төстіктің шыдай алмай порымынан:
“Кемпірді мен көргелі көп жыл болды,
Айтайын оның жайын толымынан.

Ер Төстік бір жорыққа кеткен кезде,
Төмендеп күн батуға жеткен кезде.
Жылқы айдап үш жылқышы келе жатсақ,
Көрінген бір құбыжық біздің көзге.

Кімдікі жылқыларың, бала, деген?
Аулына Елеместің барам деген.
Еркесі Елеместің Ер Төстікті,
Мен бүгін барып жанын алам деген.

Қорыққаннан үш жылқышы кеттік қашып,
Түр-түсі, келбетінен жаман сасып.
Көрдім деп еш адамға айтпа деді,
Көрмедік онан кейін ауыз ашып.



Осылай көргеніміз, батыр, деді,
Естірсіз біз айтпасақ та, ақыр деді.
Түбінде Төкетайдың моласының
Сүйегі сол кемпірдің жатыр деді.

Сұрады атаңыз бен анаңызды,
Алам деп қорқытыпты балаңызды.
Ер Төстік өз айтқаның тіпті рас,
Не қылса кемпір құртты екі қызды.

Қорқытып анаңыз бен атаңызды,
Тастатқан кеней менен сақаңызды.
Зарланып әке-шешен айтып кетті,
Тартқанда Төстік сенің қапаңызды.

Сақанды кенейіңмен жұртқа тастап,
Кемпірден үркіп көшкен атаң бастап.
Ұл-қызым не болды деп өлгенінше,
Зарланып ата-анаң кетті қақсап.

Ер Төстік, ел иесі өзің келдің,
Естідің менің айтқан сөзімді енді.
Айтайын екі қыздың енді жайын,
Жүргенде елсіз тауда көзім көрді.

Қыздарды ертіп барып елсіз тауға,
Қу кемпір тастап кеткен терең сайға.
Өзіңді көшкен жұртта ұстаймын деп,
Қыздарды ұрындырды жүрген жауға.

Екі қыз елді іздеп жүгіреді,
Бір жаннан елсіз жерде түңіледі.
Қаны қас адамзатқа диюлардың,
Екі жас тырнағына ілінеді”.
Жігіттен сөздің кілті ашылады,
Кейбіреу болғанынша асығады.
Ер Төстік таза тыңдап, сөзге қанды,
Өкініп өткен іске жасымады.
Отырды қайраттанып көзі жайнап,
Сыр бермей, зығырданы іштен қайнап.
Түбінде менің жауым Боқмұрын деп,
Ер Төстік ерлігі ұстап отырды ойлап.



Содан соң жас жігіттің қолын ұстап,
Достым деп құшақтады бекем нұсқап.
Жан жолдас қайда жүрсем бірге жүр деп,
Ержанды ертпек болды өзі бастап.

Ер Төстік жол тартпаққа шығыс тауға,
Ержанды жолдас қылып ертіп жанға,
Ақжелек, Ақырғайды іздеп шықты,
Беруге барып сәлем ақсақалға.

Ақжелек Алатауда хан болып тұр,
Орнына Төкетайдың нән болып тұр.
Ат шауып Қөкетайға ас береді деп,
Шақырған сауын қағаз жайылып тұр.

Көкетай ханның асы бар,
Көк дөненнің басы бар.
Кәпір менен мұсылман
Осы аста басы қосылар.
Боқмұрын мен Сумұрын
Сауын айтты күн бұрын.
“Атама ат шабамын,
Атадан туған баламын.
Елдің басын қосамын,
Халыққа үлгі саламын.
Қатарымнан асамын,
Ділде-жамбы шашамын.
Кәпір менен мұсылман,
Ортасына көшемін.
Уық бауын шешемін.
Желмаяға жүк артып,
Желдей гулеп есемін.
Алты өрінен Асының
Әрі қарай асамын.
Кегетінің кең сазын
Көшіп сонда түсемін”.
Көшті гулеп Боқмұрын,
Қазықұрт пен Таластан.
Үшқосай мен Манастан.
Атты-тонды адамға
Көш салтанат жарасқан.
Жүз түйеге жүк артып,



Жұрттың бәрін шулатып.
Төрт түлік мал айдады,
Шұрқыратып, шулатып.
Күн-түн көшіп үдеріп
Түнде келіп Меркеге.
Бір күн еру болады
Ел ұйықтап еркіне.
Үш-ақ көшпен Боқмұрын
Бастапқы айтқан сертіне
Ертең ерте көшеді.
Шу бойына түстенді,
Онан көшіп күн бата,
Қордай тауын асады,
Қозыбасын басады.
Алмалыға қонады,
Бір күн еру болады.
Күзем жүнін алады.
Алма менен өрікке
Қарық болып қалады.
Мұнан әрі Боқмұрын
Алатауды сағалап,
Тау көбелеп жағалап,
Таушелектен өтеді,
Алты өрінен Асының
Алты-ақ аттап кетеді.
Кегетінің сазына
Үш-ай аттап жетеді.
Ақ күмбездей үй тігіп,
Ауыл қонды ту тігіп.
Кегетінің кең сазы,
Келісіп біткен жер екен.
Қазақ, қалмақ малы өріп,
Қоныс қылған жер екен.
Мал құлағы қылтылдап,
Бассаң сазы былқылдап,
Шөбі жұпар бүрқылдап,
Көлінде аққу сұңқылдап,
Ойы — балық, қыры — киік,
Қарағай, қайың былқылдап.
Қатар жатқан сұлу жер,
Қарқара, Текес, Көзүйрек,
Байсауыр мен Алмалы,



Алмасы бар жүректей,
Бүлдіргені білектей,
Бұғы, марал үлектей,
Түрлі шөбі жібектей.
Осы сазға Боқмұрын
Тоғыз мың үй тіккізіп.
Тоғыз мың мал сойғызып,
Түйе менен биенің
Қымыздарын құйғызып.
Қырық түрлі жемісті
Дастарқанға сыйғызып.
Қаптап келген қалмақты
Қарық қылып тойғызып.
Есебі жоқ көп малдың
Қанын судай ағызып.
Дайындалды Боқмұрын,
Түрлі кілем салғызып.
Сан жетпейтін малдарын
Садақа қып шалғызып.
Қымыз ішіп сусынға
Қызарып ел гулейді.
Қаптап жатыр қалмақтар
Қой дегенге көнбейді.
Өз елінің дәулері
Әлі күнге келмейді.
Ақжелек пен Боқмұрын
Ақылдасты екеуі.
Сумұрынды шақырып,
Мәнікерге мін, — деді.
Біреулерге бар, — деді.
Ерте хабар сал, — деді.
Жайма кекіл жас бала,
Мәнікерге мінеді.
Бадана тон киеді,
Шоталыны асынып.
Шот болатты байланып,
Алыптарға жүреді.
Жүріп бара жатқанда
Боқмұрын алып бүй деді:
— Бұл барғаннан барып қайт!
Ер Қосайға жетіп айт!
Қос құласын байласын,



Шабар бала сайласын!
Хан атамның асы бар,
Көк дөненнің басы бар,
Жылдам келсін ақсақал!
Одан әрі барып қайт.
Көк ала сақал Әлмембет,
Жирен сақал Келмембет,
Бұл дәулерге жетіп айт!
Көк аласын байласын,
Шабар бала сайласын!
Онан әрі барып айт!
Қанкелдіге жетіп айт!
Дәу атамның асы бар,
Көк дөненнің басы бар,
Тор төбелін байласын,
Шабар бала сайласын!
Бұл жиынға келмесе,
Атамның ақ тойында
Шабамын мұны да ойлансын!
Көбікті батырға осыны айт,
Көкшеге де осыны айт!
Ер Манасқа барғанда
Мына сөзді тосып айт!
Хан атамның асы бар,
Көк бестінің басы бар,
Ақ құласын байласын,
Шабар бала сайласын!
Алдыңғы аттың бәйгесі
Мың ала бас қой тігем,
Жылқы малдан жүз тігем,
Түйе малдан мың тігем,
Ділдә менен жамбыдан
Он түйе жүк пұл тігем.
Асқа келген адамға
Атына жүктеп пұл берем.
Топқа келген адамға
Торқалай жүктеп пұл берем.
Жайына жүрген әйелге,
Беліне орам пұл берем.
Ер Манасқа барғанда,
Осыны айт деп тапсырды
Ақжелек пен Боқмұрын.



Жер жалмаған Ер Төстік,
Ел бүлдірген ерте өсіп.
Оны үйден таппайсың,
Жылдам барып қайтқайсың.
Мыстан кемпір жоқ болды.
Жоғалғалы көп болды,
Оны да іздеп тапқайсың.
Мәнікерге мінеді
Жайма кекіл жас бала.
Батырларға бет алып,
Жүріп кетті қасқара.
Желсе желге жеткізбес
Мәнікер тұлпар астында.
Алдыменен ақсақал
Ер Қосайға келеді.
Ат үстінен асықпай
Жырлап айтып береді.
Жарайды деп Ер Қосай
Ат-шапанға жөнелді.
Алыптардың баршасын
Аралап жүріп айтады.
Айтып қолын жайқады,
Бас иіп бәрі жөнелді,
Бокмұрыннан қорқады,
Бес күн, бес түн дегенде
Ер Манастан қайтады.
Ер Манастың алдында
Тасып барған жас бала
Ұмытып қалып айта алмай,
Енді болды масқара.
Бұрынғыдай жырлайды,
Тамағын қатты қырнайды:
“Хан атамның асы бар,
Көк дөненнің басы бар,
Аққұласын байласын,
Шабар бала сайласын.
Бұл жиынға келмесе,
Ақ тойында атамның
Шабамын, мұны ойласын!”

Сонда Манас сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді.



Манас, Манас болғалы
Манас атқа қонғалы,
Мұндай шондық көрмедім.
Қырылғырдың қырық шора
Шапшаң бері кел, деді.
Қырық шора жиылып
Бәрі келді жүгіріп,
Ер Манастың қабағы
Бүркіттейін түйіліп:
Баланың басын ал, — деді,
Құрбан қылып шал, — деді,
Ат-тонын олжа қыл, — деді,
Зынданға дереу сал, — деді.
Қырық шора жабылып
Аударып алды баланы.
Бөлеге бала қалады.
Кеудесіне мінеді,
Қылышпен басын тіледі.
Өлтіргелі жатқанда,
Екі әйелі Манастың,
Балдырғандай баланы
Бәйбішелер көреді:
“Бір қасық қанын қиыңыз,
Бү да сіздің ініңіз.
Бір ашуын беріңіз,
Біз сұрадық көніңіз.
Балалық қып жүрмесін
Қайта айтқызып көріңіз”.
Келді сонда Ер Манас,
Егескенді жер Манас.
Қанекей айтты, болмас-ты,
Тінікей айтты, болмас-ты.
Ренжітіп болмайды,
Тағдыр қосқан жолдасты.
Қанекей мен Тінікей
Тұрғызып алды баланы
Қырық шораға азырақ
Ұрғызып алды баланы.
Тамақ беріп тойғызып
Күлгізіп алды баланы.
Есін әбден жиғызып,
Білгізіп алды баланы.



Мәнікерге мінгізіп,
Жүргізіп алды баланы.
Ат үстіне мінген соң
Ақыл ойы енген соң,
Бала қайта жырлады.
Тамағын қайта қырнады,
“Айналайын Ер Манас,
Егескенде жер, Манас.
Боқмұрынның айтқанын
Ұмытып қаппын мен Манас.
Хан атамның асы бар,
Көк бестінің басы бар.
Ой-қырдағы ел-жұрттың
Түгел басы қосылар.
Сіз бас ие болмасаң,
Елің босқа шашылар.
Алдыңғы аттың бөйгесі:
Мың ала бас қой тігем,
Жылқы малдан жүз тігем,
Түйе малдан мың тігем,
Ділде менен жамбыдан
Он түйе жүк пұл тігем.
Асқа келген адамға
Атына жүктеп пұл берем.
Тойға келген адамға
Торқалай жүктеп пұл берем.
Жайына жүрген әйелге
Беліне орам пұл берем.
Ер Манасқа барғанда
Осыны айт деп тапсырды,
Ақжелек пен Боқмұрын,
Қатеріңе алмаңыз.
Мойынға алдық қатеміз,
Рұқсат бер, енді қайтамыз!..”
Шақырушы қайтады,
Болған істі жасырмай
Бастан-аяқ айтады.
Мұны естіп Ер Қосай
Кейіп басын шайқады:
“Келмес, — деді, — Ер Манас
Бір ұстаса шайтаны”.
Қалмақ қалың қауырт кеп



Елдің түрін байқады.
Алпыс ала жорғаны
Алдынан тарту тартады.
Ер Манасқа Ер Қосай
Сөгіп мынау айтқаны:
“Атақты батыр сен едің
Ақсақалың мен едім.
Хан ағаның асына
Бұрын неге келмедің?
Манас, Манас дегенге,
Бардия қалады екенсің.
Үрген қарын секілді,
Дардия қалады екенсің.
Жабыл, жабыл, жабыл деп
Жапырлап қалмақ кеп жатыр.
Молдым-молдым бөлініп,
Бүткіл қалмақ кеп жатыр.
Көкетайдың асында
Көп халықтың басында,
Көріп тұрсаң болмай ма?
Ақыл, қайрат балдарға,
Беріп тұрсаң болмай ма?
“Ай толғанын білмейді
Ер болғанын білмейді”.
Осылай деп Ер Қосай
Ер Манасты тілдейді.
Жасы жүзге келген соң,
Шапшаң, Манас, жүр дейді.
Алпыс ала жорғаны
Манас батыр алмайды,
Малға көзін салмайды.
“Жүрейін, Қосай, жүрейін,
Сізге сөйлеп болмайды”.
Өкпе, кегін тастайды,
Батыр Манас саспайды.
Бұл жиынды бастайды.
Көкетай ханның асына
Алыптар басы қосылды.
Алпыс мың адам жиналып
Алапқа сыймай жосылды.
Ас тамағы шақ келмей
Боқмұрын дәу шошынды.



Мұнша адам жиналып,
Алпыс күн той сыйланып,
Табақ тартып халыққа,
Аттар шауып қиналып,
Тоғыз мың үй тігілді.
Тоғыз мың бие сойылды.
Кедей менен кембағал,
Ішіп тамақ тойынды.
Кегетінің кең сазы
Тұяқпенен ойылды.
Құмырсқадай жыбырлап,
Жердің беті қыбырлап,
Тау менен тас жаңғырды
Төңкеріліп дүбірлеп,
Тамашасы басталды.
Жамбылары атылды,
Өлең-жыры айтылды.
Бұрын мұндай болмаған,
Қазақ, қырғыз, қалмақтан,
Мақтанам деп Боқмұрын
Ел жинаған жан-жақтан.
Атты айдамақ болады
Алты айшылық алысқа.
Алыптар түр дайын боп
Балуанмен сайысқа.
Тұлпарларын жаратып,
Кім шаппайды намысқа.
Ат құйрығы сүзулі,
Кекілдері түюлі,
Қалыстардың қолында
Ала арқанға тізулі.
Шабар бала мінулі,
Қамшылары ілулі,
Сусындары құюлы.
Мойнында бар гүл азық,
Таусылмайтын бұл азық.
Бұл заманда көрмеген
Біз білмейтін бір азық.
Жер ортасы Көктөбе
Еш белгісі жоқ төбе.
Баратын жол құлазып,
Даяршылар айдайды,



Айдаушыны сайлайды.
Ағашқа ту байлайды.
Аттарыңды шығар деп
Ер Қосай салды айқайды.
Өңшең тұлпар шүлғиды,
Ортадан бәрі шұбайды.
Қалмақтың ханы Қара хан
Жолай алып жолдасы,
Қыр мұрынды Қоңырбай,
Қалмақтың білгір-сыншысы,
Тұлпарларды сынайды.
Ат шұбалып жатқанда
Қосай келді Манасқа:
“Қосамысың құланды?
Аққұла күлік болмаса,
Кім шақырсын ұранды.
Не сәйгүлік жүйріктер
Осы жолы құралды.
Мәнікер мен Аққұла ат
Бүкіл елге ұнамды”.
Сонда Манас сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
Бұзбайын, Қосай, сөзіңді,
Аққұладан басқа ат
Көтермейді өзімді.
Қосай айтты: “Ер Манас,
Егескенді жер, Манас.
Ат-көптікі деген бар
Іркілмей-ақ бер, Манас!
Тағы да елден табылар
Таңдап атың мін, Манас!”
Манас-Манас болғалы
Ер Қосайды сыйлаған,
Ер Қосайдың айтқанын,
Өмірде екі қылмаған.
“Аққұла атпен азырақ,
Ақылдасып келейін.
Қосаға, жауап берейін”.
Аққұла мен Ер Манас
Аулақ жерге барады.
Күнбатысқа қарады,
Бүлдіршінді қамшысын



Мойнына салады.
Аққұла күлек сен едің,
Атақты Манас мен едім.
Көкке ұшсам қанатым,
Мінсем — қайрат болатын.
Желсем желден озатын,
Озамын десең қосайын,
Уәдеңді тосайын,
Қалмақтардың сан атын
Сансыратып келмесең,
Қара ханның ала атын
Әлсіретіп келмесең,
Жолайдың қара күлігін
Қансыратып келмесең,
Қоңырбайдың Құмайын
Қоймай озып келмесең,
Аққұла атың құрысын!
Келер болсаң жануар
Аяңдамай желіп өт.
Мынандай белгі беріп өт:
Алдыңғы атты тістеп өт,
Артқы атты теуіп өт.
Оң құлағың тігіп өт,
Сол құлағың жығып өт.
Шоқбалмаға келгенде
Сыншылар сынап көргенде,
Сылаңдамай тыныш өт.
Айдаушылар айқайлап,
Атты санап тізеді.
Бәйге аттарын реттеп
Жал-құйрығын сүзеді.
Тұлпарларды аралап
Қоңырбай сыншы жүр еді.
Үш жүз аттың бәрін де
Қоңырбай қарап көреді.
Көріп тұрып айтады:
“Аққұла тұлпар кімдікі?
Малдан біткен мал емес,
Желден біткен мал екен.
Бәйгенің алдын алады,
Елге олжа салады.
Мұның иесі кім? — деді,



Құлақ сүйінші аламын”,
Манас батыр мақтанып,
Жанқалтасын ақтарып,
Бір уыс ділдә береді.
Қыр мұрынды Қоңырбай
Тағы да қарап көреді.
Көріп тұрып айтады,
Аттың бәрін байқады.
“Қара күлік кімдікі?
Малдан біткен мал емес
Дуадан біткен мал екен.
Бірдің соңын алады,
Елге бүліншік салады.
Мұның иесін тауып бер
Құлақ сүйінші аламын”.
Алып Жолай аңқаңдап,
Мақтанып келіп талтаңдап,
Жанқалтасын ақтарып,
Бір уыс жамбы береді
Тағы қарап көреді:
“Бұл кімдікі Мәнікер?
Малдан біткен мал емес
Оттан біткен мал екен.
Үштің бірін алады,
Елге салар әбігер,
Құлақ сүйінші аламын
Мұның иесін тауып бер!”
Бокмұрын дәу жүгіріп,
Тайтұяқ берді суырып.
Енді сыншы тоқтады
Басқа атты айтпады.
Желіктіріп, желпінтіп.
Үш жүз атты айдады.
Жалауларын байлады,
Алты өрінен асының
Сөре қалап жайғады.
Жер ортасы — Көктөбе
Жеті күн-түн жеткізіп,
Тұлпарлар сонан қайтады.
Балалардың қойнында
Таусылмайтын гүл азық.
Бұл азықтың мәнісі



Жаужұмыр мен Жауқазын,
Күлге көмген түрлі азық.
Аттар қайтып келгенше
Талай қызық өтеді.
Жамбыларын атады
Жайлап садақ тартады.
Мол жиналған қонаққа
Жегізіп қазы, қартаны.
“Тау текенің терісін
Шалбар қылған балуандар.
Бұғы, марал терісін
Белбеу қылған балуандар.
Ту тігілген майдан бар,
Балуандарды қамдандар.
Алпыс түйе, алпыс ат,
Алты жесір, жеті күң,
Жыққандарға бәйге бар —
Жыршылар шауып жырлап жүр,
Арманда болып қалмаңдар!”
Бұл жиынды басқарған
Батыр Манас, Ер Қосай,
Майданға жалғыз келіп тұр,
Қалмақтың дәуі Ер Жолай.
Бұл Жолайдың дәулігі
Жан келмейді туралай.
Айбатына қарасаң,
Кісі алатын бурадай.
Ешкім батып шықпады,
Ас бергендер ықтады.
Алыптардың бәрі де
Күресе алмай бүққаны.
Мұны көріп Ер Қосай,
Елді аралап шықаны:
“Күншығыста Көкжелек
Күнбатыста Ақжелек,
Сен қалайсың Жолайға?
Шығып мерей алғанға,
Жығылып құры қалғанға!”
Екеуі де тұрмады,
Ешбір жауап қылмады.
“Көк ала сақал Әлмембет,
Күрең сақал Келмембет



Сен қалайсың Жолайға,
Жығып мерей алғанға,
Жығылып құры қалғанға!”
Олар қалды жер шұқып,
Онан өтіп Ер Қосай
Көкжал Барақ, Көбікті,
Қанкелдіге барады,
Олардан жауап алады.
Үш батырдан үн шықпай
Ұялмастан қалады.
Ер Манасқа келеді:
“Сен қалайсың Жолайға,
Жығып мерей алғанға,
Жығылып құры қалғанға?”
Манас батыр айтады:
“Атты болса қоя бер,
Жаяу болса қоя гөр”
Жан-жағына қарады
Енді кімге барады?
Боқмұрынды ұят деп,
Ауызға Қосай алмады.
Боқмұрын келді қасына:
“Хан атамның көрсетем
Қайратымды асына”
Боқмұрынды салмады,
Айтқан сөзін алмады.
Ер Қосайдың ниеті
Бәрін бірдей көреді.
“Елеместің еркесі,
Отыз ұлдық кенжесі,
Ер Төстік шықсаң Жолайға.
Жығып мерей алғанға,
Жығылып құры қалмауға”.
Ер Төстік бұған бүй дейді:
“Мен жер астынан шыққалы
Жеті-ақ жарық күн болды.
Қаным қалды бір қасық,
Етім қалды көк жасық.
Батыр Қосай сөйледі:
“Тоқсан жасқа келгенде,
Көкетай хан өлгенде.
Өзімді өзім сынайын,



Қуат берсін ылайым.
Жұрт батпаған Жолайға
Жүгіріп Қосай барады,
Барып күрес салады.
Тоқсан жаста Ер Қосай,
Елу жаста Ер Жолай,
Бірін-бірі шалады,
Жағаласып қалады,
Анталаған жұртшылық
Жабыла шалға қарады”;
Үш күн, үш түн алысып,
Тоқсандағы Ер Қосай
Абыройды алады.
Таудай қылып Жолайды
Шалқасынан салады,
Басынан қарғып аттады.
Қалмақтар қатты ыза боп,
Палуаны жеңген мақтанды.
Ыза болған Ер Жолай
Қайта шықты сайысқа,
Шыдай алмай намысқа.
Таудай болып майданда
Зорлығы үлкен таудан да.
Боз арғымақ астында
Бір адам жоқ қасында,
Көк қалпағы басында.
Бұл Жолайдың дәулігі
Жүз қой жесе тоймайды.
Бір көлдің суын ішсе де
Орта болып тоймайды.
Өзім қайта шығам деп
Өкіректеп қоймайды,
Қой десе де болмайды.
Көтеретін ат таппай
Манас батыр қамданып,
Шықпақ болды ат таңдап,
Шал Қосайдан арланып.
Манасты басқа ат тартпайды,
Аққұладан өзге мал
Манастың жайын таппайды.
Бәйгеге қоспай басында
Ақжелектің тұлпары



Ақсерек атты сақтайды.
Ақсеректі ап келді
Ер Манасқа бап келді.
Мініп алып Ер Манас
Ер Жолайға шапты енді.
Бір-біріне екі алып
Қарсыласып шабысты.
Қару-жарақ қолда жоқ
Құры қолмен алысты.
Жағадан ап тартысты,
Аттар жерге жатысты.
Қарап тұрған қалың ел
Көп қызыққа батысты.
Ақсерек пен Ақбоз ат
Жас шыбықтай майысты,
Қабырғасы қайысты.
Екі алып егесті,
Жібермеске намысты.
Жағаларын жұлысты,
Түрлі өнер қылысты.
Әрберіден соң екі алып,
Қарағай мен қайыңды
Түбіменен жұлысты,
Жұлып алып ұрысты.
Қыр жер кетті ой болып,
Ой жер кетті қыр болып.
Таң атады күн болып,
Кеш батады түн болып.
Кейінгі елге қалыпты
Ертегі мен жыр болып.
Үш күн, үш түн дегенде,
Күн бесінге келгенде,
Ел батыры Ер Манас
Ер Жолайды жеңеді.
Ақбоз аттан жығады,
Атымен бірге құлады,
Боз жотадай сұлады.
Қара қалмақ қамығып,
Ыза болып жылады.
Ер Манасты құрметтеп,
Қырға халық шығады.
Алты өріңді асынып,



Сөреге келіп тұрады.
Түпке кеткен тұлпардың,
Дүбір сарыны шығады.
Шырылдаған баланың,
Жылап тұрды шал-кемпір
Естігенде ұранды.
Қалың халық жыбырлап,
Тұра алмай түр қыбырлап,
Қарғадай боп шуылдап,
Жүректері суылдап,
Төбе шашы дуылдап.
Бала шапты “Манастап”
Бағына кім таласпақ.
Аққұла күлік келеді,
Алты өрден қарыштап.
“Жолай-Жолай” жолайлап,
Қара тұлпар келеді,
Құйрық тістеп жанастап.
Қой сүйкенер өреге,
Тай сүйкенер — дөдеге.
Тау сілкіктіп, тас жарып
Дүбірлі тұлпар келеді.
Шаңырақ үй шарт кетті,
Сынды қирап кереге.
Аққұланың мойны озып,
Ұрандап кірді сөреге
“Көкетайлап” Мәнікер,
Масаттанды қалың ел.
Айқайменен жаңғырды
Күңіреніп аспан-жер.
Үштің бірі өткен соң,
Өзге тұлпар бәрі бір.
Кезек-кезек шуалып
Озғандары кеп жатыр
Даяшылар гуілдеп,
Бәйгемді бер деп жатыр.
Ат қоспаған арманда
Бөлен-түген деп жатыр.
Бірінші бәйге қауіпті,
Кім жек көрер сауықты.
Қара қалмақ жиналып,
Бір амалды тауыпты.



Аққұлаға жегізген
Жеміне қосып бергізген,
Саңғырығын тауықтың.
Көктөбеден қайтқанда,
Басқа тұлпар шапқанда,
Үш күн, үш түн өткенде,
Аттар қайтып кеткенде,
Талай жерге жеткенде,
Есін жиып шын тұлпар
Көтеріп басын алыпты.
Аққұланы күзетіп,
Шапқан бала зарықты.
Үш күннен соң жас бала
Ізді қарап тауыпты,
Артынан қуып барыпты,
Төте жолға салыпты,
Ел аузында қалыпты,
Ертегі болған тарихты.
Хантауына келгенде,
Тұлпарлар қызып терледі.
Үш бөлініп өрледі
Үш жүз тұлпар бөлініп,
Үш жерменен келеді.
Кезеңінен Шоқпардың
Шуылдап келіп асады.
Жартысы кетті Қопамен,
Өрлей шауып жотамен
Озамын деп төтемен.
Жартысы кетті Қараоймен
О да кетті бір оймен.
Өңкей тұлпар дүлдүлің.
Қапшағайдан бас қосып,
Үзеңгі бау қағысты,
Ілені өрлей салысты.
Сонда жетіп Аққұла ат
Балалармен табысты.
Тұлпар керек қылмайды
Жақын менен алысты.
Үш күн, үш түн соң шауып,
Аққұла алды намысты,
Бұл намысқа таласып,
Қалың қалмақ қарысты.



Қара күлік озды деп
Жала қылып жабысты.
Бұл жалаға шыдамай
Манас пенен Ер Жолай,
Ерегесіп қалысты.
Ерегесіп екі алып
Қамшысымен шабысты.
Елдің алды тарады,
Тарап кетіп барады,
Жолай менен Ер Манас,
Төбелесіп қалады.
Төбелесіп Ер Манас,
Жолайдың басын жарады,
Қара қалмақ жабылып
Ер Манасты қамады.
Қамалаған қалмақты
Қиратып Манас қағады.
Шуылдаған қалмақты,
Сүйретіп Манас барады.
Мұны көріп Ер Қосай
Арашалап шабады:
— Тоқта, тоқта, Ер Манас,
Егескенді жер Манас!
Қариялық айтайын
Бері таман кел, Манас!
“Сабыр түбі сары алтын”,
Бір ашуың бер, Манас!
Ат шапқан ауыл біздікі,
Әбиір, атақ сіздікі.
Көкетай хан кімдікі?
Көтерер жол біздікі.
Көкетайға ас бердік,
Ақсақалға бас бердік.
Елдің бәрін жинадық,
Алпыс күндей сыйладық.
Ауылға келген қонаққа,
Көргенсіздік қылмалық.
Ұрысса да мейман ғой,
Не қылса да көнелік,
Кейін күшін көрелік.
Қалмақ қайтсын мәз болып
Бәйгені екі бөлейік.



Манас батыр мақұл деп,
Бұл айтқаның ақыл деп.
Енді Манас тоқтапты,
Ішіне кек сақтапты.
Қалмақтарға бәйгені
Бөліп беріп тарқапты.
Қоңырбай сыншы айтқаны
Бірі өтірік болмапты,
Бұл жанжалдың боларын
Бұрын біліп болжапты.
Көкетай ханның асында
Келмеген адам болмапты.
Көкетайдың жиыны
Осылай боп тарады.
Жиылған ел алпыс мың
Жер-жеріне барады.
Боқмұрынның атағы
Бүткіл жерді жарады.
Бүкіл малын сарып қып,
Көше алмай жұртта қалады.
Үйлер қалды тігулі,
Жүктер қалды жиюлы.
Жалғыз аты Мәнікер
Астында қалды мінулі.
Ақжелек ханның алдына
Алыптар келіп жиылды.
Қалған етті бөліп жеп
Кеселеп қымыз сімірді.
Боқмұрын мен Сумұрын
Қызмет қып жүгірді.
Ер Төстік пен Боқмұрын,
Бір-біріне көрінді.
Ақжелектің төрінде
Алыптардың алдында
Айтыс сөзге жүгінді.
Ер Төстік пен Боқмұрын
Бір-біріне жексұрын
Ел алдында керісті,
Өкпелерін терісті.
Екі батыр егесіп,
Ел алдында көрісті.
Егесіп тұрып екі алып,



Шегінісіп тұрысты.
Бір-біріне тап беріп,
Суырады қылышты.
Бірін-бірі құртам деп
Өштесіп қол алысты.
Екеуі де арыстан,
Жібермеске намысты,
Күндей болып күркіреп,
Күштілігін салысты.

Б о қ м ұ р ы н:

Елеместің еркесі,
Отыз ұлдың кенжесі,
Ерегіскен ерлердің
Қайда қалмас кәлдесі,
Кейін тартқан кедейдің
Кержік болар желкесі,
Желікпе, Төстік, жер жұтқан
Ала қаптай кеудесі.
Сендей құлдың көрдің бе,
Біздің аттың бәйгесі.
Иіргенмен тұра ма
Асықтың саған тәйкесі.
Елемесұлы Ер Төстік
Ел бүлдірген ерте өсіп.
Төкетайды өлтірдің,
Ақжелекті көшірдің
Отыз ұл боп тудым деп,
Неменеге есірдің!
Қалың халық қарғады
Қара жер неге жалмады?
Ата-анаң қарғады,
Қатын, балаң зарланды.
Ағаларың қаңғырды
Әзіз басың мәңгірді.
Өзіңе таптың кесірді,
Қаракөз бен Айнамкөз
Қаңғырттың қайран жесірді.
Қайда тастап кеп тұрсың,
Аулыңа барған кемпірді?
Қаңғып өзің келіпсің.
Аламын сенен өшімді



Ақ түйғындай шоқимын?
Көзің менен төсінді.

Е р Т ө с т і к:

Хан емеспін, қарамын,
Қарадан туған баламын.
Өзім деген адамға
Ортаға бәрін саламын.
Ерегескен кісінің,
Еріксіз басын аламын.
Хан баласын көргенде
Қайраттанып қаламын.
Қалың елді қанаған
Ханның білдім арамын.
Қан сорғышты көргенде
Көзім оттай жанамын.
Күресуге келгенде,
Аспаннан келер табаның.
Кектесіп көр менімен
Қараң қалар заманың.
Хан баласын құртуға
Қарсы, туған баламын.
Ханнан туған сен едің
Қарадан туған мен едім.
Хан атаңның асына
Қаптаудан іздеп кеп едім.
Батыр болсаң Боқмұрын,
Бұрын іздеп келмедің.
Төкетайдай ағаңның
Құнын іздеп келмедің.
Аулыңа келдім алыссақ,
Қырым, Үрім алыстан.
Не қылайын деп едің?
Батыр болсаң мен құсап,
Өзің келсең болмай ма?
Ерлігімді Боқмұрын
Көзің көрсе болмай ма?
Төкетайдың теңдігін
Іздеп келсең болмай ма,
Төкетайды өлтірдім
Өлтіріп өзім кеп тұрмын.
У жеп өлді кемпірің



Кемпірмен не бітірдің?
Достық қылмай, қас қылды,
Дұғалап мені мас қылды.
Екі қызды жынды қып
Диюға алып қаштырды.
Мені жерге түсірді
Онымен не бітірді?
Қу моланы құшақтап,
Өзін-өзі өлтірді.
Кебіні жоқ көрі жоқ,
Ит-құсқа өзін жем қылды.
Көкетай ұлы Боқмұрын,
Күрескің келсе менімен
Қамыңды же күн бұрын.
Жолды Қосай атаға,
Атақты Манас ағаға,
Сәлемдесе кеп тұрмын,
Ақжелек пен Көкшеге,
Амандаса кеп тұрмын.
Көкжал Барақ, Көбікті,
Көрейін деп кеп тұрмын,
Ізеттілік сәлемін,
Берейін деп кеп тұрмын.
Ерегіссең желкеңе,
Мінейін деп кеп тұрмын.
Асыл, жасық екенсің,
Білейін деп кеп тұрмын.
Көкетайдан тәбәрік
Киейін деп кеп тұрмын.
Ақжелектей ағаны,
Ақырғайдай жеңгені,
Серік атты інімді,
Сүйейін деп кеп тұрмын.
“Адасқанда айып жоқ,
Қайтып тапса жазық жоқ”.
Ақсақалды берсеңдер,
Көшіргелі кеп тұрмын.
Аяғына жығылып,
Кешіргелі кеп тұрмын.
Қылша мойным міне деп,
Ұсынғалы кеп тұрмын.
Ата дұшпан аразы



Өмір бойы өткенше,
Ағайынның аразы
Торқа орамал кепкенше,
Ақжелектей атамыз,
Кешіре көр, қапамыз.
Ақырғайдай анамыз
Ұмыт, кешкін күнәмді
Онда біз де баламыз.
Көңіліңе қайғы түспесе,
Жүрекке дақ тимесе,
Туар ма еді балаңыз.
Аман болса Серігің,
Гүлді ормандай көрігің.
Бастан өткен қатемді
Байқап сізге келуім.
Балалық өтті басымнан
Сол үшін сәлем беруім.
Қателік кетті басымнан
Ерке болдым жасымнан.
Бетіме шіркеу болып тұр
Сіздер көшіп қасымнан.
Көп көлденең мен көрдім,
Ағарған сақал, шашыңнан.
— Жолдасым Ержан мынау тұр.
Жаным пида досымнан,
Жолды Қосай, Ер Манас,
Жауап қайтар осыған.
Атыраптан Ақжелек
Қаратаудан қосылған.
Тоқсан жорға тартуым
Ақжелектің алдынан.
Халқы шулап жылаған.
Қарғыс алған мен едім
Жасы менен қартынан,
Өкпелеп маған айрылған,
Үрім, Қырым халқынан,
Елдің небір дәулері,
Мен бір қыран талпынған,
Хан баласын көргенде,
Қанат қағып шарқ ұрған.
Бокмұрындай алыптың
Мұрнын бұзып қан қылған,



Майданында шаң қылған.
Заманасын тар қылған.
Көрер күнін зар қылған,
Ақжелекті беріндер?
Атандырмай қаңғырған.
Тойған жерін ит табар,
Туған жерін ер табар,
Алатау елі хан қылған.
Тәж-тағы бар алтыннан
Айрылыпсың Ақжелек,
Батырлықтың салтынан.
Батыр басқа, бай басқа,
Халық басқа, хан басқа,
Ханда қалмас қасиет
Қызыққан соң мал-басқа,
Астында тақ, баста тәж,
Алтын төсек жанбаста.
Өзен басқа, сай басқа,
Жұлдыз басқа, ай басқа,
Ақжелек көзің жете ме
Алжыған деп айтпасқа?
Ақырғай көзің жете ме,
Халықтан көңілің қайтпасқа
Қаңғырғанның ұлы деп,
Серікті ұрар қақ басқа!
Жеті жасар жеткіншек
Жеделдеп елін таппас па!
Жек көрген балаң Ер Төстік,
Жылатып достық айтпас па!
Қалың елге ақсақал
Айтамын Қосай, Манасқа!
Ханда қандай қасиет,
Халықтан шығар өсиет
Көпке бірдей жақпайды,
Бойына бітер қасиет,
Елге бірдей жақпайды,
Елдің көңілін таппайды.
Халықтың қанын сорады,
Халық қарғап даттайды.
Тура билік қылмаса,
Ішіне кек сақтайды.
Күндердің күні туғанда



Аяққа салып таптайды.
Батырлықта мың қасиет
Халық тұзын ақтайды.
Көпке күшін сатпайды.
Ел жаман деп айтпайды,
Халық қамын ойлайды,
Ел дұшпанын жаулайды.
Күндердің күні туғанда,
Еңбегін ел мақтайды.
Хан баласын қараша,
Боқмұрынша боқтайды.
Елеместің еркесі
Отыз ұлдың кенжесі
Осылай деп тоқтайды.
Мұны елдің дәулері
Бастан-аяқ тыңдады,
Көпті көрген батырлар
Еш қарсылық қылмады.
Ер Төстіктің ерлігін
Түгел бәрін сынады.
Ақжелек пен Ақырғай
Солқ-солқ етіп жылады.
Ешбір жауап айта алмай,
Екі көзін бұлады.
Ер Төстіктің сөзіне
Ыза боп іштен тынады.
Жыламай жауап қайтар деп,
Жиылған көп сұрады.
Ашып жауап айтпады,
Батырлар тағы шулады,
Түнеріп сөз қатпады.
Ер Қосайдан басқасы
Ер Төстіктей батырға,
Сөз айтуға батпады.
Жүзге келген Ер Қосай,
Көпке мойын бұрады.
Сөйлейтінің бар ма? деп,
Батырлардан сұрады.
Бәрі шулап Қосайға
Манас жауап қылады:
Екі тізгін, бір шылбыр
Сізге берген еліңіз.



Елге келген жау болса
Бізге берген еншіңіз.
Көзің тірі тұрғанда
Неге шықсын тіліміз.
Ер Төстік те балаңыз,
Боқмұрын да балаңыз,
Бәрін бірге санаңыз,
Асықпай болжап қараңыз.
Бұл елдің халқы түп-түгел
Сіздің тілді аламыз.
Ер Төстік пен Боқмұрын,
Уәде алып қалыңыз.
Тоқсан беске келгенше
Тойтармаған шалымсыз.
Ақсақал тілін алмайтын,
Ер Төстік сыры мәлімсіз.
Маңдайдағы барымсыз,
Жүк қалмайтын нарымсыз.
Ауыздан шыққан лебің
Барлық елге мәлімсіз.
Меймандығы болмаса
Төстікке жетер әліміз.
Елемес ұлы Ер Төстік
Уағданды бер, Төстік.
Ер Қосайдай қормалға
Бір-ақ сөзбен кел, Төстік,
Біз аттанбақ болғанда,
Тоқтаттың, Қосай, кескестеп.
Не десе де Ер Қосай
Мақұл деді бәрі де.
Қосай-Қосай болғалы,
Әділеттен таймаған,
Бұл Қосайдың оңбайды,
Жолыққан кісі зәріне,
Жолды Қосай атанған,
Қазақ-қырғыз еліне.
Хан мен қара бағынған.
Ауыздан шыққан лебіне.

Қ о с а й:

Бүкіл таудың бұлағы
Өзенге келіп құяды.



Су басынан тұнады,
Сөз ақылдан шығады.
Тезге салмай түзелмес,
Түрлі ағаштың бұраңы.
Батыр туса халықтан
Манастай боп ұраны,
Қырық жылғыны болжайды,
Ақылы асқан қырағы.
Ақындардан естиді
Мың жылғыны құлағы.
Үрлегенмен өшпейді,
Ақтың жаққан шырағы.
Ақылы бар батырлар
Бұл мақалды ұғады.
Тоқсан беске келгенде
Елді алалап бөлмеймін.
Адамзаттың баласы
Ата-анасы бір деймін.
Әділетімді аударсам
Елдің жүзін көрмеймін,
Жеткенінше ақылым
Теріс билік бермеймін.
Ат басындай алтынға,
Нәпсі бөліп ермеймін.
Рұхсат бергің көпшілік,
Енді біраз сөйлейіи.
Шарт жүгініп Ер Қосай,
Ақсақалын бір сипап,
Ең ақырғы билігін,
Айтатұғын келді шақ.
Ақжелек хан үйінде,
Астында түр алтын тақ.
Көкетай ханның орнында,
Көшіп келіп тиген бақ.
Көкетайға ат шауып,
Көше алмай қалған осы уақ.
Жолды Қосай толғанып,
Істің түбін ойланып.
Ер Төстіктің сөзіне
Бокмұрын отыр долданып.
Қалың батыр қамалап
Екеуін отыр қолға алып.



Ерік бермей бұларға
Елдің түрі жонданып.
Ер Қосай сөзін тыңдады:
Боқмұрын, Төстік қос алып.
Жайын туар балықтан,
Сөз туады халықтан,
Дария аспас қалыптан.
Он сегіз мың бар әлем
Баһар алар жарықтан.

Адам адам болғалы,
Адам атқа қонғалы
Қара жердің қанары
Жұтып бәрін толмады.
Жылжып өтіп барады
Бір тиянақ болмады.
Қанша әзіз әулие,
Алмай ажал қоймады.
Қанша батыр хандарды
Бірін-бірі қоймады,
Осылай деп Ер Қосай
Көпке қолын жайғаны:
Опасы жоқ дүние
Талайларды жайлады.
Ақыр заман болған жоқ,
Ел кеңестен қалған жоқ.
Қиямет-қайым болған жоқ.
Халық жайлаудан қалған жоқ.
Көкетай мен Төкетай,
Өлгенімен арман жоқ.
Ажалдан тағдыр жеткен соң
Бұған қылар дәрмен жоқ,
Ай мен Үркер тоғысар,
Арадан бұлт жабысар.
Екі арыстан алысар
Бірі өліп қалысар.
Екі батыр соғысар
Халықтардың қамы үшін
Қалыс айтса табысар.
Ер Төстік пен Боқмұрын
Екеуің де баламсың.
Алатау мен Қырымға,



Жақсы болсаң панамсың,
Ерегессең екеуің,
Елге бүлік саларсың.
Бүлінетін жұмыс жоқ,
Бұл тілімді аларсың.
Ерегессе ер өлер,
Бір-бірінді шабарсың.
Қалың елді күйзелтіп,
Қандай пайда табарсың.
Түбіміз бір туысқан
Өмілдірік, құйысқан,
Төкетай үшін өш болып,
Жарамайды ұрысқан.
Жақын елдің баласын
Жауға балап қиыспан,
Қарағай бойы қар жауса
Жұтамайды сауысқан.
Қан төгіспес туысқан,
Төстік пенен Боқмұрын,
Болмаңыздар жексұрын.
Қариялық сендерге,
Ойлағанмын күн бұрын.
Екеуің де арыстан,
Жарамайды қарысқан,
Келдің Төстік алыстан,
Сөз қалмасын қалыстан.
Ағайын ел дәулері,
Түгел отыр данышпан.
Сөз келеді икемнен,
Ақболат шығар дүкеннен.
Екеуіңнің күшің бар
Көк берендей түтеген.
Ерегескен дұшпанның
Желкесін қиған жетеден
Құшақтасып дос болғын
Сөзім осы төтеден,
Үлгі алсаңдар үлкеннен.

Мақұл десең балалар,
Тұрып қолың жайыңдар,
Көптен бата алыңдар.
Төске-төсті тигізіп,



Мойынға қол салыңдар.
Мынау елдің қормалы
Манас батыр нарың бар,
Жолды Қосай шалың бар.
Ер Манасты бас қылып,
Жау тисе елге шабыңдар.
Арманда кеткен қыздарды
Ер болсаң іздеп табыңдар.
Өткен кекті тастандар
Үшеуің елді бастандар.
Қартайғанда қайғыртпай
Халқыңды таза бағыңдар.
Ақжелекті көшіріп,
Қырым жаққа барыңдар.
Еліне барып қосылсын,
Ер Төстіктің айтқанын,
Түгел бәрін қылыңдар.
Мен батамды берейін,
Ынтымақты болыңдар.
Ер Төстік пен Бокмұрын,
Тізе қосып жүріңдер.
Барды бөліп мініңдер,
Барды бөліп киіңдер.
Қаракөз бен Айнамкөз,
Тірі-өлісін біліңдер.
Сұлу таңдап сүйіңдер.
Екі алып қол жайып,
Қосайдан бата алады,
Боз биені шалады.
Ер Төстікке үй тігіп
Кілем, көрпе салады.
Құшақтасып дос болып,
Нұр жауып енді қалады.
Мәнікерді мінгізіп,
Бадананы кигізіп,
Төстікке тон жабады.
Мәнікерді бас қылып
Тоғыз түрлі асылмен,
Жолын осылай табады.
Жолдасына бір тоғыз
Ержанға да беріпті,
Түрлі сыйлық көріпті.



Екі батыр елжіреп
Сарымайдай еріпті.
Ақжелек пен Ақырғай,
Амандасып елменен
Қолына ұстап Серікті,
Өз еліне келіпті.
Тұлпар түбін тауыпты,
Ер Төстікке еріпті.
Үрім менен Қырымға
Орнына қайта қоныпты.
Екеу еді үшеу боп,
Халқын аман көріпті.
Қырық жігіт пен Сумұрын,
Ақжелекті көшіріп
Ер Төстікке еріпті.
Атасының орнына
Боқмұрын қайта мініпті.
Қырық нөкер қасында,
Хандық сәулет құрыпты.
Ақжелекті апарып,
Атырапқа тапсырды.
Төкетайдың басына
Белгі қойып, ас қылды.
Қырық жігіт пен Сумұрын
Елдің басын қостырды,
Парасатын астырды.

Қырым елі жиналып,
Ақжелекке той қылды,
Талай малды сойдырды,
Тойын үлкен мол қылды.
Ақ киізге көтеріп,
Ақжелекті хан қылды.
Қырық күн, түн той істеп,
Қырым, Үрім таңғылды.
Қонақтарға үй тігіп,
Қанша түрлі қам қылды.
Ер Қосайдың ақылы
Атысқанды ел қылды,
Андысқанды бел қылды.
Қонақтарды құрметтеп,
Ән мен күйлер салдырды.



Иран, Тұран халқы әрі,
Араласты алқалы.
Қызыл нарын бас қылып,
Қырық нарды қостырып,
Үстіне кілем жаптырып,
Жібектен арқан тақтырып,
Қырымға келген қонақты,
Ер Төстік күтті шат қылып.
Әншілерді шырқатып,
Ақындарын жырлатып,
Бозторғайын шырлатып,
Бұлбұлдарын сайратып,
Бозбаласын ойнатып,
Қыз, келінін жайнатып,
Қырымның қызыл қымызын
Сабасынан жұтқызып,
Қазы-қарта жегізіп,
Қыздырып елді бұлқынтып,
Қырық жігітке қырық жорға
Мінгізеді жұлқынтып,
Қырық тақия, қырық шапан
Кигізіп жатыр сілкіктіп.
Иран, Тұран елдері,
Достықпенен сыйлапты.
Сары майдай елжіреп
Араласып сұрапты.
Ер Төстік пен Бөкмұрын
Бірін-бірі сынасты.
Иран, Тұран халқының,
Тойы тойға ұласты.
Қырға шығып қызықпен,
Қуанып халық шуласты.
Жамбы атып күресіп,
Жазып жатыр құлашты,
Құшақтасып көрісіп
Иран, Тұран жыласты.
Жолды Қосай қарияның,
Айтқаны болды расты.
Қырым халқы үміт қып,
Қырық жігіт жинады.
Қонақтар атын ерттеді,
Жиыстырды тұрманды.



Ақжелек пен Ақырғай
Көпке мойын бүрғаны.
Бұралып келіп екеуі,
Орнынан тұрғаны.
Боқмұрын балам асыл деп,
Жайма кекіл жасым деп,
Сумұрын мен екеуін,
Құшақтап, құшып жылады.
Серік атты баласы
Ағалап жасын бұлады.
Ақжелек сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
Пайда көрген жеріңнен,
Байпаңда да баса бер
Залал тапқан жеріңнен,
Қайқаңда да қаша бер.
Екеу болып барып ем,
Үшеу болып қайтып ем,
Бір перзенттің азабын,
Атырапта тартып ем.
Боқмұрын мен Сумұрын
Серігіңе бата бер.
Өз құрбыңнан қор болмай
Тау суындай таса бер,
Бақ-дәулетің аса бер.
Ер Төстік пен Боқмұрын,
Айрылмай тізе қоса бер.
Алысқан залым жауыңның
Қанын судай шаша бер.
Малды, жанды басқарып,
Сумұрын балам жата бер.
Жолды Қосай, Манасқа
Дұғай сәлем айта көр.
Ақжелектен сәлем айт,
Ақырғайдан сәлем айт.
Сегіздегі Серіктен
Апасына сәлем айт,
Кіндігін қиып, ат қойған
Атасына сәлем айт.
Күншығыста Көкжелек,
Көкшеге де сәлем айт.
Көкжал Барақ, Көбікті



Қанкелдіге сәлем айт.
Күншығыс халқы көпшілік,
Аға, ініге сәлем айт,
Ардақты атым Ақсерек,
Атыраптың көп малы,
Ер Қосайға алып қайт,
Мойнымда алмас қылышым,
Ер Манасқа алып қайт,
Разы болсын жолдасым,
Үш қайтара құлдық айт.
Баламен бірге бақ берген,
Басыма тәж бен тақ берген,
Күншығыс халқым ұмытпан
Қойныма бала сап берген.
Түбі бірге түртпейді?
Тұрандай түгел халқымнан,
Тұрғызбай Төстік ап келген.
Осылай деп Ақжелек,
Уа, балалар, қош!— деді,
Орнынан ұшып тұрды да
Боқмұрынды иіскеді.
Сумұрын мен Серігім,
Жан аямас дос, деді.
Жайма кекіл жасым деп,
Сүйікті бала осы деп,
Ақжелектен жас келді.
Ақырғай тұрып орнынан,
Бауыр басқан балалар,
Кетпесін деп ойымнан,
Боқмұрын мен Сумұрынның,
Жылап сүйді мойнынан.
Қарақтарым, қарашығым,
Қартайды ата-анаңыз.
Тумасаң да туғандай
Үшеуің біздің баламыз.
Келіп кетіп жүрмесең
Қара көңіл боламыз.
Қарай, қарай сағынып,
Қарағым, от боп жанамыз.
Абысындарға сәлем айт,
Қайтып қиып қаламыз.
Ауыл арасы жылдық жол



Қайтып хабар аламыз.
Бірін-бірі қия алмай,
Үш күн жатты жүре алмай.
Ағалап Серік жылайды,
Көзінің жасын тыя алмай.
Сумұрын жүр солқылдап
Не қыларын біле алмай.
Боқмұрынның мұрнынан
Жас тамып жүр ұялмай.
Халықтың бәрі қамықты
Қайтсін деді білгені
Бауыр басып қалыпты.
Батыр Төстік келді де,
Ақжелекке сіз деді,
Артында інің біз деді.
Айнамкөз бен Қаракөз,
О да сізге қыз деді.
Боқмұрын мен екеуміз,
Рұқсат бер ізделік!
Қан құсады үйдегі,
Май шайнайды түздегі.
Сол дұшпаннан кек алмай,
Жүрегіміз мұз деді.
Қонақтарды атқарып
Екі қызды іздемей
Жауға шаппай қасқарып,
Жатқанымыз жарай ма?
Қас жауыңнан жасқанып.
Ақжелектей ағамыз,
Ақырғайдай анамыз,
Жолды Қосай, Ер Манас,
Елдегі үлкен панамыз.
Кешіктірмей жүрелік
Біз де осылай барамыз.
Әзіз келген мейманды
Ертіп барып саламыз.
Жолды Қосай, Манастан,
Барып бата аламыз.
Жер үстінде бар болса,
Екі қызды табамыз.
Ерегескен дұшпанды,
Ерік бермей шабамыз.



Екеумізді дос қылдың
Біз де сіздің балаңыз.
Елді алалап бөлмеген
Ер Қосайдай данамыз.
Ер Манас аман тұрғанда,
Кімнен қорқып қаламыз.
Бозжігіт пен Серікті,
Бірдей етіп санаңыз.
Бата берді Ақжелек,
Ақ сақалы желпілдеп,
Қалың халық қол жайды,
Мейірі түсіп елпілдеп.
Жылап бата береді,
Екі көзі мөлтілдеп.
Ер Төстік пен Боқмұрын,
Тіке тұрды селкілдеп.
Ақжелек батыр сөйледі,
Мұратыңа жеткін деп,
Ғашық жарың табылып,
Ақ бетінен өпкін деп,
“Ақыреттік” екі дос,
Серттеріңе жеткін деп.
Атырап елі Ираннан
Боқмұрын хан қайтады.
Күліп ойнап жайқады,
Ер Төстікті байқады.
Ерлігіне ырза боп,
Елге келіп айтады.
Қырық нарды жетелеп
Қыпшақы кілем жайнады.
Ақалтеке тұлпардан
Алдына салып айдады.
Қарадан туған Ер Төстік,
Қатарым деп Боқмұрын,
Ішінен біліп ойлады.
Алатауды сағалап,
Асылмен атын тағалап,
Боқмұрын, Төстік келеді,
Әлемге өзін бағалап.
Қаратауды бауырлап
Қамшылап атын сауырлап,
Желмая мен тұлпарлар



Желе басып дауылдап.
Құлан қашса қиядан
Қатарласып шабады.
Жолбарыс көрсе тоғайдан,
Жоталап оны алады.
Арыстан шықса айбат қып,
Найзамен ішін жарады,
Айдаһар шықса ысқырып,
Соталап оны шабады.
Тақымына қыстырып,
Ер Төстік пен Бокмұрын,
Ойнап кетіп барады.
Аю, қабан, қасқырды,
Алдына айдап қырып жүр.
Бұғы менен маралды,
Таудай қылып үйіп жүр.
Мәнікер мен Ақсерек,
Ұшқан құсты іліп жүр.
Арқар менен құлжаны,
Күнара тамақ қылып жүр.
Жол бермейтін тоғайдан
Жол салып өтіп барады.
Жан батпайтын жыртқышқа
Қол салып кетіп барады.
Толқын, өзен тулаған
Тоқталмай жүзіп барады
Бір жылдық жолдан бір айда
Аяңдап келіп қалады.
Жолды Қосай, Манастың,
Алдына жетіп барады.
Екі қызды іздеуге
Батасын оның алады.

Көксазы Көкетайдың шыбын үшпас,
Төл өсіп, төрт түлік мал өріп жатыр.
Ал енді екі қыздан сөз басталық,
Мұның да оқиғасы толып жатыр.
Тап сол кез сарша тамыз айы еді,
Ел көшіп, көк жайлауға қонып жатыр.
Жайлауда сары қымыз, бағлан сойып,
Қыз ойнақ, қымыз бенен болып жатыр.
Сарқырап Таушелектің тасқын суы



Жарқырап тасты-тасқа соғып жатыр.
Миуалы белден шалғын бетегелі,
Қияда жайылып мал бөгіп жатыр.
Қырындап қыз-келіншек сылқ-сылқ күліп,
Ән шырқап, ағыл-тегіл келіп жатыр.
Айтысқан бозбалаға мойын бұрып,
Қылымсып қабақтарын керіп жатыр.
Қарағай қайың жаққа көзін қысып,
Белгісі алтын жүзік беріп жатыр.
Бөлініп қыз-бозбала екі жаққа
Лек-лек боп әткеншекті теуіп жатыр.
Айнамкөз бен Қаракөз еске түсіп,
Ышқынып бір күрсінді Төстік батыр.
Төстіктің күрсінгенін көріп Қосай,
Ер Манас қайда, деді, бермен шақыр.
Шақырды Ер Манасты Қосай тұрып,
Ер Манас жетіп келді зыр жүгіріп.
Қосайдан қорықпайды, сыйлаушы еді,
Отырмай тіке тұрды қол қусырып,
Төстікті Боқмұрынмен шақырады,
Екеуі келіп тұрды ізет қылып,
Бата алып жолды Қосай ақсақалдан,
Үш батыр қыздарды іздеп кетті жүріп.
Қоңтайшы сол аймақтың ханы еді,
Үш батыр солай кетті мойын бұрып.
Астында Ер Төстіктің Мөнікер ат,
Мінгені Ер Манастың Құла күлік,
Астында Боқмұрынның Ақсерек ат,
Дүшпанға бұл үш батыр салмақ бүлік,
Әкеткен елсіз жерде екі қыздан,
Мақсаты хабар алу тауып, біліп.
Жаңғыртып Алатауды әнге басып,
Қосылар қошемет қып таудың тасы.
Мың болсын, миллион болсын кездескені
Қырықтан асқан емес бір жолдасы.
Құмалақ қырық бір болса сөйлейді, — деп.
Ержанды қосты Манас қосағасы.
Аттанды қырық бір шора сонан кейін
Сауыт қалқан, басында, дулығасы.
Ысқырып өңкей тұлпар желдей есіп,
Дүшпанның сықырлап түр босағасы.
Жақындап жау шетіне келіп қалды



Көрінді сағымданып ел қарасы.
Үш батыр нысана атып алға жүрді
Бөктер жол, бөкен желіс тау сағасы,
Жолына азық-түлік, қос мес алды,
Аң, киік, құлан, құлжа жейтін асы.
Келеді, Ер Төстікті сынап Манас,
Манастың алпыс үште сонда жасы.
Ерлерде үш белгі бар, деді, Манас,
Белгінің онан басқа бәрі талас.
Белгінің біріншісі ардақты іс,
Бірі — ұйқы, бірі — жүрек, біреуі — адас.
Шын батыр шырт тұманда адаспайды,
Қас батыр көп деп жауды санаспайды.
Үшінші белін шешіп ұйықтамайды,
Жеткенше айтқан сертке тоқтамайды.
Бәрі де бұл белгінің Ер Төстікте,
Сыныма толдың, Төстік, ерге ыңғайлы,
Мен дағы көпті көрген ақ самайлы.
Ер Манас батырларға: — тоқта, — деді.
Айтарың тағы басқа жоқ па? — деді.
Айласыз аңғал батыр толып жатыр
Ұшатын күні бұрын оққа, — деді.
“Құтылмас бар қашаған деген мәтел,
Басына түсер бір күн нокта”, — деді.
Әлек боп көбелектей кейбір батыр,
Күйеді соқтығам деп отқа, — деді.
Дұшпанның жақындадық аулына,
Ер Төстік ішің күйер бауырыңа.
Бұлардың Жолай деген алыбы бар,
Атының дақ тимеген сауырына.
Боқмұрын, батыр Төстік, баласыңдар,
Жұмыстың мен барайын ауырына.

Манас тағы сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Сөз тыңдаңдар, уа, достар,
Батыр жігіт қол бастар,
Ұзақ жолға жүргенде
Өрен тұлпар ойқастар.
Көрмеген жер, ой-шұңқыр
Ерлерді ер байқасар.
Қамданыңдар, балалар,



Жаумен жақын айқасар
Күнің туып келеді,
Кеуде тіреп шайқасар.
Бұлт құшып, мұз бүркіп,
Жауларменен шайнасар.
Түнде барып ел шапса,
Қатын ісі дейді екен.
Күндіз барып жауды алса,
Батыр ісі дейді екен.
Батыр туған азамат
Елдің қамын жейді екен.
Жолай ауыл шетінде,
Келер жаудың бетінде,
Сонау тұрған ақ күмбез
Қызынікі секілді.
Қызының аты — Күнтимес,
Денесіне су тимес.
Ақ үйде жалғыз жатады,
Маңайына жан жүрмес.
Сіздер тоқтап тұра тұр,
Сол үйге мен барайын.
Үйге еніп қарайын,
Екі қызды жоғалтқан
Біле ме екен сұрайын?
“Сабақты ине сәтімен”,
Сәті түссе табайын.
Оянбаса оятып,
Қыздан жауап алайын.
Ол ауылдың көрмейді
Бізден басқа маңайын.
Ат оттатып жата бер,
Айыл-тұрман тарта бер.
Ауқат ішіп, аң қарап,
Киік, марал ата бер.
Тәуекел деп ер Манас,
Аққұлаға мінеді.
Шаңқай түстің шағында,
Жалғыз үйге келеді.
Маңайында адам жоқ,
Байқап Манас көреді.
Асыл тастан ақыр тұр,
Ақ сұңқар қонбас тұғыр тұр.



Еңсесі биік ақ орда
Түндігі жабық үйі түр.
Тұсының бәрі түрулі
Көк шымылдық құрулы.
Қорылдаған лебіне.
Селкілдетіп боз үйді.
Талма түстің шағында,
Жұпар шашқан бағында.
Енді келді ер Манас
Күнтимес қыздың жанына.
Ақырға байлап құланы,
Қаңтарулы тұрады.
Аққұла ат қандай сенімді,
Жау көрсе дыбыс қылады.
Қызды оятып ер Манас
Әрі-бері жұлқыды.
Жұлқығанда оянбай
Қолын тартып сілкіді.
Сілкігенге оянбай,
Мұрнынан шымшиды,
Құлағын тістеп қыршиды,
Оянбады Күнтимес.
Шашынан алып тартады,
Шалқасынан жатады,
Жуандығын шашының
Желіден үлкен арқаны.
Бұтынан алып тартады,
Бүлк етпей қыз жатады.
Оята алмай, жұлқылап,
Манас батыр шаршады.
Ыза болып ер Манас,
Жан жағына қарады.
Күн кеш болып барады.
Бас жағында қара бал,
Қағып Манас алады.
Аяғында сары бал,
Салып Манас алады.
Омырауда он түйме
Батыр қолын салады.
Бытыр-бытыр талқандап
Немене іздеп барады?!
Түлкі көрген қырандай



Көзі оттай жанады.
Қатып қалған Күнтимес,
Көз ашып сонда қарады.
Алпыс екі тамырын
Балқытып кетіп барады...
Денесіне жан кірді.
Оянып қызға әл кірді,
Мейірленіп қан кірді.
Қызға сонда тіл кірді.
Көтеріліп сөйледі:
— Ат байламас ақырға,
Ат байлаған кім еді?
Құс қондырмас тұғырға,
Құс қондырған кім еді?
Еңсесі биік ақ орда,
Еңкейіп кірген кім еді?
Бас жағымда қара бал,
Қарап ішкен кім еді?
Аяғымда сары бал,
Санап ішкен кім еді?
Омырауда он түймем,
Оны ағытқан кім еді?
Бас-аяғымды аралап,
Орағытқан кім еді?
Екі көзі қарайып,
Қорағытқан кім еді?
Аманатын біреудің
Алдап құртқан кім еді?
Ұлықсат жоқ, ұят жоқ,
Ұя бұзған кім еді?
Сонда Манас сөйледі:
Сөйлегенде бүй дейді:
“Ат байламас ақырға,
Ат байлаған ер Манас,
Құс қондырмас тұғырға,
Құс қондырған ер Манас.
Еңселі ақ ордаға,
Еңкейіп енген ер Манас.
Бас жағында қара бал,
Қарап ішкен ер Манас,
Аяғында сары бал,
Санап ішкен ер Манас.



Омырауында он түйме,
Оны ағытқан ер Манас.
Бас-аяғың аралап,
Орағытқан ер Манас.

Қ ы з:

Атағы зор ер Манас,
Егескенді жер, Манас,
Аруағына ғашық боп
Қырық күндік ұйқыма
Қырсық болған сен, Манас.
Бұл қорлығың не, Манас?
Егер маған ер болсаң,
Егер маған ел болсаң,
Уәденді бер, Манас.
Егер маған жау болсаң
Еркек болмай өл, Манас.
Мен сертіме жетейін
Серттеселік кел, Манас.
Жаумын десең жауап бер
Жалғыз мені жең, Манас.
Әкем Жолай ардақты,
Дұшпанын талай зарлатты.
Жалғыз қызы мен едім,
Ұл да, қыз да ұядан,
Жалғыз көзі мен едім.
Атағы зор сен едің,
Күндіз жүрсем есімде,
Түнде жатсам түсімде,
Қашан көрем деп едім.
Не керегің бар болса,
Айтшы, тауып берейін.
Не десең де көнейін,
Артыңнан қалмай ерейін.
Қалың қонған халқымнан,
Сен үшін Манас безейін.
Әкем берген ақ болат,
Анам берген көк болат,
Ет жемесем дерт жейін,
Жас жүрегім өртейін,
Жаныңа еріп кетейін.
Жаным құрбан жолыңа
Ғашық жарым, ер Манас,



Жақтырмасаң не етейін!
Сонда Манас айтады,
Қыздың сырын байқады:
— Атаң алып Жолайды,
Алуым шауып оңай-ды.
Ер Жолайды өлтірмей,
Елін шауып бүлдірмей,
Менің кегім болмайды.
Әкеңді жаулап шапқан соң,
Сенің көңілің толмайды.
Екі ғашық қосылса
Әзәзілдей дерт жүрмес,
Екі тауды өрт алса,
Дарияға өрт тимес.
Мен алайын, сен тисең,
Асыл туған Күнтимес.
Бізбен бірге жолдас боп
Бұзықтарды шауып бер,
Дұшпаннан өш алып бер.
Қалың жұрттың ішінен
Жеті жылдай жоғалтқан
Екі қызды тауып бер.
Бірінің аты — Айнамкөз,
Бірінің аты — Қаракөз,
Осыдан хабар алып кел.
Екеуін іздеп Ер Төстік,
Бокмұрын дәу келіп түр.
Қырық бір шора қасында,
Мынау белдің астында
Жауар күндей төніп түр.
Жоғалған қызды қарап жүр,
Қарт бурадай жарап жүр.
Әрқайсысы өздерін,
Бір-бір қолға балап жүр.
Мен де соның жолдасы,
Ту ұстаған қолбасы.
Дұшпанымның бұзылар,
Қамалы мен ордасы.
Ақылыңа сөзің сай,
Келбетіңе жүзің сай,
Істің түбін болжашы.
Атаң алып Жолайға,



Ерте барып хабар қыл.
Аймағыңның ханына
Қонтажыға сауал қыл.
Екі қызды таппаса,
Қыздар тірі қайтпаса,
Еліне бүлік саламын.

Қ ы з:

Ғашық жарым ер Манас,
Егескенді жер, Манас,
Екі қызды мен таптым
Сүйіншімді бер, Манас,
Жеті жылдай зынданда,
Жылаумен нәзік қылдан да,
Жарық көрмей жалғанда,
Жатыр жылап арманда.
Бір ықтияр бермейді,
Ти деп маған барғанға.
Сол үшін босап шықпайды,
Сол үшін залым нықтайды.
Жылайды да зарлайды,
Ел-жұртым деп аңырайды.
Хан баласы сөз салса,
Қасына жақын бармайды.
Елім-ай, деп боздайды,
Қан жұтып қайғы қоздайды.
Қолыңды әпкел ер Манас,
Сүйіселік кел, Манас,
Қалағанымды алайын
Қайтармастан бер, Манас.
Екі қыздың бауыры
Ер Төстікке жүр, Манас.
Түстің Манас тұзаққа,
Сөзді бекер ұзатпа,
Су тұнығы бұлақта.
Сүйіншімді атаңыз
Жеттің міне, мұратқа.
Жоғалғаның табылды,
Менің де ащы бағымды,
Қалдырмағын ұятқа.
Халық үшін туған ер болсаң
Елді шауып жылатпа.
Ел жағасын талқандап,



Халық туын құлатпа.
Көп момында жазық жоқ.
Көпшілікті шулатпа.
Таудың басын қар алар,
Халыққа суы таралар.
Ханның басын хан алар,
Халық қайта жаралар,
Ел бағына ер туар.
Мен еліме барайын,
Барып хабар салайын.
Халқым үшін туған мен,
Қайтып бармай қалайын?
Қанатымды қағайын
Қара атпенен шабайын.
Уәдеңді бер, Ер Манас,
Сүйіншімді алайын!
Мықтап берсең лебізді,
Мен қимылдап қарайын,
Шашымды өріп тарайын.
Манас батыр өзіңді,
Шын жолдасқа санайын
Төсегімнен тұрайын,
Қынай белім буайын.
Манас саған ғашық боп,
Жастан тарттым уайым.
Әлемге үлгі болатын
Асыл бала туайын.
Сізден туған баланың,
Семетай атын қояйын.
Манастың сөзі батымды;
Әпкел сұлу атыңды!
Не тілесең мен бердім,
Қыз екенсің ақылды.
Зарлағаның қатты өтті
Білейін қалқам нарқынды.
Балиғатқа жеткелі,
Балалықтан өткелі,
Ардақтапсың атымды.
Қара тұлпарды ерттегін,
Қуанталық екеуміз
Ер Төстіктей батырды.
Атқа мініп екеуі



Қырға қарай кетеді.
Қырық бір шора үстіне
Қызды ертіп Манас жетеді.
Боқмұрын мен Төстіктің
Тұсына барып түседі.
Қара тұлпар ойнайды
Күнтимес қыз жайнайды.
Жүгіре шығып қырық шора
Аттарын алып байлайды.
Ер Манасты құрметтеп
Бұлбұл құстар сайрайды.
Қыздың түрі бөлекше
Бұл қалай деп ойлайды.
Көзін қызға салады,
Қызығып бәрі қарады.
Сүйінші деп ер Манас,
Төрде отырған Төстіктің
Бөрігін жұлып алады.
Ұшып тұрып Ер Төстік,
Қалағаның ал деді.
Құтты болсын сізге де,
Алма мойын, аршын төс,
Қасыңдағы жар деді.
Манас батыр мақтанып
Сөз бастады баптанып:
“Іздеген қыздар табылды.
Жоқты тапқан Күнтимес,
Батыр Жолай алыптың
Жалғыз қызы алымды,
Ал, Күнтимес, сөз сөйле,
Аты-жөнің танылды”.
Күнтимес сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
Елеместің еркесі,
Отыз ұлдың кенжесі
Қырымның сен серкесі.
Боқмұрындай ханымның
Көкетай ұлы қайнымның,
Адамы болдым аулының.
Жеті жылдай жоғалтқан
Хабарын алып баурының.
Ер Манастың жолдасы,



Еріп келдім қасына.
Бітер істің, Ер Төстік,
Жақсы келер басына.
Алпыс мың адам жиналған
Көкетайдың асында.
Сол кекті әлі ұмытпай
Мініпсіздер атыңа.
Айнамкөз бен Қаракөз,
Адасып кеткен жақынға,
Жауласып барып алмасты,
Кім қызықпас алтынға,
Иесіз сайда жүрген соң,
Қырандар ұшқан талпына,
Құғыншы жоқ артында,
Ие шықпай сатуға,
Құрбан болып мен келдім,
Елім үшін алдыңа.
Үш жүз түйе, үш жүз ат,
Ала келдім тартуға.
Қоңырбайқызы Қаратіл
Қонтажықызы Қарашаш,
Жолай қызы Күнтимес,
Садаға болдық халқыма.
Өзім үшін туыппын,
Жұртым үшін күйіппін.
Көп тоғайдың ішінде
Күн түспеген құрықпыз.
Қалың орман ішінде
Қар жаумаған сырықпыз.
Алатаудың ішінде
Аққан судан тұнықпыз.
Су түбінде сүлікпіз,
Сай ішінде шілікпіз.
Су жүкпайтын құндызбыз,
Аспандағы жұлдызбыз.
Ауылға жүріп қонақ бол,
Ардақтайды өңкей қыз.
Біздің елді сұрасаң,
Қонтажы деген ханы бар,
Көрнекті талай нәні бар.
Ерегессең ер өлер,
Халық болса шабылар.



Елді босқа шулатып
Бүліктен не табылар?
Қалаған жерді алыңдар.
Халық қамын ойлаған,
Жолды Қосай шалың бар.
Атасынан ел баққан
Бокмұрындай ханың бар,
Қара қазан, сар баланың
Тыныштығын табыңдар!
Жігерлі жігіт Ер Төстік
Қайырлы қария Ер Манас,
Елді солай бағыңдар!
Қыз сөзіне қызығып,
Күнтиместі құрметтеп,
Қырық бір шора тізіліп,
Таудың түрлі жемісі
Төгіліп жатыр үзіліп,
Киік, марал еттері
Асылып жатыр бұзылып.
Манас пен қыз қосылып!
Неке жатыр қиылып.
Жүрмек болып қонаққа
Жуынды таза киініп.
Манас батыр келеді,
Әбжыландай ысқырып.
Батыр Төстік бастады,
Беліне қылыш қыстырып,
Бұл дүниелік кеш құрып.
Бокмұрын дәу келеді,
Қырық бір шора жүреді,
Тұлпарлары пысқырып.
Тура тартып аулына,
Күнтимес жүрді құлпырып.
Қара тұлпар ойнады,
Қыздың көзі жайнады.
Ауылы елдің шетінде,
Келер жаудың бетінде.
Айдалада ақ орда
Жарқырап тұрған секілді.
Ордаға қыз бастап кеп
Өзі бұрын секірді.
Жігіттерін шақырды.



Ат байламас ақырға,
Аққұланы байлатты,
Құс қондырмас тұғырға,
Ақ түйғынын қондырды.
Хан салтанат қадірлеп,
Боқмұрынға тақ құрды.
Елеместің еркесі,
Ер Төстікті құрметтеп,
Кіреуке тон жаптырды.
Еңсесі биік ордаға
Қонақтарды кіргізді.
Қасиетін білгізді.
Төңірегін шақырып,
Жан-жаққа адам жүргізді.
Талай малды қырғызды,
Сән-салтанат құрғызды,
Қазы-қарта құйрыққа
Меймандарды тойғызды.
Сары қымызды құйғызды.
Әнші-ақынды айтқызып,
Сұлуларын жиғызды.
Қырық жігіт, қырық қызды,
Даяшыға тұрғызды.
Қоңтажыны шақыртып,
Боқмұрынды дос қылып,
Алтын таққа тұрғызды.
Әкесі Жолай алыпты
Манаспенен көргізді.
Қоңырбай мен Төстікті,
Қолына қолын бергізді.
Қаратіл қыз, Қарашаш,
Екеуін де келгізді.
Күнтимес қыз осылай
Досы екенін сенгізді.
Халқын түгел жиғызды,
Ақылына сыйғызды.
Парасаты келісті,
Бөліп жеді жемісті.
Хан, қарасы ұмыт боп,
Қызға ерік беріпті.
Ақылына бағынып,
Күнтимеске сеніпті.



Жампозынан жалғыздың,
Жалғыз қызы Жолайдың,
Істеп жатыр көп істі.
Жатты ел қып, жауды — дос,
Барды кешу қылысты.
Қырық күн-түн той қылып
Қызықтарға батысты.
Көкпарларын тартысты,
Жамбыларын атысты.
Ат пен құнан жарысты,
Өлең-жырды айтысты.
Үш жүз түйе, үш жүз ат,
Тартуларын беріпті.
Қорғастан бергі өрісті,
Шекара қылып бөлісті.
Екі халық дос болып,
Құшақтасып көрісті.
Қоңырбайқызы Қаратіл,
Қоңтажықызы Қарашаш,
Құдалыққа сөйлесті.
Бір-біріне кеткенін,
Қайтаруға келісті.
Күнтиместің ақылы,
Осыменен тынысты.
Өзіменен үшеу боп,
Сүйгенімен өбісті.
Екі халық дос болып,
Тату болып келісті.
Жеті жылдай арманда,
Кім жыламас жалғанда.
Айнамақоз бен Қаракөз,
Жақсылыққа келді кез.
Қырық нөкермен құрметтеп
Ертіп келді Күнтимес.
Ер Төстіктей бауырына
Боздай келді екі қыз.
Жеті жылғы қайғыны
Қозғай келді екі қыз.
Бір жақсылық болғанын
Болжай келді екі қыз.
Инеліктей ілмийп,
Зорға келді екі қыз.



Көрісіп қол алысты,
Ер Төстікке жабысты.
Мойнынан құшақтап
Айрылмастан қарысты.
Күнтімес келіп айырды,
Көрісіп енді танысты.
Іздегені табылып
Қуанып жүрек “жарылды”.
Тарасын деп енді той
Ер Манас қақты дабылды.
Даяшылар елпілдеп,
Тулар тұрды желпілдеп.
Қырық күндей той қылып
Қыз-келіншек мөлтілдеп,
Ер Манасты күйеу қып,
Ер Жолай қызын ұзатты.
Ер Төстікті күйеу қып
Қоңырбай қызын ұзатты.
Құда болып, дос болып,
Ер Манасты сыйлапты.
Жасауымен, тұлпармен,
Тұйғынымен, сұңқармен,
Отауын артып көп нармен,
Қыздарын бұлар шығарды.
Атпай, шаппай ер Манас
Алдырды таудан ұларды.
Атыспай-ақ жауды алды,
Ұрыспай-ақ жерді алды,
Үркітпей-ақ елді алды,
Бетегелі белді алды,
Дария-шалқар көлді алды.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Оза шауып жолды алды.
Төрт түліктей малды алды,
Қалың малсыз қызды алды,
Көші асып жерді алды.
Ел үшін туған ер Манас,
Егескенді жер, Манас,
Айтылмаған нең қалды?
Естіген ел сырттағы,
Бұл ерлерге таң қалды!
Желдей гулеп, ел көшіп



Ер Қосайға кеп қалды.
Жолды Қосай қуанды
Қолына үлкен ту алды.
Құттықтап келін баласын,
Көтерді көкке ұранды.
Көгерсін деп көсеген
Шығарды төрге бұларды.
Кегетінің сазына
Көптің басы құралды.
Үй тігіліп, мал сойып,
Бір үлкен той қылады.
Той ұласып тойларға
Тоғыз күндей шулады.
Қымыз ішіп, қазы жеп,
Мас болып ел буланды.
Қаракөз бен Айнамкөз,
Атынан той болады,
Толған айдай толады.
Толықсиды екі қыз
Жаннаттайын жайнады,
Бұлбұлдайын сайрады.
Тоты құстай түрленді,
Көңілі бітіп гүлденді.
Жеті жылғы қайғысы
Жеті күндей болды енді.
Қамқа торғын киеді.
Қайғысы кетіп күледі,
Қызқума боп күйеулер
Тұлпар таңдап мінеді.
Бокмұрын мен Сумұрын
Ақсұңқардай түледі.
Атастырған ғашықтар,
Бірін-бірі көреді.
Көп ішінен бөлініп,
Ай туғалы келеді.
Тұлпарлары қырланды,
Төрт ғашық жар сұрланды.
Көрмек үшін халықтар
Бірін-бірі қуғанды.
Екі сұлу қашады,
Атына қамшы басады.
Алдындағы қырқадан,



Қыздар шауып асады.
Жеткізбеске күйеуге
Қыз ұялып сасады.
Қуып жетіп күйеулер
Құшақтап бетін сүйіп жүр.
Көп халықтар келіп тұр,
Ділде, жамбы шашады.
Қырандар ұшты қиядан
Көргенін алды ұядан.
Қанаттарын қағысты,
Қатар тұрып жарысты.
Халық алдында қалжыңдап,
Қол ұстасып алысты.
Аударысып төртеуі
Осылайша танысты.
Жеті жылдай зарланып,
Тұлпарлар тобы табысты.
Ер Қосайдан бата алып
Бірін-бірі сүйеді,
Неке қиып, су ішіп,
Екі қыз ерге тиеді.
Тойды тойлап тарады,
Түрлі ойын болады.
Ортаға олжа салады,
Еншілерін алады.
Ер Төстік пен Ержанның,
Қаратіл мен Қарашаш,
Еңбектері жанады.
Ер Манастай батырдың,
Күнтиместей асылдың,
Бес қыздың тойы бір болып,
Ой жер кетті қыр болып,
Кейінгі елге жыр болып.
Ер Төстік пен Ержанды
Елге апарып салады.
Екеулері төртеу боп,
Елге аман барады,
Ер Төстіктің ерлігі
Жержүзіне тарады.
Осындай ерлер өтіпті,
Мұратына жетіпті.
Елге түсіп жарығы



Иран, Түран, көпірмен,
Үш арыс ел қоштасты,
Құда сүйек достасты.
Басқа жақтан жау шықса,
Төңкеріп бәрі тастасты.
Бір-бірінің сыртынан
Көтермелеп мақтасты.
“Болат кездік, мақал бар,
Қап түбінде жатпас-ты”.
Жолды Қосай, Ер Манас,
Бастап елге жол ашты.
Жоғалтқанын жоқтасты,
Қадірлерін сақтасты,
Алыс жолды жақын қып,
Араласып қаттасты,
Араз елді тату қып,
Тапты ерлер жолдасты,
Төскейде мал, төсекте,
Түгел халық бас қосты.
Қой үстіне бозторғай
Ұялап ойнап жырласты.
Жолды Қосай ақсақал
Басшы қылып Манасты.
Бұл ертектің желісі
Бұрынғының белгісі,
Айтып кеткен ертек қып,
Ақсақалдың үлгісі.
Әр заманның әртүрлі
Өткен екен тұрмысы.
Естуімде бұл жорық,
Болған екен деседі
Он екінші ғасырда.
Бағзы заман батырын,
Жырлап бердім тартуға,
Бақытты елдің жасына.
Бағасына жетер деп,
Алты жылғы еңбегім
Босқа қалмас бекер деп.
Арнап айттым халқыма,
Сөз қалсын деп артыма.

1940 – 1947 жж



МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
КЕНЕКЕҢ ӨҢГІМЕШІЛ ЕДІ	3

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

МЕНІҢ АТАЛАРЫМ "БЕС ЖАЛАҢАЯҚ"	7
ТӨЛ БАСЫ БОЛДЫ АҚ ЛАҚ.....	10
МОЛДАНЫ АЛҒАШ КӨРУІМ	10
ӘБДІХАЛЫҚТЫ АЛДАУ.....	11
КҮМІС САПТЫ КЕЗДІК ПЕН ҚАРА БҰЙРА ҚОЗЫ	12
РӘЗИЯҒА БАЛА ТАСТАТУ	13
АҚ ТӨБЕТТІҢ АЖАЛЫ	13
ҚҰСТҮТІНМЕН ҚҰДА БОЛУ	14
ҚОЙШЫЛАР САЙЛАУЫ	15
ҰПАЙ БОРЫШЫ	16
ТҮСІМДЕ	17
ҚАМЫСТАН СЫРНАЙ, ҚАЛАҚТАН ДОМБЫРА	18
ОРАЗБАҚТЫҢ СЫРНАЙЫ	19
ЕРКЕБАЙДАН ДОМБЫРА... ..	19
НАМАЗ БҰЗҒАНЫМ ҮШІН	20
БЕС ЕШКІ.....	20
ОТАУБАЙ, КЕМБАЙ	22
МОНШАДАН ҚАШҚАНЫМ.....	24
ШӘБДАН ТОЙЫНДА.....	26



ТҰРЛЫМБЕТТІ ҚАЛАЙ ТҮСІРДІК?	30
НЫСАНБАЙҒА АЙТҚАНЫМ	32
МӨРТАЙ СҰЛУ	33
ҚЫРҒИ МЕН БОЗТОРҒАЙ	35
БАҒАЙ ПАЛУАННЫҢ ҚЫЗЫ	35
ТАРАНШЫНЫҢ СҰЛУЫ	37
ЕКІ СОЛДАТ	38
КЕРЖОЛАҚ ДОМБЫРА.....	39
ТҮЙЕ ЖИҒАЛЫ БАРҒАНДА	41
ҚАЖЫМҰҚАНМЕН КЕЗДЕСУ	44
БАЛУАН ШОЛАҚПЕН КЕЗДЕСУ	45
ШАШУБАЙМЕН СОҢҒЫ ДИДАРЛАСУ	47

ШЕШЕНДЕР

ҮШ БИ.....	49
КЕБЕКБАЙ.....	50
НОҒАЙБАЙ.....	70
АСЫЛ АНАДАН.....	72
НОҒАЙБАЙДЫҢ ӘСЕЛДІ СЫНАУЫ	81
АБАЙ МЕН НОҒАЙБАЙ.....	84
НОҒАЙБАЙ МЕН ШӘБДАН.....	90
ШӨЖЕ МЕН НОҒАЙБАЙ	95
НОҒАЙБАЙДЫ АЛҒАШ КӨРГЕНІМ	97
БӨЛТІРІК.....	98
БЕРДІБЕК.....	102
АСПАНҚОРА	115



ТІЛЕМІС	119
ЕРКЕБАЙ	128

БАТЫРЛАР

СЫПАТАЙ	136
ҚОРДАЙ БАТЫР	145
ЖОЛБАРЫС БАТЫР	149

АҚЫН, САЛ-СЕРІЛЕР

ДӘУРЕН САЛ ӘНГІМЕСІ	152
ДӘУРЕН САЛДЫҢ ҚЫЗДЫ ҚОНАҚҚА ШАҚЫРҒАНЫ ..	158
ДӘУРЕН САЛДЫҢ САПАРЫ	161
САЛ ҚЫЗ АУЫЛЫНЫҢ СәУЛЕТІ	163
САЛ ҚЫЗДЫҢ САЛТАНАТЫ	164
«ЫСТЫҚ АТАДАҢ	168
САРБАС АҚЫН	170
ӘЛМЕН АҚЫН	180
ӘМІР АҚЫН	188
ӘЛМЕЙІН	192
БЕЙСЕНБАЙ АҚЫН	193
КЕНЕН ӨЗІРБАЕВ ТАПСЫРҒАН БЕЙСЕНБАЙ АҚЫННЫҢ ӨЛЕҢІ	194
МАЙКӨТ АҚЫН	196
ШӨЖЕ МЕН КЕМПІРБАЙДЫҢ АЙТЫСЫ	201
КЕМПІРБАЙДЫҢ ӨЗІНЕ ӨЗІ АЙТҚАНЫ	207
ТЕЗЕК ТӨРЕ МЕН ЖЕТІСУ АҚЫНДАРЫ	208
СҮЙІНБАЙ МЕН ТЕЗЕК ТӨРЕНІҢ КЕЗДЕСУІ	208
СҮЙІНБАЙДЫҢ ТЕЗЕК ТӨРЕНІҢ БАЛАСЫНА	



КӨҢІЛ АЙТУЫ.....	216
СҮЙІНБАЙДЫҢ ДУЛАТ ЕЛІНЕ КЕЛГЕНІ	217
ТЕЗЕК ТӨРЕ МЕН БАҚТЫБАЙ АҚЫН.....	219
ТЕЗЕК ТӨРЕ – ТҮБЕК — ҚҰЛМАНБЕТ.....	224
ҚҰЛМАМБЕТ АҚЫННЫҢ ШӘБДАН	228
БАТЫРҒА АЙТҚАНЫ	228

ЕРТЕГІ, МЫСАЛДАР, АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕР

ҰЛЫ ЖҮЗ ЖАЙЫНДА ЕСТІГЕНДЕРІМДІ	
ӨЛЕҢМЕН ЖАЗДЫМ.....	233
ЖАЛҒЫЗ ҚАЗ	237
ҮШ КЕДЕЙ.....	245
ҚАБА САҚАЛДЫ ХАН	247
САРБАРПЫ	255
БҰЛБҰЛ МЕН КӨКЕК.....	258
БАҚ, ҚЫДЫР МЕН ЫНТЫМАҚ	260
ШОРА ҚҰСБЕГІ	262
БҰРЫНҒЫ ӨТКЕН БАТЫРЛАР	270



Кенен ӘЗІРБАЕВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бестомдық

4-том

АҢЫЗДАР СЫРЫ

Аңыздар, әңгімелер

Редакторы **Әлсейіт ОСПАН**
Корректоры **Қапиза БЕКЕНҚЫЗЫ**
Көркемдеуші редакторы **Дана ҚАЙЫРШАЕВА**
Техникалық редакторы **Нүркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ**

ISBN 978-601-03-0492-5



ИБ№20

Басуға ж. қол қойылды. Пішімі 60/90 $\frac{1}{16}$.
Қаріп түрі «Times/Kazakh» Көлемі 25,25 ш.б.т.
Таралымы 5000 дана. Тапсырыс №30/3049.

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы